2 Міржақып шығармашылығындағы тұлға болмысы, ел мен жер мәселесіндегі азаматтардың рөлінің идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды;

3 Алаштың рухани көсемінің ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешілігі мен шеберлігі, ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалы көрсетілді;

4 Жоғарыда аталған мақсат-міндеттерге сәйкес, 34 сағатқа негізделген 34 тақырып бөлініп, сол тақырыптарды өту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер ұсынылды.

«Міржақыптану» факультативті курсының нәтижесінде оқушылар:

- Міржақыптанудың қазіргі уақыттағы өзектілігін, рухани қажеттілігін түсінеді;
- Міржақыпты оқу, түсіну, жұртқа танытудағы басты мақсат пен міндеттерді біледі;
- Жазушының қазақ халықтық өлең-жырларынан, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерінен үйренгендігін біледі;
- Ақын шығармаларының қазақ әдебиетін көркем ой оралымдарымен қалай байытқандығын анықтайды;
- Міржақыптану ғылымының негізін салушылар мен оның қалыптасу кезеңдерін және алғашқы зерттеушілердің еңбектері жайында зерттеулер жүргізеді;
- Жазушы шығармаларының басылымдары мен оған ықпал еткен адамдар жайлы танысады;
- Міржақыптың ғылым, білім тақырыбында және халықты ояту мақсатында жазған өлеңдерінің басты идеясын ажырата біледі;
- Публицистикалық еңбек жолын анықтай отыра, мақалаларының жазылу себептері мен негізгі тақырыптарын, айтпақ түпкі ойларын талдайды;
- «Бақытсыз Жамал» романының тақырыбын, көркемдік-идеялық маңызын, тәлім-тәрбиелік мәнін, көркемдік ерекшеліктерін анықтайды;
- Ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін талдай отыра, көркем-образдылық қасиеттерін ажыратады;

– Автордың тек өлең, роман, мақалаларынан бөлек, пьесаларының тақырыбы мен идеясын ажыра біліп, шығармашылық қабілеттерін дамытады;

– Міржақып шығармаларын оқи отыра, әрбір оқушы әртүрлі мәселелерді шешіп, өздігінен шешім қабылдай алуға дағдыланады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, қазақ әдебиетіне жаңа леп сыйлап, ешкім жазбаған «роман» атты жаңалық ашып, «Оян, қазақ!» деп айды аспанға бірақ шығарған, халқының оянуын қалаған, отты жырлары, жалпы шығармаларымен халық жадында мәңгі қалған, қазақ баласының ұлттық болмысын қалыптастыруда тынымсыз еңбек еткен алып бәйтеректің шығармаларын оқушыларға жоғарыда аталған «Міржақыптану» факультативті курс арқылы қосымша оқытатын болсақ, қазақ тарихындағы санасы да, еңбегі де жоғары тұлғалардан үлгі алып, болашақ ұрпағымыз еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі мен махаббаты артары сөзсіз. Қазіргі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда қазақтың қазақ болып қалыптасуына үлес қосқан «бес арыстың» бірі де бірегейі Міржақып Дулатұлын оқу арқылы оқушылар тек Міржақыптың өмірі мен шығармашылығымен ғана емес, сол XX ғасыр басындағы әйгілі аты әлемге танымал тұлғалармен де таныс болатыны анық. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның «Қазақ тарихы. Сөз басы» атты мақаласында: «Өзінің тарихын ұмытқан ел – не істеп, не қойғандығын білмейді», – деген жолдары дөп басып айтылған. [4, 375 б.] Сондықтан да, қазақ әдебиетін оқымас бұрын, қазақ тарихын білу маңызды. Ал тарихты жасайтын – адамдар. Міне, XX ғасырдың алып тұлғаларының бірі – Міржақыпты оқып, танып, білмеу – үлкен қасірет пен ұят.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.К.Тоқаев. «Bilim jáne Gylym!» – 2019 ж. https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-jne-ylym-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi
2. М.Дулатұлы. Мақала: «Қазақ жайы» – «Қазақ» газеті, 1913. – №1-44.
3. М.Дулатұлы. Шығармалары. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1996. – 280 б.
4. Түрік баласы. Қазақ тарихы. Сөз басы. «Қазақ», 1913, № 2. // Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы. III том. – «Сарыарқа» баспа үйі, Астана, 2009. – 530 б.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АБИКЕНОВА Л.

докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ.

Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасының зерттелу тарихы XX ғасырдың алғашқы жылдарынан басталады. Ең алғаш Шәкәрімнің қазақ мәдениетіне, тарихына қосқан үлесі алаштың алғашқы ардақты қайраткерлері Әлихан Бөкейханов (Қыр баласы) «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты мақаласын 1913 жылы «Қазақ» газетіне жариялады [1,10].

..XX ғасырдың 1930 жылдары «Әдебиет майданы» журналында жарық көрген «Абай ақындығының айналасы» мақаласында жазушы Шәкәрім жайлы ғылыми пікірі беріп, қазақ әдебиетінде алатын орнын айқындап берген болатын. Мұхтар Әуезов «Абай ақындығының айнасы» атты мақаласында Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен (адамдар) туралы айта келіп: «Мұндай ақын төртеу. Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім, осы төртеуі ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Абайдың аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қара сөздерін оқушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді. Қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, бұлар Абайдың ақын шәкірттері есепті де. Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болады. Шәкәрім шығармашылығына жанашырлық танытып, жекелеген шығармаларын жариялауда, ақын жайында салиқалы пікір білдіруде көрнекті ақын Сәкен Сейфуллиннің еңбегі ерекше. Шәкәрімнің 1936 жылы Алматыда басылған «Ләйлә-Мәжнүн» поэмасына ақын Сәкен Сейфуллин алғы сөз жазып, Шәкәрімнің туындыларына әдеби көзқарасын білдірген. Ұзақ уақыт бойы қазақ әдебиеттану ғылымында жабық күйде келген ақын шығармашылығы жайында кең көлемді ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туды. Ш.Құдайбердіұлының жекелеген өлеңдер топтамасының «Қазақ әдебиеті» газетінде 1959 жылы жариялануының алғы сөзін Ә. Тәжібаев «Қазақстан ақындары» жинағына орысша басылуына қысқаша өмірбаянын М. Мағауин жазды.

Абай манында шоғырланған, ұлы ақынның тікелей қамқорлығын көрген талантты жастар шығармашылығын зерттеу, оның ішінде

Шәкәрімнің шығармашылық өнерін жұртшылыққа танытуда белгілі ғалым Қайым Мұхаметханов көп іс тыңдырды. Аталған мәселе төңірегінде дау-дамай өршіп тұрған жылдардың өзінде ол «Абай төңірегіндегі ақындар» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбекте белгілі себептерге орай Шәкәрім шығармашылығына қатысты пікір болғанымен ғалымның бұдан кейінгі жұмыстарында Шәкәрім мұрасы айрықша орын алды. Оның республикалық облыстық баспасөз беттерінде жарияланған ғылыми мақалалары шәкәрімтану ғылымына қосылған елеулі үлес деп тануға болады. Ғалым оларда Шәкәрімнің шығармашылық өмірбаянын саралайды, оның дүниетанымындағы қайшылықтардың сырын ашуға, бұған дейін айтылып келген жансақ пікірлердің мәнін түсіндіруге ұмтылады. Ш. Құдайбердиев мұрасының кейбір қырының, атап айтқанда Л.Н. Толстой атын қадірлегенін Ә. Нұрпейісов пен Ә. Әлімжанов «Литературная газетада» жариялаған мақаласында айтты.

Шәкәрімтанудың осыдан кейінгі кезеңі араға жылдар салып қана қоғамымызда болған үлкен саяси-мәдени өзгерістер Шәкәрім шығармаларына жаңаша көзқарас қалыптасып, оның есімін ортамызға қайта әкелді. Шәкәрім шығармашылығын зерттеуде көп еңбек сіңірген ғалым – М. Мағауин. Ақынның «Жолсыз жара» жинағына жазған мақаласында және сондай-ақ Шәкәрім есімі жаладан арылмай тұрған кездің өзінде Ленинградта өзінің құрастыруымен басылып шыққан «Поэты Казахстана» атты жинаққа жазған мақаласында ғалым оның ұлттық әдебиетіміздегі салмағын ғылыми тұрғыда саралап береді. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі трагедия жанрын зерттеуге арналған «Трагедия табиғаты» атты еңбегінде белгілі ғалым, сыншы Р. Нұрғалиев Шәкәрімнің «Еңлік - Кебек» дастанын оның әр кезеңде жазылған өзге нұсқаларымен салыстыра қарастырады. Ал қазақ әдебиеті тарихының биік шоғырлары болып табылатын Ә. Тәжібаев, Ш. Сәтбаева, Ш. Елеукуенов, М. Базарбаев, Х.Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, М. Мырзахметов, Б. Әбдіғазиевтардың республикалық баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары шәкәрімтану ғылымына өз жандарынан қосқан мол сарқылмас бай қазынасы деп білуіміз қажет. Соңғы он шақты жылдар көлемінде қазақ әдебиеті ғылымында Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына байланысты тақырыптар бойынша бірнеше ғылыми диссертациялар қорғалды. Бүгінге дейінге Шәкәрімнің шығармашылығы күрделі зерттеу еңбегінің объектісі болған емес. Тек соңғы жылдары

ғана қолға алынған жұмыстың нәтижесінде бірқатар ғылыми мақалалар жарық көрді. Олардың дені ақын шығармашылығын барша оқырманға таныстыру, идеялық-көркемдік сипатын ашу мақсатында жарияланған мақалалар басылып жатыр. Атап айтатын болсақ А. Тілеуханова «Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі», А. Үсенова «Шәкәрім өлеңдерінің құрылысы», Г. Аюпова «Қазақ әдебиеті байланыстары мен дәстүрлері шеңберіндегі Шәкәрімнің эпикалық мұралары», Р. Ұсақпаева «Шәкәрім шығармаларындағы адамгершілік және кемелділік мәселелері», Ж. Ахметова «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі фольклорлық дәстүр» (Шәкәрім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының негізінде), С. Ізтілеуова «Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі» атты тақырыптар бойынша кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Шәкәрімтанудағы айтулы жетістік – тұңғыш рет Б. Әбдіғазиевтың «Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері» деген тақырыпта қорғалған докторлық диссертациясы болды. Қ. Бейбітова, Б. Мамраев, А. Жақсылықова, У. Қалижанұлы докторлық диссертацияларында Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына тоқталып өтеді. Өнертану ғылымы саласы бойынша А. Сабированың «Абай және Шәкәрім: музыкалық эстетика және ән стилі» деген тақырыпта қорғалған диссертациясы бар [1,19]. Философия тарихы саласы бойынша Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» деп аталатын туындыларын өз кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік жағдай жөніндегі пайымдауларын жинақтаған философиялық еңбектер деуге болады. Ол өз алдына дербес қарастыруды қажет ететін дүние. Белгілі ғалым Қ. Бейсембиевтің 1961 жылы шыққан «XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы идеялық-саяси ағымдар» атты кітабы осы саладағы жалғыз еңбек. Қазіргі таңда философия ілімінде Шәкәрім шығармаларының дүниетанымдық мәселелеріне байланысты Г. Әбдірасылова «Шәкәрім Құдайбердіұлы философиясындағы адам мәселелесі», А. Әміребаева «Шәкәрім Құдайбердіұлының мәдени-тарихи тұрғыдағы дүниетанымы», Л. Айтбаева «Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы діни және дүниетанымдық мәселелер» атты тақырыпта қорғалған кандидаттық диссертациялары жарық көрді.

Шәкәрімнен қалған мұра жанрлық, тақырыптық жағынан сан қырлы. Оның бәрін бір еңбек көлемінде талдап шығу мүмкін емес. Бұл зерттеуге ақынның лирикалық өлеңдері мен поэмалары объекті

болып алынап отыр. Ақынның поэзиясын талдау үстінде оның Абай шығармашылығына қатысы үнемі назарда ұсталады. 2008 жылы Шәкәрімтану мәселелері» атты жинақ жарық көрді. Жинаққа Шәкәрім мұрасын ғылымның әр қырынан алып қарастырылған ғылыми мақалалар енді.

Шәкәрімнің біз қарастырып отырған «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежірісі» атты еңбегіне жоғарыда айтып өткеніміздей, Әлихан Бөкейханов (Қыр баласы) баға берген. Шежіре жазар болса, Шәкәрім шығармасын оқымай бастамау керектігін айтады.

«Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежірісі» атты еңбегінде Шәкәрім: «Атамыз Адам пайғамбарды Алла Тағала топырақтан жаратып жан беріп, оның оң қабырғасынан анамыз Хауаны жаратып, Хауа анамыз жыл сайын бір ұл, бір қызды егіз тауып, алдыңғы жылғы ұлға келер жылы туған қызды беріп, келер жылғы ұлға алдыңғы жылғы қызды беріп, өсіп-өніп, қырық мың кісі болғанда, Адам пайғамбар мың жасында өтіп, онан бір жыл соң Хауа анамыз өтіпті», -деп адамзат баласының пайда болуы сонау тереннен іздеп жазудан бастағанын көреміз. Ақын «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежірісі» атты туындысын жазу барысында көп ізденгендігін аңғарамыз. Шығыс халықтарының ертегі-аңыздарынан да мысал келтіріп, сынайды. Мысалы, «... қытай шежіресіндегі ертегі сықылды қисынсыз сөз Түрік жұртының арғы аталары бір ұрғашы қасқыр менен хун атанған жұрттың қол-аяғын кесіп далаға апарып тастаған он жасар баладан туған дейді. Себебі қасқыр баланы тауып алып, қиын таудың ішіндегі бір жар тастың арасына апарып, асырап өсіріп, сол баладан буаз болып, қасқыр он бала тауыпты. Түріктер сол он баланың нәсілі дейді», -деген жолдардан қытай аңыздарын келтірген.

Шәкәрім ғылыми тұжырымдарға да сүйенеді. «Радловтың ұйғыр туралы жазған кітабында қытай сөзі ескі заманда Гошан, яғни ұйғыр жұртының жерінде Гулин тауынан екі өзен ағады; Тохула, Селенге деген. Сол өзен арасындағы бір таудағы ағаштан жарық нұр шыққан соң, ондағы жұрт барып қараса, бір ағаштан шыққан нұр екен. Ол ағаш буаз қатын сықылды томпақ екен. Сол ағаштан бес бала туып, халық оны Құдайдың жібергені деп асырап, өсіріп, аттарын Сұңқартегин, Ко-түртегин, Түгелтегин, ортегин, Бұқатегин қойып, кенжесі Бұқатегинді хан қойыпты». Шәкәрімнің әртүрлі халық аңыз-өңгімелері мен ертегілерін жинап, салыстырып көп еңбек еткенін көреміз. «Түркі патшалығы «бден ұлайып, екі бөлініп, күншығыс, күнбатыс атанғанда, жоғары Чуйскийден

жоғары ел күншығыс түрік болып, онан төменгі Теле нәсілі хәм мағолдың күнбатысындағы телелер күнбатыс түрік болып, олар бес амақ дулу болып атанды. Бұлғария князьдығы осы дулу нәсілінен болады. Бұл теле, яки дулу деп атанған халықты Нәжиб Ғасымбек тилу деп жазады».

Адамның жеке басының жетілуі, ақыл мен парасатқа ұмтылу, адал болу, кісі ақысын жемеу, халық қамын ойлау – ақынның жатпай-тұрмай тебірене ойлаған тақырыптары. Көпшілігі насихат, ғибрат түрінде болып келеді.

Шәкәрім педагогикалық аталымдарды өз шығармаларында ұтымды қолдана білген. Қазақ халқын білімді, өнерлі болу үшін, ғылымның биік шыңына жету мақсатында, оның қараңғы халық бұқарасының болашағы үшін жаны ауырып, қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, соған жетудің жолын көрсетуге ұмтылғаны өзінің ағартушылық бағыттағы өлеңдерінен педагогикалық аталымдарды қандай мақсатта қолданғаны ап-анық көрініп тұр. Адамгершілік, ізгілік моральдық категориялар болып табылатын ар, ұят, намыс, борыш, әділдікті адам бойына сіңіру үшін өз туындыларында шебер жұмсаған ақын.

Адам жанының жай-күйін, қуаныш-қайғысын, күйініш-сүйінішін тек қана психологиялық аталымдар арқылы ғана емес, психологиялық күйін етістіктер арқылы да беруге тырысқан. Сонымен бірге, психикалық мінезді ашуға психологиялық ұғымдардың орнына бейнелі сөздерді де шебер пайдаланған. Қазақ халқының кемшілігі мен кереғар қасиеттерін «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Еріншек» сияқты өлеңдерінде жақсы көрсете білді.

Ақын поэзиясындағы өмірді түзету, адамды түзету мақсаты, кемшіліктермен күресу үлгісінің кейінгі ұрпақтарға берері мол.

Адамның түзелуін, дұрыс өмір сүруін ақын жалпы адамзаттық мәселелердің шешілуімен байланыстырады.

Шәкәрім әділетті, арлы, білімді адам болу ел келешегіне негіз болу деп есептейді. Шәкәрімнің «арлы азаматтың жақсы мен жаманның жігін ажырата білсе, сөз бен істе ол түзу жол мен әділет жолынан айнымайды. Ол ұлттың жас ұрпағына деген сүшіпеншілікті, оптимистік сенімді және қамқорлықты үнемі көрсетіп отырады. Ақын өз өмірінің мәнін ашық айтқан.

Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін,
Серт бергем еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін

Шәкәрім шығармаларында жеке адамның қалыптасуына әсер ететін қасиеттер көрсетіледі. Терең психологизм мен романтизм арқасында кейіпкер тұлғасының жаңа саналары ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шәкәрімтану мәселелері (Құрастырған Т.Шаңбай)
Новосибирск: «Талер Пресс», 2008 1024 б.

САБАҚТА ТАБЫСҚА ЖЕТУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ, ТИІМДІ ӘДІС РЕТІНДЕ ОҚУ САПАСЫН ЖАҚСARTУ

АБЫЛОВА М. Ж., АБЕНОВА Г. К.
казак тілі мен әдебиеті мұғалімдері,
Мұхтар Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

*«Біліп қана қойған аз, оны пайдалана білу қажет.
Қалап қана қойған аз, оны жасау қажет.»*

И. В. Гете

Сабақта табысқа жету үшін не қажет? Оқу сапасын жақсарту үшін күнделікті сабақта формативті бағалауды қалай енгізу керекпіз? Осы екі сұрақ әр ұстазды мазалайды деп ойлаймыз.

Балалардың табысты оқуы үшін пәнге деген қызығышылығын оятуымыз керек, оқушылардың сенімділігін аттыру, сапалы білім алуына жетелеуіміз қажет

«Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет [1, 20 б.].

Қазіргі бағалау түрлі нысанда, түсінікті, психологиялық тұрғыдан жайлы, екі құрамды: жиынтық және формативті болуы керек.

Жиынтық бағалаудың немесе оқытуды бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды.

Формативті бағалау үшін не қажет?

Мақсат кең және сұрақ түрінде тұжырымдалу керек. Бала қандай нәтижеге келетінін толық білу керек. Нәтижелер нақты, бақыланатын, өлшемді мақсатқа жауап беру керек.

Кері байланыс оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру болып табылады. Мұғалім бала дұрыс жауап беру үшін оған уақыт беру керек. Егер де бала қателессе, жетекші сұрақтар қойып, баланы өзі дұрыс жауап табуға бағыттайды. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады және де ол мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнатады. Сөйтіп мұғалім әр оқушының нені біліп, нені ойлап, қалай оқитыны туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым оқушылардың жетістіктерін арттыру мен өзінің оқытуын жетілдіруге мүмкіндік көп [1, 25 б.].

Бағалау – оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Білім сапасын көтерудің бір үлкен көрсеткіші – бағалау. Формативті бағалаудың мақсаты - оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алу, білім алушының кемшіліктерін дер кезінде анықтау. Мұғалім-оқушы арасында кері байланысты орнату.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс [1, 50 б.].

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға; өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға; сабақ берудің сапасын арттыруға; оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға; бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

кажет. Мұғалімдерге нәтижеге қол жеткізу үшін оқушының уәжін көтермелеу арқылы оқу-оқыту сапасын жақсарту мақсатында формативтік бағалау жүргізудің маңыздылығын ұғындыру керек [2, 120 б.].

Формативті бағалаудың ерекшеліктері: оқушының күнделікті білім сапасы, білім алуғағы олқылықтарды күнделікті түзеу, «1-10» балдық бағалау жүйесінің сақтау, оқушының қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою, оқушының бағалаудан алған эмоционалды негативінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы, бағалаудың объективтілігі, анықтылығы және ашықтығы, өзін-өзі бағалау дағдылары. Формативті бағалау баға қоюмен жүзеге асырылмайды, түрлі тәсілдері де көп: мақтау, мадақтау, жылы шырай таныту, қолдау көрсету, ынталандыру, қолпаштау, қошеметтеу.

Әрбір ұстаздың көкейінде әр сабақ барысында формативті бағалау жүйесін дұрыс қолдана алмау қазіргі таңда үлкен мәселе туындап отыр. Сабақ үдерісінде формативті бағалау қалай қолдануымыз керек? - деген сұрақ туындайды. Әрбір ұстазды осы мәселе алаңдатады және дұрыс қолданып жатырмын ба деген ой келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында формативтік бағалау жүйесін осындай үлгіде қолданамыз. Тақтаға оқушының назарын аударатын формативті «1-10» балдық бағалау жүйесі ілулі тұру керек, өйткені әр оқушы қандай балл бағаға айналатынын көзімен көру керек.

Кесте 1

Формативті бағалау		
Баға	Балл саны	Пайыз
«2»	1 балл	10 %
	2 балл	20 %
	3 балл	30 %
«3»	4 балл	40 %
	5 балл	50 %
	6 балл	60 %
«4»	7 балл	70 %
	8 балл	80 %
«5»	9 балл	90 %
	10 балл	100 %

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым тілдік бағдардан тұрады. Мысалы ретінде 5 сынып оқулығынан оқылым әрекетін алып отырмыз, сіздердің

алдарыңызда мәтін берілген. «Фастфудтың зияны» тақырыбына құрастылған 1 сабағына дескриптор ұсынылып отыр. Бір аударатын назар, оқулықта берілген мәтін көлемі нормаға сай болу керек. Егер нормадан асып кетсе, онда мұғалім мәтінді қысқарту керек. Мына мәтін нормаға сай.

Кесте 2 – Мәтіннің көлемі

Сыныптар	Мәтін көлемі
5	100-150 сөз
6	150-200 сөз

Қазіргі критериялды бағалау екі бөліктен тұрады: жиынтық және формативті бағалауды біріктіреді. Жиынтық немесе қорытынды бағалау (емтихан, қорытынды тест, бөлім және т.б.) белгілі бір уақыт аралығында оқушылардың оқу нәтижесін аңқтайды. Формативті бағалау мен оқыту бір-бірінен ажырамайды. Формативті бағалау күнделікті тәжірибеде қолданылады (күнделікті сабақта, күнделікті). Бағалаудың бұл түрінде оқытудағы прогресті қамтамасыз ететін кері байланыс болуы керек. Формативті бағалау мұғалімге сыныптағы үлгерімді бақылауға көмектеседі. Ол қалыптастырушы, ынталандырушы функцияларды орындайды.

Бағалауға критериялды көзқарас білім алушыларды объективті бағалау мәселесін шешіп, оларды жоғары нәтижеге жетуге ынталандыруы керек болғандықтан, олардың маңыздылығы бойынша проблемалар ауқымы келесідей болуы мүмкін: [3, 78 б.]

* Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау ашық, объективті болады;

* Білім беру процесіне қатысушылар арасында достық қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді;

* Оқушының іс-әрекетін рефлексиялау мүмкіндігі пайда болады;

* Оқушы өз қызметінің нәтижелерін түсінеді;

* Жұмыстың жеке элементтерін бөліп көрсетуге және оларды элементтермен бағалауға мүмкіндік береді;

* Оқушылардың білім деңгейі мен білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлері оқу пәні бойынша стандарттың талаптарын, әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып әзірленеді. Критерийлер абсолютті емес, ұқсас қызмет түрлерін бағалау білім алушылардың жасын ескере отырып өзгереді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқуда критериалды бағалау технологиясын қолданудың құнарлы негізі болып табылады. 5-7-сыныпта сөйлеу қызметінің келесі түрлерінде сөйлеу құзыреттілігін бағалау критерийлерін бірлесіп әзірлеу бойынша сабақтар өткізілді. Бесінші сынып оқушыларына қазақ тілінде тұжырымдалған критерийлерді басқа ұлт өкілдеріне түсіну қиын болғандықтан, біз оларды орыс тілінде талқыладық. Сонымен қатар, біз оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларына бағалау критерийлерін әзірледік. Білім алушылар бағалау критерийлерін әзірлеуге және талдауға қатысуға қызығушылық танытқандарын және олар міндетті түрде ауызша және жазбаша тапсырмаларды орындау кезінде оларды назарға алатынын атап өтті.

Өзін-өзі бағалау білім алушыларға қазақ тілі мен әдебиетін үйренудегі жетістіктерін түсінуге, сондай-ақ пысықтауды қажет ететін олқылықтар мен әлсіз жақтарды анықтауға көмектеседі. 5-7 сыныптарда тақырыптық бағалауды ұйымдастыру үшін мен өзін-өзі бағалаудың арнайы кестелерін қолданамыз.

Мысалға келсек, 5 сыныпқа арналған мәтінге бағалау критерийін ұсынамыз.

Мәтінмен жұмыс

Бүгін мектепте «Фастфудтар» деген тақырыпта сынып сағаты өтті. Сынып сағатына оқушылар, гастроэнтеролог-дәрігерлер қатысты.

Дәрігерлер мектеп оқушыларына тез дайындалатын тағам туралы айтты. Гамбургер, хот-дог, майға қуырылған картоп, газдалған сусындардың зиян екенін ескертті. Олар: «Дайындаушылар фастфуд тағамдарының сапасына қарамайды. Сондықтан фастфуд тағамдары тез бұзылып, көп ауруға себеп болады. Балалар фастфуд тағамдарын жақсы көреді. Ол денсаулыққа зиян. Сендер дұрыс тамақтана біліндер», – деді.

Қазір 6 жастан 14 жасқа дейінгі балаларда қаназдық ауруы көп кездеседі. Ал асқазан ауруы бірінші орында тұр. Фастфуд тағамдары артық салмақ қосады.

Кесте 3

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Формативтік балл	Баға
Оқылым бөлімі бойынша мәтінді оқып, тапсырмалар орындау.	1	Мәтінге ат қояды.	1	2
		Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.	3	

Жазылым, тілдік бөлімі бойынша тапсырмалар орындау.	2	«Фастфуд тағамдары» тіркесіне кластер жасайды.	2	3
		Мезгіл мен мекен үстеулерін қолданады, сөйлем құрастырады.	2	4
Айтылым бөлімі бойынша тапсырмалар орындау.	3	«Фастфудтың зияны» тақырыбына диалог құрастырады.	2	5
Қорытынды балл			10	

Үй жұмысы берілгенде сабақ басында жұмыс дәптерлерін жинап алып, комментарий ретінде береміз. «Жарайсың!», «Тамаша!», «Керемет!», «Жақсы», «Көп қате жіберме!», «Септік жалғауларын қайтала!».

Оқушылардың сөздік қорларын, тілдік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, молайту мақсатында көбінесе мәтінді тірек сызба, диаграмма, кластер, балық қаңқасы, оқиғалар тізбегі т.б сызбаларына сүйеніп, мазмұндау беріледі. Сонымен қатар өленді жаттау, кез-келген тақырыпта шағын әңгіме, мәтін құрастыруда, эссе жазуда, міндетті түрде бағалау критерийі беріледі. Бір үлгіде бағалау критерийі ұсынылады. Оқушыларға осындай үй жұмысын бергенде, сабақ басында бағалау критерийімен тексеріп бағаланады.

Кесте 4

Жазылым бөліміне арналған бағалау критерийі		
Дескриптор	Формативтік балл	Баға
Мәтін құрылымын сақтайды. (Кіріспе, негізгі, қорытынды)	3	2
Ойын жүйелі түрде жеткізеді.	3	3
Орфографиялық нормаға сай жазады.	2	4
Пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады.	2	5
Қорытынды балл		10

Кесте 5

Айтылым бөліміне арналған бағалау критерийі		
Дескриптор	Формативтік балл	Баға
Өз ойын жүйелі жеткізеді.	3	2
Сөздердің орналасу тәртібін сақтайды.	3	3
Тілі түсінікті (тән дыбыстарды дұрыс айтады)	2	4
Айтылу барысына қателер жібермейді	2	5
Қорытынды балл	10	

Кесте 6 – Күнделікті сабақта қолданылатын бағалау критерийі.

Күнделікті сабақта қолданылатын бағалау критерийі.		
Дескриптор	Формативтік балл	Баға
Сабақ барысында жауап бере алмайды, тапсырманы орындай алмайды.	1-3	2
Мәтінді мұқият оқиды. Тақырып қояды.	5-6	3
Мәтін бойынша сұрақтарға толық, қысқа жауап береді.	7	4
Мәтіннің негізгі идеясын табады. Мәтінді қысқаша мазмұнын баяндайды.	8	4
Жазбаша жұмысты орындайды	10	5

Нәтижелерді талдау мұғалімге әр оқушының материалды меңгеру деңгейін анықтауға және онымен жұмысты автоматты түрде жоспарлауға мүмкіндік береді, ал жинақталған ақпарат оқу материалын қайталау процесін ұтымды жоспарлауға негіз болады. Білім алушылар үшін бағалау парағы өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандыру болып табылады, өйткені бұл оларға зерттелетін тақырыпты өз әрекеттері арқылы көруге және өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқу-танымдық тақырыпты дербес ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Егер бағалау парағы тоқсандағы білім сапасын тексеру құралы ретінде қолданылса (тоқсандық бақылау жұмысын орындау кезінде), мұғалім журналға қорытынды ретінде ұсынылуы мүмкін оқушылардың бағаларын растау немесе растамау туралы қорытынды жасай алады. [4, 67 б.]

Осылайша, білім беру процесінің сапасын арттыру білім сапасы мен оқушылардың үлгерімін арттырумен тығыз байланысты, оқушылардың оң уәждемесін қалыптастырмай, оны шешу мүмкін емес. Оқушыларды ынталандыру процесіне оң әсер ететін факторларды толық көлемде пайдалана отырып,

табысқа жетуге болады. Критериалды бағалау оқушының мазасыздығын төмендетуге, оң мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді. Аралық жұмыс үшін алынған бағалардың журналға енгізілмеуі бұл жұмысты өз білімін арттыру үшін мағыналы қызметке айналдырады. Мұғалім қатал төреден мүдделі көмекші мен кеңесшіге айналады. Мұғалім мен оқушы арасында қақтығыс аймағы жоғалады, бағалау екі тарап қабылдаған критерийлер бойынша бірлескен жұмысқа айналады [6, 90 б.].

Қорыта келгенде білім ордасы оқушыларға тек қана білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың білімін бағалау, оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыру орталығы болып табылады. Ал, оқушының дұрыс қалыптасуындағы шешуші рөлді бағалау атқарады деп ойлаймын. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Формативті бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді әзірлеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек. Формативті бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Бағалау критерийі болуы керек деп айта аламыз, ол мұғалімнің субъективті бағасына тәуелді емес, ал негізгі критерийлер оқу мақсаттарына сәйкес келетін болжамды нәтижелер болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББ, 2012.
2. Лисейчикова, О.Е. Десятибалльная система оценки результатов учебной деятельности учащихся: Инструктивно –метод. Материалы Мн:НИО, 2002. – 400 б.
3. Қоянбаев, Ж.Б., Қоянбаев, Р.М., Педагогика. – 3-бас. - Алматы, 2004.

4. Адамова, Ж.Ш., Сүртібаева, Д.А. Мануал «12 жылдық мектептегі бастауыш білімнің құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктері», МББҚБА және ҚД институты, 2007.
5. Адамова, Ж.Ш. Мануалға қосымшалар - Қарағанды, 2008.
6. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана, 2013. – 80 б.
7. Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. Бағалау ерекшеліктері. – Алматы: КазПИ, 1991.
8. А.К.Мыңбаева, З.М.Садвақасова «Оқытудың инновациялық әдістері», Алматы, 2010.
9. Мұғалім құзыреттілігін қалыптастыру негізінде шығармашылық тұлға тәрбиелеу жолдары. Республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. Шымкент, ББЖЖТ, ПКБА және ҚДО, 2008.
10. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2008.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДІНИ САРЫН

АЙБЕКОВА А. Ж.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
БАРАТОВА М. Н.
ф.ғ.к., Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеті тарихының 10-11 ғасырлардағы кезеңі «Ислам дәуіріндегі әдебиет» деп аталады. Бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті тарихын құрайтын ақындардың мұралары түрік халықтарына ортақ болғанымен, біздің төл әдебиетіміздің кейінгі дамуына жалғасқан исламдық дүниетанымның негіздері сол кезеңде қалыптасты. Түрік халықтары рухани мәдениетінің қалыптасу, даму тарихының көрнекті тұлғалары Әбунасыл әл-Фрабидың, Махмуд Қашқаридың, Жүсіп Баласұғаниды, Ахмед Иассауидың, Ахмет Игүнекидің, Сүлеймен Бақырғанидының шығармалары қазақ поэзиясының исламдық-эстетикалық негіздері болып саналады. Бұлардың шығармаларының идеялық-композициялық желісінде басталудан аяқталуға дейінгі аралықта Аллаға мінәжат, Мұхаммед пайғамбарымызға, оның төрт досына (Әбубәкір, Омар, Осман, Әли) мадақ жырлары сабақтаса жырланады. Түрік халықтары

әдебиеттеріне көркемдік негіз болып қаланған бұл дәстүр кейінгі дамуға эпикалық дастандар жазуға жалғасты.

Ислам тарихына байланысты жырланған дастандар - ұлттық әдебиетіміздің нағыз халықтық табиғатын танытатын маңызды шығармалар. Себебі, ислам дінінің қазақ даласына таралуы ежелгі ата-бабалық түріктік наным-сенімдерімізбен сабақтаса өрілгендіктен, халқымыз Алланың құдіретін, Мұхаммед пайғамбарымыздың даналық даралығын риясыз көңілмен қабылдаған.

Қазақ поэзиясының көрнекті ақындары Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Жүсіпбек Шайхисламұлының, Ақылбек Сабалұлының, Шәді Жәңгірұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Жүсіп Ешниязулының, Омар Шораяқұлының және тағы да басқа ақындардың ислам тарихына арналған дастандары бар. Жаратушы Алланың құдіретімен Мұхаммед пайғамбарға дейінгі тіршіліктің пайда болуына, Мұхаммедтің дүниеге келуіне байланысты фольклорлық-мифология сипаты сюжеттерді жырлау әдебиетіміздегі өзіндік дәстүрлі түрімен ерекшеленеді.

Қазақ әдебиетінің тарихында ұлттық поэзиямыздың адамгершілік-имандылық тәрбиесі құрлы болғандығын аталған дастандар мен бұлармен әуендес шығармалар толық дәлелдей алады. Ислам дініне арналған қисса-дастандардың идеялық-композициялық желісінде тарихи тұлға Мұхаммед пайғамбар басты кейіпкер болып жырланады. Пайғамбардың ата-анасы, ағайын туыстары, әлеуметтік-қоғамдық ортасы да қамтылады.

Қазақ поэзиясының беделді өкілдерінің бірі емес, бірегейі болып табылатын атақты ақын, оқымысты, тарихшы, ойшыл, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында ауқымды түрде көрініс тапқан ислам дінінің, әсіресе, Алла тағалаға құлшылықты дәріптеу сияқты идеяларына арналған өлең-дастандары бүгінгі күнде өз өзектілігін жоғалтпай, керісінше, заман талабына сай жаңашылдығымен ерекшеленеді. Діни тұрғыда өлең жазумен ғана шектеліп қоймай, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оларды басып шығаруда жасаған еңбегі бағасыз: хатқа түсірілген айтыстар мен шежірелер, ертегілер мен қиссалар, мақал мен мәтелдер, тарихи, тұрмыс-салт жырларының саны қаншама. Парсы, араб, өзбек, тәжік, шағатай және көптеген өзге тілдерді меңгергендігі оның шығыс әдебиетінен сусындап, өз шығармаларында сол сарында бағыт алуының дәлелі болып табылады. Ағартушылық идеяларымен шабыттандырылған ол қазақ халқын сауаттандыруға күллі ғұмырын

жұмсады десек артық емес. Ақынның қалдырған мұрасы ретінде 1907 жылы жарық көрген «Көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» және «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты жыр жинақтарына үніліп, олардың арада бір ғасыр өтсе де, оқырманға берер рухани азығының пайдасы жайлы сөз қозғамақпыз.

Дін адамның өзінің жаратылысындағы құпияларын анықтайтын, ғарыш құбылыс-қозғаластардың астарын түсіну үшін, сұрақтарға жауап іздейтін тылсым сезімнен туындайды. Демек, бүгінгі таңда дін мәселесі ерекше жандануда. М.Ж. Көпеев негізінен діни ағартушы - басты бағыты діни таным төңірегінен өрбіп жатыр.

Мәшһүр Жүсіп жасынан ауыл молдасынан діни дәріс алып, хат таныған. 1870 жылы Хамеретдин хазіреттің орта медресесін бітіріп, мұсылманша орта білім алып шығады. 1872-1874 жылдары Бұқардағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгереді. Шығыстың ойшылдарының еңбектерімен танысады.

Мәшһүр 1887, 1885, 1907 жылдары үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарканд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады. Мәшһүр дүниетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлері: ұлттық рухани дәстүрлер. Ұлы Дала шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық философиясы, орыс және Батыс Еуропа мәдениеті, рухани әлемін қалыптастыруда әсер еткен шығыс ғұламалары: Фирдоуси, Саади, Хафиз, Назами, Руми, Аттара, Омар Хаям, Жами, Науаи, Йассауи т.б. Ұлы дала жерінің даналары да ерекше ықпалын тигізген еді: Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Доспамбет, Шалкіиз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара т.б. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам дінінің шығуы, құдайға сену, тануы, ислам тарихына қатысты пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы деректер берілген.

Ойшылдың дүниетанымы мен философиясының негізгі қайнары ислам философиясы және шығармашылығының қайнар нәрі Құран-кәрім, хадис, шариат. Оның діни философиясында Алла, Нәпсі, инсани-қамил, ақиқат, фана, о дүние, жұмақ, тозақ, күнә, пенде, періште, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т.б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды. Мәшһүрдің діни-философиялық көзқарастарының түпкі тамыры - Алла тағала, оның расулы Мұхамед.

Мәшһүрдің дүненің жаратылуы, ғарыш, ислам және жер денелері, адам қалай жаратылғаны туралы ойларын «Жер мен Көк» кисасында былай баяндаған:

Екі күн-жер, екі күн көк жаратты,
Төрт күнде бір-біріне жұп жаратты.
Бір сағатта қылуға құдіреті бар,
«Пендеме ғибрат болсын!» - деп жаратты.

Мәшһүр Жүсіп дүниені жаратушы, Алла тағаланың жаратылысты жұптық негізінде көрсетеді. Ұлы Абай айтқандай: «Махаббатпен жаратқан азаматты» Мәшһүр де дастанында ерекше сүйіспеншілігімен жазған еді. Қарапайым тілмен ақын ішкі дүниесін жеткізе білген. Ол Аллаға, пайғамбарымыз Мұхамедтің Алла расулы екендігіне, көміл сенген діндар, ғұлама. Діни еңбектерінде ислам қағидаларына, борыш-парыздарына жан жақты түсінік береді. Ғалым Көпеев діни құндылықтарды насихаттау мақсатымен қоғамның адамшылық тұрғыдан тазаруын, иман мен рухани нұрларына қалай ие болуын уағыздайды. Мәшһүр Жүсіп «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» еңбегінде ойландыратын терең ой-толғамдар, фәлсафалық ой-түйін, рухани құндылықтар туралы деректер берілген.

Құдайым жексенбі күн жер жанатты.
Жер-суды әуел бастан бір жаратты.
Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен
Түріндей текеметтің түр жаратты.
Аспан - биік, жер-төмен, тау, тас-қатты,
Ат аяқты болғанда, құс қанатты.
Заһардан бал, тікеннен гүл шығарып
Жұма күні жаратты адамзатты.
Құдіретпен он сегіз мың ғалам болды,
Бәрі-қабак, маңызы адам болды.
Құдайдың құдайлықпен қылған ісі,
Жаралып алты күнде тәмам болды.

Адам баласы ақылмен, сезіммен бір жаратушы күштің бар екенін білсе де, оның бұйырған нәрселері мен тыйым салған нәрселерінің кейбір жағдайларын не екенін біле алмайды. Оны Алла тағала тек пайғамбарлары арқылы, солардың дәнекерлігімен ғана білдірген. Адам баласына бұл дүниеде, ахиретте бақытқа ие болудың, жолдарын баян еткен.

Міне, Алланың жолымен жүруде білім жинау, рухани азықтанып, айналаңа достықпен қарау, сананды сұм идеялармен уламай, нағыз діндар адам кепінде күн кешу Мәшһүр Жүсіп шығармаларының басты тақырыбы болып табылады. Оның зерттеп, қағаз бетіне түсірген барлық еңбектерінде адам жоғары сатыға тек

рухани тазалық пен білімге құмар болған кезде жететіні айқын білінеді.

Оның пікірінше: «Алла тағала бізге көптеген нығыметтер берген. Олар: осы дүниеде бар болып, тірі жүруіміз он екі мүшеміздің сау болуы: жеген тамағымыз, алған деміміз, жасаған өміріміздің әр қайсысы Алланың бізге берген игілігі, жақсылығы, несібесі». Аллаға жан - тәнімізбен, малымызбен құлшылық етіп, бүкіл әмірлерін орындап тыйым салған нәрселерінен тиылуымызды «ғибрат» деп атайды. Ғибрат Аллаға ғана істеледі. Сондықтан әрбір мұсылманның осыларды айырып, нақ, білуі парыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда. 1927.– 341 б. - кітап
- 2 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 298 б. - кітап
- 3 Есекеев Ж. Көкшенің бүгінгі Біржаны // «Көкшетау» газеті. – 1993. Сәуір - 6. – газет
- 4 Әлімжанов Б. Алаш пен Манас. – Новосибирск, 2004. – 435 б. – кітап
- 5 Жармұхамедұлы М. Қазақ поэзиясының айтыс жанры: тегі мен дамуы. Ф.ғ.д. ғыл. дәреж. Алу диссер.автореф. – Алматы, 2001. – 34 б.- диссертация
- 6 Қойлыбаев Ш. Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік ерекшеліктері. ф.ғ.к. ғыл. дәреж. Алу диссер. автореф. – Астана, 2009. – 45 б. – диссертация
- 7 Дүйсенов М., Сейдаханов М., Негимов С. Халық акындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым, 1982. – 356 б. - кітап

МӘШҲҮР-ЖҮСІПТІҢ ДІНИ ТАНЫМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

АКТАСОВ А. К.
магистранты, «Филология және журналистика» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЖҮСІПОВ Е. Қ.
ғылыми жетекші, филол.ғ.к., оқытушы,
«Филология және журналистика» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев – дін тақырыбын, Алла жолын насихаттауды, Құдайға құлшылық ету бағытын өз шығармаларына көбірек арқау еткен акындардың бірі.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының дін тақырыбына арналған кезекті шығармаларының бірі «Ібіліс шайтан хикаясы». Шығарманың сюжеттік желісі Құраннан алынғаны жөнінде Гүлназ Жүсіпова сөз етеді [2, 7]. Біз де соны қостаймыз. Себебі дастанды оқыған кезде Ібілістің сәжде етпеуі құранда да айтылады. Сәжде қылудан тек Ібіліс бас тартты. «Топырақтан жасалған адам менің бас июіме лайық емес» – деді Ібіліс.

Шығарманың басында акын бұл сюжетті хадистен көргенін айтып, оны өз баяндауы бойынша берілетінін айтады.

Акынның бейне жасау шеберлігін мақұлықтың образын ашқанда анық көре аламыз. Тәблит, Жәблит деген екі мақұлық басқа да акындардың шығармаларында да айтылады. Бірақ оны олар өз пайымдауынша айтса, Мәшһүр-Жүсіп былай бейнелейді. Оның жаралған заты оттан көрсетеді.

Тәблит бейнесі:

Арыстан суретінде болып Тәблит,

Құйрығы жыландай боп қияпаты.

Ол және еркек, ұрғашы емес,

Кітаптан көрдім мұны кеңес [2, 55].

Жәблит бейнесі:

Жәблиттің формы қасқыр сықылданған,

Құйрығы тасбақадай домаланған,

Жаралған ұрғашы боп әуел бастан

Бұл сөзім кітапта бар, деме жалған [2, 73].

Бұл мысалдан біз мақұлықтың екі бейнесін жасауда, оны жануар бейнесіне ұқсатқанын көре аламыз. Тәблит, Жәблит «Мәлике қыздың хикаясы» әңгімесінен де айтылады. Тәблит дәл

солай берілсе, Жәблит құйрығын жоғарыдағы әңгімеде шаянға ұқсатады [3, 10].

Екі мақұлықтың шағыласқанынан кейін тозақта жылан-шаян пайда болып, кейіннен олардың саны жеті ұл, жеті қыз болғаны баяндалады. Демек осы жерден мақұлықтардың тез көбейіп, адамды азғыру жолында жүргенін айқын көреміз. Бірақ олар бір-біріне үйленген кезде өз сыңарына қанағаттанбауымен көрінеді. Солардың ішінде Абулхарис жағымсыз сипаттармен де танылады. Ұлықтың саясатын қылып, мінезінің терістігін көрсетеді. Ақын осы тұста Абулхаристың бейнесін былай көрсетеді:

Мінезі сондай қатты қиын екен,

Сонша асып шарасынан толған күнде [2, 89].

Бұл жоғарыдағы айтқан Абулхариске тән қылық еместі. Бірақ билікке әбден мастанған ол әртүрлі қылықтарды көрсете бастайды. Бұл адамдарға да тән қылықтардың бірі - өркөкіректік, өзімшілдік. Оның астамсығаны сондай, ол түкірігінің өзі жерге түспеуін қалайды. Сонда құдай мұны қабыл етеді. Тіпті оның билігіне дүние мүлкін де береді. Бірақ кейіннен бұл теріске айналады.

Ғарыштың есігінде бір жазуды,

Жиылған көп періште көрді бір кеш, [2, 37]

– деген жолдардан біз жамандықтың белгісін көреміз. Мысалы: Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында Ақбілектің сол көзінің тартуы жамандықтың болатынын көрсетсе, бұл деталь Мәшһүр-Жүсіпте де бар.

Періштелердің шошып, Ғаззілге дұға оқытқызады, бірақ сол уақытта өзін сақта деп айтпауы – жамандықтың болатынын дәлелі. Демек ақын бір жамандықтың болатынын оқырманға сездіргендей.

Ғаззілдің сәжде етпеуі шығарманың мазмұнын өрбіте түседі. Дастан әрі қарай малғұн мен жаратушуның диалогі ретінде беріледі. Мысалы:

Малғұн: ...

Баспана адамдарға бердің үйді

Сұраймын әуел сенен үйім қайда?

Жаратушы:

Қалдым деп баспанасыз болма арманда,

Дүниеде монша болсын сенің үйін.

Малғұн: ...

Ас, қорек адамдарға тағам бердің,

Кәнеки, ішіп -жейтін менің асым?!

Жаратушы:

Тамағың сенің малғұн осы болсын:

Ас ішсе егер біреу бисмилласыз [2, 57].

Қанша нәрсе малғұн сұраса да, жаратушы оған шек қоймайды, бірақ малғұн қанағаттанбайды. Осы жерде біз малғұнның тойымсыздығын көре аламыз.

Осы орайда Ібілістің адамдарда аздыру жолына түскені, Алланың оған не себепті төтеп бермеуі ойланарлық жайт. Егерде өмірде адамды малғұн азғырмай, бәрі жақсылыққа кенелсе, онда адамдардың саны әлдеқайда көп болып, жер шарына сыймас еді. Өмір адамға сын үшін берілген. Егер де адам аллаға сыйынып, құлшылық етсе, ол оң жолға яғни құдай жолына түседі, ал егер де өмірде жақсылықтан гөрі жамандыққа жақын тұратын пенде малғұнның торына түседі. Біз мұны шығармадан да көре аламыз.

Мәшһүр-Жүсіп бұл шығармада қыздар бейнесін жасауда үлкен шеберлік көрсетеді:

Қараса қылып тұр қара қасы,

Толғанып оқ жыландай өрген шашы.

Ғақықтан екі ерні қызыл болып,

Алмадай домаланып гауһар басы

Бойлары райхан гүлдің сабағындай

Алманың екі беті, сағағындай,

Күмістен тартқан сымдай болап қолы,

Қояндай домаланып келіп жоны.

Сынаптай толықсыған екі саны,

Тістері меруерт-маржан дүрдің кені.

Бұл қыздардың бейнесін ақын Ғаззілдің [2, 19]

Соңғы өтінішімен орындағанына байланысты беріледі. Әйелдің осындай сұлулығына малғұнның өзі тамсанды.

Шығармада дінге қаншама берік болса да сұлу қызды көрген еркектің еш сабыры қалмайтынын да айтады. «Сұлу емес әйел болмайды» Бірақ ақын қыздың тән сұлулығымен қоса жан сұлулығын жоғары бағалайды. Осы орайда ақын тән сұлулығына мастанған жігіттерді әшкерелейді. Сырты сұлу болып, іші бос болса, ол сұлу емес деп топшылайды. Сұлу қыздың торына түсіп, жігіттердің алданғандығын шығарманың төрт жолында айтады.

Келсек те қырық-елуге біз баламыз.

Танданып көрінгенге көз саламыз

Суреттің иесімен болмай жұмыс,

Алданып күр суретке біз қаламыз [2, 55].

Міне бұл дастан арқылы ақын қаншама ғибрат берерлік ойлар айтты. Ол біздің қазақ әдебиет тарихында өшпес мұра болып саналады. Жамандық қылықтардан арылып, алланың ақ жолына түсу идеясын ту етіп көрсетеді. Бұл шығарма өз замандастарымызға, болашақ ұрпаққа насихат, өсиет сөздерімен құнды.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Яһуда Патрос» әңгімесі әлеуметтік мұрағатта сақталған үш нұсқасы бар. Бірі - Жолмұратта, екіншісі кіші ұлы Мұхамедфазылда, үшіншісі кезінде сыйлас адамы, атқосшысы болған Иманғали Маненұлыда [4, 86].

Шығармаға негіз болған тақырып дүниеқоңыздықты, көрсекызар сипатты сынау. Мәшһүр-Жүсіп бұл дастанды Құранның алынғанын шығармада сөз етеді. Ақынның барлық шығармаларынан, соның ішінде біз сөз етіп отырған «Яһуда Патрос» киссасында оның ерен суреткерлігін қапысыз танымыз. Ақын өз халқының әдебиетінің мол байлығын, рухани өшпес қазынасын, барынша бойына сіңіре білген, тілегей-теңіз сөз маржандарын ұсталықпен, шеберлікпен кәдесіне жарата білген. Ол сонымен қатар әлемдік сөз зергерлерінің үздік үлгілерінен творчестволықпен үйрене білген. Соларды ұтымды игере отырып, туған әдебиетін әлемдік биікке көтере алған. Оның өзін де әдебиетіміздің биік баспалдығына, шыңына көтеруіміз де сонан. Бұл қисса адамның екі қырлы мінезін қатар қою арқылы баяндалады. Шығарма сюжеті екі ағайындының атасы қайтыс болғаннан кейін өрбиді. Дүние мүлкін қақ ортаға бөліп, оны ағайындылар қалай жұмсағаны сөз етіледі. Шығармада әсіресе Яһуда бейнесі жақсы қырымен танылады. Ол былай сипатталады:

Яһуда момын болды күткен дінін,
Шын деп білген не айтса кітап тілін.
...Жұмсады қолда барын құдай үшін,
«Керек, - деп, - сақтайын, - деп,- мұның несін?!»
...Өз басын ойламай пайдалы істі,
Құдайменен жұмсаумен күні кешті [2, 77].

Осыдан біз Яһуданың құдай жолына, ақырет қамына бар нәрсесін аямай жұмсаған жан екенін анық көре аламыз. Яһуда құлшылық еткен адамдардың бірі. Өз басына пайда келтірмей, құдай үшін бар қаражатын жұмсаса, Патрос образы бұған қарама-қарсы қойылған:

Хош енді Патрос қайтті қолдағысын,
Бір тиын жұмсамастан құдай үшін,
Жер-су алып, әр түрлі егін салып,
Түзетті жарастырып іші-тысын [2, 83].

Яһуда әбден кедей болып, ағасынан көмек сұрауға барады. Ал Патрос болса, өзінің жеткен жетістіктерін, өзінің байлығын үлгі етеді. Інісінің ақшасын босқа ұстауын айтып, оны тіпті кіналайды. Дастанда Патрос өзінің еңбекқорлығымен, шаруақорлығымен бір қырымен танылса, екінші жағынан дүниеқоңыздығымен, көрсекызарлығымен танылады. Яһуда кедей бола тұрса да ағасының байлығына қызықпайды. Қайта естіген жақсылығы өзіне қайтып келетініне сенім білдіреді:

– Сен жер-су алдың сатып,
Жарастығын жалғанның соны ұнатып.
Мен жұмсадым ақырет пайдасына,
«Ертең бір таң бар, - деумен,- бұ күн батып!» [2, 96].

Бірақ Патрос інісінің қателігін көрсету үшін өзінің байлығын көрсетіп ақырет туралы айтқандарына сенбейтінін білдіреді. Дегенмен Яһуда ағасының сөзін алмай, өз пікірін ұстанады. Барлығы Құдай қолында, мені сенен бай қылғысы келсе де, қолынан келетінін айтады. Міне екеуі де бір ағайында бола тұрса да, олардың дүние тануында екі жақты көзқарас қалыптасады.

Біреуде үлкен жалғанда, біреу – кіші,
Ойлау керек: «Не болса да хақтың ісі!»
Сенен мені бай қылып қоям десе,
Құдіреттің жетеді әбден күші [2, 65].

Егер де сенің мүлкінді бір күнде жоқ қылуды құдай талап етсе, бұл дүниеден еш нәрсе қалмайтынын айтады. Сонда Яһуданың сөзі періштелердің құлағына шалынып, тәңір бұл сөзді қабылдайды. Сонша байлықтың бір түнде жоқ болуына Патрос қатты назаланады. Бұл дүниеге өздері ғана қызығып, ешкіммен бөліспей жүрген Патростың отбасын аянышты халмен суреттейді.

Жыртумен жылап жатыр қатын бетін,
Кедейге бермейтін шай мен етін.
Жалғыз жер мен су емес күйіп кеткен
Бұлар да күйіп жатыр болып түтін [2, 76].

Осы орайда Абайдың отыз жетінші қара сөзі бұған орайлас болып келеді: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың».

Шығарманың идеясын ақын дастанның соңында баяндайды.
Жылы жаздың соңында бар бір қысы,
Саған онда арам ғой жылдың құсы!
Уысында тұрғанда, үлестірсең,
Байлық пенен барлықтың қызығы - осы! [2, 124].

Сөйтіп ақын, Яхуда мен Патрос бейнесін қарсы қою арқылы қазақ халқын қайырымдылыққа, мейірімділікке шақырады.

Бұл дастан Фазыл және жиені Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмелері бойынша әзірленген. Оларда өз алдында ұқсастықтар да бар. Мәселен, Жолмұрат былай деп жазған: «Ерте заманда Бәни Исраил қауымынан Яхуда, Патрос ағайынды екі жігіт болған» - дейді [1. 23].

Қорыта келгенде, Мәшһүр-Жүсіптің бұл шығармасы жалаң баюды мақсат етіп, өз басының қамын ойлаған дүниеқор адамдарды сынай отырып, Яхуда образын беру отарып адамзатты мейірімділікке, қайырымдылыққа үндеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпова Г. Мәшһүр-Жүсіп дастандары - Павлодар университеті, ҒОФ «ЭКО», 2000.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 3том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.

3 Қисса Сұл Әнбия. Тәржімелеуші - Р. Мұқанова, //Қазақ әдебиеті, төртінші желтоқсан, 1992

4. Жүсіпова Г. Яхуда, Патрос әңгімесі. //Жұлдыз, наурыз, 2002.

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ӨМІРБАЯНДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ОЙЛАРЫ

АЛТАЕВА Г.

докторант, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ ағартушылығы туралы айтқан кезде біз қазақ тарихы мен мәдениетінің әр кезеңдеріндегі мектептер мен білім ошақтары туралы деректерді негізге аламыз. Ұлттық ағартушылықтың бастау көздері, ұлт мәдени дамуының алдыңғы кезеңдерімен байланысы деген тұста ұлы ғұлама Мәшһүр Жүсіптің мол мұрасынан да ақпараттарды талдаудың қажеттілігі туындайды. Мәшһүр Жүсіп мұрасында өз өмірбаянына қатысты жазбалар бірнешеу. Солардың барлығына тән ортақтық ұлы ғұламаның халықтың дамуының басты негізі, санасының оянуы, ақыл-парасатының кемелденуінің бастау көзі – білім мен ағарту ісін алатындығында.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ағартушылық ойлары мен көзқарастары туралы жазбалары өмірбаяндық шығармаларынан басталады. Мәшһүр Жүсіп өзінің өмірбаяндық шығармаларында

ата-бабаларының, өзінің өмірін жазады. Сонымен бірге басты мағынаны өз тегінің білім мен оқуға, дүниені тануға ұмтылған тұсына ерекше тоқталады.

Өмірбаяндық өлеңдер Мәшһүр Жүсіптің өзінің дүниеге келген кезінен басталмайды. Арғы аталарының өмірін, олардың тірліктегі істерін, үрім-бұтақ, ұрпақтарын тарамдаудан басталады. Ата-бабаларының тіршілігі мен тұрмысынан гөрі олардың рухани, оқу-ағарту ісіне араласулары негізгі мәселе ретінде алынады. Мәшһүр Жүсіп өз өмірбаянындағы:

- ата-бабаларының білімге ынта қойған кезін;
- алған білімдерінің түрлерін;
- қайдан, кімнен білім алғандығын, оқу оқытқандар кімдер

болғанын анықтап жазады.

Мәшһүр Жүсіп осы арқылы білім алуға ынта қойған бір атаның, бір рудың бұтағының тынысын ашады. Олардың алған білімдерінің кейінгі кезеңдерге әсері мен ықпалы, өнегесі қандай болды деген сұраққа келесі ұрпақтағы жалғасқан үлгі, дәстүр арқылы айқындалады. Мәшһүр Жүсіптің өмірнамалық шығармаларындағы ағартушылық ойларының өз ерекшеліктері бар. Автор алдыңғы аталарының білім жолындағы істерін жай баяндап қоймайды, оның нәтижесін көрсетеді. Бұл білімінің жалғасуында қазақы таным бар. Ол таным қазақ дәстүріндегі білім алудың мәні, оқудың ұрпаққа үлгі, дәстүр болуы және оның келесі кезеңге жалғасуы керек деген шарттарды анықтайды. Қазақ тіршілігіндегі оқу-білімінің пайдасы неде? Мәшһүр Жүсіптің аталары үшін білімнің қажеттілігі неде болды деген сұрақтарға жауап беріледі.

Қазақ дәстүріндегі тегін тарату үлгісімен Мәшһүр Жүсіп өзінің арғы аталары Ақжігіт абыздан бастайды. «Қазақ ішіне қожа, молда, үйір-шүйір болмаған күнде Ақжігіт абыз Сыр бойынан – Оспанқұл әудер деген әулие қожаны екі бауырының екі бойжеткен қызын қалың малсыз беріп, үйінің сыртына ақ қос тігіп беріп, «Мектеп басы», – деп бала жиып оқыттырған. Қазақ қазақ болғанда, әуел қожа сақтап, мектеп көтерген кісі – осы Ақжігіт болған» [1, 206-б.].

Мәшһүр Жүсіптің оқу-ағарту туралы идеялары қазақ тарихындағы ұлттың танымымен, тарихымен, түсінігімен, шаруашылық талаптарымен өріліп отырады. Егер Еуропадағы ағартушылық идеяның шығуының басты сипаты - өткеннің тәжірибесінен бас тарта отырып, қоғам дамуы үшін жаңа бағыттарды анықтау. Сондықтан да Еуропада XVIII ғасырдағы ағартушылардың философиялық көзқарастарының басты белгісі

– еркін ойлауға деген ұмтылыс еді. Қоғам дамуына қарай оның талаптары да өзгереді, адамның сұранысының мазмұны да дами түседі. Сол себептен де, Еуропадағы ағартушылықтың негізгі идеяларында саясат пен әлеуметтік тұрмыстағы қарама-қайшылық, «зияткерлік факторлардың саясат пен экономикадан әлдеқайда өнімді тәсіл» болып қабылдануымен анықтайды [2, 5 с.].

Қазақ тұрмысы үшін де ағартушылықтың маңызы қоғамдық қажеттіліктерден, әлеуметтік тұрмыстағы рухани құндылықтардың жаңа үлгілерін іздеуден тұрады. Еуропадағы «зияткерлік қозғалыс» деп аталатын бұл кезеңнің басты негізі екі құрылымнан тұрды: рационализм және еркін ойлылық. Осы еркін ойлау, пікір мен көзқарастағы тәуелсіздік қазақ даласына да тән болатын. Бірақ оның жаңа үлгілерін табу мен жаңа бағыттарын анықтауда қазақ даласының әр аймағында мазмұн жағынан түрлілік болды. Қазақ даласындағы білім мен ағартушылықтың үлкен ордасы саналған өңір – Сыр бойы. Сыр бойындағы Баршынкент, Жент, Сығанақ қалалары тек сауда жолы ғана емес, мәдениет пен білімнің, озық ойды дамытқан білім ұяларының да орны екені белгілі. Бұл жерден шыққан Хусам ад Дин әл Баршынлығы,

Гийас ад-Дин әл-Женди, Мұхаммед әл-Женди сияқты ғалымдар мен оқымыстылар шыққан. Осы Сыр бойының білімі мен ағарту ісін Сарыарқаға әкелушілердің бірі – Мәшһүр Жүсіптің атасы. Ендеше қазақ тарихындағы ағартушылықты зерттеуде қазақ даласының әр аймағының ерекшеліктері мен оның таралуы және өңірлердегі білім мен ағартушылық ойдың өзгерістері, дамуы, ортамен қатынасы да зерттелуі тиіс. Мәшһүр Жүсіптің өмірбаяндық шығармалары ұлы тұлғаның өзінің оқу-ағарту туралы ойлары мен пікірлерін, тұжырымдарын анықтап қоймай, сонымен бірге жаңа білім, ғылымды игеруге деген даланың жаңа көзқарастарын да ашады.

Мәшһүр Жүсіптің өмірбаяндық шығармаларындағы оқу ағарту туралы ойларында ұлттық танымның өзгешелігі белгілі бір аймаққа, нақты бір руға қатысты ғана емес, осы үлгінің мерзімдік және әлеуметтік себептерінде аздаған өзгерістерімен қазақ жерінің өзі аймағына ортақтық байқалады. Мысалы, Ақжігіт бабасының Арғын ішіне оқу мен білімді үйретушіні әкелуінің өз ерекшелігі бар. Мәшһүр Жүсіп Ақжігіт бабасының ашқан білім ордасын «Мектеп басы» деп атайды.

Сарыарқадағы, соның ішінде Арғын ішіндегі оқу-ағартудың келесі бір легі Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар (Көпей) болып жалғасады. Автордың өз әкесі Көпейдің білім жолына түсуінің

сырын ашатын тұсында да қазақ танымы мен тұрмысы, әдет-ғұрпымен байланысады.

«Қазақта баланың үлкені қадірлі болады, кенжесі қадірлі болады. «Ортаншыға оқ тимес, оқ тисе де, боқ тимес», - деп, қадірсіз, құнсыз ұстайды. Ата мұрасы – жер ең үлкені мен ең кенжесіне тиелі. Ортаншыға: «Қаңғырып қайда кетсең, сонда кет», - дегендей қылады [1, 207-б.].

Мәшһүр Жүсіптің әкесі Көпейдің білімге ниет етуінің басты себебі – осы. Қазақ танымындағы тұңғыш пен кенженің әулетке байлаулылығы олардың тұрмысы үшін, тіршілігі үшін жақсы болғанымен, ортаншыға берілетін еркіндіктің де пайдасы бар. Егер Еуропадағы алғашқы ағартушылық ойдың негізіне рационализм мен еркіндік тән болса, қазақ қоғамы үшін де баланың білім алуына еркіндіктің де пайдалы болғаны айғақталады. Еуропадағы ағартушылық идеяның алғашқы легі XVII ғасырда пайда болған Англиядағы ағартушылықтың басында ғылыми төңкеріс тұр.

Ағартушылық ғылымға идеология енгізілген шақта, ең алдымен ағартушылық идеологиясы енгізілген кезеңде манипуляциялық тәжірибелер мен технологиялардың бір түрі ретінде пайда болды [3, б. 85].

Қазақ даласындағы ағартушылық көзқарастардың басында діни оқу тұрды. Бірақ бұл құдайды тану ғана емес болатын, Құран негізінде дүниенің жаратылыс, әлем, адамзаттың пайда болуы т.б. ойлар туралы жаңа білімді игеру еді. Сондықтан Еуропадағы рационализмнен қазақ даласындағы ағартушылық идеяның өз ерекшеліктері болды. Еуропада рационализм дүниені дін арқылы тану дегенге қарсы шығып, діни болмысқа ғылымды қарсы қойды. Қазақ даласы үшін ғылым мен дін арасын шектеу бола қойған жоқ. Әрине, қазақ даласындағы білім мен ғылымның негізі тек дін қағидаттары арқылы танылып қоймай, тіршілік туралы Шығыс және Батыс ғылымындағы ойлар таразыға салынып жатқан шақ болатын. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп өмірбаянындағы әкесі Көпейдің білім алуына қатысты тарихы баяндаудан жаңа білім іздеудің алғашқы себептерінің өзі де қазақ тұрмысынан туған танымнан пайда болғандығы анықталады. «Мұны айтып жатқан себебім: өзі қораш туған соң, өзі баланың не үлкені, не кенжесі болмаған соң, сыбағадан кемшілік көрген соң, атамыз марқұм он сегіз жасында: «Оқу оқимын», - деп Қызылжарға жаяу қашыпты. Барып медресеге кірісімен, ауырып қалыпты. Үш-төрт ай ауырып жатқан соң, ауырғандағы қылған қаражатын төлеп, құтылу үшін Ахмет,

Жәудір деген ноғайларға қарамайлыққа тұрыпты, фамилиясын (фамилияларын) Фітімла Бекташов дейді екен. Сол қарамайлыққа тұрғаннан ноғайлары рұқсат бермей, босатпай, Түркістан, Ташкент, Бұхарай Шәріфке алып кетіп, сол жақта жүргенде, өзін доверный қылып, көп малмен Арқаға шығарып, Қарасұн, Керней, Әлтеке, Сарым, Тама, Өр Қуандығындағы «Көпей саудагер» атанып көп жүріпті.

Англиядағы ағартушылықтың себептерінің бірі деп әлеуметтік манипуляция алынса, қазақ даласындағы оқу-ағартудың негізі – тұрмыстық қажеттілік. Бұл тұста екі ойдың ортақтығы да бар. С. Елишев Еуропадағы ағартушылықты ХІІ ғасырдың соңындағы мәдени, зияткерлік және рухани қозғалыстардың әсерінен басталып, ХІХ ғасырдағы Еуропа елдеріндегі біртұтас мәдениеттің қалыптасуына ықпал етті деген ойды айтады. Қазақ даласындағы жаңа мәдени қатынастар да оқу-ағарту саласын қажет етті. Сыр бойындағы ежелгі Жібек жолымен басталған оқу-ағартушылық идея ХVІІІ – ХІХ ғасырларда сауданың дамуымен, соның негізіндегі өзгерген қоғамдық қатынастармен қажеттілігін көрсетті.

Мәшһүр Жүсіптің өзінің оқу білім жолына түсуіне тікелей әкесінің ықпалы болғаны анық. Талай жерлерді саудамен жүріп аралап, жүрген жерлерінде ендігінің жолы – оқу мен білімде екендігін білген Көпей баласын: «Бес жасында Баянаулада Бұхарай Шәріптен оқып қайтқан Нәжімеддин хазірет, сол зат Шәрифінің құзырына (хұзырына) ғылым мектебі үйіріліп, алты жасында Шар кітап оқып, сегіз жасында және Баянаулада мола Қамардин ахонның алдына отырып, Сырпауы (хырфауы) бастап (башлап), тоғыз жасында шағырлық илан шәкірт (шыһырт) табысып, жиырма тоғыз жасында Бұхарай Шәріфке барып, медресе Шұқырда- Сытқамыт Идоп мырза, Ұлықбекте медресе – Хамза қожадан, Пайстанада ноғай медресе Сирьждин мықтыдан дәріс оқып, Миранканда Садинзада немересі хапзірет ишан менен Мәлік тәрбиесінде болып, отыз жеті жасында Ташкент шаһарында Бесағаш махалласында Әбілқасымхан, Ишанхан қасында тұрып, біреулері (немерелері) Әкрамхан төреден тағылым алып...», - білім жолында шығыстың талай ғұламаларының алдынан өтеді.

Ағартушылық идеясының негізі ғылым мен білім арқылы қоғам мен табиғатты тануға бағытталған. Адам ақылын дамыту, ақыл арқыл санасы арқылы өзінің дамыған мүмкіндіктерін көрсету. Осы тұрғыдан алғанда Мәшһүр Жүсіптің өмірбаяндық деректері қазақ даласындағы оқу-ағартуға қатысты көзқарастарды ашады.

Ал ұлы ғұламаның өз өмірбаянынан қатысты деректерде 5 жасынан 58 жасына дейінгі аралықта мол білімді игергендігін анықтайды.

Қазақ ағартушылығының кемістігі өз танымы мен ұлттық көзқарасына ыңғайланған, халықтың өз ақылы мен санасын негізге алған ғылым мен білім негіздерін игерудің жетіспеген жақтарын анықтайды. Сондықтан да болар, шығыс білімінен мол сусындаған Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық ойының өзін бірнеше түрлерге бөлеміз.

1. Дін қағидалары негізіндегі дүние, тіршілік туралы ойларды жинақтауы.

2. Қазақ танымындағы дүние, тіршілік туралы ойларға талдау жасауы.

3. Ұлттық құндылықтардағы тарихи, мәдени-рухани үлгілерді жинауы.

Баянаулада бастаған білімін Ташкент, Самарқанд, Бұқара білімдерімен бекітіп, толықтырған ұлы ғұламаның қазақ ағартушылығындағы келесі үлкен кезеңі – ұлттың ғасырлар бойы ауызша жасалған мәдени құндылықтарын жинау және оларға қажетінше талдау жасау кезең басталады.

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіптің өмірбаяндық шығармаларында ғұламаның өз өмір деректері, ата-бабаларының тірліктері ғана айтылып қоймайды. Қазақ даласындағы оқу-білім, ағартушылық көзқарастардың тарауы, әр кезеңдердегі ерекшеліктері, қазақ танымымен байланысы т.б. өзекті тұстарға қатысты деректерді береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8-том. – Павлодар: «ЭКО», ҒӨФ ЖШС, 2023. – 240 б.

2 Титаренко И. Н. Истоки Просвещения: от Древнего Рима а Европе ХVІІІ века. /В журнале: Научная мысль Кавказа № 4. 2014. – 123 с.

3 Елишев С. О. Эпоха Просвещения и ее идеология: начало эры социального манипулирования // В журнале: Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политология. Т. 28. №4. 2022. – 292 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ СИНКРЕТИЗМІ

АЛЬКЕЕВА Г. С.

педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Айнакөл орта білім беру мектебі, Павлодар облысы, Ақсу к.

Тілдің қалыптасуы – тарихтың ұзын-сонар уақытымен бірге жүретін процесс. Тіл өзіне тән қоғамдық-экономикалық формацияға сәйкес дамып, түзіледі. Халықтың саяси-әлеуметтік өмірі, экономикалық қарым-қатынасы, қоғамдағы өзгерістер тілде өзінің ізін қалдырып отырады.

Тіл тарихын зерттеу - әр кезеңде болсын өзекті мәселенің бірі. Соның ішінде қазақ тілі тарихын зерттеу де үздіксіз жүргізіліп келе жатқан жұмыс. «Тарихи грамматика», «Әдеби тіл тарихы» деген атпен шығып жататын зерттеу еңбектері - соның дәлелі. Тарихи грамматиканың зерттейтін объектісі – бүкіл тіл жүйесіндегі тарихи өзгерістер. Осы тарихи өзгерістерді ашуда тіл тарихы келіп адамзат тарихымен, оның дамуымен тоғысады, яғни тығыз байланысқа түседі. Бұған себеп, қоғамнан, адамзаттан тыс тіл жасалынбақ емес. Сондықтан қазақ тілінің тарихи грамматикасы қазақ халқының, әсіресе, түркі халықтарының туу, даму, өмір сүру кезеңдерімен байланыста қаралады. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ тілінің тарихи грамматикасын жасауда тек қазақ халқының мұраларын пайдалану, зерттеу тұжырым жасауға аздық етеді. Сондықтан түркі халықтарына ортақ көне мұралар мен орта ғасырлық мұраларға да көз жүгіртіп, тарихи зерттеулер жүргізіліп отырады.

Қазақ тілі тарихында түбір сөздердің даму ерекшелігі мәселесі үлкен орын алады. Түбірлердің даму жолын анықтау – тіл тарихы мен сөзжасам үшін аса маңызды. Тіліміздегі байырғы түбірлер халқымыздың тарихи дамуының куәгері болып саналады. Түрколог ғалымдар түбір сөздердің табиғатын көптен бері зерттеп келеді. Бұл жөнінде қазақ тіл білімінде К. Аханов, І.Кеңесбаев, А.Аманжолов, Ғ.Айдаров, М.Томанов, А.Ибатов, А.Қалыбаева, А.Ысқақов, Ә.Қайдар, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Жалпы түбір дегеніміз – сөздің әрі қарай жеке-жеке морфемаларға бөлшектеуге келмейтін ең түпкі, мағыналы бөлшегі [1, 176]. Қазақ тілін алғаш зерттеушілердің бірі Қ.Жұбанов өзінің «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегінде қазақ тілінде тірі түбірлермен қатар өлі түбірлердің де бар екендігін айтады.

Өлі түбір – жасалу жолдары беймәлім, мағынасы ұмытылған түбірлер. Өлі түбір тіл заңдылықтары негізінде пайда болып, ішкі

және сыртқы факторлардың әсерінен лексикалық мағынасын жоғалтқан, белгілі бір идеома, фраземалардың құрамында ғана сақталып қалған. Бұрын өлі түбір семантикалық мағыналары бар дербес сөздер болғанымен, қазір жеке-дара қолданылу қабілетін жоғалтқан, қосымшамен бірге қолданғанда ғана белгілі бір мағынаға ие болады [2, 130 б.].

Өлі түбірлер мәселесі жөнінде тіл тарихы тұрғысынан талдау жасап, зерттеп, тұщымды пікір айтқан профессор К.Аханов болды. Ол өзінің «Тіл білімінің негіздері» атты ғылыми зерттеу еңбегінде өлі түбірлерге көптеген мысалдар келтіре отырып, өз ойын осылай тұжырымдайды: «Көне /өлі/ түбірлер замандарда өздеріне тән мағыналары бар дербес сөздер /морфемалар/ болған. Бірақ ол түбірлер тілдің жалпы даму барысында тек кейбір қосымшалармен қосылғанда ғана белгілі бір мағынаны білдіретіндей болып, оларсыз жұмсалмайтын болып, өздерінің бастапқы жеке-дара қолданылу қабілеттерін жоғалтып, бірте-бірте бір бүтін түбірге айналып кеткен» [3, 350 б.]. Бұл пікір де біздің жоғарыда айтқан ойымызды толықтырып, нақтылай түседі. Бір қарағанда, осы өлі түбірлердің өз кезеңінде активті /белсенді/ қызмет атқарған зат немесе кимыл атауы болған деп тұжырымдауға болады. Содан заман өте келе, адамдардың ой-санасы жетілуі негізінде ол түбірлер көнеленіп, қолданыстан шыққан. Бірақ біржола жоғалып кетпей, одан адам баласына деген қажеттіліктен туған жаңа сөздер пайда болған. Ол сөздер қазіргі қолданыста мағынасы ашылып, түбір деген атауға ие болған.

Осы «өлі түбірлердің» табиғатын ашу тілдің дамуын дұрыс түсінуге көмектеседі., Қазақ тілінде, жалпы түркі тілдеріндегі түбір, түбірдің түрлері, жасалу жолдары т.б. жөнінде ғалымдарымыз әр қырынан зерттеп, түбір сөздердің дамуының өзіндік ерекшелігі жайында құнды пікірлер айтып, ғылыми еңбектер жазды. Соның ішінде Ә.Қайдаровтың: «Есімдер мен етістіктердің түбір тұлғасы о баста мағына жағынан ажыратылмаған, яғни кейбір түбірлер әрі етстік, әрі есім мағынасында қолданылған» [4, 38-39 б.], – деуі түбірді тағы бір қырынан ашып айқындауда өте орынды пікір болып табылады. Бұл айқындалмақ қыр - осы күні түбір деп қолданылып жүрген сөздердің тіл тарихы тұрғысынан келгенде бастапқы шыққан төркіні мен даму ерекшелігін көрсететін «түбірлердің синкретизмі». Осы тақырыпта зерттеу жүргізген ғалымдар Ә.Қайдаров, Е.З.Қажыбеков, М.Томанов болған. Түбірлердің синкретизмі дегеніміз – түбір сәйкестігі. Мысалы, «көш», «ой», «ық» сөздері

қазақ тілінде әрі есім, әрі етістік орнында жүреді. Бұл сөздердің не есім, не етістік екенін контексте ғана ажыратуға болады. Тіл тарихы тұрғысынан «көш, ой, ық» сөздері синкретикалық түбірге жатады. Синкретикалық түбірлер көне тілімізде көп болған әрі актив қызмет атқарған. Бірақ заман ағымы тілімізге өзгеріс енгізбей қоймады. Сол себептен де тіліміздегі көптеген синкретикалық түбірлер сөз тудырушы аффикстермен бірігіп, сіңісіп, жеке-дара қолданылмайтын «өлітүбір» күйге жеткен. Әрі олардың есім тұлғасында бірінші қалыптасты ма, әлде етістік тұлғасында бірінші қалыптасты ма? Бұл нақты белгісіз.

Ғалым Е.З.Кажибеков түбірлердің осы сырын «жұрнақсыз сөз жасау тәсілі немесе нөлдік тұлғадағы сөзжасам» [5, 66],- деп атаса, М.Томанов «қазіргі тіл құрамындағы көш – есім, көш – етістік, ақ – етістік, ақ – сұйық зат /ағарған/ тәрізді ыңғайлас сөздер немесе бір ғана түбірден тараған, бір-бірінен аффикстер арқылы ғана ажыратылатын, бірақ тарихи мәні жағынан бір категорияға жататын етістіктер мен есімдердің бір кезгі синкретизмнің рудименттік қалдығы [6, 104-114 б.],- деп көрсетеді.

Көптеген ғалымдар синкретикалық түбірлердің пайда болуын сол кезеңдегі сөздердің дараланып, белгілі сөз таптарына жіктелуінен деп түсінеді. Сондай-ақ түбір сәйкестігін сөзжасам тәсілінің көне түрі деп есептейді. Сондықтан синкретикалық түбірлерді сөз таптарының қалыптасу тарихымен бірлікте қарау тиіс. Алайда түркі тілдерінде сөздерді белгілі бір сөз таптарына жіктеу, саралау өте қиын да күрделі мәселе. Бұл жөнінде Н.А.Баскаков: «Каждая часть речи в тюркских языках может выступать в качестве любого члена предложения, и каждый член предложения может быть выражен любой частью речи» [7,43 б.], – деп көрсетеді. Баскаковтың бұл пікірі өте орынды, құнды пікір.

Түркі тілдерінде сөздер екі үлкен топқа бөлінетіні белгілі. Олар: есімдер мен етістіктер. Г.И. Рамстедт көне және қазіргі тілімізде үлкен орын алатын сөздердің бұл топтардан басқа да үшінші бір тобын атайды. «Тем не менее в тюркских и в алтайских языках обнаруживаются абсолютно идентичные глобальные и именные основы, в которых первичность одной из них по отношению к другой установить невозможно, вследствие чрезвычайной древности корней и их аффиксов» [8, 23 б.]. Бұл сөздер тобы синкретикалық сөздерге жатады және дәлме-дәл келеді.

Ғалымдар А.Н.Кононов, И.А.Батманов өз еңбектерінде түбірдің екі түрін көрсетеді. Оның бірі-синкретикалық түбірлер, екіншісі-

таза есім мен етістікті білдіретін түбірлер. Таза есім және етістікті білдіретін түбірлерді қазіргі тілдік заңдылықпен анықтайды. Ал синкретикалық түбірлерді өткен, көне түркілік жадығаттармен ұштастырады. Оған себеп синкретикалық түбірлерді сөз таптарының әлі қалыптаса қоймаған және сөздердің сөз таптарына жіктелмей, бірінің орнына бірі қолданылған кезеңінде пайда болған деп көрсетеді.

Синкретикалық түбірлердің пайда болуын тек сөз таптарымен байланыстыру жеткіліксіз. Сонымен қатар түбірлердің білдіретін мағынасымен бірлікте қарау керек. Яғни, бұл түбірлердің алғашқы бетте қандай мағына білдіргенін айқындауымыз қажет. Бұл қырынан келгенде біз зерттеуді көне түркілік кезеңнен әрі, алғашқы адамдардың қалыптасуымен байланыстыруымызға болады. Себебі, алғашқы адамдар көптеген сөздердің атауын білмеген, сондықтан олар бір сөзге бірнеше мағына сидырған. Кейін сананың, тілдің дамуына байланысты ол сөздер жоғалып кетпей, түрлі аффикстерді қабылдап, жаңа бір түрге еніп отырған. Сонда синкретикалық түбірлер - көнеліліктің белгісі, яғни сөздерді тудырып, орынды қолдана алмаған алғашқы ойдың көрінісі болып табылады. Мысалы: qol «рука» түбір сөзі көне тілімізде «сұрау», «қалау», «тарту», «құсыну, беру» және «алу» мағынасынан алшақ кетпеген. Осыдан келіп синкретикалық түбірлер арасындағы мағыналық байланыс шығады. Қазіргі тілімізде көш-етістік және сол қимылдан туатын процесс атауы да - көш. Сол сияқты ақ- қимыл етістік, сол қимылдан пайда болатын процесс атауы ақ-зат есім. Сөйтіп бір ғана фонетикалық сипатта сақталып екі түрлі грамматикалық мән алған мұндай сөздер семантикалық тұрғыдан бірі - қимылды, екіншісі - соның нәтижесінде қалыптасқан процесті білдіреді.

Ғалымдар синкретизм құбылысын үш түрге бөліп қарастырады:

Синкретикалық байырғы түбірлер, синкретикалық туынды түбірлер, синкретикалық қосымшалар.

Соның ішінде туынды түбірлердің синкретизмі оларға негіз болған байырғы түбірлердің ғана емес, қосымшалардың да синкретизмін дәлелдейді. Қазіргі қазақ тілімізде оларды омонимдес жұрнақтар деп атайды. Олар түбірлерге жалғану арқылы әрі есім, әрі етістік мағынасын береді. Осындай синкретикалық қосымшалар арқылы сөздердің жасалуын Е.З.Кажибеков «Грамматический синкретизм» деп атайды. Сондай-ақ қосымшалар жайында: «Эволюция аффиксов исходя из исследований вышеназванных авторов можно представить в виде трех последовательных этапов:

1/самостоятельные слова, 2/аффиксы общие для глаголов и имен, 3/ а/ глагольные, б/именные, в/глагольно-именные аффиксы. На оснований этого можно сделать вывод, что грамматический синкретизм, в частности грамматическая неопределенность аффиксов...» [5, 90б].

Қазіргі тіл құрамындағы күрделі түбірлерді талдау арқылы қосымшалардың бір кездегі синкретикалық жалғануының ізін байқауға болады. Көне түркі тілінде йақ -зат есім, йақ - жақындау етістік, екі түрлі түбір болған. Қазақ тіліндегі туынды етістік жақында - етістік түбірдің есім тұлғасынан жасалған. Ал Э.В. Севортянның көрсетуінше, гагауз тілінде йақын – етістік, яғни қазақ тіліндегі жақында сөзінің лексикалық, грамматикалық баламасы [9, б. 90]. Сонда -/ын синкретикалық қосымша болып шығады. Сондай қосымша қатарына қашық, кешік сөздеріндегі -/ық -/ік-ті жатқызу болады. Көне түркі тілінде кеч -кешік, кешігу мәнін беретін етістік. Сонда -қ- есімнен етістік, етістіктен есім жасаған синкретикалық қосымша.

Ғалым К.Аханов әрі есім, әрі етістік қызметінде жүретін мұндай түбір сөздерді қазіргі тіл тұрғысынан омонимдер деп, ал қосымшаларды омонимдес аффикстер деп атаған. Омонимдес аффикстер әрі есім, әрі етістік сөз табына қатысты болған [3,113-120 б.].

Тіл тарихы тұрғысынан синкретикалық қазіргі тіл тұрғысынан омонимдес жұрнақтарға мынадай қосымшалар жатады:

I. і/-ыс,-іс/. Есімдердің, әрі етістіктердің /ортақ етіс/ аффиксі. Бұл аффикстердің бір ғана түбір сөзге жалғануынан, туынды екі сөз - зат есім мен етістік жасалады Мысалы: айт-ыс I/зат есім/. «Театрда айтыс болып өтті», II/етістік/ «Сен Дәрменмен айтыс».

Осындай синкретикалық аффикстер арқылы жасалған синкретикалық негіздер синтаксистік қоршау арқылы, яғни сөйлемдегі мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай бір-бірінен ажыратылып, әрқайсысы әр басқа сөз табына телінеді және әр басқа лексикалық единицалар ретінде талданады. Кейбір ортақ етіс жұрнағының -с,-ыс,-іс/ жалғануынан жасалған етістікте ортақ етіс мағынасының болуы шарт емес. Мысалы, кіріс/ жұмысқа кіріс/ сөзінде -іс аффиксі ортақ етіс мағынасын білдірмей-ақ, зат есімнің -іс жұрнағымен омонимдес бола алады.

-с,-іс,-с синкретикалық қосымша арқылы жасалған сөздер: сөгіс, ұрыс, келіс, сойыс, айқас, шайқас, керіс, табыс, күрес, бұрыс,тігіс т.б.

II. -қ,-ық,-ік. қылық, жабық/жабығу/, ашық/ашығу/,былық, желік, қорық т.б. сөздер жатады.

III. -н,-ын, -ін. тебін/мал тебінде жайылып жүр/ есім сөз./аттын тебінуі /етістік, түйін, жалын,мақтан, қорған, жасырын т.б. жатады.

Бұлардан басқа -т /-ыт,-іт/, -р/-ыр,-ір/үйір/ синкретикалық аффикстерді керсетуге болады. Синкретикалық түбірлердің семантикалық байланысын негіздерден де көруімізге болады. Мысалы, ауыр дейтін етістіктен сол процестің нәтижесі болып саналатын ұғым атауы ауыру есімі келіп шығады. Мұндай синкретикалық есімдер мен етістіктердің себептілік байланысы сондай-ақ түбір етістік пен туынды есім арасында да байқалады, Мысалы қимыл мен оның нәтижесі ысы/етістік/ және ыстық, сен және сенім, бықсы және бықсық, нан және наным т.б.

Қорытындылай келгенде, түркі тілдерінің өте көне дәуірінде сөздер жеке лексикалық бірлік ретінде белгілі бір лексико-грамматикалық топтарға жіктелмеген. Олар бірнеше мағынаны білдіріп, әрі есім, әрі етістік мәнінде қолданылған және тек контекст құрамында синтаксистік бірлік есебінде бір-бірінен жіктеліп, түсінілген. Бұдан шығатын қорытынды, сөз таптарының қалыптасуы – кейінгі дәуірлердің жемісі.

Сонда синкретикалық түбірлер сөздердің әлі белгілі бір лексика-грамматикалық топтарға жіктелмей тұрған кезінде болған. Әрі оларлы алғаш білдірген мағынасымен тығыз байланыста / семантикасымен/ қараған жөн.Тілдің ежелгі дәуірінде бір-бірінен синтаксистік қоршау арқылы ғана ажыраған сөздер келе-келе жеке грамматикалық формаларға ие болып, лексика-синтаксистік жағынан да ажыраған. Олай болса, тарихи тұрғыдан сөздердің етістік және есім деп аталатын грамматикалық топтарға жіктелуі тілдің грамматикалық құрамының дамуымен, соның нәтижесінде аффиксация тәсілінің пайда болуымен байланысты.

Алайда аффиксация тәсілінің пайда болуынан түбірлердің синкретизмі жойылып кете қойған жоқ. Оны себебі аффикстердің екі түрлі қызмет атқаруымен байланысты қарастырған жөн. Мысалы: -с,-ыс,-іс аффикстері әрі есім, әрі етістік тудыратын синкретикалық қосымшаға жатады. Соның негізінде әрі есім, әрі етістік мағынасын беретін айтыс, жарыс, соғыс т.б синкретикалық негіздер туындаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қаз.ССРФА. Қазақ тілінің грамматикасы. А., 1967 – 17 б.
2. Қазақстан энциклопедиясы. А., 1989 – 130 б.

3. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. А., 1973 – 350 б.
4. Ә.Қайдаров, М.Оразов. Түркітануға кіріспе. А., 1992 – 38-39 б.
5. Е.З.Кажибеков. Глагольно-именная... в тюркских языках. А., 1986 – 5 б.
6. М.Томанов. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. А., 1988 – 110-114 б.
7. Н.А.Баскаков. Введение и изучение тюркских языков. М., 1962 – 43 б.
8. Г.И.Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957 – 172 б.
9. Э.В.Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1978 – 9 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАТЫПТАСТЫРУ

АМАНТАЕВА А. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қоскөл ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

С. И. Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» – деп анықталса, Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады»– деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі.

Мектепте мемлекеттік тілді оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу күзіндеткіштерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты тетігі – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі – Субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді.

Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік

күзиреттерінің қалыптасуы ұстанымына, аутентикалық тұрғыдан оқыту ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының қазақ тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту – қазіргі заман талабы, өмірлік зор маңызы бар өзекті іс болып отыр. Орыс тілінде білім беретін мектептегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың қазақ халқының көркем әдебиет туындыларымен, әдебиет теориясымен жүйелі түрде таныстырып, сол негізде оқушыларға жан-жақты тәрбие бере отырып, әдебиетіміздің үздік туындыларымен, көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Мектептегі басты тұлға - мұғалім десек, бала өмірінде мұғалім ерекше роль атқарады. Оқушылардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да сабырлы азамат боп жетілуі, тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты болмақ. Егер бала мұғалімді жақсы көрсе, онда ол оқуды да, мектепті де жақсы көреді. Мұны мұғалімнің беделі деп түсінуіміз керек. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмаған жөн.

Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Ұстаздардың келешектегі мақсаты – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жетіле дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастыру мәселесі Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытовтардың шығармаларының негізгі арқауы болған. Әсіресе ұлы ғұлама Абайдың еңбектерінде адам бойындағы негізгі қасиеттер: қайрат, ақыл, жүректің сапалық деңгейіне қарай және олардан өзара қатынасына байланысты қалыптасатын «Толық адамды», ол, түсіндіріп айтқанда білімді, адамгершілігі жоғары, парасатты жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеп жетілдіру мақсаты көзделеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Мұғалімнің міндеті оқушының өзі түсініп, ізденіп оқуына, пәнді терең білуге бағыттау білімнің қажеттілігін түйсік арқылы саналы қабылдау. «Мектептің тірегі де, тілеуі де оқыта білетін мұғалім» -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес, себебі қазіргі білім саласындағы талаптарды орындауға қазақстанда әлі де жағдай жасалмаған.

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, мазмұнды, көркемдік деңгейі жоғары әдебиеттердің қатарындағы қазақ әдебиеті пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы.

Әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Адамға тәрбие беруші әуелі, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта екені баршамызға белгілі. Өнер, ғылым бар жұртта өскелең ұрпақ тәрбиені ата-анадан да, мектептен де, араласатын ортасынан да, өздері оқып жүрген қазақ әдебиетіндегі түрлі аңыз-ертегілерден де аларына ешкім шүбә келтірмейді. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол адамды тәрбиелейді. Адамның өмірге көзқарасын танытады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын,

Отан, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық, секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады. Олар өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді болып өседі. Дөркілікке, бойкүйездікке, жамандыққа аяқ баспайды.

Әдебиет арқылы оқушы бойында өмір туралы дұрыс талғам, түсінік қалыптастырамыз. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындылар арқылы қалаған мамандықты игеріп, өмірден өз орнын табуларына, қалаулы азамат болып өсулеріне тигізетін әсері көп. Ұрпақ бойында ұлттық ұғымдарды сіңіру үшін, біз оқушыға өткен тарихымызды танытуымыз керек.

Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, канспекттері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады.

Тіл мәселесі, әсіресе, небір бұлыңғыр күндерді, тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткерген қазақ тілінің мәселесі қашан да өткір әрі өзекті болмақ. Қазақ тілі мен әдебиетінің мектепте оқытылу жайы әркімде де толғандыруы тиіс.

Қазақ тілін оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе. Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып

отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады.

Озық ойлы адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер дамулар мектептің оқыту процесіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда. Жаңа технологияның басты мақсатының бірі – баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінде шешім қабылдауға дағдыландыру. Яғни, ғылыми негізде білім беру үшін жаңа технологияларды меңгере отырып, оны сабаққа енгізу педагогтар алдындағы өзекті мәселе екені анық.

Кез келген білім ордасының мақсаты мен мұраты алдыңғы қатардағы өркениетті елдердің қатарынан көрінетін, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін сауатты, салауатты ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін үйретуі керек.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ әдебиеті - тұлғаның рухани дамуының бастауы» - Алматы-2005 ж. 96.,148 б.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991.,- 120 б.
3. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.,-66 б.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АМИРЖАНОВА Т. С.

магистрант, «Филология және журналистика» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Е. Қ.

ғылыми жетекші, қауымд. профессор, «Филология және журналистика»
кафедрасы, «Торайғыров университеті, Павлодар қ.

XX ғасырдың басындағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылық мұрасы әдебиет пен ұлттық руханияттың дамуындағы алтын ғасыр болып табылады. Осы кезеңдегі қазақ әдебиетін біртұтас көркем әлем ретінде қарастыра отырып, Шәкәрім шығармашылығының орны орасан зор екенін байқаймыз. Бұл, әрине, әдебиеттің рөлі мен ақынның қоғамдағы мүддесі туралы жаңа түсінікке байланысты.

1918 жылы «Абай» журналының бесінші санында (авторлары – М.Әуезов пен Ж. Аймауытов) жарияланған «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында жазушылар қатарының көбеюі және жалпы әдебиеттің даму себептері нақты көрсетілген. Сонымен, авторлардың пікірінше, бұл даму ұлттық сананың оянуымен байланысты. Ал осы оянудың өзі негізі үш фактордан көрінді: Абайдың шығармашылығы, «Қазақ» газетінің шығуы және ғылым мен білімге бет бұрған халықтың рухани дамуы» [1].

Бұдан әрі біз қазақ поэтикалық өнерінің, қазақ әдебиетінің тақырып, мазмұн, түр жағынан байып, мән-мағынасының тереңдей түсуіне идеялық бағыт-бағдар нұсқап, жол ашқанын атап көрсетеді. «М.Жұмабаев, М. Дулатов, С. Торайғыров және А. Мәметов сияқты ақындар тобы сезім әлеміне құмар, «сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер» жазатын сыршыл ақындар. Екінші топ А. Байтұрсынов, С. Дөнентаев, Шәкәрім, Б. Өтетілеуов – «халықшыл (народник) ақындар», олар қарапайым... халқына түсінікті» [1].

Шәкәрім өз шығармашылығымен дәстүр мен жаңашылдық мәселесін шебер көрсете білді. Қазақ әдебиеті өзінің қалыптасуы мен дамуында фольклорға, ақындардың шығармашылығына, сондай-ақ шығыстық және батыстық көркемдік тәжірибеге сүйенгені белгілі. Бұл жол Шәкәрімнің поэзиясын да байытты.

Шәкәрімді өз дәуірінің шежірешісі деп атауға болады, ал оның шығармашылығы – халық өмірінің энциклопедиясы, өйткені оның реалистік қаламы қазақ халқының тағдыры дәйектелген ғасырлық кезеңді шынайы бейнелеген. Оның шығармашылығының басты

ұраны – халқының жан-жақты дамуы. Оның ғылым мен поэтикалық өнер саласындағы қызметі халықтың өмірі мен рухани болмысын бейнеледі; халық жасаған рухани құндылықтар оны Абай қайтыс болғаннан кейін ең озық мәдениет қайраткерінің деңгейіне көтерді. Белгілі қазақ жазушысы С. Мұқанов Абай шығармашылығының болмысындағы халық әдебиетінің сипатын зерттей отырып, былай деп жазды: «...қазақтың халық әдебиетінсіз, Бұхар жыраусыз, Махамбетсіз, Шортанбайсыз Абай да болмас еді. Қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы – Абай емес, Абайды туғызған халық», - деді [2, 69 б.]. Шәкәрім туралы да солай айта аламыз.

Шәкәрім Абайдың талантты шәкірттерінің бірі бола отырып, ұлы ақынның көркемдік ұстанымының негізгі қағидаларын бұқара халық пен оқырман қауымға толық жеткізе білді. 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналында жарық көрген «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында Мұхтар Әуезов ақын шәкірттерінің нақты есімдерін нақты атап өтті: «Мұндай шәкірттер – төртеу. Олардың екеуі – Ақылбай мен Мағауия – ақынның ұлдары. Екеуі де 1904 жылы әкесі қайтыс болған жылы қайтыс болды. Қалған екі ақын – Көкбай мен Шәкәрім. Осылар Абай поэзиясының тереңіне барынша жақындады» [3].

Шәкәрімнің дүниетанымы қайшылықты және күрделі болды, ол гуманизм мен ағартушылықты, жоғары идеалдардың діндарлығы мен романтикасын, аскетизм мен діни моральді, жоғары адамгершілік пен философиялық дүниетанымды біріктірді. Адамның құмарлықтарының құндылықтары туралы ойлары терең және болмысқа сыни тұрғыдан, күдікпен қарау, мүмкіндігіне, шындығына күмәндануға, яғни скептицизмге толы:

Шаранамен туып едің,
Бөз оранып өтесің.
Бір сағымды қуып едің,
Қай уақытта жетесің?
Қанша дәулет жиып едің,
Бәрі қалды, нетесің?
Мал үшін жан қиып едің,
Қайтіп алып кетесің? [4, 298–299 бб.].

Шәкәрімнің поэтикалық шығармашылығында болмыс пен қоршаған шындықты романтикалық және реалистік тұрғыдан қайта қарау үлгілерін көптеп келтіруге болады.

Ақын – адамның нәзік жанының білгірі. Әдеттегідей, қаламгер ерекше нәрсені қалай байқауды біледі. Оның ұнататын

және ұнатпайтын жақтары бар. Ол адам бойындағы адалдықты, шыншылдықты мадақтайды. Ал қулар мен айлакерлерді жек көреді. Ақын өз шығармаларында ғалам туралы да, адамның жер бетіне келгендегі орны мен мақсаты туралы да ой толғайды. Ол жақсылық пен жамандықтың мәңгілік қақтығысы, шындық пен өтірік, ақыл мен жүрек туралы жазды:

Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ,
Денеде қандай орын, жайда болмақ?
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?
Тән – сезіп, құлақ – естіп, көзбен көрмек,
Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек.
Ой сонда неше толғау шимай салмақ,
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.
Дәл солай қалайын деп, ұнағанда
Ғаділетті жүрегің бір қозғалмақ.
Бар билік сол жүректен шығарылмақ,
Денеге ол шымырлап әсер қылмақ.
Ойыңды дұрыс деме, теріс деме,
Сол арасын анықтап байқа бірақ [4, 305 б.].

Ар - ұждан үшін қызмет етсең және адалдықты таңдасаң ешқашан адаспайсың дегенді айтқысы келеді. Яғни, Шәкәрім адам үшін ең басты ғылым – ар-ұждан ғылымы екеніне сенімді болды.

Сусағанның сусыны бол су сықылды сұп-сұйық
Бірақ ондай болма салқын ел көңілін қалдырып.
От сықылды жылы болсын сөзіңіз бен жүзіңіз.
Бірақ ондай махаббатсыз болма өртеп жандырып.
Жел сықылды желпі жұрттың шаршағанын талғанын
Жықпа үйін, болма құйын, қылма жаман аманын
Жер сықылды пайдалы бол, пайдаласын ел сенен

Тасты жердей болма қатты, тілме жұрттың табанын, - деп насихат айтады. [4, 305 б.].

Білімге деген құштарлықтан туындаған Шәкәрім Құдайбердіұлының қажырлы ізденістен кейін туындаған шығармалары, терең мағыналы ойлары адал еңбек, ар-ождан ақыл, шынайылық, адал жүрек жақсы өмірдің негізі болуы керек деген түсінікке әкеледі. Шәкәрімнің пікірінше, адам өмірінің мәні мен адамгершілікті ту етуі ұждан арқылы жүзеге асады дейді. Ұждан – ол адамның қарапайымдылығы, әділдігі, олардың бірлігіндегі мейірімділік.

Шәкәрім жаңалыққа бой ұру, жаңаша өмір сүру және қызмет ету керектігін түсінді. Оның гуманизмі өзінің шығармашылығына бастау алып, өзіне жақын болған фольклор мен Шығыс әдебиетіне негізделген. Ақынның ұлы Ахат Құдайбердиевтің естеліктеріне сүйенсек, Шәкәрімнің анасы Төлебике араб жазуының негіздерін жақсы білген және Шәкәрімге де үйреткен. Шәкәрім жас кезінен бастап «1001 түн» ертегілерінің барлығын, араб және парсы ақындарының көптеген өлеңдерін жатқа білген, «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» қазақ халық эпостарын жатқа айта алатын, ежелгі ақындар – Бұхар-жырау, Асан Қайғы, Марабай және басқалардың сөздерін келтірген.

Шәкәрім өзінің әлемдік мәдениеттің қазынасымен таныстығы туралы өлеңдерінің бірінде жазып кетеді:

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жаркырап қараңғыдан туып күнім.
Оятқан мені ерте – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры.
Талпынып орыс тілін үйренумен
Надандықтың тазарып, кетті кірі.
Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,
Алдампаз, арам сопы көпір қойдың.
Жанымен сүйді әділет ардың жолын,
Сондықтан ол иесі терең ойдың.
Толстой көпір емес, көпір өзін,
Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзін.
Көңілің соқыр, надансың, бейілің қара,
Нұр, жарығын қалайша көрсін көзің.
Көнбеймін дінді теріс бұрғанына,
Сопының бара қойман құрбанына [4, 300 б.]

Ол ұлт бірлігінің жыршысы, жеке адамның қадір-қасиетін ұлтынан емес, рухани қазынаға қосқан үлесінен көрді. Оған Омар Хайям мен Пушкин, Гете мен Низами, Лермонтов пен Толстой, әлемдік классиканың басқа да озаттары оған рухани жақын болды.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті жаңа есімдермен толықтырыла бастаған кезде, Шәкәрім әлемнің түрлі ірі қалаларының кітапханаларына білім іздеп барған ғалым ретінде танымал болған, ол өз заманының түрлі мәселелерін камтитын көп қырлы шығармалардың авторы ретінде танымал болған: «Түрік,

қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» (Орынбор, 1911), «Қазақ айнасы» (Семей, 1912), «Қалқаман-Мамыр» (Семей, 1912), «Еңлік-Кебек» (Семей, 1912) және т. б.

Айта кету керек, әр түрлі жанрларда жазылған Шәкәрім шығармаларынан оның көркемдік бейнелілігі мен эстетикалық талғамын кенінен байқай аламыз. Ақынның шығармалары оның өте білімдар, талғамы аса жоғары тұлға екенін көрсетеді. Шәкәрім көтерген философиялық мәселелер ауқымды және көп қырлы, дүниетанымдық сипатта.

Біріншіден, ақын өленді өнер ретінде қарастырып, оны ойлау құралына айналдырды. Сондықтан поэтикалық жолдарда философиялық таным мен поэтикалық өнер тұтастықта көрініс тапты, нәтижесінде қазақ поэзиясында ұлттың рухани әлемін жаңа деңгейге көтерген жаңа мазмұн, жаңа түр мен мазмұн туралы жаңа поэтикалық өрнектер пайда болды.

Екіншіден, лирикалық кейіпкерлердің орындауындағы Шәкәрімнің қолтаңбасы кішігірім лирикалық өлендер мен көлемді шығармаларда сабақтастықты табады, ой мен сөздің мағынасы мен әсерін күшейтеді. Бейнелеу ғана емес, сонымен бірге оның терең мазмұнмен ерекше тоқуы біздің руханиятымызда жаңа көркемдік әлемді қалыптастырды.

Үшіншіден, ақын поэзиясындағы адам проблемасы әртүрлі көріністе келеді, ерекше талап пен тілекпен бейнеленгенін дәлелдеу үшін, ең алдымен, адам жанының сапалы жақтарының дамуы, адам табиғи жаратылыстың күрделі нәтижесі ғана емес, сонымен бірге құбылыс екенін атап өтті. Рухани жан әлемі ерекше сапаға ие болды. Бұл мәселені шешуде ақын ерекше сөз қолданыстарын тудырды. Адам мен табиғаттың дәстүрлі бірлігін психологиялық сипаттаудың жаңа мысалын ұсынған сөз шебері болмыстың шынайы бейнесінен асып, адам мен мистика арасындағы нәзік қатынастардың сипатын білдірудің жаңа әдісін қалыптастырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М., Аймауытов Ж. Абайдан соңғы ақындар // Абай, 1993. №5. Б. 45-52.

2 Мұқанов С. Жарық жұлдыз. - Алматы: Санат, 1995. - 272 б.

3 М. Әуезов. Абай ақындығының айналасы (abaialemi.kz)// post/view?id=681&ysclid=ltk2rztutq1536617495

4 Құдайбердиев, Ш. Шығармалары [Мәтін]: өлендер, дастандар, кара сөздер / Ш. Құдайбердиев, 1988. - 560 б.

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫН АРТТЫРУ

АСЫЛБЕКОВА С. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ҚоскөлЖОББМ,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп шартты түрде үшке бөлуге болады. Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп халық мойындаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің әр түрлі сөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп шешендік сөз «тілге жеңіл, жүрекке жеңіл» тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Шешендік сөздер үш түрлі болады: кенесу, билік және салтанатты сөз. Ал құрылысы жағынан кіріспе, баяндау және қорытынды болып бөлімнен тұрады.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ бекер айтпаған. Қоғам тарихына көзсалсақ, қай халықтың болмасын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасылары, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз.

Қоғам қашанда дарынды қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі және танымын дамыту керек. Сондықтан біз, мұның негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатыр деп қарастырдық. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті осы тың жатқан дүниені, даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді жас ұрпақтың бойына қалыптастырып, сол арқылы рухани байлығын арттыру.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де тандай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері- атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше

ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды керекті, келенді жерінде жанартып кәдеге жаратады.

Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Халық заманы озған сайын әлгіндей сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан-саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен-билердің) атынан айтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді.

Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты (қозғаушы күші). Аталмыш өнер атауының өзі осы қалыптан шығып отыр. Бұл тұрғыдағы ойларымыз алдағы тарауларда кеңірек баяндайтын боламыз.

Ұлттық өнеріміздің тарихында Майқы би Мәнұлынан (Айса пайғамбардың тұстасы) бастап, Майқы би Төбейұлы, Аяз би Жаманұлы, Мөңке би, Едіге би, Бәйдібек би, Әз Жәнібек, Жиренше шешен, Шоған би, Әсет би, Қадір-Тайжан, Тоқсан, Жанкісі, Антайлақ, Бөлтірік, Сары, Сырлыбек, Бала би, Ноғайбай, Саққұлақ, Бапан, Шон, Шорман, Байдалы, Қараменде, Зіл-қара, Алшынбай, Асаубай секілді, сондай –ақ, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билердің жарқын бейнелерін әлі де қазақ даласындағы айтулы шешен-билер есімімен толықтыра, молықтыра айтуға болады [1.28 б.].

Қазақта шешен, би деген ұғымдар дербес тұрып та, қосарланып та айтыла береді. Белгілі бір шешендерін өкіл деп танысақ, мәселен, Жиренше шешен, Зілқара шешен, Әлібек шешен, Сүйінбай шешен, Бөлтірік шешен, Шөңкі шешен, Мүсіреп шешен, Тұяқ шешен, ал енді бір сыңарын би деп түстеу, мәселен, Майқы би, Аяз би, Мөңке би, Әйтеке би, Бала би т.б. деп атау қалыптасқан. Би атауы-әлгіндей емес, белгілі бір мақсатқа, мемлекеттік мүддеге қызмет ететін, жалпы шешендіктен салыстырмалы түрде тар арнаға ыңғайланған шешендердің тобын көрсететін атау. Бұдан билердің рөлі тек қоғамдық мәселелерді шешу үстінде ғана айрықша да, одан былайғы тұста шешендік сипаты жойылады деген ой туындамауы керек. Би дегеніміз - ел-жұрттың әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін, өткен-кеткен көне шежіресін, тарихын, қоғамдық даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың, жан-жануарлардың сан алуан қасиеттерін, құпияларын жетік білетін, бүгінгіге баға беретін, болашаққа болжам жасап,

адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай – ақ доп басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар біртума жандар.

Сонымен шешен деген тұста бұл ұғым біздің жадымызда көне Грек пен Римнің сот залдарында алқалы жиындарда тоқтаусыз ағыл-тегіл сөйлеп, аудиторияны сөзіне ұйытып, айтар ойына мүлгітіп тұрған оратор түсінігінде ассоциацияланады да, би ұғымы заңдық, билік күші бар судья болмысы арқылы көрінеді. Осы екі ұғымды, екі болмысты, табиғатты жақындастыратын, жанастыратын қалып-шешендік, шешендік сөйлеу процесі. Шешендік өнер ілімі (риторика) ерте қалыптасқан антикалық Грек пен Рим теоретиктері, іргелес орыс теоретиктері шешендік өнерді сөйлеу процесі тұрғысынан мейлінше жан- жақты талдады, ілгері еңбектер жазды. Риторика ілімнің көне және орта дәуірінде Протогор, Демосфен, Цицерон, Аристотель, Квинтилиан, Марк Антоний, Луций Крам қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілдері Кампонелла, Томас Мор, Петрарка, Данте, Рабле, Шекспир, орыс шешендік өнерінің теориясында Макарич, Усачев, Ломоносов, Рижский, Мерзляков, Галоч, Коменский, Сперанский есімдері тарих бетінде жарқырап қалды.

Қазақ шешендік өнерінің зерттелу тарихы өткен ғасырдың бірінші ширегінен бастау алады. Мәселен, 1883 жылғы «Дала уәлаяты» газетінің 24 санында Әлихан Бөкейханов ескі билердің шешендік сөздеріне аса ілтипат көрсетіп, оларды жинау, саралау, насихаттау идеясын көтерген.

Ал шешендік сөздерге ғылыми түрлендірулер жасау үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарынан басталған. Шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде қарастырған бұл тұстағы зерттеулер А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сейфуллин есімдерімен тығыз байланысты. Алдыңғы тарауларда аталмыш ғалымдардың еңбектеріне көп орайда жүгініп отыратындықтан, бұл ретте зерттеулерге арнайы тоқталмаймыз. Бұдан кейінгі кезеңдегі шешендік өнер тарихының зерттелуі Ә. Маметова, Б. Адамбаев еңбектерімен толықты. Сондай-ақ фольклортанушы ғалым С. Садырбаев шешендік сөздерді ішкі үлгілерге жіктеуде өзіндік ой-өрнегін көрсете білді.

Шешендік сөздердің әр жылдарындағы жиналып басылуына ат салысып, алғы сөздер жазып, өзіндік ой-өрнектер, ғылыми тұжырымдар қалдырып жүрген ғалымдар қатарына Т. Дәдебаев, С. Қорабай, Н. Төрқұлов, М. Қазбеков сынды бұл істің үлкен

жанашырларын атаған лазым, жалпы шешендік өнер аясында туындаған сөздерді шешендік сөздер деп атап, оны әдебиеттің дербес, жеке жанры ретінде ғылыми тұрғыдан бажайлау үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы

А.Байтұрсынов, М. Әуезов және С. Сейфуллин сияқты ғалымдар еңбектерімен тығыз байланысты.

Аталмыш ғалымдар алғаш рет шешендік сөздерді ғылыми зерттеудің көзі (объектісі) ретінде арнайы қарастырды. Мәселен, А. Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиеттанытқыш» атты еңбегінің «Шешен сөз» деген тарауында шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді: а) саясат шешен сөз; ә) билік шешен сөз; б) қошамет шешен сөз; в) ділмор шешен сөз; г) уағыз.

Бұл тұстағы шешендік сөздердің функционалдық сипатын жазған, Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі ой сарабын тереңдеткен, дамытқан ғалым Халел Досмұхамедов.

«Қазақ халық әдебиеті» атты зерттеуінде Х. Досмұхамедов халық әдебиетін қырық алты түрге жіктей отырып, соның бір үлгісіне, жанрлық түрге «Билік сөз» деп шешендік сөздерді жатқызады. «Әртүрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары, әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі билік сөз (замечательные приговоры судей биев) деп аталады» – деп атап көрсетеді.

Кең көлемде жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиетінің тарихын жасауға батыл қадам жасаған еңбек М. Әуезовтың «Әдебиет тарихы» десек, автор аталмыш еңбекте қазақтың шешендік сөздерін әдебиет тарихынан орын тептіріп, «Билер айтысы» деген терминдік атау беріп, өзіндік ілімнің әлі де болса теориялық шымырлануы қажеттігін былайша аңғартады: «Билер айтысының қазір де барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана және ылғи ішкі мағынасына қарап жасалған жіктер болады».

Бұдан кейінгі кезеңде жалпы шешендік өнер аясында пайда болған шешендік сөздердің құлақ кесті үлгісі ретінде қандай жәдігерлер қарастырылуы, аталуы тиіс деген көкейдегі ойдың пердесін сыпырған, бұл төңіректегі теориялық ой-толғақтың нені шиырлауы керектігін Әуезовтен кейін тағы да атап көрсетіп, әдебиет тарихының тұтас бір дәуіріне арнаған еңбек С. Сейфуллиннің

еңбектегі ой-зердесі М. Әуезовтің ой-пікірлерімен астасып, шешендік сөздердің негізі ретінде дау-дамайда, талас-тартыста туған билер сөзі алынуы керектігін зерделеген ой-әлемі жанрға «билер сөздері» деген термин – атау ұсынғандығынан аңғарылады.

Сондай-ақ С. Сейфуллиннің ғалым ретіндегі ой-тұжырымдарының құндылығының тағы бір қыры мынада: автордың қазақ билерінің болмысының халық өмірінің сан-алуан қырларымен байланыстылығын, билердің көп қырлы функциясын айта алғандылығында.

Әдебиетші ғалым С. Негимов бұл турасында «..бұған қоса ол әрі батыр, әрі әнші-ақын, жыршы, сыншы, сәуегей, шежіреші, ғұлама, бір сөзбен айтқанда, әмбебап дарын екендігін ескертеді», – деп пайымдайды [2.65 б.].

Қазірде жаңаша ойлау диалектикасы тұрғысынан әдеби мұрағаттарымызды қайыра екішеп жатқан тұста билер функциясының аясын барынша кең арнада қарастырып жүрген еңбектердегі теориялық ой-пікірдің жоғарыдағы С. Сейфуллин еңбегінен бастау алатынын көреміз. Мысалы зерттеуші Мұқадес Есламғалиұлы би – көсем, би – шешен, би – ақын, би – заңгер, би – емші, мәмлегер, би – батыр, би – саясаткер, қоғам қайраткері, би – ойшыл-ғалым, би – психолог, әртіс, би – тәрбиеші деп қазақ билерінің халық өміріндегі, қоғам алдындағы он түрлі қызметін түстегенде, жоғарыдағы

С. Сейфуллиннің пікіріне сүйенгендігін байқаймыз. Осылайша шешендік өнердің аясын айқындап, халықтық негіздері мен ұлттық сипатын бағдарлап, көркем сөз ретіндегі теориялық табиғатын тексере бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-ағым отызыншы жылдардан кейінгі уақытта әдебиеттану ғылымындағы бел алып кеткен «тұрпайы социологизмнің» салқынына ұшырады. Сейфуллин зерттеулерінде табы сезіле бастаған бұл оңсыз теорияның ықпалы 1945 жылы қорғалған. Ә. Маметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны» атты диссертациясына кері әсер етіп, кейін 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» атты кітапта жал-құйрығы күзеліп, кейбір концепциялары алынып тасталды.

Ұлттық шешендік өнер, шешендік сөздер теориясының дамуының келесі бір кезеңі тікелей әдебиетші ғалым Балтабай Адамбаев еңбектерімен айқындалады. Балтабай Адамбаев М. Әуезов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов ұсынған «билер сөзі» терминін «шешендік сөздер» терминімен алмастырып, тақырып аясын айқындап, жанрдың ішкі үлгілерін мазмұнына қарай үшке, құрылысына қарай екіге бөледі.

«Шешендік сөздердің әлеуметтік және әдеби эстетикалық мәнін, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін ашып анықтау үшін сөз нұсқауларын талдаймыз және мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш салаға топтап зерттейміз», – дейді [1].

Қазақ халқында белгілі бір мәселені талқылау кезінде шешен адамдардың тапқыр ойымен, шебер тілімен ауызша айтқан мазмұнды, көркем пікірін шешендік сөз дейміз.

Ақындық, шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай еркін сөйлеуге бостандық, сөз бостандығы. Бұл жөнінде де қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға шек қоймаған. Тілімізде «би», «шешен» деген сөздердің бір мағынаға бірігіп, кірігіп кеткені белгілі, би болу үшін бір ғана сөзге шеберлік жеткіліксіз. Бұл ең алдымен елдің шежіресін, тарихын ұлылы-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе даудамай, соғыс біткен мәселелеріне реттеу тәртібін екінші сөзбен айтқанда, әдет-ғұрып заңын жетік білуге тиіс. «Ойлансақ мың бір пәле тілден туған, шешендер топ ішінде белді буған», - деп Шал ақын бекер айтпаса керек. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей көп ішінен дарынды шешендер шыққан. Шешендердің басым көпшілігі билеуші тап өкілдері болған. Көбінесе шешендер жер дауы немесе жесір дауы немесе ердің құнымен байланысты айтылған билік төрелік сөздер. Шешендік сөздер, өнер көп жағдайда әншілік, күйшілік тіпті ақындық сияқты өнер танымай кейбір тыңдаушы адамдардың «жақсылар» мен жайсаңдардың жеке бастарының қасиеттері ретінде де бағаланған. Ақындар сияқты шешендер арнайы өнер жарысына түспеген, түсуге арналған, олардың шешендігі белгілі бір дауларды шешу үстінде көрінген, шешендік – тапқырлық сөздері белгілі бір мақсатпен байланысты туыған. Олардың дауласқан, айтысқан мәжілістеріне екінің бірі араласа алмаған. Алайда үстем тап өкілдері ру басы – билер шешендік өнерді өзінің шын иесі халықтан бөліп – жарып әкете алмаған. Нағыз кедей мен жарлы жалшыдан небір күміс көмей, жез таңдай халық шешендері шығып, әдеби тілімізді, тілдік қорымызды байытуға қалыптастыруға қазақтың алғашқы авторлары өлең-жырлары, аңыз-әңгімелері, шешендік сөздері өз Жәнібек хандығының төңірегінде дамыған. Қазақтың шешендік өнері үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында, ханның ордасы Түркістан қаласында жанданған, ердің ұнына екі ауыз сөзбен бітірген даңқты дала Демосфендері ме Цицерондары, Төле

би, Қаз дауысты Қазыбек би және қара жігіт Әйтеке шешендердің атақ-даңқтары да осы кезде шыққан [3, 44 б.].

Халық «Әйтеке бауыздап, Қазыбек іреп, Төле мүшелеп берер»-деп Әйтеке айтса «қандай қикар даукесін де қалай құлақ аспасқа», Қазыбек айтқанда төресі осы тығыла кетпеске лажы жоқ еді деп кесіп айтқан. Сондай –ақ халық тағы да «Әйтеке жорып жеткізіп айтады» деп үш биге байланысты бағасын беріп қойған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбаев Б. Шешендік өнер Алматы 1984ж., – 188 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы III-том. Алматы «Ғылым», – 220 б.
3. Шешендік сөздер жинағы Алматы 2000ж., – 168 б.

АЗЕРБАЙДЖАНО-КАЗАХСКАЯ ФОЛЬКЛОРНАЯ КУЛЬТУРА

АХМЕДОВА Т. Ф.

студент, Торайгыров университет, г. Павлодар

ТАШЕКОВА А. Т.

ст. преподаватель, магистр пед.наук,
Торайгыров университет, г. Павлодар

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

к.ф.н., профессор, Торайгыров университет, г. Павлодар

Азербайджано-казахские исторические, этногенетические, фольклорные, эпические, культурные, литературно-национальные связи имеют давнюю историю. Эти связи фактически берут свое начало с Орхон-Енисейских надписей, общетюркских письменных памятников, где достаточно называть имя великого шейха Ахмеда Яссауи, жившего на территории Туркестана. Он был настолько известным суфием, что о нем говорили следующее: «В Медине – Мухаммед, в Туркестане – Ходжа Ахмед». Все эти памятники в одинаковой мере являются исконным наследием всех тюркских, в том числе азербайджанского и казахского народов. Мифологический образец у казахов Коркыт Ата, исторический эпос азербайджанцев «Китаби-Деде Коркуд» также указывают на общность исторических корней этих памятников у азербайджанского и казахского народов. Мифический Коркыт Ата в казахской литературе превратился в образ мудрого старца Коркуд Ата – письменного памятника у азербайджанцев. Эти связи имеют тысячелетнюю историю.

Казахская фольклористика – раздел фольклористики, исследующий устно-поэтические традиции казахского народа. Сбор казахского фольклора впервые стал производиться в XVIII веке в рамках этнографических экспедиций Российской империи. Работу по сбору и публикации материала проводили видные русские этнографы: П. И. Рычков, П. С. Паллас, И. Г. Георги, И. Г. Андреев и др.

Вторая половина XIX - начало XX веков является важным этапом в истории казахской фольклористики. В этот период казахский фольклор по существу впервые начинает собираться и изучаться широко, систематически, на научной основе.

Как отдельное научное направление казахская фольклористика начала формироваться в конце XVIII – начале XIX века. В её становлении ключевую роль сыграли как казахские просветители (Ч. Валиханов, И. Алтынсарин, А. Кунанбаев, М.-С. Бабаджанов и др.), так и русские учёные (В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А. Е. Алекторов, В. В. Григорьев, А. В. Васильев, И. Н. Березин, Н. И. Ильминский, П. М. Мелиоранский, А.Н. Харузин и др.). Были выработаны оригинальные методики записи фольклорных образцов эпического, лирического и дидактического жанров. Благодаря проделанной работе удалось впервые опубликовать эпосы «Алпамыш» и «Кобланды-батыр», а также различные сказки, песни и другие фольклорные произведения. Ценными источниками считаются исследовательские труды, написанные М. Копеевым и А. Диваевым.

В 1920-е годы, после установления в Казахстане советской власти, инициаторами научных работ по сбору, публикации, исследованию и изданию образцов творчества, сборников и хрестоматий стали А. Байтурсинов, Х. Досмухамедов, М. Ауэзов, Н. Тюрякулов, И. Джансугуров, Б. Майлин, С. Сейфуллин. А. Байтурсинов («Литературоведение», 1926), М. Ауэзов («История литературы», 1927), Х. Досмухамедов («История казахской литературы» (на русском языке), 1928) и Н. Тюрякулов разработали несколько систем классификации казахской народной поэзии. В предвоенные и военные годы выходит в свет ряд изданий: «Казахские пословицы и поговорки» (1935), «Загадки» (1940), «Казахские сказки» (1939), «Героический эпос» (1939), «Айтыс» (1942), «Кобыланды-батыр» (1937) и т. д.

Ключевыми фигурами казахской фольклористики послевоенного периода стали С. Муканов, Б. Кенжебаев, Е. Исмаилов, М. Каратаев, М. Габдуллин, Б. Адамбаев, Г. Мусрепов

и др. В 1950–1960-е годы были изданы научные издания образцов эпоса («Камбар-батыр», «Кыз-Жибек», «Алпамыш») и других жанров («200 казахских песен»), научно-популярные работы («Казахские пословицы и поговорки», 1950; «Песни о батырах», 1961–1964; «Казахские сказки», 1957–1964; «Айтыс», 1965–1966) и другие издания. В 1960-е годы выходит «Памятка собирателям фольклора», составленная Н. Смирновой и О. Нурмагамбетовой.

В более поздний период появляются новые исследования: «О казахском эпосе «Козы Корпеш- Баян сулу» (А. Коныратбаев), «Ақыны» (Е. Исмаилов), «Устная литература казахского народа» (М. Габдуллин) и др. Казахским научно-исследовательским институтом литературы и искусства им. М. Ауэзова выпускаются коллективные сборники: «Казахская фольклористика» (1972), «Проблемы казахских исторических эпосов» (1973), «Типология казахского фольклора» (1981), «История казахской фольклористики» (1988), «Истина фольклора» (1990) и др.

В независимом Казахстане ведущими фольклористами стали Б. Уахатов, Р. Бердибаев, О. Нурмагамбетова, С. Каскабасов, Е. Турсинов, А. Сейдимбеков, Ш. Ибраев, Б. Абилкасымов и др. После обретения независимости появилась возможность ознакомления с научными трудами и фольклором казахов, проживающих за рубежом. Институт литературы и искусства им. М. Ауэзова выпустили к изданию 100-томного собрания казахского фольклора, а в 2005 году выпустил первый том «Казахский фольклор» 10-томной «Истории казахской литературы».

Культура Азербайджана, имеющая общую культуру с другими тюркскими народами, уходит корнями в сокровищницу фольклора, являющуюся богатым продуктом мысли. Фольклор тюркских народов, имеющих единый корень, нашел свое художественно-мифологическое отражение в огузнамах, былинах, легендах и повествованиях.

Фольклор – устное искусство, отражающее духовно-нравственную целостность и развитое мировоззрение создавшего его народа, включающее сведения о жизнедеятельности, быте, происхождении. Черты характера, общественно-политическое мировоззрение, обычаи и традиции азербайджанского народа, суждения, проверенные в жизни народа, проявились в устном мышлении и дошли до наших дней в виде устной литературы. Хотя история фольклорных примеров, отражающих богатую мысль, поучительные мотивы, моральные, духовно-этические

и эстетические ценности, столь же стара, как и история народа, фольклористика как наука начала формироваться в XIX веке.

Вагиф Велиев, учёный-фольклорист азербайджанского народа, широко исследовал фольклор Азербайджана и разделил его жанры в следующем виде: «Обрядовые песни – Сезонные обряды, семейные обряды, свадебный обряд, траурный обряд, формулы гадания, аплодисменты и проклятия; Жанры лирического типа: трудовые песни, залежавшиеся и залежавшиеся стихи, оды (масмы), колыбельные, мысли; Жанры эпического типа: мифы, сказки, легенды, анекдоты, пословицы и поговорки, былины; Творение в любви; народные драмы; эпосы» [4, с. 91].

Сезонные церемонии и религиозные обряды отражают все этапы понимания людьми природы, окружающей среды и мира. Таким образом, люди, ценящие возрождение природы весной как символ Божьей благодати, счастья и счастья, со временем пытались разгадать эту тайну, наблюдая за природными явлениями. Одним из верований, которое живет в памяти Азербайджана, как и всего тюркского мира, является Хызыр Ильяс. По поверью, с приходом Хизра земля оживает и с его именем связано пробуждение четырех стихий, являющихся началом жизни – огня, воды, воздуха, земли. Хидир Наби – праздник, связанный с прогреванием почвы, пробуждением и сельским хозяйством. В этот праздник, который проводится в середине зимы, азербайджанские женщины ради безопасности своей семьи жарят ребро, откладывают разноцветные яйца на берегах рек и родников. На следующее утро яйца просматривали, и если они были окрашены в красный цвет, это считалось хорошим знаком, а если они были окрашены в черный цвет, то это считалось плохим знаком [2, с. 25].

Люди записывали свои желания и доверяли их Хызыру, привязывая их к дереву в день его прихода. Приняв религию Ислам, тюркский народ отдался Исламу всем своим существом, и согласно этому поверью, Хызыр – святой человек перед лицом Бога и двери надежды. Хотя ритуалы, совершаемые во время церемонии, не пересекаются между народами суть обрядов одинакова. В Азербайджане этот праздник проводится между Большой Чиллой и Маленькой Чиллой – в первой декаде февраля. Так, у анатолийских и балканских тюрков праздник Хидиреллез отмечается 6 мая, в день встречи Пророка Хизира и Пророка Ильяса. А. Гёялп пишет о дате праздника: «В ночь с 5 на 6 мая происходит важное астрономическое событие. В ту ночь после захода солнца звезду Улькара не видно.

Звезда Улькара вновь появится 8 декабря, в 186-й день года. Этот календарь соответствует разделению 186,4 дня в весенние и летние месяцы, и 178,8 дней в осенний и зимний сезоны». При этом шесть мая считаются днем весны и пробуждения природы в христианском мире. календарь. Хызыр Наби проводится с 12:00 до 20:00 накануне Новруза. Хыдыр Наби как человек является защитником воды, ветра и воздуха [2, с. 75].

Этот праздник до сих пор торжественно отмечается в Губадлинском, Зангиланском, Гедабейском, Лачинском, Джебраильском районах Азербайджана. По поверью, дома в эту ночь следует говорить приятные слова, должно быть приподнятое настроение, чтобы Хидир Наби не вернулся угрюмым, когда придет. Считается, что этот знак ведет к прерыванию изобилия. Эта церемония важна в системе верований людей с точки зрения здоровья, исцеления, изобилия, успеха и удачи.

Одной из сезонных церемоний является церемония вспашки, проводимая в октябре после сбора урожая. Люди приносят жертвы на местности, пашут землю, развешивают горшки, разжигают костры, празднуют три дня, обращаются к Черному, Белому и Синему небу и выражают свои пожелания в форме песен. Сая – церемония благословения, проводимая во имя Сая-хана, духа-охранителя стада в истории культуры тюркских народов. Имя Сая связано с именем Сая-хана, духа-покровителя. У них есть такие имена, как Гоча, Сая, Пайна, Пакта. Группа людей, называемых прилавками, одетых в козлиные шкуры, собирает дары еды, читая манис во дворах владельцев скота.

Мы думаем, что когда люди оценили труд тех, кто восхвалял животных и их божеств-покровителей, они думали, что угодили духам-хранителям. Азербайджанская земля, отличающаяся своей очаровательной природой, имеет очень плодородные условия для развития животноводства. С этой точки зрения люди занимались овцеводством и улучшали свои жилищные условия. Фольклорист Ахлиман Ахундов отмечает, что слово сая родственно слову сай, и подчеркивает, что эти песни создавались, когда считали овец, поскольку были пастухами [1, с. 12]. Эти песни, связанные с овцеводством, в основном исполнялись овцеводами в форме баяты.

Бабушка, ты милая овечка,
Овцы с фазаньими глазами.
Нарезать сыр
Сверху выложите йогурт [4, с. 121].

Вагиф Велиев отмечает, что слово сая связано с церемонией Сой. По мнению ученого-фольклориста, встречные слова взяли свое начало от обряда Соя – песен, исполняемых при рождении животного. В соответствии с широкой народно-бытовой мыслью он создавал песни, связанные с разными областями труда. Ускоряя рабочий процесс, повышая производительность и в то же время мотивируя, эти песни являются продуктом мысли, которая словесно путешествует с языка на язык для понимания реалий природы. Азад Набиев – охотник, рыбовод, хан (ткачество) и т. д., охватывающий различные сферы национальной жизни. дал информацию о трудовых песнях. Холавары – песни, посвященные прославлению сельского хозяйства как образец трудового фольклора азербайджанского народа.

В. Валиев пишет: «Холавары - это простые по содержанию песни, соответствующие звукам, издаваемым животным и орудием при посадке в паре или с плугом».

Каша келим серая, аля,

Я поехал в поле.

Один бык не справится с этой работой,

Бык должен быть парой. В. Валиев

Песни, связанные с верой и верованием, являющиеся продуктом архаического мышления, посвящены главным образом огню, солнцу, дождю, воздуху и земле. Ходу-ходу – это церемониальные песни, которые поют, чтобы пригласить Солнце. Азад Набиев пишет: «По первым представлениям, если солнце едет на рыжем коне, то оно сделает себя быстрым и принесет много тепла: «Солнце встает, солнце встает, завтра конь встает». По первобытному представлению, после этих песен солнце еще сильнее согревает землю и дает жизнь природе. В азербайджанской фольклорной литературе ветер, грива, огонь, туман, пшеница, зерно, рис, табак и т. д. рождаются из стремления приручить природу с целью улучшения условий жизни и повышения продуктивности. существуют обрядовые песни, связанные с такими

Праздник Навруз, сохранивший свою актуальность и сейчас среди фольклорных традиций азербайджанского народа, отличается уникальными обычаями. Навруз – церемония, связанная с приходом весны, возрождением природы, любовью к труду, земле и изобилию в жизни турецкого народа. Уникальные традиции Навруза азербайджанского народа сохранились в фольклоре народа и дошли до наших дней. Со временем Навруз представляли как праздник, связанный с зороастризмом и исламом, но суть

церемонии доказывает, что на самом деле он является продуктом дорелигиозного воображения людей.

На языке разных тюркских народов Наурыз, Сабантуй, день Улу, Праздник урожая, Праздник весны, Новый год, Девятого марта, праздник Берекет, Конец зимы и др. Если обратить внимание на традиции празднования праздника, называемого дождём и ветром, прорастания пшеницы, что является символом благословения, и начать приготовления за сорок дней, то он всё равно сохраняет свою актуальность, хотя и является продуктом примитивного мышления.

Это показатель уважения к корням, роду и обычаям народа. Обычаи и традиции азербайджанского народа, связанные с Новрузом, таковы: приветствие среды перед Новрузом, гадание, проращивание семян, открытие дверей, загадывание намерений, обливание водой из кирхачара (в последнюю среду выходят к ручью. Приносят чашу с водой и выливают воду из кирхачара на голову больного), украшают хана, загадывают намерение, разводят костер, пекут шакербуру, гогал и другие сладости, являющиеся атрибутами Навруза, и украшают стол. Новруз празднуется четыре среды, начиная с последней недели февраля и заканчивая двадцать первого марта. Среды, связанные с этими четырьмя стихиями: водой, огнем, воздухом и землей, символизируют приход весны и обновление природы. Третья среда Новруза считается «черным праздником» и в знак уважения к душам умерших делается пожертвование на имя умершего [2, с. 35].

Азербайджанский народ, придерживаясь традиций тюркизма, всегда придавал значение семейным ценностям и старался прочно утвердить их устои. Слово старший, агбирчек, уважение к старшему, вежливость к младшему пропитаны кровью народа и отражены в его традициях. Среди семейно-бытовых обрядов свадебный обряд стал более социализированным как культурно-социальный обряд, являясь ярким примером этой традиции. Таким образом, свадьба – это не только бракосочетание двух людей, это церемония, провозглашающая святость семьи, олицетворяющая честь и достоинство, имеющая особое значение. Традиции предсвадебной подготовки являются доказательством этих нюансов при изучении обрядового фольклора Азербайджана. Начальный этап свадебной церемонии – посольство. Перед церемонией между двумя семьями было достигнуто соглашение, и в качестве посланников были приглашены избранные старейшины и уважаемые люди села.

Азербайджан – толерантная страна. Наряду с тюрками, рожденными от союза тюркских племен огузов и кыпчаков, есть лезгины, талыши, таты, курды, ингилойцы, малаканцы, евреи и др. живут другие этнические меньшинства. Эти народы, придерживаясь своей религии и традиций, свободно совершают религиозные и бытовые обряды.

С этой точки зрения, особенно в свадебных обычаях, во время свадебного обряда представителей разных этносов создается множество обычаев, различающихся по регионам и регионам. Среди свадебных обычаев азербайджанского народа - жених, посольство, свадебный обряд, свадебный обряд, свадьба девушки, свадьба мальчика, жених, брачный обряд, жених, разрезание вуали, преломление хлеба, жертвоприношение, кройка платья, шитье обуви. Похищение девушки, киркчиди и т.д. можно упомянуть названия таких церемоний. Хотя корни некоторых церемониальных названий семантически совпадают, хотя и есть совместимость: «Аягачди, аякачма, термины адахли, слова адахлит являются производными, но они имеют разное значение как этнографический термин. Итак, футинг – это обычай невесты, впервые после свадьбы, идти в дом отца [5, с. 16].

Хотя корень слова Адакламаг (в диалектике западной группы оно употребляется в переносном смысле связывания ноги) родственен термину «ступня», он употребляется в смысле обозначения, подтверждения, а иногда и в значении «связывание ноги». небольшая отметка. Когда увозят невесту, под музыку «Важзали», древнейшей мелодии азербайджанского народа, мальчик, пришедший за невестой, поет: Мы пришли купить, мы пришли купить шаль. Мы муж мальчика, мы пришли его забрать...

Азербайджанский народ имеет богатое фольклорное наследие, которое является неотъемлемой частью устной народной литературы, о рождении ребенка, встрече гостей, траурном обряде, аплодисментах, проклятиях, различных поверьях. Среди обычаев, связанных с рождением ребенка, есть такие обряды, как адгойма, бритье, шаббахейир, удаление зубов, засолка, стрижка волос, стрижка ногтей, обрезание и др. В колыбельных песнях, ласках, ласках и колыбельных, исходящих из языка народа, можно почувствовать признаки любви к ребенку и уважения к продолжателю рода.

Laylay quzum, ağlama,
Ürəyimi dağlama,
Yat yuxun şirin olsun
Yuxuma daş bağlama

Возьми моего ягненка, не плачь
не разбивай мне сердце
Сладкого сна
Привязывание камня ко сну [2, с. 119].

Баятылар – неисчерпаемое сокровище азербайджанского фольклора, жанр, отражающий в каждой строке тысячу эмоций, родства, печали и радости. Люди передавали свою историю из поколения в поколение. Исторические события разных эпох отражены в старинных поговорках: Пришел араб, дай сена, поделись, чем хочешь, не недоплачивают, принеси и раздай друг другу.

Mən aşıq dolan bağı, Göz bağı, dolan bağı, Zülfünən öyrənmişəm Boynuna dolanmağı. Я влюбился в сад долан Гусиный сад, долан сад, Я узнал от Зульфуна, Оберните вокруг шеи.	Ərəb gəldi hay verin, Nə istəsə pay verin, Aza gedən deyillər Gətirin tay-tay verin... Араб пришел дать мне сена Поделись чем хочешь, что в Азу не ходят Принеси и отдай...
---	--

Фольклорные примеры, отражающие культурное богатство азербайджанского так и казахского народа, позволяют создать широкое представление о гармонии природы и человека, психологии и характере общества, этническом самосознании, системе верований, моральных нормах.

Все изложенное нами ярко доказывает, мысль о том, что азербайджано-казахские фольклористика являются мощным и неоспоримым фактором в развитии и формировании азербайджано-казахских литературных и культурных связи.

ЛИТЕРАТУРА

1. Турсунов Е.Д. Типы создателей и носителей казахского фольклора. Алма-Ата: Наука, 1976.-200 с.
2. Уахатов Б. Казахские народные песни. Алма-Ата: Наука, 1974. - 288 с.

3. Уахатов Б. Типология обрядово-бытовой песни казахов. Алма-Ата: Наука, 1983. - 160 с.
4. Н. Азад. Азербайджанская народная литература. Баку, «Чираг», 2009, 640 с. С 1
5. Церемонии, обычаи, аплодисменты. Гянджлик 1993. Сборник, предисловие и примечания Азада Набиева стр. 35, 346с).
6. Валиев В. Фольклор Азербайджана. Учебник для высшей школы. Баку, Маариф, 1985, 414с
7. Мусаева И.И. Структурно-семантический анализ некоторых терминов, связанных со свадебным обрядом. СГУ, Научные вести, 2017, Том 13, № 2, стр. 16
8. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. -СПб., 1866-1904, тт. 1-Ю.
9. Касумов Дж. Азербайджанская фольклористика. – Баку: Наука, 2015. – 456 с.
10. Ahmed Sayeef, Teaching English language using popular folk tales in Bangladesh // International Journal of Literature, Linguistics and Language Teaching. – 2019. Vol. 1 №1.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСІМДІЛІГІ

АХМЕТОВА Қ. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қызылқак ЖОББМ, Ертiс ауданы, Павлодар облысы

Дербес лексикалық мағынаға ие кем дегенде екі сөздің грамматикалық жақтан байланысқан тобын сөз тіркесі деп атаймыз. Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің байланысу ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрлерге бөлінеді: еркін тіркес, тұрақты тіркес, шектеулі (терминдік) тіркес.

Қазіргі қазақ тілі ғылымында сөз тіркесі термині сөйлемнің құрылыс материалы ретінде қолданылатын еркін тіркестердің орнына жүреді.

Сөз тіркесінің ең басты қасиеті – «сөздердің тіркесімділігі». «Сөздердің тіркесімділігі» тіркес құрамындағы сөздердің мағыналық және грамматикалық ерекшелігіне негізделеді. Жалпы тіл ғылымында кез-келген сөздердің өзара тіркесе бермей, мағыналық жағынан орайлас, мәндес сөздердің тіркесуі валенттілік теориясы тұрғысында зерттеледі.

Қазақ тіл білімінде сөздердің тіркесімділігі тіркескен сөздердің грамматикалық мағыналарымен тікелей байланыстырыла қарастырылады. Сын есім заттың сынын, сапасын білдіретіндіктен табиғатында зат есіммен тіркесуге, үстеулер қимылға тән нәрсенің сапасын білдіретіндіктен етістіктермен тіркесуге бейімді болатыны, сондай-ақ белгілі бір сөз табына енетін сөздердің грамматикалық жақтан мағыналық байланысқа түсуі басшылыққа алынады. Мысалы, етістіктердің ішінен сабақты етістіктердің табы септігіндегі зат есім не заттанған сөздермен тіркесіп келуінен, салт етістіктердің жанама септіктермен тіркесіп келуінен жасалған синтаксистік тіркестер сөз тіркесі ретінде танылады. Сөз тіркесі мәселесіне келгенде еркін тіркестер жайы сөз болатыны белгілі. Олар тілімізде қандай қызмет атқаратынын анықтау үшін тілші-ғалымдардың пікіріне сүйенсек, сөз тіркестерінің номинативті мәні болатындығына көз жеткізуге болады.

Сөз тіркестерін атаулық қызмет атқарады деп тану В. В. Виноградовтың еңбектерінен басталады. Қазақ тіл ғылымында К. Аханов, Н. Ә. Нұрмахановалар сөз тіркесі номинативті қызмет атқарады десе, М. Балақаев, Е. Ағманов, Ә. Аблақов, С. Исаевтар сөз тіркесінің бәрі емес, лексикалану процесіндегі сөз тіркестері номинативті қызмет атқарады деп түсінеді.

Мысалы, социалистік жарыс, партия оқуы, қант қызылшасы, қызыл бұрыш, темір жол деген мысалдарға назар аударатын болсақ, олардың анықтауыштық қатынастағы тіркестерден өзіндік ерекшелігі бар екенін көруге болады.

Тілдің негізгі құрылыс материалы сөз екені белгілі. Сөздер бір-бірімен грамматикалық қатынаста, семантикалық қатынаста байланысқа түсіп, тіл жүйесін құрайды. Қазіргі қазақ тілінде сөздердің байланысу жолдары сөз тіркесі ауқымында, құрмалас сөйлем сынарларының байланысында немесе жай сөйлем ішіндегі жеке сөздер мен сөз тобының байланысы хақында сөз болып жүр [1, 585 б.].

Еркін тіркестердің зерттелуі синтаксис саласында қарастырылады. Еркін тіркестерді қазіргі таңда синтаксистік тіркестер, изафеттік тіркестер, атаулық тіркестер деп өз ішінде бөліп қарауға болады. Еркін тіркестер сөздің ішкі түрін анықтайтын семасиологиялық мағыналардың семантикалық ерекшеліктері арқылы байланысады. Осы ерекшеліктеріне байланысты олардың құрамында синтагмалық қатынас пайда болады. Синтагмалық қатынас тіркескен сөздердің мағыналық ерекшеліктеріне қарай

екі түрлі болады. Семантикалық синтагма, грамматикалық синтагма. Семантикалық синтагма өз ішінде екі түрлі валенттілік қасиетке ие (синтаксистік валенттілік, семантикалық валенттілік) болады. Бұл еркін тіркестердің құрамындағы тілдік заңдылықтар. Осы заңдылықтардың нәтижесінде еркін тіркестер синтаксистік тіркестер, атаулық тіркестер, изафеттік тіркестер деп үшке бөлінсе, синтаксистік тіркестердің өзі есімді тіркестер, етістікті тіркестер деп екі түрге бөлінеді. Синтаксистік тіркестердің бұл түрі мен III изафетте семантикалық синтагма да, грамматикалық синтагма да қатысты болады және сөйлем ішіндегі сөздердің валенттілігі қасиетіне ие болады. Олар тілде синтаксистік қызмет атқарады. Атаулық тіркестер мен II изафет семантикалық синтагмада жұмсалады. Семантикалық валенттілікке түсудің нәтижесінде атауыштық қызмет атқарады. Сөз тіркесінің атауыштық мәні тіліміздегі жаңа лексикалық қолданыстардың, қоғамдық-саяси, қоғамдық әлеуметтік лексиканың қалыптасуына негіз болады. Нәтижесінде тілімізде лексикалық тіркестер қалыптасады.

Сөз тіркесі атауының бәріне ортақ нәрсе – тіркес құрамында екінші компоненттің тірек сыңар болуы.

Номинативтілік мәнде жұмсалатын сөз тіркестерінде тірек сыңар зат есімнен болады. Зат есімдер мағыналық жақтан да, логикалық жақтан да, ерекшеленіп тұрады. Зат есімдер логикалық ұғымы жағынан қаншалықты бай болса, мағына айқындаушы семантикасы жағынан да соншалықты бай. Сондықтан олардың мағыналық жақтан даму қарқыны өсіп отырады. Синтаксистік тәсілмен байланысып, әр түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады [2, 30 б.].

Синтаксистік тәсіл тіркескен сөздердің грамматикалық мағыналарына байланысты болады. Профессор Қ. Жұбанов: «Грамматиканың мақсаты – жалғыз-ақ сөздің қандай мағыналары болатынын баяндау ғана емес, қандай формаларға қандай мағыналар сәйкес келетінін баяндап, дұрысы қандай мағына шығу үшін сөзді қалайша құрастыру керек екендігін баяндау», - деген болатын [3, 120 б.]. Расында сөйлем ішіндегі сөздер тек грамматикалық жақтан ғана байланыспайды. Сөйлем құрамында келген сөздер әрі грамматикалық, әрі семантикалық құрылымға ие болады.

Бірінші, синтаксистік қатынаста жұмсалып амалы, екінші, семантикалық қатынаста жұмсалып амалы. Синтаксистік қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінде жаңа грамматикалық мағына пайда болады да, семантикалық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінде

жаңа атауыштық мағына пайда болады. Жаңа грамматикалық мағына – сөйлем ішіндегі сөздердің валенттілігі, грамматикалық синтагманың нәтижесі. Жаңа атауыштық мағына – сөйлем ішіндегі сөздердің семантикалық валенттілігі, семантикалық синтагманың нәтижесі. Синтагмалық байланысқа түскен тіркестер еркін тіркестер болып табылады.

Әрбір ғылым саласының басталу, жетілу, даму кезеңдері болады. Қазіргі тіл білімінде сөз тіркесінің даму қарқыны өте жоғары деңгейде. Сөз тіркесінің жүйелі тармақтары ажыратылып, ішкі заңдылықтары, атқаратын қызметі айқындалды. Сөз тіркесі тек сөйлемнің құрылыс материалы ретінде ғана жұмсалып қоймай, дербес сөздердің эквиваленті ретінде қолданысқа түсті. Атап айтқанда, лексикалық қолданысқа түскен түскен жаңа тіркестердің пайда болуы, еркін тіркестердің лексикалануы, терминдік тіркестердің қалыптасуы «сөз тіркесі» деп аталатын синтаксистік терминнің жалпы лингвистикалық терминге айналуына негіз болып отыр. Сөз тіркесінің зерттеу объектісін айқындауға сөйлемнің құрылыс материалы болатын еркін тіркестер ғана негіз бола алмайды. Сөйлемнің құрылыс материалы болатын еркін тіркестердің өзіне ұқсас басқа тіркестерден айырмашылығын ажырату үшін тіркес құрамындағы сөздердің семантикалық жақтан үйлесім табу жолдары мен грамматикалық жақтан байланысу ерекшеліктерін ажырату керек. Осы тұрғыдан келгенде, сөз тіркесінің зерттеу объектісін профессор С. Исаев айтқандай жалпы үш топқа бөліп қараймыз: еркін тіркес, тұрақты тіркес, түйдекті тіркес. Синтаксистің объектісіне еркін тіркестерді жатқызамыз. Қазіргі тілдің дамуы еркін тіркестердің өзін өз ішінде 3 топқа бөлуге бағыттап отыр: синтаксистік тіркес, изафеттік тіркес, атаулық тіркес. Тұрақты тіркестерге фразеологиялық тіркесті, шектеулі тіркесті; түйдекті тіркестерге негізгі сөз бен көмекші есім, көмекші етістіктердің тіркесуін жатқызуға болады.

Қазіргі қазақ тіл ғылымында сөз тіркесі мәселесі әр қырынан зерттелуде. Синтаксистік тіркесімділікті құрайтын синтаксистік категорияларға тоқталғанда ол туралы ғалым Т. Сайрамбаев былай дейді: 1. Сөздердің өзара тіркесі арқылы: оның өзі іштей мына топтарға жіктеледі:

- 1) сабақтаса тіркесу арқылы;
- 2) салаласа тіркесу арқылы [4, 6 б.].

Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екенін де ескертеді. Бұған саласа байланысқан сөздердің тіркесін де қосуға

болады. Салаласа байланысқан тіркестердің өзіндік ерекшелігіне тек сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ғана емес, есімді тіркестер, оның ішінде әсіресе, қабыса байланысқан зат есімдердің даралау мағынасында жұмсалатын түрлерін жатқызуға болады. Мысалы, Артқы партада Жомартбек деген ақ құба өнді, ұзын бойлы, тыриған арық бала жігіт отыратын (Ә.Н) деген сөйлемдегі бала жігіт тіркесін алайық. Бір сөз табы арқылы жасалып, анықтауыштық қатынаста жұмсалып тұр. Ендеше, сабақтастық мән бар деген сөз. Сондықтан да оқу құралдарында бұл тіркесті синтаксистік еркін тіркес деп танамыз. Ал осы сөйлемнен бала жігіт тіркесінің қай сыңарын алып тастасаңыз да сөйлемнің құрылымдық жүйесіне еш нұқсан келмейді. Салыстырыңыз:

Артқы партада Жомартбек деген ақ құба өнді, ұзын бойлы, тыриған арық жігіт отыратын (Ә.Н) бала сөзі қысқартылды. Артқы партада Жомартбек деген ақ құба өнді, ұзын бойлы, тыриған арық бала отыратын (Ә.Н) жігіт сөзі қысқартылды.

Мұндай қасиет сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне де тән. Мысалы, Сарғайып қураған шөптер де, бұталар да, бұталардвн жапырақтары да жаңбыр суын жұтып жасаңқыраған сияқты (С.Сейф.) деген сөйлем ішіндегі бірыңғай мүшелердің қайсысын алып тастасақ та, сөйлемнің грамматикалық құрылысына нұқсан келмейді. Салыстырыңыз: Сарғайып қураған бұталар да, бұталардың жапырақтары да жаңбыр суын жұтып жасаңқыраған сияқты. Шөптер сөзін қысқарттық. Сарғайып қураған бұталардвн жапырақтары да жаңбыр суын жұтып жасаңқыраған сияқты. Шөптер, бұталар сөздері қысқарды. Бірақ сөйлемнің грамматикалық құрылымы өзгеріске түскен жоқ. Осы тұрғыдан келгенде салаласа байланысқан сөздер мен сабақтаса байланысқан сөздерге тән ортақ белгілердің бар екенін ескеру керек сияқты. Сондай- ақ сын есімді, сан есімді тіркестерде де мұндай қасиет бар. Мысалы, Бір қазақ қызының жүзін көріп қасында отырсақ, арманымыз болмас еді деп аңсайтын едік біз. (Ә.Н) деген сөйлемдегі бір қазақ қызы тіркесіндегі бір сан есімін қысқартып тастасақ та сөйлем өзінің сөйлемдік қасиетін жоғалтпайды. Сол сияқты Қап-қара жігіттің беті ала-бажалақ болып шыға келді (Ә.Н) деген сөйлемнен қап-қара жігіт тіркесіндегі қап-қара сын есімін алып тастасақ та солай болады. Бірақ бұл тіркестің бағыныңқы сыңарын алып тастағанмен, басыңқы сыңарын қысқартуға болмайды. Осы ерекшелігі арқылы олардың құрамындағы сабақтастық мәнді ажыратып аламыз. Ендеше, сөйлем ішіндегі сөздер синтаксистік қызметте тұрғандықтан

оларға тән ортақ белгілер болуы заңды құбылыс. Ортақ белгісіне қарай синтаксистік қызметте тұрған сөздердің барлығын тіркес деп танып, салаласа байланысқан тіркестердің өзіне тән ерекшелігін, сабақтаса байланысқан тіркестердің өзіндік ерекшелігін жіктеп көрсетуге болады. Салаласа байланысқан тіркестер тілдік үнемдеу заңына байланысты синтаксистегі эллипсистік құбылысқа сәйкес байланысқан сөз тіркесі деп айтуға болады. Бұл жөнінде проф. Б. Сағындықұлы: «Эллипсистің тілде көрініс беруіне контекст пен ситуацияның атқаратын рөлі зор екені тұжырымдалады. Тілдік қоршаудың арқасында түсіріліп айтылған элементтердің ғана емес, сөйлемнің жалпы мағынасы, оның жеке мүшелерінің толық мәні анықталады. Оқиғаның болып жатқан сәті, дене қозғалысы, ым, белгі, тағы басқа экстралингвистикалық факторлар да эллипсистің оңай түсілуіне жағдай жасайды. Демек, коммуникативтік бөлшектерді үнемді жұмсау мақсатымен сөйлемнің белгілі бір мүшесін немесе бірнеше мүшесін саналы түрде айтпауға болады екен. Қысқа, дәл, анық айтуға тырысушылық, көп сөзділіктен қашу – эллипсистің басты принципі. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері эллипсистің қарапайым түрлері болып табылады. Мысалы, Асан, Үсен және Асқар келді дегенді толық айтатын болсақ, «Асан келді», «Үсен келді», «Асқар келді» болар еді. Баяндауыштың бір-ақ рет айтылуы сөйлемге жинақылық калып береді»,– дейді (5, 99 б.). Расында, Асқар Үсен және Асан келді деген сөйлемде келу іс-әрекетін Асан да Үсен де, Асқар да орындайды. Әрбір субъектінің өзіне тән қимыл іс- әрекеті бар. Сондықтан келген кім? – Асан келді. Келген кім? – Асқар келді. Келген кім? –Үсен келді түрінде олардың әрқайсысы жеке- жеке предикаттық қасиетке ие. Субъектіге тән келу іс-әрекетін білдіретін процессуалдық мағына үшеуіне де ортақ болғандықтан коммуникативтік бөлшектерді үнемді жұмсау мақсатында бастауыштар өзара салаласа байлансу арқылы синтаксистік қатынасқа түскен. Олай болса, салаласа байланысқан сөйлемнің бірыңғай мүшелері белгілі бір коммуникативтік қатынасқа негізделген сөйлемдердің құрамындағы синтаксистік қатынастардың ықшамдалуы нәтижесінде грамматикалық байланысқа түскен сөз тіркесі деп тануға болады. Салаласа байланысу сөйлемнің құрамындағы сөздердің синтаксистік қызметіне байланысты дер едік. Егер мағыналары тең дәрежеде тұрған сөздер жалғаусыз байланысса, онда олардың сөйлем құрамындағы синтаксистік қатынасы салаластық сипатта болады. Сөйлем құрамындағы сөздердің мағыналары тең дәрежеде болмаса

олар сабақтастық қасиетке ие болады. Олай болса, синтаксистік ерін тіркестердің өзін салаласа байланысқан тіркестер, сабақтаса байланысқан тіркестер деп екіге бөлуге болады. Салаласты да, сабақтасты да тіркес деп тануға негіз болатын басты критерий сөйлем ішіндегі сөздердің синтаксистік қатынаста жұмсалуды. Тек салаласта үнемдеу заңына сәйкес сөздердің бір ғана синтаксистік қатынасқа негізделуі. Сабақтаста тіркес құрамындағы сөздердің әр түрлі синтаксистік қатынаста жұмсалуды.

Тіркесімділіктің негізгі мәні кемінде екі элементтен тұратынын, соның негізінде ол тілдің әр саласынан орын алатын тілдік категориялар болатынын ғалым Т. Сайранбаев жоғарыда аталған еңбегінде айтқан. Тіркесім тілдің әр түрлі жақтарына қамти отырып, тілдік элементтердің арасындағы қатынасты көрсетсе, тіркес тіліміздегі сөздердің синтагмалық байланысқа түсуі. Сондықтан сөз тіркесі лексикология, сөзжасам, грамматикаға қатысты аралық категория болып табылады. Осыған орай, тіл ғылымының осы салаларының әрқайсысында тіркестің түрлері қалыптасады. Олар бір-бірімен тығыз тығыз байланыста, бірлікте болады. Сондықтан олар бір-біріне өте ұқсас болады. Олардың жігін ажырату сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің ішкі түрін анықтайтын семантикалық мағыналардың байланысына және сөздердің ономонологиялық қызметіне қатысты. Байланысу амалына қарай лексикалық тіркеске зоологиялық, биологиялық, анатомиялық т.б. сияқты терминдік атауларды білдіретін сөздерді жатқызуға болады. Морфологиялық тіркеске етістіктің аналитикалық форманттары, негізгі сөз бен көмекші сөздердің тіркесуінен жасалған бірліктер жатады. Сөзжасамдық тіркеске фразеологиялық тіркестер мен күрделі сөздер жатады. Еркін тіркеске синтаксистік тіркестер, изафет және атаулық тіркестер жатады. Тіл ғылымында сөз тіркесін топтастыру мәселесі сөздердің өзара тіркесу ерекшеліктеріне қарай анықталады. Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің қандай байланыс негізінде жасалғаны ескеріліп, оны құрамына қарай топтастыруда жалаң сөз тіркесі, күрделі сөз тіркесі, аралас сөз тіркесі болып үшке бөлінді. Жалаң сөз тіркесі екі, үш, төрт мүшелі болып, тіркес құрамындағы сөздердің бәрі бір-бірімен бір формада байланысуы жатқызылды (Н. К. Дмитриев., И.А. Батманов, А.Н. Кононов.) Бірқатар авторлар сөз тіркесін сөйлем мүшелерінің ынғайында қарастырды. Бұл да сөз тіркесін топтастыруда басты белгі бола алмайды. Сөз тіркесін топтастыру принциптері оның зерттеу объектісімен және оның басты ерекшеліктерімен анықталады. Сөз тіркесінің негізгі зерттеу нысаны –

сөздердің өзара тіркесу қабілетімен байланысты болады. Синтаксистің объектісінде сөз тіркесінің құрамы, мағыналары, атқаратын қызметі тіркес құрамындағы сөздердің мағыналық ерекшеліктері мен грамматикалық байланысқа түсуі жағынан анықталады. Синтаксистік тіркестер сөйлемнің құрылыс материалы ретінде жұмсалады. Олардың құрамында синтагмалық байланыс тіркес құрамындағы сөздердің ішкі мазмұнын анықтайтын семантикалық мағыналардың грамматикалық жақтан байланысу негізінде қалыптасады. Сөздің ішкі түрін анықтайтын мағыналарды семантикалық өріс деп атауға болады. Олар негізгі мағына, номинативті мағына, категориалдық мағына, тура мағына деп аталатын когнитивті семантиканың бірлігінен тұрады. Осы семантикалық өрістің өзара байланысуынан еркін тіркестер жасалады. Оларды тіркесу қабілетіне қарай есімді және етістікті деп үлкен екі топқа бөлеміз. Есімді сөз тіркесі қабыса, матаса, меңгеріле байланысады, етістікті сөз тіркестері жанаса (қабыса), меңгеріле байланысады.

Еркін тіркестің құрамында сөздердің морфологиялық құрылысы әртүрлі болады: бағыныңқы сөз басыңқы сөздің кейде семасиологиялық мағынасына үйлесе тұлғанады, кейде грамматикалық формасына сай тұлғаланады. Сол сияқты кітапханадан шықтым, трамвайға міндік деген сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары шығыс, барыс жалғауларында тұр. Сол жалғауларды керек етіп тұрған басыңқы сыңардың қосымшалары.Қазақ тілінде бірқатар сөз тіркесінің екі сыңары да морфологиялық тұлғарар арқылы байланысады. Мысалы, күннің сәулесі, менің кітабым десек, ілік септіктің айтылуы басыңқы сыңардағы тәуелдік жалғаудың айтылуымен тікелей байланысты. Немесе керісінше. Сөз тіркестері тізбектеліп бір-бірімен сатылана да байланысады. Мысалы, Студенттер қызық киноға бара жатыр еді деген сөйлемде сөз тіркестері тізбектеле байланысқан. Қызық кино–киноға бара жатыр еді.

Кейде сөз тіркесінің құрамындағы бірнеше бағыныңқылар бір басыңқыға ортақтасып тұрады. Мысалы, Кеше киноға тобымызбен бардық десек, киноға бардық, кеше бардық, тобымызбен бардық. Сөз тіркесін құрауды зат есім мен етістіктің қызметі ерекше болады. Олар көбінесе сөз тіркесінің басыңқы сыңары болады да, сапалық есімдер яғни сын есім, сан есім, есімше, сілтеу есімдіктері мен үстеулер еліктеуіш сөздер сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болады.

Қорыта келгенде, сөз тіркесінің синтаксистік категория екені анықталып, қазақ тіліндегі сөз тіркесімділігінің табиғатына шолу жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ильясова Н.Ә Сөз тіркесі синтаксисі. – Алматы: «Полиграфия-сервис и К», 2008. – 270 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581 б.
3. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесімділіктің кейбір мәселелері. – Алматы, 2004.,-2206
4. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 2005.

ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МӘНІ

ӘБЕНОВА Г. Ә.

оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

Жаңа сөздердің пайда болуы мен белсенді қолданысқа ие болуына байланысты мәселе лингвистикада әрқашан өзекті. Әлемнің кез келген тілінде қазіргі қоғамдағы ақиқатты және белгілі бір құбылыстарды сипаттайтын жаңа сөздер пайда болады және сөйлеу тілінде меңгеріледі. Ал кейбір жаңа сөздер тілде орын таба алмай және сөйлеуде біртіндеп жоғалады, ал енді бірі тамыр жайып, ұзақ уақыт қалады. Мұндай сөздер «неологизмдер» деп атаймыз. Лингвист-ғалым Ш. К. Бектұров: «Архаизмдерге қарама-қарсы құбылысты атаған сөздерді неологизмдер дейміз. Олар-тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздер. Жаңадан енген сөздердің тың, жаңа екендігі аңғарылып, сезіліп тұрғанда ғана неологизм болады» [1, 24 б.] – деп анықтайды. Неологизм жылдар өте неологизмдердің тізімінен шығып актив сөздердің қатарында саналып жатады. Сондықтан неологизмдерді анықтау қиындық туғызады. А. Алдашева «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында жаңа сөз қолданыстарға мынандай анықтама береді: «...Неологизмді, окказиональды сөздерді, жеке авторлық сөздерді, потенциалды сөздердің бәрін біріктіріп, «лексикалық жаңа қолданыстар» [2, 33 б.]. Жалпы тілімізде неологизмдерге мынандай анықтамалар берілгені белгілі: «неологизм дегеніміз: бір тілде жаңадан пайда болған және әзірше көпшілік арасында толық қалыптаспаған жаңа сөздер [3, 45 б.]; тілге сінісіп, жалпы халықтық сипат ала қоймаған жаңа сөздер [4, 5 б.] халықтың қоғамдық – саяси тұрмысындағы тарихи маңызды

оқиғалармен байланысты мерзімдерде пайда болған әдеби тілдегі жаңа мағыналы жаңа сөздер мен тұрақты сөз тіркестері [5, 2 б.]. Ғалымдар тіл білімінде «неологизм – жаңа сөз немесе өрнек, сондай-ақ ескі сөздің жаңа мағынасы» дегенді білдіреді деп анықтайды [6, 406 б.]. И. В. Арнольд неологизмдерді басқа тілден алынған және белгілі бір тілде сөйлейтіндер жаңа атау ретінде қабылдайтын тұрақты өрнектер ретінде анықтайды [7, 232 б.]. Е. В. Сенконың пікірінше [8], «неология» - «қалыптаспаған, әзірге тек тіл білімі саласындағы дамып келе жатқан ғылым. Бұл қалыпты және табиғи процесс болып саналады, өйткені кез-келген ғылым бірден дайын болмайды, бірақ күрделі және ұзақ кезеңдерден өтеді [9]. Бұл мақалада біз ақпарат құралдары мен телебағдарламалар тілінде кездесетін неологизмдерді, оның қалыптасуын, лингвистикада қандай рөл атқаратынын, неологизмдерді тілдік шығармашылықтың бір түрі ретінде түсінуді және медиамәтіндердегі ағылшын тілді неологизмдердің пайда болуын қарастырамыз. Сондай-ақ, біз неологизмдердің жеке адамның сөйлеуін жетілдіруге әсері туралы тақырыпты қозғаймыз. Біздің мақсатымыз – медиамәтіндердегі, телебағдарламалардағы қатысушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуіндегі неологизмдердің рөлін, шеттілінен енген неологизмдердің пайда болуын теориялық тұрғыдан негіздеу. С. А. Чугунова атап өткендей, XX ғасырда лингвистикалық неология - тілдегі инновациялар туралы ғылым деп аталатын жаңа ғылымның пайда болуына әкелген «неологиялық бум» пайда болды [10]. Қоғамдық өзгерістер кезеңінде тілдің сөздік құрамы қарқынды толықтырылды. М. А. Кронгауз, М. Н. Эпштейн, Г. Ч. Гусейнов, Л. О. Чернейко сияқты орыс тілінің зерттеушілері сөзжасам саласының белсенділігінің артуы біздің қазіргі коммуникативті кеңістігімізде де байқалатынын айтады [11]. Нақты тілдер материалындағы жаңа сөздерді зерттеу әртүрлі бағыттар бойынша дамиды: олардың тіл жүйесіндегі мәртебесі және олардың типологиясы тұрғысынан [12]. Ю. Мкртчян сөздік құрамын байыту үш жолмен жүретінін анықтады: синтаксистік (сөзжасам), семантикалық (сөздің мағынасын өзгерту, оны қайта түсіндіру) және басқа тілден ену арқылы [7, б. 74]. Тіл адамзат қоғамының барлық салаларындағы өзгерістерге үздіксіз жауап береді, тілдің табиғи икемділігі мен оның дамуы мен бейімделу қабілетінің арқасында кез-келген тілдің жаңа лексикасы жасалады. Н. Хомский психикалық лексиканы белгілі бір сөздік ретінде емес, тілдегі өзгерістер мен жаңартуларды анықтайтын генеративті

принциптердің жиынтығы ретінде қарастырады. Ол сондай-ақ тілдің шығармашылық потенциалының себебі қазіргі заманда Декартка үш ғасыр бұрынғыдай анық емес екенін дәлелдейді, дегенмен Тіл адам ойлауының шығармашылық сипатын көрсететіні анық [10].

Ю. А. Мельник, Е. А. Штехман неологизмдердің маңызды белгілерінің бірі – оларды қабылдау және жалпы қолданыста бекіту (жазбаша және ауызша сөйлеуде), яғни тілдің лексикалық жүйесіне ену, жалпы қолданыс санатына ену белгілерді бөліп көрсетеді [11]. Р. А. Будагов, А. В. Калинин, Е. В. Розен, Н. М. Шанский неологизмнің негізгі белгісі ретінде оның жаңалығын ажыратады. «Неология» саласындағы басқа зерттеушілер, мысалы, В. В. Виноградов, Б. Н. Головин, Е. В. Розен, М. Н. Золотарева, уақытша деп санайды, өйткені олардың пікірінше, неологизмдер оларды қолданатын ұрпақтың жадында пайда болған сөздер. Қазіргі статистикаға сәйкес, дамыған тілдерде ондаған мың неологизмдер пайда болады, бұл «неологиялық жарылыс» – «neology blow up» деп аталады. Бірте-бірте неологизмдер игеріліп, ана тілінде сөйлейтіндердің лексикасында кеңінен қолданылады, содан кейін неологизмдер болуды тоқтатады.

Тіл қарым-қатынастың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құралдарының жүйесі ретінде уақыт өте келе өзгереді, байытылады, дамиды, жетілдіріледі. Жоғарыда атап өткеніміздей, тірі және динамикалық жүйе ретінде тіл сипатының үтқырлығының ең маңызды дәлелі оның сөздік құрамын өзгерту қабілеті болып табылады. С. И. Тогоева жаңа сөздер адамның танымдық іс-әрекетінің ерекшелігіне, жеке ерекшеліктеріне және адамның сөйлеуіндегі шығармашылық көзқарасына байланысты пайда болады деген ұстанымды алға тартады [12].

Неология мәселелерін психоллингвистикалық тұрғыдан зерттей отырып, С. И. Тогоева адамның коммуникативті-танымдық іс-әрекеті процесінде ішкі жеке лексика дамиды деген қорытынды жасады. Жаңа сөздерді қабылдау мен игерудің ерекшелігі әр адам үшін әр түрлі. Л. В. Шалина әрбір зерттеуші өз позициясынан жаңа сөздерді қарастыратынын, оның мақсатты орнатуына сәйкес келетін өлшемдерді алдыңғы қатарға шығаратынын атап көрсетеді [9]. Оксфорд сөздігінде жаңа сөздерді (неологизмдерді) жасау немесе бұрыннан бар сөздерді немесе терминдерді жаңа тәсілдермен қолдану көбінесе жеке тұлғаның шығармашылық әрекеті болып саналатындығы атап өтілген [13].

Бүгінгі таңда қазақ тіліне енген неологизмдердің басым бөлігін шетел сөздері болып отыр. Зерттеу нысаны ретінде ақпарат құралдарындағы мәтіндерді алып қарастырдық. Мысалы «Бұл «Харассмент» түсінігі әртүрлі кейіптегі психологиялық қысымды білдіргенімен, іс жүзіндегі ауқымы кең». Әдетте мұндайда жәбірленушілер, айталық балалар – ересектерден, ересек ер-азаматтар мен әйелдер – бастықтарынан, әйелдер – қоғам талқысынан, ал ерлер жағы – күлкі болудан жасқанып, «Харассмент» ұғымының аясына кіретін қысымдар бойынша жақ ашпайды». «Буллинг құрбаны – жасөспірімдер. Бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр». «Буллинг сөзі ағылшын тілінің *bully*, яғни қорқыту ұғымын береді». «ДСҰО зерттеу тобы ғалымдарының айтуынша, буллинг құрбандарының да, қатысушыларының да ілесіне және болашақта психикалық денсаулыққа байланысты проблемалары бар». «Белгілі болғандай, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17%-ы мектепте айына бір немесе бірнеше рет буллинг құрбаны болған». «Ұлттық деңгейде кешенді стратегиялар мен алдын алу бағдарламалары, жоғары ақпараттандыру, сондай-ақ буллинг пен кибербуллинг құрбандарына қолдау көрсету қызметін дамыту маңызды». «ДСҰО зерттеу тобы ғалымдарының пікірінше, зорлық-зомбылықтың алдын алу және денсаулық сақтау қызметтерінің өзара іс-қимылын жақсарту және зорлық-зомбылыққа қатысты қолданыстағы заңдарды бағалау». Мысалдарда көріп отырғанымыздай «харассмент», «буллинг», «кибербуллинг» – сөздері жиі қолданыла бастаған. Буллинг, харассмент, кибербуллинг – қысым көрсету, өз қалауынан тыс, физикалық қысым жасау, зорлық көрсету, бопсалау тб баламаларды қолдануға болар еді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі даму тенденциялары, әрине, тілдік неологизмдердің қалыптасуы мен таралу процестерінде, олардың тілде қолданылу ерекшеліктерінде, қазіргі жастар баспасөзіндегі тілдік процестердің сипаты мен динамикасында көрініс тапты.

21 ғасырдың басындағы тілдік неологизмдердің жастар бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет етуінің табиғаты, мәні мен ерекшеліктері тілімізде зерттелмеген. Қазіргі жастар баспасөзінің мәтіндері, атап айтқанда, тіл кеңістігінің жалпы көрінісін құрайтын вербальды-семантикалық және прагматикалық және когнитивтік деңгейлердегі тілдің даму динамикасын айқын көрсетеді. Осылайша, бұл зерттеудің өзектілігі, бір жағынан,

компьютерлендіру, жаһандану сияқты әртүрлі әлеуметтік маңызды факторлардың әсерінен қазіргі жастардың лингвомәдениетінде болып жатқан өзгерістерді көрсету құралы ретінде неологизмдерді зерттеу қажеттілігімен байланысты. және т. б. Ал, екінші жағынан, мыңжылдықтар тоғысындағы лингвистикалық парадигманың өзгеруі, сондай-ақ тілдің лексикалық құрылымының үздіксіз жаңаруы мен кенеюі кезінде үнемі пайда болатын неологиялық тілдік материалды теориялық тұрғыдан түсінудің шұғыл қажеттілігі туындайды. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында неологизмдерді ұсыну тәсілдерін анықтау және жүйелеу қажеттігі туындап отыр.

Қарым-қатынас пен танымның бірлігін жүзеге асыратын тілдік неологизмдерді қарастыру, бір жағынан, оның жасалуы мен даму аспектісіне, екінші жағынан, оның жұмыс істеуі мен коммуникативтілігіне жүгінуді талап етеді. Прагматикалық негізділік, біздің ойымызша, номинативті және коммуникативтік әрекеттер арасындағы тікелей байланысты көрсететін дискурста. Басқаша айтқанда, тілдік неологизмдерді құру номинация процесі ретінде қарастырылуы керек, сонымен бірге таным мен қарым-қатынас процесі ретінде қарастырылуы керек. Коммуникативті-прагматикалық тәсіл шеңберіндегі лексикалық неологизмдерді талдау барысында тілдік дифференциацияның прагматикалық параметрлерінің (ережелерінің) типологиясын да қарастырамыз. Прагматикалық ережелерге сәйкес біз мына өлшемдерді ескереміз:

- 1) дискурстың түрі;
- 2) коммуникативті әрекеттің түрі;
- 3) дискурстың коммуникативті бағыты;
- 4) коммуниканттардың әлеуметтік жағдайы.

Тілдік неологизмдердің дамуы, біздің ойымызша, лексикада мұндай бірліктердің адресаттарының болмауымен анықталады. Тиісінше, журналистік дискурстағы тілдік неологизмдер тілдің сөздік қорын толықтыру үшін әдейі жасалған бірлік ретінде емес, белгілі бір коммуникативті ниеттің көрінісі ретінде жасалады. Лексикалық бірліктердің коммуникативті интенциялық мағынасын зерттеу коммуникативті іс-әрекеттің мәнін лексикалық бірліктердің мазмұндылығы мен құрылымдық қасиеттерімен көрсету нәтижесінде және коммуникативті-прагматикалық аспектіде лексикалық бірліктердің тілдік неологизмдерін зерттеу пәні болып көрінеді. Дискурстағы прагматиканы білдіретін лексикалық неологизмдер туралы айта отырып, лексикалық бірліктер таным

мен коммуникацияның бірлігін жүзеге асырғанына қарамастан, олар мәтіндегі коммуникативті тәуелсіздіктен іс жүзінде айырылғанын атап өткен жөн. Тілдік бірліктердің коммуникативті негізділігі сөйлем мен мәтін деңгейінде жүзеге асырылады. Неологизмдерді коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан зерттеу контексте жүзеге асырылатын және белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, журналистік дискурстағы коммуниканттардың ниетімен негізделген прагматикалық функцияны анықтауға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, бұл экспозицияның әсері белгілі бір коммуникативті жағдайдағы белгілі бір құралдарды таңдауға, сондай-ақ белгілі бір коммуникативті тапсырманы оңтайлы шешуге бағытталған неологизмдердің тіліне байланысты. Шын мәнінде, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының тілін стандарт пен өрнектің бірлігі ретінде қарастыруға болады. Лексикалық неологизмдер коммуникативтік жағдайда жүзеге асырылатын және журналистік дискурстың прагматикалық бағытында үстемдік ететін прагматикалық әлеуетке тән сипаттама болып табылатын тіл жүйесінің сол бөлігіне жатады. Газеттер мен журналдар қазіргі баспа әлемінің ең түрлі-түсті және жарқын туындыларының бірі болып табылады. Олардың басты міндеті-өскелең ұрпақты тәрбиелеу, оны білімнің әртүрлі салаларында тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және өзіндік «менін» қалыптастыруға көмектесу. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар мен Бүкіләлемдік Ғаламтордың қарқынды дамуы интернет-журналистиканың пайда болуына және кеңінен танымал болуына әкелді. Бүгінгі таңда жастарға арналған баспа және электронды басылымдарды салыстыра отырып, бүгінгі таңда желіде жастардың қолданыстағы баспа басылымдарының барлық түрлері енгізілгенін атап өтуге болады. Электрондық газеттер бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерінің мүмкіндіктерін біріктіреді және айтарлықтай сапалы салдары байқалады - жылдамдық, интерактивтілік, оқырманның баспагерлермен байланысу мүмкіндігі – түсініктеме беру және өз бетінше онлайн форумдар, чат бөлмелері мен пікірталастар ұйымдастыру.. Технологиялық инновациялар мен қоғамдық және лингвистикалық санадағы өзгерістерге ең сезімтал орталардың бірі ретінде баспасөздің жастар тілі журналистерді ең «қызықты нәрселермен» қамтамасыз етеді, ол қазіргі тілдік процестерді анықтауға көмектеседі. Мақсатты жастар аудиториясының интеллектуалдық және эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға деген ұмтылыс бүгінде жастар кітаптарының авторлары үшін ерекше қиындықтар туғызады және

арнайы газет пен жастар баспасөзінің публицистикалық стилін құруда жүзеге асырылады. Газет-публицистикалық стилі бүгінде жана лингвистикалық құбылыстарға тез әсер ететін және тілді қолданудың әсерлі көрінісін беретін тілді қолдану саласы ретінде қарастырылады.

Неологизмдерді коммуникативті-прагматикалық аспектіде зерттеу, әрине, тіл жүйесінде жаңа лексикалық элементтердің пайда болу және жасалу жолдарын мұқият талдауды қамтиды. Осы мақалада қарастырылған неологизмдер қазіргі жастар сленгінің белгілі бір бағыттарының динамикасымен тікелей байланысты, оны құраушылардың әр түрлі жастағы және әлеуметтік топ мүшелерінің ашықтығына қарамастан, тек ана тілінде сөйлейтіндердің әлеуметтік тобының бір-бірімен сөйлесу кезінде қолданылады. Бүгінгі таңда жастар тобын қазіргі заманғы тіл жүйесін жетекші лексиканы толықтыру аспектісі бойынша көптеген сарапшылар мойындайды. Жастар бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген бүгінгі таңдағы «сән» болып табылатын сөздерді кездестіруге болады. Олар дәстүрлі сөйлеу стандарттарын алмастырудың бір түрі болып табылады. Басқаша айтқанда, олар оны қол жетімді, қарапайым, қысқа және мақсатты аудиторияға сәйкес етеді. Неліктен бұл өскелең ұрпақ үшін үлкен қызығушылық тудырады? Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, оның қол жетімділігі, ыңғайлылығы, қарапайымдылығы және икемділігі. Қазіргі ағылшын тілінде жүргізілетін жастар баспасөзінде неологизмдердің пайда болуына себеп болатын ең көп таралған экстралингвистикалық белгілер-бұл осы жас тобына тән қарым-қатынастың бейресми, табиғи сенімділігі. Көрсетілген уақыт сегментін таңдауды біз ақпараттық технологиялар саласындағы үлкен серпіліспен, әртүрлі тарихи және геосаяси оқиғалармен ерекшеленетін кезеңнің ерекше байлығымен, жаһандандудың қуатты процестерімен және мәдениетаралық коммуникациямен анықтаймыз. Неологизмдердің пайда болуы, әсіресе олардың өмір сүруінің бастапқы кезеңінде, олардың қолданылу аясымен, тілді сақтау тенденциялары мен даму тенденциялары сияқты тенденциялардың пайда болуымен анықталады. Неологияның қарастырылған ғылыми бағыттарын зерттеу барысында қазіргі тіліміздің жаңа лексикасының көптеген түсіндірмелері мен жіктелімдері анықталды.

1) нақты неологизмдер (форманың жаңалығы мазмұн жаңалығымен үйлеседі);

2) трансноминация (сөздің формалық жаңалығы бұрын басқа формамен берілген мағынамен үйлеседі);

3) семантикалық неологизмдер (рефрам) (жаңа мағына тілде бұрыннан бар формамен көрсетіледі).

Тілдік неологизмдердің бұл жіктелуі, біздің ойымызша, олардың прагматикалық әлеуетімен анықталады. Неологизмдердің бұл теориялық түсінігі, олардың тілдегі қызмет етуінің себептері мен заңдылықтарын түсіну, тіл дамуының әр кезеңіндегі олардың мәртебесі мен прагматикалық негізділігін анықтау, әрине, лексикалық бірліктерді жіктеу және жүйелеу аспектілерінде кездесетін практикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді..

Қазақ тілі, басқа тілдер сияқты, үнемі өзгеріп отырады және даму үстінде. Лексика тілдің жылжымалы қабаты ретінде сөйлеушінің өмірінің әлеуметтік, мәдени және басқа салаларындағы өзгерістерге ең сезімтал болып келеді, өйткені дәл осы сөз «өмір айнасы» болып табылады. Екінші жағынан, қазіргі тіл біліміне сөзжасамның әр түрлі аспектілеріне деген қызығушылық артып отыр, өйткені бұл сөз тілдің орталық бірлігі болып саналады. Сөздің лексикалық бірлік ретіндегі ішкі қасиеттері тілдің басқа элементтерінің қасиеттерімен араласады. Бұл өзара әрекеттесу тұтастай алғанда тіл жүйесінің жұмысының негізі болады. Жаңадан пайда болған сөздердің қазіргі семантикалық зерттеулерінде көбінесе туынды сөздердің сөйлеуде қалай жұмыс істейтінін түсінуге және сәйкесінше сөздің жаңа семантикасының қалыптасу механизмін жақсырақ түсінуге деген ұмтылыстан туындайтын тіл жүйесінің бірлігі ретінде сөзден асып кету үрдісі байқалады. Журналистік дискурсты зерттеуге коммуникативті-прагматикалық көзқарас тіл мен оны журналистік мәтін шеңберінде қолдану жағдайлары арасындағы байланысты егжей-тегжейлі қарастыруға, тілдік жүйенің барлық компоненттерін, оның ішінде қарым-қатынас жағдайын құрудың лексикалық құралдарын ашуға мүмкіндік береді. Технологиялық инновацияларға және қоғамдық және лингвистикалық сананың өзгеруіне ең сезімтал ортаның бірі ретінде жастардың медиа тілі журналистерді ең «ыстық материалмен» қамтамасыз етеді, тиісті лингвистикалық процестерді анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бектұров Ш. К., Қазақ тілі Алматы «Атамұра» 2006
2 Алдашева А. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар. Автореферат, ф.ғ.к., Алматы-1992.

- 3 Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ, Қазіргі қазақ тілі, Алматы- 1975.
- 4 Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы, Алматы- 1979.
- 5 Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер, Алматы- 1971
- 6 Ожегов С.И. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі - М.: Рус. Яз., 1990. - 921 с.
- 7 Мкртчян Т.Ю. К вопросу о способах образования новейших неологизмов в английском языке // Филология ғылымы журналы. Теория және практика мәселелері.-2017.- №9 (75): в 2-х ч. Ч. 1. С. 140-142
- 8 Сенько Е.В. Теоретические основы неологии. Владикавказ. 2001. С. 16
- 9 Шалина Л.В. К вопросу о сущности неологизма в современной лингвистике // В. Г. Белинский атындағы Пенза мемлекеттік педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2007. – С.73 -77 [Электрондық ресурс].
- 10 Чугунова С.А. Неологизмы как достояние индивида (на материале англоязычных неологизмов из сферы моды) // Вопросы психолонгвистики. – 2019 [Электрондық ресурс]: URL:https://cyberleninka.ru/article/n/neologizimy-kak-dostoyanie-individa-na-materiale-angloyazychnyhneologizmov-iz-sfery-mody
- 11 Мельник Ю.А., Штехман Е.А. К вопросу о статусе неологизма в современной лингвистике // Журнал Современные проблемы науки и образования. – 2015. - №2 (1 бөлім) [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=21100 (дата обращения: 06.11.2020)
- 12 Тогоева С.И. Психолонгвистические проблемы неологии: дис...д-ра фил. наук. Теория языка, Тверь, 2000. - 251 с. [Электрондық ресурс]: URL:https://www.dissercat.com/content/psikholingvisticheskie-problemy-neologii
- 13 Библиография: Оксфордский толковый словарь по психологии / Под ред. А. Ребера. – М.: Вече, АСТ, 2002.

ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕР

БАЙЖАНОВА А. С.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ертегілердің бір түрі – қиял-ғажайып ертегілер, қазақ ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі. Оның шығу мезгілі алғашқы қауымдық қоғам кезіне жатқызылады. Сондықтан ертегінің бұл түрінде адамзаттың ертедегі өмірінің көптеген белгілері сақталса керек. Мысалы, мариархат заманына тән аналық ру мен көптеген әдет-ғұрыптарының көріністері (дуальдық ұйым аналық мекен, аналық неке т.т), ерте заманғы анимизм, тотемизм, магия сияқты діни нанымдар мен сенімдер. Бірақ көне дәуірдің бұл көріністерін кейінгі замандарда халық тек қиял ғана деп түсінген. Сол себепті де ертекілер әңгімесін «ерте уақытта болған», – деп ескертеді. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері жанрлық жағынан біркелкі емес, оның құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым әңгімелер, батырлық ертегілер кезеседі. Демек, ертегінің бұл түрі жанр жағынан синкретті.

Қиял-ғажайып ертегінің ішіндегі қазақ халқы айтатын көне түрлеріне, ең ескілері – аңшы, мергендер жайындағы ертегілерге, мысал ретінде «Еділ-Жайық», «Құламерген», «Жерден шыққан Желім батыр», «Аламан мен Жоламан» сияқты ертегілерді келтіреді.

М. Әуезов қиял ертегілеріндегі қиял тудырған персонаждарды мән беріп зерттеген. «Қазақ айтатын қиял ертегісінде адамзаттан мерген араласса, немесе ғажайып жар «ай десе аузы, күн десе көзі бар» күн астында Күнікей сұлу, не алтын шашты қыз араласса, солармен қатар жалмауыз қазық аяқ, қарға тұмсық кемпір, жезтырнақ, жалғыз көзді, жеті басты жалмауыз, неше алуан алып араласады», – дейді.

Бұдан хикая жанры ертегіге негіз болып, кіріккенін көреміз. Алғашқы қауымдағы мифтік ұғымдар туғызған жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, албасты тәрізді небір ғаламат мақұлықтар бұрынғы аңшылар әңгімесіне кірігіп, хикая туғызады. Хикая жанры мифтің өзімен бірге де ертегіге айналады.

Қазақ халқының «Қиял-ғажайып ертегілерінің» - кейіпкерлері әр алуан ғаламаттар болып келеді. Олар: жеті басты жалмауыз, жалғыз көзді жалмауыз (ежелгі грек мифтеріндегі циклоп тәрізді), жалмауыз кемпір (орыстың баба-яғасының сыңары), мыстан кемпір (оны қазық аяқ қарға тұмсық деп те атайды), айдаһар т.б. Сұлу қыз болып құбылып келетін жезтырнақ пен жын да жиі ұшырасады.

Ертегілерде адам баласына қас, бұл күштерге қарсы солар сияқты қиял-ғажайып кереметтер алысады. Олар: самұрық құс, жылан-патша, пері, ұшқыш кілем т.б.

Анимизм қалдықтары, яғни кез келген құбылыстың жаны бар деп түсінушілік қиял-ғажайып ертегілердің бәрінде де ұшырасады. Қиял-ғажайып ертегілерден ежелгі адамдардың космогониялық ұғым-нағымдарын ғана танып қоймаймыз, сонымен бірге мал баққан тайпа өмірінің экономикалық тұрмысын, тіпті көптеген ертегі кейіпкерлерінің әлеуметтік негізін аңдататын ишараны да табамыз. Мәселен, қазақ ертегілеріндегі жалмауыз ұлан-байтақ жердің, мыңғырған малдың иесі болса, ал онымен сайысып, оның тізесін бүктіріп, жоқтауын асырып жүретін батыр, әділет іздеген ер жүрек жалмауыздан зәбір-жапа шеккен елдер мен жұрттардың қамқоршысы болып келеді. «Алты айшылық жолды алты аттайтын» керемет тұлпар ат – қазақ ертегілеріндегі батырдың айнымас серігі. Сонымен бірге одан шетсіз-шексіз сахараны, құлазыған даланы жайлаған халықтың арманы, яғни ұшқыш кілем көксеген тәрізді арманы да көрінеді. Қай-қай ертегі де осындай тұлпар ат батырдың ең жақын, айнымас серігі болып келетіні де осыдан [1].

Айтылмыш жанрдың сюжетіне, поэтикасы мен құрылысына батырлық жыр үлкен ықпал еткен. Көптеген қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік желісінде батырлар жырындағыдай тұрақты прологтар мен эпилогтар бар. Әдетте, сюжеттің прологында ертегі қаһармандарының көрі ата-анасы мен оның тууы туралы баяндалады: қартайғанша перзент көрмей, құбас аталған кемпір мен шал құдайдан бала сұрап, әулие-әмбиедердің басына түнеп, жалбарынады. Кемпір-шалдың тілегі қабыл болып, бір бала туады. Ол – ертегінің бас кейіпкері, батыр, ер-жүрек жауынгер. Ал, бас қаһарман туралы әңгіме біткен соң негізгі сюжетке жалғасатын эпилогта кейіпкер мен оның жанындағылардың әрі қарайғы тағдыры сөз етіледі. Эпилогтағы бас кейіпкер, көп жағдайда, негізгі сюжеттегі қаһарманның баласы, немесе інісі болып келеді. Ол ендігі жерде ағасы, не әкесі бастап, үлгіре алмай кеткен істі тындыруғы тиіс.

Сөз болып отырған ертегілердің бас қаһарманы, эстетикалық мұраты – халық идеалы. Ертегі тек халық мұратын мадақтайды. Қазақ ертегілерінің бас қаһармандары - аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша және басқа әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі. Бұлардың бәрі халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер, яғни идеал – тарихи құбылыс. Ертеде, ол табиғаттың дүлей күштімен алысып, күнделікті өмір үшін аң-хайуанаттармен күрескен кезде,

халықтың арманы, идеалы – соларды жеңетін балуан, күшті батыр, мерген болды. Ертегіде ол – неше түрлі ғажайып тажалдармен соғысып, жеңіп шығатын аңшы-мерген.

Қазақ және түрік халықтарының фольклорында ат – поэтикалық тұлға. Батырлық, қиял-ғажайып ертегілер мен эпос қаһармандарының ең сенімді серіктері – осындай ғажайып аттар болып келеді. Сондықтан да прозамен баяндалатын жануарлар жайындағы ертегілерде ат образы көп қолданылмайды [2].

Кейінгі дәуірде, адамзат рулық қоғамға көшкенде халықтың идеалы өз руын бөтен елден, шапқыншы жаудан қорғайтын жауынгер батыр болды. Бұл бейне қазақ ертегілернің біразында кездеседі. Рулық қоғам ыдырай бастағанда – идеал басқа. Енді ол – кенже бала. Біздің көп ертегілерімізде бас кейіпкер осы кенже бала болып келеді. Қоғамда әлеуметтік теңсіздік шарықтау шегіне жеткен кезде ертегі идеал етіп, мадақтайтын бейне – әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі, жәбірленуші, жапа шегуші. Бұл кезде қиял-ғажайып ертегілер өмірге тікелей жақындап, толық бұқараланады, бұқара арманын дәріптеп, халық мұратын эстетикалық мұратқа айналдырады.

Айтылмыш жанрдағы басты тақырып – сиқырлы заттардың көмегімен бас қаһарманның небір ғажайыптар мен қыруар қиындықтарды жеңіп, мұратына жетуі. Мұның үстіне үнемі әділеттік жеңіп, зұлымдық әшкереленіп отырады. Ертегілердің бұл түрінде дәстүрлі идеялардың комплексі оның композициясымен, сюжеттік желілерімен және қаһармандардың айқын анықталған идеясымен біте қайнасып кеткен. Бұл қатаң бірліктен сәл ауытқу қиял-ғажайып ертегісінің мүлдем бөтен түрін туғызады. Егер қаһарман барлық күшін сарқа пайдаланып, небір қиындықтарды жеңіп шықса, ол батыр атағына ие болады да, мұндай қаһарманы бар ертегі өзіндік ерекшелігімен дараланатын, батырлық ертегілер деп аталады. Екінші жағынан, дәстүрлі композициядан ауытқу қиял-ғажайып ертегілеріне жақын әрі біршама бөтен идеялармен байланыстырылады.

Қиял-ғажайып ертегілердің классикалық типі қаһарманды басқа дүниеге аттандыру, ғажайып құралдарды табу, қиын тапсырмаларды орындау, құда түсу, жауыз күштерден құтылу сияқты композициялық бөлшектерді қамтиды. Ол көбінесе қаһарманның үйленуімен және таққа отыруымен аяқталады. Ертегілердің классикалық түрі шығыс пен батыс халықтарына кең таралған. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері ерекше дара тұрған дүниелер емес, оның көптеген сюжеттері дүниежүзіне белгілі ертегілердің варианттары болып келеді.

«Ер Төстік» ертегісі қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің бірі. Бұл ертегіден біз ата-бабаларымыздың тұрмысы мен тіршілігінен, дүниетанымы мен арман-мұраттарынан сыр шертетін халық туындысы екенін көреміз. Ертегі мазмұнында төтемдік, дуалистік, магиялық ұғымдар мен наным-сенімдер орын алған.

Ертегі туралы М. Ғабдуллин төмендегідей пікір айтады: «Ер Төстік» – еңбек адамының ғажайып жағдайларда жасаған ерлік істерін суреттеуге құрылған ертегі. Оны бұл ретте батырлық ертегі деуге болады. Ертегінің оқиғасы тұрмыс-салт әңгімелерінен басталып, дами береді де, халық қиялынан туған сан алуан ғажайып оқиғаларды тізбектеп баяндайды. Бір оқиғадан екіншісі туып, олар бір-бірімен тығыз байланысып жатады [3].

Ә. Марғұлан «Ер Төстік» ертегісі жайлы зерттеу мақаласында төмендегідей пайымдаулар айтады: «... «Ер Төстік» – ескі дәуірде шыққан бақташылық жырдың ерекше түрі. «Ер Төстік» – тарихи дәуірден қалған әңгіме, ерлік жыры. Онда кездесетін жер аттары да сондай-ақ ескі, алғашқы қоғам дәуірін көз алдымызға келтіреді. Бұл жырлар ғасырлар бойы талай өзгеріске түсіп, бұрынғы ерлік жыр қалпынан шығып, бергі кезде ертегі түрге айналған» [4].

«Ер Төстік» әңгімесі жоғарыда айтқандай, қазақ елінде айтылатын ең ескі әңгіме. Ол ең мағыналы, ең сұлу жыр. Демек, мұнда бір жағынан фантазия күшті болса, екінші жағынан, көрі заманның мифі. Кең сахарда бақташылық тұрмыспен күнелткен тайпалардың жүйрік қиялы «Ер Төстік» жырын өте әдемі суреттеген. Бұл сияқты ғажайып миф ескі шумерлерде, гректерде көп болған. Жер астында Ер Төстікке ерген алыптар ескі гректің «Илиада», «Одиссеясында» айтылатын алыптармен бірдей. Ер Төстіктің өзі де Одиссея сияқты ұлы батыр. Одиссея Троя қаласын бұзып, кемесіне отырып еліне қайтқанда, жолда сұрапыл қара дауыл соғып, Одиссейдің кемесін толқын айдап, жалғыз көзді дәу-Полифемнің ордасына алып келеді. «Ер Төстік» жырында Ер Төстік жалмауыз кемпірден егеуін алып, Шалқұйрықпен жосытып келе жатқанда, жер қақ айырылып, жер астындағы жылан патшасының қолына барып түседі. Мұндағы айырма – Одиссей теңіз стихиясында кемемен жүзсе, Ер Төстік даланың жүйрігіне мініп, сары даланың құба жонымен жортады. Одиссейдің кемесін Полифем (жалғыз көзді дәу) жүргізбей дауыл соқтыра бергенде, Одиссей жел тәңірісі Ауелден бір көрік жел алып, теңізге тыныштық орнатады. Ер Төстік жер үстіндегі дәумен алысқанда, жел соқтыратын алып қара құс оған бір тал қанатын беріп: қиындық көрсен, осы қанатты тұтат, сонда саған болысуға

брамын дейді. Ер Төстіктің қасындағы тауды тауға соғатын, көлдің суын бір-ақ ұрттайтын жайын алыптары гректің Тезей, Зевс, Уран сияқты алыптарымен бірдей. Уран теңіз дәуі Кронспен соғысса, «Ер Төстіктегі» жайын алып теңіз түбінде жататын Долман алыппен алысады. Зевс жұртқа тыныштық бермейтін дәулерді құрту үшін Олимп тауына жұртты шақырып, жаумен соғысады. Соғыста Зевс Олимп тауының басына шығып, барлық дәуді жеңіп, олардың сүйегін отқа өртейді. Ер Төстік жалмауыз кемпірден туған Шойынқұлақ дәуді шапан түзде жеңіп, оның бесікте қалған баласын теңізге тастайды. Осы сияқты ұқсастыққа қарағанда, «Ер Төстік» – грек мифтері сияқты ең ескі заманның жыры. Оның үстіне, бір сатыдағы тұрмыс бірыңғай салт-сана туғызатын болғандықтан, ескі грек дәуіріндегі (арғы заманның IX-VII ғғ.), қоғамының ой-өрісі ғұн, үйсін, қаңлы, қыпшақ кезіндегі салт-санамен ұқсас болғанын көрсетеді.

«Ер Төстік» бір кезде көлемді ұзақ әңгіме болған. Ол сол қалпында осы күнге дейін қырғыз халқының «Манас» жырының бір бөлімі болып айтылады. «Ер Төстікті» бұрын бір күн, бір түн айтып, бітіре алмайтын деседі. «Ер Төстік» әңгімесінің Баянаула мен Ерейменде жырмен айтылатын варианттары бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тілеужанов М. Ел әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 143 б.
- 2 Кемелева С. Қазақ және түркі тілдеріндегі хайуанаттар жайлы ертегілердің типологиясы мен бас кейіпкерлері // Қ.Р. ұлттық академияның хабарлары. – 2007. – № 5. – Б. 83-85.
- 3 Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1974. – 306 б.
- 4 Марғұлан Ә. Шығармалары. – Алматы: Алатау, 2007. – Т. 1. – 608 б.

СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТ РУХАНИЯТЫ



БАЛАБАЕВА Г. С.

әдіскер, «Академик Қ. И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі» КМҚК

Қ. И.Сәтбаев жайлы әңгіме бастағанда, Ұлы тұлғаның еңбектерін тек инженерлік ғылымдар аясында, оның ішінде Геология ғылымдары аясында ғана қарап қою қателік болар еді.

Қаныш Сәтбаевты оқып тани келе, біздің түсінгеніміз, ХХ ғасырдың бел ортасында Ұлттық ғылым ғана емес, жалпы Ұлт руханиятының көшбасында Қаныш Сәтбаев тұрғанын білдік. Өнер мен ғылымның Ұлт мәдениетінің қай саласы болмасын Қаныш Сәтбаев қамқорлық қолын созып араласпаған сала жоқ екен.

Қазақ әдебиетінің қайнаған ортасы, өнер ұжымдарының құрылып, қалыптасуы, дәстүрлі музыкамыздың дамып өркен жаюы, зерттеліп жиналуы, ұлт жастарын мейілінше жоғары білімге көптеп тартумидеясы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану, тарих пен этнография ғылымдарының дамып жетілуі, тағы басқа салаларда Қаныш сәтбаевтың ізі сайрап жатыр.

Егер Ұлт руханиятының бел алып, өркен жайып, ғылыми тұрғыда зерттеле бастауын ХХ ғасырдың басынан бастап кезеңге бөліп қарайтын болсақ, үлкен – үлкен екі кезеңді қарайтын едік.

Бірінші – Алаш арыстары кезеңі, Оның көшбасында Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы тұр.

Екіншісі – Қаныш Сәтбаев кезеңі. Мұның көшбасында айтып тұрғандан Қаныш Сәтбаев тұр. Ғылымға сусап, білімге ынтыққан ХХ ғасырдың басы мен сол ғылымы мен білімі қыспаққа түсіп, құрдымға итеріле бастаған тұстарда тарих сахнасына ұлтының жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған және сол ұлтқа жандарын пиде етіп адал қызмет еткен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстары мен Қаныш Сәтбаев бастаған ғалымдар шоғыры шыға келді.

Қаныш Сәтбаев - бала кезінен Жаяу-Мұса, Жарылғапберді, Естай секілді үлкенәншілердің ортасынкөрген адам. Өзі әсіресе Жаяу Мұсаны өте жақсы көрген. Семейде, Томскіде оқыған жылдарында жазғы демалысқа келгенінде, ең алдымен Жаяу Мұсаға сәлем беруді өзіне парыз санаған. Жаяу Мұсада Қанышты қатты қадірлеген. Газет оқып отыратын, әлемдік саясаттан хабары бар әнші оқыған Қаныштан «Не білгенің бар? Патшаның қалы қалай болып тұр?» - деп скрап отырады екен. Екеуі солай саясат туралы да әңгімелесетін көрінеді. Сол сапарында Жаяу Мұса Қанышқа ешкімге қимаған, қолқалап сұрағандарға бермеген көк қаршығасын сыйлапты. Бірақ Қаныш әншіні қаршығасынан айырмайын деген ниетпен: «Одан да жаз ортасына қарай біздің елге өзіңіз келіңіз. Қаршығаңыздың өнерін бірігіп көрейік», - дейді. Алайда саятқа бірге шығу бұйырмай, 1916 жылдың аласапыраны басталып кетеді. Сәлем бере барған сондай сапарларында Қаныш Жаяу-Мұсаның әндерін өзінен үйренген екен. Кейін, 1941 жылдары Жаяу Мұсаның артында қалған жазған-сызғандарын мұрағатқа өткіздірген де – Қаныш. Александр Затаевичке Жаяу Мұсаның көп орындала бермейтін «Башқұлбай» деген әнін нотаға түсірткен. Қаныш сонымен қатар Майра Уәлиқызы, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Абайдың әнші Әлмағамбеті, семейлік Уәйіс сияқты заманының озық әншілерінің барлығының көзін көріп, әндерін тындаған. Сол замандарда ағайында Сапарбек, Балабек деген әншілер болған. Олар туралы Қаныш «баянауылда Әміреге серік болатын Сапарбек деген әнші бар» деп жазған екен. 1920 жылы Қызылордада ұлт театры ашылғанда, осы мақаланы оқыған театр ұйымдастырушылары Сапарбек әншіге хабар жіберіп, шақыртқан көрінеді. Қазақта алғаш скрипканы тартқан адам Жаяу Мұса болса, гитарада ойнаған – Қаныш Сәтбаев. Қанекен мандолин аспабында да шебер ойнаған деседі. Әбікей Сәтбаев Семей педагогикалық техникумын басқарып тұрғанда, сонда үлкен сауық кештерін ұйымдастырады. Ондай кештерде небір талантты әншілер бас қосады. Сәтбаевтар әулеті ұйымдастыратын осындай кештерде әндердің тарихы, орындалу мәнері әңгіме болатын көрінеді. Қаныштың Әбдікәрім атты ағасы скрипкада ойнасы, Бөкеш деген талантты ағасы домбырашы екен. Бөкештің Қарашаңырақ атты құсы болыпты. Ол – бір күнде жеті қоян алған, аты аңызға айналған қаршыға. Бір әулеттің осындай талантты төрт азаматынан көзі тірі Қанекен ғана қалады.

Қаныш Сәтбаев қазақтың небір керемет әндерін жатқа білген. А.Затаевич «Қазақтың 500 әні» атты кітабында: «Қаныш Сәтбаев –

Томск технологиялық институтынан білім алған жас қазақ инженері. Бұл жинаққа әуен мен саз саласында бірсыпыра өте бағалы хабарлама жасап қана қоймай, сонымен бірге ән мәтіндерін беріп олардың орысша аудармасын жасаған тамаша білгір де, Баянауыл әндерінің жақсы орындаушысы», - деп жазған. Қаныш Сәтбаевтың ең жақсы көретін әрі сүйіп орындайтын әні «Бүркітбай» екен. «Бүркітбай – әкем аты, ағам Омар» деп басталатын ол ән Мұстафа деген әншінің жалғыз әні көрінеді. Елге соңғы рет барған сапарында Қанекен ағайын-туысқандарын аралап, әкесі мен анасына, ата-бабаларына құран оқытқан. Қаныштың келгенін естіп, Сәтбайдың, ағаларының көзін көрген түгел жиналыпты. Айналасына жиылған жұрт қолқалап, ғалымнан ән айтуын сұрапты. Қанекен сол кезде осы «Бүркітбайды» орындап беріпті. Бұл Қаныштың елімен қоштасу әні секілді халық есінде қалыпты. Ауруының беті жаман екенін, еліне енді қайтып келе алмасын ғалым да сезсе керек.

Кенесары ханның әскерінде болған атақты Басықараның Қанапия деген баласы болған. Сол «Қанапия» атты әнін, Ақан серінің «Алтыбасарын» Қанекен керемет орындаған деген деректер бар. Абайдың «Көзімнің қарасы», Біржан салдың «Сырғақтысы», Жарылғапбердінің «Топайкөгі», «Баянауыл» деген халық әнін де нақышына келтіре шырқаған. Осындай тамаша әндердің тамаша орындаушысы бола тұра, Қ.Сәтбаев А.Затаевичке халық біле бермейтін, ұмытылып бара жатқан әндерді жаздыртқан екен. Онысы сирек орындалып жүрген әндерге қамқорлығы болса керек. Заманының ұлы әншілері Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Майра Уәлиқызы А.Затаевичке 10 әннен артық жаздырып бере алмаған. Ал Қанекен 25 ән жаздырған. Ол жаздырған әндердің арасында «Құбажорға», «Бибігүл», «Ал шіркін», «Сұңқарым-ай», «Қожабек сал», «Әмірдің әні», «Қоғалы көл», «Әлди бөпем», «Обаған», «Шөженің әні» деген жұрт біле бермейтін әндер бар. Әлібек батырдың әкесі Зілғараның қартайған шағында шығарған «Зілғараның әні» деген әні, көзі көрмейтін әнші әйелдің «Соқыр Ажардың әні» деген әндерді де жаздырған. Біз білетін әндерден Ақан серінің «Мақпалы» мен Естайдың «Қорланын» нотаға түсірткен. Қаныш бұл әндерді нотаға түсіртіп қана қоймай, А.Затаевичке әндердің тарихын айтып, мағынасын аударып та берген.

Қаныш халық музыкасына өте жақын жан болған. Қаныштың әнін тыңдаған бір атақты адам: «Қаныш, сіз кен саласында геолог болмай-ақ, әншілікке бет бұрсаңыз, керемет әнші боласыз ғой», - дегенінде, Қаныш: «Әншіліктен де үлкен жұмыстар бар ғой», - деген

екен. Расымен, Қаныш әншілік саласында білім алғанында, үлкен әнші болар ма еді?! Бірақ ол қазаққа әншіден гөрі геолог қажет екенін көрегендікпен білген. Шынында да, Қазақстан әлі күнге дейін Қаныш көрсетіп кеткен қазба байлықты ғана шетелге шығарып жатыр. Тіпті «Егер Қаныш осы заманда тұмағанда, әлемдегі ең бай адамдардың бірі болар еді» деген қызық пікір де бар.

1915 жылы қазақ зиялылары Семейде алыпсатарлардың клубын алып, «Біржан – Сара» қойылымын қояды. Сара болып Тұрар Қозыбағарова деген әйел ойнаған да, Біржанның рөлін Жүсіпбек Аймауытов сахнаға алып шыққан. Сонда Қаныш көпшілік сахнада жүрген. Үстіне сауыт-сайман киіп, батырдың рөлінде ойнаған деседі. Сонымен қатар Қаныш өлеңді керемет оқитын болған. М.Лермонтовтың ұзақ өлеңдерін де жатқа оқыпты. Жады мықты болса керек.

Сонау 1932 жылдарындағы ашаршылық кезінде Қанекен Қарсақбайда қызметте болатын. Сол жақта жүріп түс көріпті. Түсінде ағасының Қарашаңырақ атты қаршығасы өмірден өтіп кеткен ата-бабаларының көзін шоқып жатса керек. Көп кешікпей елдегі жағдайдың ауырлығы жөнінде түспалмен жазылған хат алады. Көктем шыққанын күтіп барып жолға шыққан Қаныш азық-түлік алып келгенше, Сәтбай әулетінің үштен бірі ашаршылықтан қырылып қалыпты. Өзімен бірге әкелген азық-түлігін елге таратқан Қаныш, ең болмағанда, балаларды құтқарып қалмақ ниетпен 10 баланы өзімен бірге алып кетеді. Балалардың барлығы шалажансар өлім хәлінде жатыр екен. Жолда бір-екі бала жан тапсырады. Қалған балаларды орыс ұлтынан алған әйелінің қарсылығына қарамастан, үйіне апарып асырайды, оқытады. Қаныш құтқарған сол балалардың бірі – «Алтын адамды» тапқан археолог Кемел Ақышев. Халықтың сүйіктісіне айналған тұлғаның халыққа беймәлім адамгершілік бір қыры осы болса керек.

Академик Қ.И.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі КМҚК биылғы жылы Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойы аясында өткізілетін іс-шаралардың алғашқысын «Сәтбаев және Ұлт Руханияты» атты жас ақындардың туындыларынан облыстық көркем сөз оқу байқауымен бастау алды. Байқау сай ереже бекітіліп, өңіріміздің төрт ауданынан 12 жас ақындар қатысып, бақтарын сынады. Ереженің негізгі мақсаты – Қаныш Сәтбаевтың қазақ мәдениеті, әдебиеті, өнеріне қосқан үлесін жырмен өрнектеп, ортаға жария ету болатын. Жас ерекшеліктеріне келетін болсақ, 35 – жасқа дейінгі жастар қатысты. Жүлделі орын алғандарға дипломдар

мен сыйлықтар табысталды. Қатысқан барлық қатысушыларға алғысхаттар мен естелік сыйлықтар берілді.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Сәтбаевтану ғылымы – тармақты ғылым, сендер көркем санамызды, әдебиеттану ғылымын ілгері бастырмаққа талаптансаңдар, өз ізденістерінде Сәтбаевтың әдебиет және әдебиеттану саласындағы мұрасын айналып өте алмайсыңдар. Қаныш Сәтбаевтың шалқар шығармашылығы – таусылмас қазына», деген екен.

Олай болса, биылғы жыл Қаныш Сәтбаевтың шалқар шығармашылығына шолу жасайық жастар!

Ұлыларды ұлықтаудан еш жалықпайық!

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

БЕГАЛИНОВА А. Е., АХМЕТЖАНОВА А. М.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Мұхтар Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Тәуелсіз қазақ жері Елбасының халқына жолдауында «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезім мен өз еліне деген сүйіспеншілігін, адамгершілік сезімдерін дамытуға тиіспіз», - деп атап көрсеткен болатын. Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт – бағдар сілтеген, сөйтіп, сол ұлттың, халықтың тарихында есімдері ерекше аталатын зор тұлғалар болатыны айқын. Есімдері мен еңбегі баршаға қымбатты, халқымыздың тұңғыш энциклопедист-ғалымы Шоқан Уәлиханов, ұлы кемеңгер ақын Абай Құнанбаев осындай жұлдызды есімдер. Аталған екі ұлы есімді өзінің халқы үшін кешкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істерімен бір – біріне жалғастырып тұрған сахараның және бір данышпан перзенті бар, ол – тұңғыш ағартушы, педагог – жазушы Ыбырай Алтынсарин [1, 12 б.].

Ыбырай атамыздың тынымсыз қажырлы еңбегі, күресі арқасында 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен – балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілді. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған жас ағартушының осы жолдағы алғашқы жеңісі, ал қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік маңызды тарихи оқиға болатын. Сондықтан да болар, Ыбырай Алтынсарин бұл қуанышын (дұрысы жеңісін) Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылы (яғни 1864

жылы) январьдың сегізі күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған он төрт қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар», - деп айрықша мақтаныш сезіммен жазды [3, 45 б.].

Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогтық мақсатына лайықты жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай - ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Олар жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата – ананы қадірлеу, өнер – білімді байлық – дәулеттен жоғары қою тағы басқалар. Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» – «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер – білімі бар жұртқа» - терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес [4, 58 б.].

Ыбырай өлеңдерінде алдымен сауат ашу, оқыту мәселесін бірінші орынға қояды, баланы оқыту барысында тәрбиелеу керектігін түсіндіреді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай – қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды. «Сауатсыз адам саясаттан тыс тұрады, оған ең алдымен әліппені үйрету керек».

Баланы жан – жақты түсінігі бар, айтқанды тез ұғатын, қабілеті күшті азамат етіп шығару үшін, алдымен оқыту керек. Ол сонда ғана тәртіпке түсінетін, оған мойын ұсынатын саналы азамат болып қалыптасады. Оқудың пайдасы, оқу арқылы баланың көп нәрсеге жетілетіні жайында Ыбырай шығармаларында аз айтылмаған. Оқыған, мәдениетті азаматтың өмір сүруі де, еңбектенуі де анағұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді.3 – сыныпта оқылатын «Өнер – білім бар жұрттар» деген өлеңінде өнер – білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті ұлы орыс халқының қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі - өнеге алуға шақырады [2, 8 б.].

Ғылым адамды әр түрлі апаттан алып шығады, құтқарады. Сауатсыз, қараңғы адам жаратылыстың тілсіз сұрапылының құрбаны бола бермек, оған қарсы күресуге дәрменсіз. Мұндай

дәрменсіздіктен арылу үшін, ғылым, тағылым табыстарын тез игеріп, орыс халқының ілімінен, мәдениетінен үздіксіз үйрене беру керек деп жар салды. Өзінің жас шәкірттеріне ғылым табыстарын мақтан ете жырлады. Білім мен техниканы өз шығармаларының арқауы етіп, әр түрлі жолдармен әрқашан ұқтырып отырды. Ғылым, өнер, техника жайларын сөз еткенде, Ыбырай балалардың ұғымындағы түсініктерден алыс кетпейтін, өздерінің күнделікті естіп, айтып жүрген сөздері арқылы беруге ұмтылады [5, 21 б.].

Бала тәрбиелеуде Ыбырай Алтынсарин ананың рөліне ерекше маңыз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені, бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған.

Ата-анасын сыйламайтын бала ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайды қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ. Сондықтан ана қадірін түсіне білу керек дейтін жалпы халықтық қағиданы әрқашан баланың зердесіне салып отыру - әрбір тәрбиешінің борышты міндеті дегенді Ыбырай Алтынсарин көп ескерткен.

Ана тілі адам тану құралы дейміз ғой, Ыбырай Алтынсарин ана құдыретін, ана бейнесін жас өспірімдерге ана тілі арқылы танытып отыр. Бұл жолдар баланы ананың жан дүниесіне үнілтеді. Ананың балаға берілгендік сезімі мен оған бақыт тілеген ізгі ниеті жас өспірімдерді тебіренгіп жібереді. Оқушы қауым мұндай өлеңдерден өздерінің толғаныс – тебіреністерін, ой – қиялын табады [3, 11 б.].

Ыбырай Алтынсариннің «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері де өлке тану, айналадағы табиғат құбылысына құрметпен зер салуға бағытталған тәрбиелік орны бар, баланы әр алуан іске баулитын әсерлі шығарма. «Көл бұзылып, көк шығып, қойнын ашса, Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна», - деген шумақтар табиғат әлемінің әр алуан сұлу да көркем көріністерін көз алдыға келтіріп, көңіліңе эстетикалық әсер қалдыру арқылы өмір танытады. Табиғаттың осындай мінсіз сұлулығын адам ғана түсіне алады.

Бірінші сыныптағы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде атасы он жасар баласын жетектеп келе жатып, ұшқан құс, жүгірген аңдар тіршілігімен таныстырады, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ екенін айтады. Бәрі де тіршілік тірегі - өмір қамын жасауда. «Сәтемір хан» әңгімесінде жеті жасында жетім қалған Сәтемір деген бала ақсақ шегірткенің үйдің төбесіне шығу үшін

қаншама әрекет жасағанын көріп, өзінің жұмыссыз босқа ойнап жүргенін ақылсыздық деп табады. Артынша қалаға келіп, біреудің қолында жалшылық ете жүріп оқиды. Ақырында ірі оқымысты болып шығады. Адамның барлық қабілеті мен іскерлігі, таланты мен талабы тек еңбек арқылы ғана көрінетінін айтады [4, 85 б.].

Ыбырай Алтынсарин еңбек еткен адамдарды өмір тәжірибесі мол, қандай жұмысқа болса да икемі бар, өздері кішіпейіл, мейірімді және ешқандай арамдық, зұлымдық істерді білмейтін, қалың бұқараның жайдары өкілі етіп көрсетеді. Ақыл да, терең ой да, оның әр нәрсеге икемділігі де, қиын – қыстау кезеңде жол тапқыштығы да еңбектену арқылы жинақталған өмір тәжірибесінің жемісі екенін білдіреді.

Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Сондықтан Ыбырай өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды [4, 12 б.].

Жазушы шығармалары еңбек сүюшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып» бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес [3, 13 б.].

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді.

Бұл ел аузында ертегі жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап әңгіме етіп ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен.» – дейді.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар», - деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да тандап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап – жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады [2, 5 б.].

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

Махаббат, мейірімділік туралы, әсіресе, «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан – аяған күштірек» деген үш әңгімесін алуға болады. Махаббат, мейірімділік ата мен ананың үй ішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті туғып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді, олардың кейбіреулері өсе келе, тек «атасының баласы болмай, адам баласы» бола біледі. Тек өзіме ғана болсын деген мешандық көзқарасты аттап өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін де қол созады [5, 9 б.].

«Мейірімді бала» әңгімесінде, 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін, патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала – шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан – аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын

көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді: «Сейіт орам – ораммен жүріп бара жатқанда, бір арбалы келіп андаусыз соғып кетіп аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқан да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» деп сұрапты. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып сынықшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын», - деді. Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас алақанына салып аялап, тәлім – тәрбие беріп отырған ұлы анасы- Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы осы. Бұл әңгімені осылай түсінсек қана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз.

Балаларға арналған шығармалар ең алдымен уақиғалы, қысқа, қызықты, тартымды болуы қажет. Мейлінше түсінікті, балалардың ұғымына жеңіл, тілі жатық және әдеп - өркен, оқу, өнер адамгершілікке жетектейтін тәлім – тәрбие берерлік болуы шарт. Балаларға ешбір зорланбай, қызыға отырып оқумен қатар, көздеген нысана, ойлаған мақсат іске асуы керек. Яғни, автор әңгімесіне қандай мақсат қойса, сол балалардың ой – санасында мөңгілік қалатын болсын. Сонда ғана әңгіме өз міндетін атқармақ. Ыбырай әңгімелері осы шарттардың барлығына дәл келеді [4, 31 б.].

«Бай мен жарлы баласында» ел көшіп кетіп, ойламаған жерден жұртта ұмытылып қалған екі баланың бастарынан кешірген бір тәуліктегі оқиғаны суреттеуге арналса да, тереңірек қараған адамға автордың ой түйінінде көптеген сыр жатқандығын аңғаруға болады. Шығармасының бас кейіпкері етіп бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр. Егер оның көздегені тек Үсеннің ақылдығы, Асанның ақылсыздығы, яғни, бір жастағы балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптан шығарудың қажеті болмас еді. Жазушының бұл жерде көрсетейін дегені биологиялық, не психологиялық мәселе емес, әлеуметтік мәселе. Асанның есі дүп – дұрыс, дені сап – сау.

Бірақ, оған қарағанда Үсен көш ілгері жатыр. Өмірмен бетпе – бет келгенде Асанның әлсіз мүгедектігіне кінәлі де, Үсеннің өз құрдастарынан асып түсіп, бетпе – бет келген өмір қиыншылығымен алыса кетуіне негіз де - тұрмыс. Өз бетімен жерден еңкейіп шөп алмай өскен Асанды өскен ортасымен, ақысыз – пұлсыз асыраған тұрмыс өз бетімен күн көруге келгенде әлсіздікке, бишаралыққа ұшыратса, әкесін де, өзін де өз күші, өз еңбегімен күн көруге дағдыландырған қиыншылық тұрмыс кедей баласы Үсенді күрес ері етті [2, 89 б.].

Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай – жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында сақтауда. Өйткені, әрбір ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан, олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «Жол болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктеп, мән мағынасы мен қадір – қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай Алтынсарин дәл осындай үркердей санаулы саңлақтардың бірі. Ыбырай Алтынсарин қалдырған мәдени мұра бүгінгі өскелең оқушы қауымның қолына жеткенше талай кезеңді басынан кешірді. Бірақ ағартушы есімі қай кезде де халықтың көңілінен тыс болып көрген жоқ. Соның нәтижесінде оның жас ұрпақ, жаңа қауымға қалдырған мұрасы қандай жағдайларға душар болғанына қарамастан ескірмей, өшпей бүкіл асыл қасиеттерін өз бойында сақтап, уақыт, дәуір сынынан толық өтіп біздің бақытты заманымызға жетті.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегі, әдеби шығармаларының бірден-бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» екенін мақтанышпен айтамыз. Бастауыш сыныпта ұлы ағартушы – ұстаздың мұраларының енгізілу себебі, Ыбырай Алтынсариннің қазақ жұртшылығын қараңғы түнектен алып шығып, тұңғыш рет ана тілімізде сауаттылық жолына бастауда сан түрлі ұлттық мектептер мен гимназиялар ұйымдастырып, мектеп және мұғалімдер үшін оқулық пен әдістемелік еңбектер жазудағы ұлан – ғайыр еңбектері жоғалмақ емес. Ыбырайдың өлен, әңгімелері түгел дерлік оқушысына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, оқып отырған оқырманына үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген және ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі зор [3, 14 б.].

Мектеп бағдарламасына Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының оқушыға жеңіл, түсінікті оқушының жас ерекшелігін ескере отырып кейбір әңгіме, өлеңдері берілген. Оның

қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, ынтыға оқиды. Өзі өшсе де сөзі өшпейді дегендей, өзі жоқ болса да біз үшін оның еңбектері мәңгі өшпейтін мұра болып қалмақ. Ыбырай атамздың көркем әңгімелерін оқи отырып, мен өзімше ой түйдім. Тек қана тынымсыз еңбек пен талмас талаптын арқасында көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Күннен күнге дамып келе жатқан еліміздің экономикасына үлес қосу біздің қолымызда. Үнемшіл болып, ысырапқа жол бермей, азға қанағат етіп тіршілік етіп, еңбектің кез-келген түрін меңгерген бесаспап маман болып шықсақ, сөз жоқ, біздің еліміз міндетті түрде алдыңғы қатарда болады. Мектеп қабырғасында терең біліммен қатар, қосымша «Ыбырайтану» курсы менгерсек нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ы.Алтынсарин «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, 2003ж.
2. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
3. Ы.Алтынсарин «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы, Жалын 1991ж.
4. Ә.Сәрсенбаев «Сәулелі жұлдыз іздеген адам». «Қазақстан мұғалімі», 2001ж., №11
5. Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» жин. Алматы, Жазушы, 1988ж.

ҚЫСТЫРМА СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТӨН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

БОРАНБЕК Г. М.

педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Инновациялық Еуразия университетінің жоғары колледжі, Павлодар қ.

Қыстырма сөздер қазақ тіл біліміндегі тілдесім, айтылым, жазылым кезінде жиі кездесетін тілдік бірлік. Оның теориялық танымы туралы зерттеуші ғалымдардың пікірлері сан алуан. Олардың барлығы қыстырма бірліктерді тану барысында маңызды. Р.Сыздық, Р.Әмір, М.Балақаева, Ғ.Абуханов сынды ғалымдардың тұжырымы қазақ тіл біліміндегі қыстырма бірліктердің танымы үшін құнды.

Қыстырма сөздер мен сөйлемдер туралы профессор Р.Әмір қыстырма сөз, сөйлемдердің қызметтерінің мол екендігін айта

келіп, сөйлемдегі негізгі қызметі – кірігу амалында дегенді айтады. Олардың ойға, көзқарасқа қатынасы жағынан жасалуы жолдарын:

- 1) негізгі сөйлемге деп, дегендей, айтпақшы т.б. көмекші сөздері арқылы;
- 2) қыстырма сөйлемдердің баяндауышы ретінде –ып еді, ғой, –ған еді формалы өткен шақ етістіктер жұмсалады;
- 3) сөйлем баяндауышына айт сөзі қатысады;
- 4) «зат есім – ше» құрамда келетін құрылым;
- 5) сірә, ұмытпасам, білсем, жаңылмасам қыстырма сөз, сөйлемдер пайдаланылу арқылы
- 6) ескертіп қояйын, айтып қояйын деген қыстырмаларымен;
- 7) ауызекі тілдегі жол-жөнекей, қаға берісте, ескерте кететін ойға қосымша үстемелерімен;
- 8) сөгіс, реніш мәнді сөйлемдер қыстырма сыңарлары ретінде енгізіледі;
- 9) бастауышы зат есім, сын есім, есімдік, баяндауышы бар сөзі болып құралады;
- 10) қыстырма сұрау формалы ;
- 11) барыс септіктегі есімше мен ма, ме демеуліктерінен жасалады;
- 12) ауызекі сөйлемде зат есім – болмаса, есімше – болмаса құрамында жасалатын қыстырмалар;
- 13) - мақ, - мек формалы етістік пен түгіл демеулігі;
- 14) зат есім(етістік) демекші құрамда жасалған қыстырмалар [1, 110-112 б.].

Қыстырма сөздердің тыныс белгісін сипаттаған ғалымдардың бірі Қ. С. Ерғалиев «Қыстырма сөздердің тыныс белгісі» атты тараушасында қыстырма болатын сөздер мен сөз тіркестері анықтап беріп, сол негізде қойылатын үтірдің ерекшелігін сызбамен көрсеткен [2, 68 б.].

Қыстырма сөйлемдер туралы зерттеулер орыс тіл білімінде мол кездеседі. Орыс тіліндегі қыстырма сөздердің жасалу сипаттары қазақ тіліндегі құрылымдарға жазбаша тіл арқылы мол енді. Осы тұрғыдан тілдер арасындағы байланыс деген тұста біз лексикалық сөз ауысу, сөз ену сипаттарын ғана еске аламыз. Тілдегі өзгерістердің әсері қоғамдық жаңарулар мен өзге тілдер әсері екенін назарда ұстасак, қыстырма сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер - тіл өзгерісін айғақтайтын деректер. «Қыстырма сөздер – сөйлем мүшелерімен грамматикалық байланыс жоқ, айтылған ойға сөйлеушінің түрлі көзқарасын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері.

Қыстырма сөздер айтылуда паузамен, басынқы интонациямен, тез ырғақпен бөлінеді, жазылуда тыныс белгілермен ажыратылады» [3, 61–62 б.].

Қыстырма сөз, сөз тіркестері, сөйлемнің лексика-грамматикалық сипаттарындағы ортақтық – семантикалық мағынасының айтушы көзқарас, пікір, ойын беретіндігінде. Құрамы жағынан олар әр түрлі қалыптасқан, тілде қыстырма қалпында жұмсалатындар бар да, басқа атауыш сөздерден жасалатындары да бар. Бұлар тілдің тарихи үрдісінде кейбірі – сөз құрамымен тұтасып, бірігіп кеткен жалғаулар арқылы да жасалған. Бірақ қазіргі қазақ тілінде арасын бөлектеуде бірізділіктің жоқтығы байқалады. Бұл түрлілік қыстырмалардың өздерінің тілдік табиғатымен тікелей байланысты. Қыстырмалар табиғаты жағынан ойды білдіру мен көзқарас, пікірді айқындау реңкін үстейтіндіктен де оларды шектеу де мүмкін емес. Сондықтан да болар, жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында қыстырма сөздер беріліп, сөз тіркестері мен сөйлемдер осының аясында қарастырылып келді [4, 114-115 б.].

Автор Р. Сыздықова қыстырма сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарына қарап 5 топқа бөлсе, М.Балақаев пен Ф.Әбухановта сұраулық және экспрессивті мәнін көрсететін қыстырма сөздер болатынын айтқан: *Әй, сен, осы, не деп отырсың?* (М.Әуезов). М. Балақаев пен Ф. Әбухановтың зерттеулерінен Р. Сыздықованың өзгешелігі сол, ол модальдық мәндегі есім тектес сөздер, етістік түбірлі сөздердің төрт түрін және үстеу тұлғалы, есімдік тұлғалы қыстырма сөздерге тоқталған [5, 103 б.].

М. Серғалиев зерттеулерінде сөйлемдегі ойға ой иесінің қатынасын, әртүрлі көзқарасын білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін қыстырма сөз деп көрсеткен. Ол қыстырма сөздердің мағыналық топтарына қарай топтасуын жалпылама ғана айтып өткен. Әрбіреуіне жеке-жеке тоқталмаған және мысалдар келтірілмеген. Ғылыми, іс қағаздар тіліне қыстырма сөздер мен сөз тіркестері тән екендігін, кейбір сөздерге терминологиялық түсінік, риторикалық сұрау, т.б. көрсетеді деп жай үстірт шолып өткен [6, 159 б.].

Н. Оралбаева мен Ә.Абылақов баяндап отырған мәселеге автордың көзқарасын, өзіндік пікірін, түрліше сезімін аңғарту үшін қолданылатын сөздерді қыстырма сөздер деген. Қыстырма сөздер бір сөзден, сөз тіркесінен, кейде тұтас сөйлем күйінде кездеседі. Мысалы: *Айтпақшы, бүгін мен Асқарды кордім* (С.М.). *Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған* (М.Ә.). *Ол жалған айтқан шығар, кім біледі?* (С.Б.).

Қыстырма сөздер сөйлемдегі өзге сөздерден оқшауланып, айрықша интонациямен айтылады. Сондықтан мұндай сөздер сөйлемнің басында келсе, одан соң үтір, ортасында келсе, екі жағынан, ал сөйлемнің соңында келсе, олардан бұрын қойылады. Қыстырма бола алатын бірқатар сөздер қолданылу ыңғайына қарай қыстырма сөздер қатарынан шығып, белгілі бір сөйлемнің мүшесі қызметін атқарады немесе күрделі мүшенің құрамында келіп, басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түседі: *Рас, мен сізді бір рет көрдім* (М. Әуезов). *Баланың айтқаны рас. Мүмкін, бұл Максим Горькийдің жазған бет ашарының әсері болар* (С. Ерубаев). *Ол кісінің кешігуі мүмкін емес. Биыл, несін айтасың, егінің шығымы өте жақсы* (Ф. Мүсірепов). *Бұл оқиганы мен бұрыннан-ақ білетінмін, қайталап оның несін айтасың* (Ф. Мұстафин).

Құрылысы жағынан бұл сөйлемдерде ешқандай айырма жоқ, бір-ақ мағыналық жағынан айырмашылық байқалады. Мәселен, бірінші сөйлемде адамның өте мықты екендігі туралы үзілді-кесілді нақты айтылса, ал екінші сөйлемде нақтылық солғындап, ой топшылау ретінде біріліп тұр. Мұндағы топшылау долбарлау мағынасының берілуіне себепші болып тұрған меніңше деген қыстырма сөз. Қыстырма сөздер сөйлем құрамындағы өзге мүшелерден не үтірмен, не жақшамен ажыратылады. Мұндай тыныс белгілердің қойылуы көбінесе қыстырма сөздердің мағынасына, олардың сөйлемдегі қолданылу орнына кейде сөйлемнің құрамына байланысты. Қыстырма сөздерге байланысты қойылатын үтір мынадай жағдайларда қойылады:

1) Адамның түрліше сезімін білдіретін *амал қанша, несіне айтасың, бәсе, әрине, рас, сірә, тегі, тегінде, асылы, бәлкім, шамасы, айтпақшы, мүмкін, бақытымызға қарай, соры қайнағанда* тәрізді қыстырма сөздер мен сөз тіркестері сөйлемнің өзге мүшелерінен үтір арқылы ажыратылады. Мысалы:

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да (Абай). Амал қанша, сен дұрыс айтып тұрған жоқсың (Ә. Әбішев);

2) Айтылған ойдың кімнің тарапынан шыққанын білдіретін *оның айтуыңша, жұрт айтқандай, менің аңғаруымша, біздіңше, сеніңше, шынымды айтсам, ұмытпасам* сияқты қыстырма сөз сөйлемдегі өзге мүшелерден үтір арқылы ажыратылады. Мысалы: *Жұрттың айтуыңша, Зылиха жасында ажарлы еді* (Б. Майлин);

3) Ойдың желісін, ретін, өзара қатынасын білдіріп *біріншіден, әуелі, алдымен, демек, сойтіп, қысқасы, ақырында, әйтеуір,*

керісінше, мысалы, негізінен, негізінде, бір жағынан, бір сөзбен айтқанда, сайып келгенде тәрізді қыстырма сөздер сөйлем құрамында да келгенде үтір арқылы ажыратылады. Мысалы: *Ең әуелі, жайдақ суга теңгердіңіз... Екінші, ем алатын тәсілді айттыңыз... Үшінші, орысты айттыңыз* (М. Әуезов). *Сойтіп, ол кім – кәне Кентай атаңып кетті* (Ф. Мүсірепов);

4) Сөйлем басында немесе ортасында қатар келген қыстырма сөздер мен сөйлемдер бірінен екіншісі үтір арқылы ажыратылады. Мысалы: *Бәсе ұмытпасам. Осы бір сөз менің де құлағымға тиген еді* (М. Әуезов). *Несін айтасың, амал нешік, зорлықпен бардам* (С.К.) [7, 90 б.].

Қыстырма сөздің тыныс белгілеріне қатысты Ф. Мұсабекованың пікірінше, тыныс белгісімен бірде олай, бірде бұлай бөлініп жүрген категорияның бірі – қыстырма сөйлем. Мектепке арналған грамматика бойынша, *Оған менің, Андрей Дегтяренко деген жолдасым – бұл кісі жөнінде мен сізге айттым – дереу хат жазыпты* деген сөйлемдегі «*бұл кісі жөнінде мен сізге айттым*» деген қыстырма сөйлемді осылайша екі жағынан сызықшамен бөліп жазады. Бұл – бергінде қалыптасқан ереже. Қыстырмаға байланысты үтір мен жақшаны қолдану сызықшаның қызметін жеңілдетеді. Қыстырма сөздерге беріліп жүрген ережелерде бірыңғайлық байқалмайды. Мысалы, сөйлем мүшелерінен үтірмен бөлінеді, ал қыстырма сөйлемде (әсіресе жайылмасы) екі жағынан жақшамен не сызықшамен қоршалады десе, «Тыныс белгілері» деген кітапшада: «Сөйлемнің ортасында немесе соңында қолданылатын қыстырма сөздер мен сөйлемдер жақшаға алынып жазылады», - делінген.

Қыстырмалардың тыныс белгілеріне берілген осы ережелерді салыстырып қарасақ, бір автор қыстырмаларды үтірмен де, сызықшамен де, жақшамен де бөліп жаза бер дейді. Екінші автор қыстырма сөзді де, қыстырма сөйлемді де үтірмен және жақшамен ғана бөліп жазу керек дейді. Сонда бұл авторларша, оңашаланған мүшелерді де, қыстырма сөз бен қыстырма сөйлемдерді де бір түрлі тыныс белгісімен бөліп жазатын болдық [8, 32 б.].

Қорыта келгенде, қазақ тіл білімінде қыстырма құрылымдар туралы түрлі пікірлер, сан алуан көзқарастар болды, сол ой-тұжырымдар қазіргі лингвистика ғылымындағы аталған нысанның зерттелу ерекшеліктерін неғұрлым нақты анықтауға мүмкіндік береді. Қыстырма құрылымдар туралы зерттеулер қазақ тіл білімінде лексика-грамматикалық сипаты жағынан жан-жақты зерттелген. Олар сөйлеуші ой-пікірлерінің түрлері эмоциялық, психологиялық

сипаттарын анықтайтындықтан да, сөйлем құрамында түрлі семантикалық реңкті жасайтын тілдік формалармен көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 192 б.
- 2 Ерғалиев Қ.С. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы. –Павлодар: ПМПИ, 2012. –135 б.
3. Словарь по языкознанию Тіл білімі сөздігі //Жалпы редакциясын басқарған проф. Э.Д. Сүлейменова – Алматы: Ғылым, 1999. – 544 с.
- 4 Аманжолов С., Әбілқаев А., Аманжолов А., Ұйықбаев И. Қазақ тілі 8-сыныпқа арналған оқулық – Алматы: Рауан, 1997. – 159 б.
- 5 Қазақ тілінің грамматикасы. Грамматика казахского языка. Часть II. –Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахский ССР, 1967. – 283 б.
- 6 Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. –Алматы: Ана тілі, 1991.-326 б.
- 7 Оралбаева Н., Абылақов Ә. Қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1992.-250 б.
- 8 Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы – Алматы: Ана тілі, 1991. – 128 б.

ЖҰМБАҚТЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

ДАУЛЕТХАНОВА А. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жұмбақ жанрының тарихы туралы айтқанда, оның бағзы қоғамдық қызметіне (функциясы) тоқтала кету абзал. Себебі, кез келген әдеби, фольклорлық жанрдың белгілі бір қызмет атқаратыны аян, сол жанрдың туу, даму, өркендеуі, тіпті, жоқ болуы ең алдымен адамдар ортасында, қоғамда атқаратын қызметіне тәуелді. Алғашқы қауымдық дәуірлерде адамдардың жұмбақтап, астарлап сөйлеуі арқылы қатерлі күштерді алдау, басқа жаққа аудару ниетінде болатындығын жоғарыда атап өткенбіз. Бұрын жұмбақ магиялық та, ғұрыптық та қызметке иеленген. Мәселен, Н. Адриянидің жазуына қарағанда, торадж тайпасы жұмбақ шешу егістің бітік

шығуына себебін тигізер деп иланған. Оңтүстік Африканы мекендеген банту тайпаларында жауын шақыру ғұрпы кезінде әйелдері би билеп, ән айтса, ерлер жұмбақ айтады екен. Осыған ұқсас нанымдардың ертеректе орыстар арасында да таралғандығына жазба деректер куә. Жазба мәліметтерден XVIII ғасырда Ресейде рожество күндері және жаңа жыл (Васильев кеші) мерзімінде шаруа диканшылардың үйде береке, егінде молшылық болуы үшін түрлі ғұрыптық өлеңдермен бірге жұмбақ айту салтының да болғандығы белгілі. Буряттардың ескі ғұрпында жұмбақты жыл мезгілінің белгілі уақытында ғана айту қажет. Мәселен, күз, қыс кезінде жұмбақ айту малдардың көбеюіне магиялық ықпалы тимек. Ырым бойынша кімнің үйінде көбірек жұмбақ айтылса, арьбин мен далан (яғни май), әрдайым табақ толы тамақ болады деп есептеген. Егер әйел жұмбақты жақсы жасырып, жақсы шеше алса, оның үрім-бұтағы көп болады деп иланса, эстондықтардың ырымы бойынша жұмбақтың рожество алдында айтылуы малға күт әкеледі, қой қоздап, ешкінің лақтауына септеседі, сонымен бірге тағам мол болуына жәрдемдеседі [1].

Вотяттарда «вожо мадь» деп аталатын қысқы «вожо» уақытында айтылатын «қауіпті» жұмбақтар тобы бар. Бұл жұмбақтар жылдың маңызды кезеңі – 25 желтоқсан мен 5 қаңтар аралығында айтылуы шарт, сонда ғана күші болады деп сенген. Татарларда Нардуган мейрамы уақытында күн, ай, жер, су, жыл, жаңбырларды мадақтап жұмбақ айту өріс алған. Осылайша аспан әлемінің, табиғат күштерінің рақымын түсіруді ойлаған. Осы тақылеттес күнтізбелік жұмбақтарды Наурыз мерекесі кезінде айту түркімендер арасында орныққан [2]. Қазақтар бұрын наурыз қарсаңында жақсылық пен жамандық, суық пен жылы, қыс пен жаздың күресін бейнелейтін «Өлі мен тіріні» айтыстырып, қыс бейнесі Қалтырауық камыр кемпірді күресте жеңілдірумен бірге жас жігіт пен қыздарды ортаға айтысқа шақыратын. Жас жігіт пен қыздардың айтысы жұмбақ жасыруға ойысып, тақырыбы уақытты, мезгілді арқау ететін. Жыл басы тәрізді маусымның шешуші кезеңінде жұмбақ айту табиғат ананы мейірлендіріп, жыл ішінде береке, молшылықты қамтамасыз ету ұмтылысынан шыққан. Орыс жұмбағын зерттеуші В. В. Митрофанова: «Адамдар табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер жайлы жұмбақтарды шеше отырып, табиғаттың күштеріне ықпал етуге, оларды бағындыруға ұмтылды. Сондықтан өлеңдер мен аңыздардағы табиғат күштерін бейнелейтін адамзатқа қарсы русалка, леший т.б. мақұлықтардың

адамдар өздері айтқан жұмбақтарды шешкен уақытта олардың тұтқыннан босатылатыны, не оған бағынатыны немесе тіпті өлетіні де жайдан-жай емес», – деп жазады [1].

Мифологиялық және ғұрыптық мәтіндерде жұмбақтың шешіміне адам тағдыры тенеістіріледі. Көне үндінің Джанак патша туралы хикаясында құрбандық шалу мерекесі брахмандардың діни айтысында бәйге үшін мың сиыр тігілген. Осы айтыста Видагда Шакальяның бір сұраққа жауап бере алмағаны үшін басы алынады. Осыған ұқсас сарындар көне грек хикаяларында да көрініс тапқан. Көрегендер кездестіргенде өлетінін болжап біледі, Мопсты ұшыратқанда екеуі жұмбақпен сынауға кіріседі. Тайталастан жеңілген Мопс қайғыланып өледі (ашудан өзін-өзі өлтірген болуы мүмкін), ал оның шәкірттері қарсыласының жағына шығады.

Байырғы мифтерде адам тағдырының сынға түсуі, жұмбақ шешімін дұрыс табу арқылы аман қалусарыны байырғы түсініктермен астасады. Осы тақылетес сарын айтыс түріндегі жазылған ортағасырлық парсы туындысы «Йойште Фриян туралы хикаятта» көрініс тапқан. Хикаятта зороастрлік сенімді қабылдаған бозбала Йойште Фрияның туысы, қаскөй сиқыршы Ахт (оның Хуфрех атты апасы Ахтның әйелі, яғни Ахт оған күйеу бала) елдегі он беске толмаған жастарды жұмбағын шеше алмағандығы үшін түгел құртпақшы. Осындай қиын сәтте он бес жасар Йойште Фриян отыз үш жұмбақты шешіп елді қатерден аман алып қалады. Сиқыршыны тойтарған Йойште оған өзінің үш жұмбағын айтады, оған жауап қайтара алмай жеңілген Ахтыны тапқыр жігіт өлтіреді. Он бес жасар Йойшттың («жас» деген мағынада) арбаушы Ахтыны жеңуі хақындағы сюжетті «Авестаның», «Ардвисир Яштасынан» ұшыратамыз. Тұрандық Фриян тайпасынан шыққан Йойште Рангхи өзеніне келіп Ардвисур Анахите құдайға бағыштап жүз жылқы, мың сиыр, он мың қой құрбандық шалып қаскүнем Ахтыны жеңуге, оның тоқсан тоғыз қиын жұмбағын шешуге көмектесуін сұрап жалбарынады. Ардвисур жас жігіттің тілегін қабыл етіп, күш-қуат беріп, жеңіске жетуіне жол ашады.

Миф ирандықтардың арасындағы жаңа дінің таралған кезінен елес береді, өзін пайғамбар жариялаған Зоратушура болса, оның жаңа уағызын көне ирандық Кавий әулетінен Кай-Вишиспа мен оның жақтастары қабылдады, сондай-ақ басқа ирандықтар мен жау тайпалардан да кіргендерге кездеседі, сол қатарда Фрияндық туран тайпасынан Йойште бар еді. Байырғы миф орта ғасырда қайта жаңғырып, жөндеуден өткен, «Йойште Фриян туралы хикаят» атты туынды – осы [3].

Демек, жұмбақтарды ежелгі адамдар әуелден қасиетті санап, оны шеше білуді қажеттілік деп есептеген. Жұмбақты дұрыс табу бақыт әкелсе, оны білмеу өлімге соқтырады деп сенген. Әртүрлі халықтардың этнографиялық айғақтары бағзы дәуірлердің өлік жерлеу салтында да жұмбақтың орны болғанын дәлелдейді. Мәселен, Англияда өлікті жерлеген соң қарттар қабір басында қалып, жұмбақ айтысатын болса, Ару архипелагының тұрғындары мәйітті табытқа салғанша жұмбақ шешеді екен. Осы тәріздес ғұрыптарды Филиппиннің ауылдық тұрғындары да орындаған, марқұмның отбасы, туған-туыстары, жора-жолдастары түнімен ұйықтамай жұмбақ жасырысқан [1]. Марокколық арабтар жұмбақты тек күн батқанда жасырысқан, себебі, күндіз жұмбақ шешу ғұрпы жаңбыр жаудырады деп ойлаған [3].

Башқұрт фольклоршысы Ф. Надршинаның зерттеулеріне қарғанда жұмбақты айтатын белгілі уақыт бар. Ғалым 1968 жылы фольклорлық сапарға шыққан кезде оған 72 жасар Маһикамал Ханна жұмбақ айтудан бас тартқан екен [2]. Қарттан мұның себебін сұрағанда «Егер күндіз жұмбақ жасырсаң, көз көрмей қалады», – деп түсіндірген. Осыған ұқсас наным іздері татарларда сақталған.

Біз келтіріп отырған мысалдардың бәрі жұмбақтың әу бастағы қоғамдық қызметінің магиямен, діни наным-сенімдермен байланысты екенін айқындайды. Уақыт өте келе біз сөз етіп отырған жанрдың адамдар арасында атқаратын қызметі өзгереді, енді ғұрыптық емес, таза сөйілдік үлкендер мен жастардың әр түрлі ойын-сауықтарында көңіл көтеретін құралы ретінде қызметі күшейді. Ал қазіргі уақытта оның сөйілдік қызметінен гөрі, танымдық, педагогикалық қызметі балалардың ой-қиялын өсіруде тәрбиелік мәні басым.

«Жұмбақ» атауының шығу тегі де қызықты. Атаудың этимологиялық тегін айтпас бұрын бұл терминнің түркі-моңғол тілдес халықтарда қолданылып отырғанына тоқталайық. Сахаларда «таабырын», алтайларда «табышмақ», татарларда «табышмақ», өзбекше «топишмоқ», қырғызша «табышмақ», туваша «тывызых», бурятша «таабари», «таабаринууд», моңғолша «табабури», әзербайжандарда «тапмача», қарашайларда «джамоқ», башқұрттарда «иомақ», ноғайда «юмақ». Демек, жанр атауы негізінен екі түрде жұмсалады. Біріншісі – «таабырын», «табышмақ», «топишмоқ» бұл сөздердің бәрі де бір ғана сөздің фонетикалық нұсқалары болып есептеледі. Түбірі – «тап, табу». Екінші – «жұмбақ», «джамоқ», «юмақ», «иомақ». Екінші нұсқа негізінен қыпшақ

тілдік тобындағыларда, дәлірек айтсақ, қазақ, қарақалпақ, ноғай, қарашайларға тән. Тек татарларда бірінші нұсқа орныққан. Татарлардың кейбір жерлерінде, Алтай және Сібір татарларында бұрыннан «йомак» сөзі де айтылады екен.

Қазан татарларында XVIII ғасырға дейін жұмбақ сөзін пайдаланған, «табышмақ» терминінің әдеби тілде орнығуы – кейінгі уақытта. Өзбектерде «топышмоқ» дегенімен мәтіндерде «жумбак» сөзінің қолданылуы бұл сөздің халық тілінен біржолата ығыстырылмағанын көрсетеді:

Жумбақ куйдым, жуп-жупгина,
Томизиги тол-толгина,
Толқон берсанг, очаман [4].

Оғыз тобына кіретін түріктерде білмежі, түркімендерде – матал. Білмежі – білу етістігінің негізінде шыққан, түркімендерде – «матал» жұмбақ ұғымын білдірсе, өзбектерде 1) мәтел; 2) тәмсіл, әңгіме, баяндау; 3) ертегі [2], қазақ тілінде «мәтел» – астарлы сөз. Ақын М. Әлімбаев пен сыншы Қ. Ергөбековтің жұмбақ сөзінің шығуы хақындағы тұжырымдары мынадай: «Жұмбақ әуел баста өмірге ойын ретінде келген. Сәби көзін жұмып тұрып, затты жұмбақтаған (жасырған). Демек, жұмбақ – көзді жұмбақ, жасырғанда тапбақ (тап-бақ) деген түбірлерден тараған. Кейін көзді жұмып табу (жедел ойлап, тез шешу) мағынасы ие болған. Көз – жұмбақ және жасырғанды тапбақ деген екі сөз ықшамдалып, кірігіп «жұмбаққа» айналып, жанрлық термин ретінде қалыптасқан».

Татар ғалымы Н. Исәнбет: «Батыс, Сібір, Тобыл және Түмен татарларында «йомак ою» – ертегі айту, «иомак әйту» – жұмбақ айту, чуваштарда «юмак» – ертегі мағынасында қолданылатынын жазады. Ғалым одан әрі өз топшылауын тарқата түседі: «татар тілінде иом түбірінен – иомша, иомшарту, иомыш сөздері бар. Иомыш қушу – іс қосу, қосып істеу. Сонан жасалған иом, иомша сөздері әу баста ем-дом, ырым, шамандардың табиғатқа әсер етуі, иомшату, иомышқа қушу әрекеті ырым, сиқыр, магия дегенді аңдатқан. Осы иомнан йомак келіп шығады» [2]. Түркілік «иом» түбірі моңғолдың «дом» сөзімен тектес дегенді басында әйгілі тілші Рамстедт болжаса, кейін бұл тұжырымды В. Г. Егоров пен В. Г. Радионов қуаттайды [4], [5]. Ал моңғол тілінде «дом» – ем-дом, тәуіптік, ұшық, балгерлік, бақсылық, шипалық, сиқырлық, домоғ 1. аңыз; 2. лақап әңгіме, аңыз аты шулы, домч – балгер, бақсы, тәуіп» дегенді білдіретінін қосымша ретінде айта кету артық етпейді [4]. Қазіргі қазақ тілінде «ем-дом» қос сөзінің екінші сыңарында сақталған.

Сонымен йом // дом – өте ескі кезеңдерден, түркі-моңғол тіл бірлестігі дәуірінен келе жатқан түбірлер. Бұл сөздің көне мағынасы чуваш тілінде кездеседі. Чуваштарда юм – бал ашу, арбау, осы түбірден жасалған юмас сөзі 1) балгер, балшы; 2) балгерлік, балшылық деген ұғымда жұмсалған, бұрын шаман, бақсы деген мағынасы болған [4]; [5]. «Йом» көне түркілерде «әпсана, о дүниедегі ауру жанның бастан кешкендері хақындағы шаманның әңгімесі» дегенді [5] аңғартса, Кавказ мен Анadolыны мекендеген оғыз тобындағы түріктерде йом – «хикаят», «жын қысқан бақсының басқа дүниеге сапары жайлы әңгімесі» дегенді меңзейді [5].

Аталған терминнің мағыналық даму тарихына тереңдеп, салыстырмалы шолу жасағанымызда қазіргі «ертегі» және «жұмбақ» ұғымдарының бұрын айырылып, ажырамағанына көз жеткіземіз. Мәселен, қазіргі қумық тілінде емакь – ертегі, ал жұмбақты – чечеген емакь тіркесімен бөлектейді [4]. Чуваш тілінде юмах – 1) ертегі; 2) әңгіме; 3) хикаят, миф деген мағынада, жұмбақ терминін ертегі ұғымынан ажырату үшін сутмалли юмак (сут – сату түбірінен жасалған), юптаруюмак (юптару – түспал, астар), тупмалли юмах (шешуді керекететін) тіркестермен жарыстыра қолданады. Басқа тілдік топқа кіретін марий тіліне түркілік көршілерден енген «юмак» сөзі 1) ертегі; 2) әңгіме; 3) өтірік деген мағынаны иеленген, қырғыздарда «жомок» ертегі, жыр, батырлық эпос, батыр, оның ерлігі туралы әңгіме дегенді меңзейді [4]. Алтай тілінде «нумак», «юмак», хакастарда «нымак», шорларда «ныбак» сөзі ертегі ұғымында қолданылады. Бұл тұста назар аударарлықтай тілдік факт – сібірлік түркілерде «н» дыбысының қосылып айтылуы. Татар тілінің кейбір диалектілерінде «жұмбаққа» синоним ретінде «иомгалак» сөзі пайдаланылады. Татарларда «Иомгалак» деген адам аты бар екен, бұрын бұл есім магиялық күшке ие деп есептелген, осы есімді қоюмен бірге ауру-сырқаудың, зиян атаулының бетін қайтаруды ойлаған [6]. Яки «жұмбақ» сөзінің көне тегі оның байырғы магиялық қызметімен байланысып жатыр.

Жұмбақ пен ертектің күдіреті жайлы сенім халықтар арасында берік орныққан. Мәселен, Румынияда ертектерді кешкұрым айту, жындарды үркітіп, үйге кіруге кедергі болады деген наным таралған. Барабиндық татарлар аңшылық алдында ұжымдасып жұмбақ айтып шешіскен. Х. Махмутов 1967 жылы фольклор экспедициясы кезінде Новосибирск өлкесі, Каргат ауданы, Қышлау аулынан Габделхай бабай Моносыйповтың аузынан жазып алған елік аулау алдындағы жұмбақ айту салты жайында мына бір естелікті көлденең тартады:

«Мен жігіт болған кезде, – деп еске алады ол, – әр жылда бірінші қар түскен уақытта қарттар бізді бір жерге жиып: «Ертең күн жақсы болса, аңға шығамыз, балалар, сондықтан жұмбақ айтысып алайық, – дейді». Зерттеуші бұл салттың шығу себебі аңшылық алдында орман иелерінің көңілін аудартамыз ба деген ырымнан шықса керек деп болжам тастайды [2]. Хақастық аңшылар өзімен бірге ертекшіні алып жүрген, аңшылық кезінде күндіз ертек айту зиян, аңшы көзім көрмей қалады деп сенген. Л. П. Потапов пен Н. А. Алексеевтің айтуынша, алтайлықтар аңшылық уақытында ертек айтудың пайдасы бар, себебі, «эзи» (егесі), оның қызы ертек пен өн тындауды ұнатады деп иланған. Жақсы ертегі мен әуенді сүйіп тындаған «эзи мен оның қызы аңшылықтың сәтті, олжалы болуына көмектеседі екен» [7]. Буряттардың «ойн эжэн онтохондо дуратай, тайгын эжэн таабарида дуратай» (Орман иесі ертек сүйеді, тайга иесі жұмбақ сүйеді) деген мақалы да осындай наным-сенімнен туған [7]. Вотяктарда бидай егілген, мал төлдеген мерзімде өлең, жұмбақ айтуға тыйым салынған. Мұндай сауық түрлеріне күзде ғана рұқсат етілген. Қытай қазақтарында ертек пен жұмбақ қыстың ұзақ түндерінде айтылған, жаз шыға келе сап тыйылатын, себебі, халықта жазғытұрым «ертек пен жұмбақ айтылса, қыс аяғы ұзақ болады, асық ойналса, қозы маймақ болады» деген сенім орныққан. Көптеген халықтарда үйлену ғұрпы кезінде күйеу бала мен құдаларға жұмбақ жасырған, олар жұмбақты шешу арқылы осы тәлкектен құтылатын. Ганьсу аймағында тұратын моңғолдарда құдалардың сөз бәсекесі жігіт жағы қыз үйінің қақпасы алдына келгенде құдалар бір-біріне жұмбақ айтысудан басталады. Қыз жағының өлең түріндегі жұмбағын шешіп берген соң ғана оларға үйге кіруге рұқсат етіледі. Осы орайда Н. И. Гродеков жазып алған қазақтардың бірғұрпын қосымша айта кеткен жөн: «Оңтүстік облыстардың қызға құда түсуге келген жаушысы қыз әкесіне: «Сізде аққу бар, бізде сұңқар бар екен», – деп сөзін астарлап, тұспалдап бастайды [7].

Қазақ жұмбақтарының даму эволюциясын, ішкі құрылымдық өзгерісін білу үшін қадім дәуірлердің көзі болып саналатын жәдігерліктерге, ескі ескерткіштерге үңіліп, салыстыруларға жүгіну абзал, әрине, көне түркілік кезеңнен жеткен жазба ескерткіштер мол болғанымен, олардың ішінде тек «Кодекс куманикусте» ғана жұмбақ үлгілері хатқа түскен. «Кодекс куманикус» – XI-XIII ғасырларда қыпшақ даласында дүниеге келген мұра. «Кодекс» тілі – қазіргі қыпшақ (қазақ, қарақалпақ, қырғыз, татар, башқұрт, қарашай, ноғай, құмық, қарайым) тілдерінің тарихи даму кезеңі. Көне қыпшақ

тілі, яғни «Кодекс» тілінде сөйлеген қыпшақтар, қазіргі қыпшақ тілдері өз алдына бөлініп, халық тілі ретінде қалыптаса бастаған дәуірде өмір сүрген. Олар көне қыпшақ тілінің негізінде жасалып, кейінгі даму кезеңдерінде ғана бір-бірінен ажырап, дербес тіл дәрежесіне дейін көтерілген. Сондықтан да көне қыпшақ тілінде қазіргі қыпшақ тілдеріне тән алуан түрлі өзгешеліктер сол бұрынғы тарихи тұлғасында тапжылмай сақталып қалған» [4]. Кітап қыпшақ тілі туралы сөздік ретінде құрастырылғанымен, оның әдеби-фольклорлық құны бар жәдігерлік екенін атап көрсеткен жөн. Мұнда түрлі өлең-жырлар, діни уағыздардан үзінділер ұсынылумен бірге жұмбақтар берілген. Ескерткіштегі жұмбақтарды тексеріп, оның образдық-логикалық заңдылықтарын ашу халық жұмбақтарының алғашқы адымдарын, оның қалыптасу, жетілу дәуірлерін айқынырақ елестетуге септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оглоблин А. К. Типы яванских загадок (к вопросу о соотношении формы и значения) // Паремнологические исследования. – М., 1984. – С. 81; Лавонин Н. А. Карельская народная загадка. – Л., 1977. – С. 14, 17, 85, 134; Митрофанова В. В. Русские народные загадки. – М., 1987. – С.37, 179.

2 Татар халық ижаты. Табышмақлар. – Казань, 1977. – С. 6-7, 10, 12, 14-15, 19, 31, 114-115, 120, 272; Түркмен халк маталлары. – Ашхабад, 1948. – Б.4-5, 142; Башқорт халық ижады. Иомактар. – Өфө, 1979. – Б. 8, 348; Узбек топишмоқлари. – Тошкент, 1991. – С. 10, 50, 253, 256; Узбек топишмоқлари. – Тошкент, 1966. – С. 15-17, 21-22, 94, 114, 144.

3 Амбарцумян А. А «Повесть о Йойште Фрияне» // Памятники культуры Востока. Востоковедения РАН. – Санкт-Петербург. – С. 88-118; Дербисалиев А. Б. Арабоязычная литература. Марокко. – А., 1993. – С. 91, 217.

4 Ногман Н. XVIII йозләрдәгә русча-татарча кульязма сузләклар. – Казан, 1969. – С. 60; Узбекско-русский словарь. – Ташкент, 1988. – С. 119, 728; Егоров В. Г. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары, 1964. – С. 348, 497; Моңғол – қазақ толь. Монголша-қазақша сөздік. – Уланбааттар-Өлгей, 1984. – Б. 185, 888; Чувашико-русский словарь. – М., 1982. – С.385, 712; Кумыкско-русский словарь. – М., 1960. – С. 136; Марийско-русский словарь. – М., 1956. – С. 147; Киргизско-русский словарь. – М., 1965. – С. 259, 973; Куманша-қазақша жиілік сөздік. – А., 1978. – С. 28, 277.

5 Радионов В. Г. Чувашский фольклор. Специфика жанров. – Чебоксары, 1982. – С. 54-106; Путилов Б. Н. Типология и этническая специфика. – М., 1997. – С. 60, 295; Ахметьянов Р. Г. Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья. – М., 1981. – С. 105, 144.

6 Саттаров Г. Ф. Татарстан АССР-ның антропотопинимдері. – Қазан, 1973. – Б. 83.; Саттаров Қ. Жұмбақтың айтылу тарихынан. // Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. – А., 1972. – Б. 87-91.

7 Потапов Л. П. Охотничьи поверья и обряды у алтайских турков // Культура и письменность Востока. – Баку, 1929. – № 5. – С. 5, 125, 153; Бардаханова С. С. Система жанров бурятского фольклора. – Новосибирск, 1992. – С. 162, 185, 194-195, 236; Гродеков Н. И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области – Ташкент, 1889. – Т. 1. – С. 77, 205.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ДЖАРАСОВА Ж. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 4 Ертiс ЖОББМ,
Ертiс ауданы, Павлодар облысы

Қазақ фольклорының өзіне ғана тән өзгеше жанрларының бірі - шешендік сөздер. Ұлттық фольклордың ерекшеліктерін көрсету, ең алдымен, өзге халықтарда жоқ немесе сирек кездесетін осындай жанрларды зерттеу ісінен басталуы керектігі сөзсіз. Шешендік сөз суырып салма ақындықты көрсетеді. Шешендік сөз күдіретін шындықты ашып, әділетті үкім кесуге жұмсаған билер, шешендер нағыз диалектиканың өкілдері болған. Шешендік сөз ақындық, жыраулық, жырышылық айтыс сынды қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанр болып табылады. Шебер сөйлеу, айтқан сөзін нысанаға дәл тиюді үйрену үшін ежелгі шешендік сөздерді жаттау, оның қыры мен сырын жете менгерудің мәні зор. Өйткені халық даналығының мазмұны мақал, мөтелдерде беріледі және олар сөз мәйегі, ойды ұшқыр айтудың үлгілері ретінде көрініс береді.

Шешендік сөздер көркем әдебиетінің жанрлары: ертегі, қара өлең, термелер т.б олар ойынды өрістетіп, тапқырлыққа баулып, үлгі насихат арқылы тыңдаушының таным дүиесін кеңейтіп, биік адамгершілік қасиеттерге үндеп қана қоймайды, олар сонымен қатар, қазақ даласында әлеуметтік қызмет атқару ерекшелігімен де

дараланады. Шешендік сөз парасатты ойға, ұшқыр шешімге, тапқыр логикаға негізделіп құрылады. Шешендік сөз айтылған ойға әрі қисынды, әрі жедел жауап қайтаруды сипаттайды.

А. Байтұрсынов еңбегінде «шешен сөз» деген атаумен фольклорлық шешендік сөздерді ғана емес, кейінгі замандардағы шешендік өнер үлгілерін де берген. Олардың түрлерін көрсетіп, құрылымдық негізін көрсетсе, С. Мұқанов «Халық мұрасы» атты зерттеуі де қазақ билерінің басты қасиеттері, оның қоғамдық қызметі, олардың қолданған басты заңдары, сайлану тәртібі, кейінгі замандардағы билердің жай-күйі, шешетін дауларының түрлері сияқты мәселелерге көңіл бөледі. Б. Адамбаев өзінің «Халық даналығы» монографиясында шешендік сөздердің туындау себептерін, қазақ шешендік өнерінің әлемдік шешендік өнермен байланысын, оның басты ерекшеліктерін, шешендік сөздердің халықтық сипатын, шешендік өнердің атқарылатын кездерін, қазақ билерінің халық тарапынан сайланатындығын, бұл өнер түрін қалыптастырушы, дамытушы тұлғалар тарихын, осы мәселелер туралы айтылған ғалымдар пікірлерін сараптайды [1, 68 б.].

Еуропа елдеріне таныстыруда В. Радлов шешендік сөздің айтылу мақсаты тыңдаушысының ойын оятатын, жүрегін тербеп, толғанып, тебіреніп не болмаса жанын түршіктіріп, жүрегіне әсер ету арқылы оны өзінің пікіріне құлақ астыру.

Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиеті тарихы» оқулығында шешендік сөздер авторлық туынды ретінде көрсетіледі. Т. Кәкішов те өзінің еңбегінде шешендік сөздердің тарихына, оның қоғамдық мәніне назар аударады. Орыс тілінде жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихы» еңбегінің 1 томында Б. Ақмұқанова жазған шешендік сөз жайындағы тарауында да көп сөздердің туындау себептеріне, сипатына, құрылымына, таралу ерекшеліктеріне қатынасты мәселелер қозғалады [2, 35 б.].

А. Бұллыбаевтың ғылыми зерттеуінде бұрынғы жанрды жіктеумен бірге шешендік суырып салма деген мәселеге назар аударады. Мәселен, «Бұқар елді елдікке ынтымаққа үндесе, Шал ақын шаңырақтың шырқын сақтауға, перзент сүюге, көрінісізгі ниетпен сыйлауға шақырады. Бұқар жырау дипломат, бірде қайраткер, бірде айыптаушы, сыншы, мақтаушы қызметтеріне түсіп кетіп, сөз өнерін сан қырға таратады. Мақалдап, мысалдап сөйлеу-шешендік, тапқырлық сөздердің қай-қайысына болса да ортақ. Дегенмен кейбір шешендік сөздерде мақалдау басым болса, қайсы бірінде мысалдау басым. Шешендік мысалға тән

касиеттердің бірі - біреу- дің басынан өткен уақиғаны хабарлаған болып, әркімнің басына келетін ортақ жайларды ескерту, немесе жан-жануар тіршілігін, жаратылысын мысалға алып, тыңдаушысына жанама ғибрат беру.

Ата-ананың қадірін,

Балалы болып байқадым.

Ағайынның қадірін, Қаралы болып байқадым.

Жанашырдың қадірін,

Жалалы болып байқадым,- деген мысалда бір кісінің басынан кешкен уақиға ғана емес, сан кісінің тәжірибесімен сыналған өмір шындығы айтылып отыр. Шешендік сөздерде баяндау, диалог-монолог-пердің аралас келуіне байланысты ондағы эпикалық, драмалық, лирикалық тектерге тән бастаулардың қай-қайсысын жанрлық тұрақты белгі ретінде негіз ету керектігі де оңай шешілетін түйін емес. Сондықтан бұл жанр бірде аңыздық проза, бірде драмалық фольклор, бірде авторлық шығармалар құрамында қарастырылуда.

Шешендік сөздердің құрылымдық сипатында да аңыздық проза түрлерінде кездесе бермейтін өзгешеліктер бар. С. Сейфуллин 1964 жылы жарық көрген 6 томдық шығармалар жинағына енген «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралында шешендік сөздердің жанрлық және көркемдік ерекшеліктеріне біршама тоқталған. С. Сейфуллиннің бұл еңбегінде сол тұстағы таптық көзқарастың ықпалы күшті байқалады. Ол қазақ билерін үстем тап өкілі ретінде сынға алып отырғанымен, онын ескі қоғамда айрықша ықпалға ие болғанын, қоғамдық санаға тигізген әсерін орынды атап өтеді. Олардың ескі қоғамдық тәртіптің «сақшысы» болғанын ерекше мән бере баяндайды, оған бірнеше мысалдар келтіреді [3, 77 б.].

Шешендік сөздердің өзгермелілігіне, әр замандағы айтушылардың өз қалауларына қарай бейімдеп айтатынына көңіл бөледі. Фольклорлық шығармалардың атқаратын функ-циясы, көркемдік категориялары жазба әдебиеттен елеулі деңгейде ерекшеленетіндіктен, олардың жанрлық түрлерін айқындайтын принциптері де өз алдына бөлек болуы тиіс екені анық. Фольклор туындысының жанрын айқындауға қойылатын талаптарды белгілі фольклортанушылардың «жанр» атауына берген анықтамаларынан табуға болады. Шешендік жұмбақ жастардың өзара әзіл үстінде сынасу, сырласу әдістерінің бірі болған. Жиренше шешен бозбала кезінде жылқы суарып тұрған Қарашаштың жеңгесіне жұмбақ әзілмен тиіседі:

...Керілгенің қалай,

Кекендегенің қалай?!

Оған келіншек кенеттен жауап береді.

...Керілгенім – жолым,

Кекендеген – құлыным.

Шешендік жұмбақ әзіл-ермек үшін,немесе ойландыру үшін ғана қолданылмайды. Көбінесе, шешен билер көпшілікке білгірсіп көріну, билік шешімдерін жұртқа бірден дабырламау үшін қолданылады, кей жағдайда алдынала астыртын келісіп алып, көпшілік алдында ресми түрде бір-екі ауыз тұспал мен бітісу әдеттері де болған. Кейде керісінше, ел тілегіне сай шешілген дауды халық соңынан қорытып, билердің тоқсан ауыз сөзінен тобықтай түйін жасағандығы да байқалады. Шешендік толғаудың бір тармағы-шешендік жауап. Басқа халықтар сияқты қазақ халқы да өзін қоршаған табиғат құбылыстары мен уақиғаларға жіті назар аударып,соған жауап іздеген. Бала – атаға, шәкірт – ұстазға қоятын: «мынау не?», «бұл кім?» – дейтін ұлы сұрақтар бар. Бұл сұрақтарға алдыңғы буын өз тәжірибесіне, ақыл-білім дәрежесіне сүйеніп жауап беруге тырысқан. Сұра-жауап түрінде келетін шешендік толғаулар қазақ халқының сондай сауалдарға тапқан жауабы, табиғат сыры мен өмір заңын анықтауға жасаған алғашқы барлау талабы. Әз Жәнібек ханның алпыс биі болған екен, – дейді бір аңызда. Бір жолы хан билеріне: «Бұл дүниеде не өлмейді?» – деп сұрақ қойыпты. Сонда алпыс биі бір ауыздан: «Асқар тау өлмейді, ай мен күн өлмейді, ағын су өлмейді, қара жер өлмейді», – деп жауап береді.

Оған Жиренше шешен дау айтады: Асқар таудың өлгені Басын бұлттық жапқаны, Ай мен күннің өлгені Еңкейіп барып батқаны, Ағын судың өлгені – Аязда мұз боп қатқаны, Қара жердің өлгені – Қар астында жатқаны, Ажал деген атқан оқ, Бір Алланың қақпаны, Дүниеде не өлмейді?

– Жаксының аты өлмейді,

– Ғалымның хаты өлмейді, – дейді шешен

Бұл толғаудан ғылыми талдау жолымен емес, қарапайым бақылау арқасында табиғаттың үнемі өсіп-өшіп, өзгеріп-өңделіп тұратындығы туралы халықтың дұрыс қорытынды жасағандығын, сонымен бірге жақсылық пен білімге сілтейтін даналық ойды аңғарамыз. Жігітке, бірінші білім керек, екінші ғылым керек, үшінші ұғым керек, отты жүрек, өткір тіл керек.

Мұнда халық «білім» деп ақылды, «Ғылым» деп оқуды, «ұғым» деп оны есте сақтап, орнына жұмсай білуді айтып отыр.

Сөйтіп, шешендік толғау халықтың көрген білгеннен қорытқан ойы мен келер ұрпаққа айтар аманат-өсиеті болып табылады.

Шешендік арнау адамдар арасындағы қарым-қатынасты, шешендік – толғау халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді десек, шешендік дау қазақ қауымының материалдық және рухани даулы мәселелерді, қылмысты істерді шешетін ежелгі әдет заңы, ережесі есепті.

Шешендік дауларды мазмұнына қарай: жер дауы, жесір дауы, күн дауы, мал және ар дауы деп беске бөлуге болады. Бірыңғай мемлекеттігі, қабылданған заңы жоқ елде барлық дау талап мәселесі қалыс ағайынның қазылығымен, жол-жоба білетін адамдарға жүгінумен шешілген. Халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық институт, билік - төрелік айту әдеті қалыптасқан. Шешендік сөздерді құрылысына қарай термелі сөз, пернелі сөз деп екіге бөлуге болады. Құрылысы өлең-жырға ұқсас шешендік сөздерді термелі сөз дейміз. Шешендік термелі сөздің өлең-жырдан негізгі айырмасы: шешендік терме үшін буын-бунақ саны біркелкі болып келуі шарт емес. Оның үстіне шешендік байланысына баса назар аударылады. Сондықтан да өлең-жырда буын толтыру, жол ұйқастыру үшін алынатын артық сөздер шешендік термеде кездеспейді, ең қажетті сөздер тандап, талғап алынады. Әдетте өлең өнмен, жыр әуенмен айтуға бейімделген. Ал шешендік терме әнге салып, әуенге қосып айтуға келмейді. Оның есесіне шабытпен шапшаң жауаптасуға, ауызекі сөйлесуге ептейлі, оңтайлы. Бірақ бұдан шешендік терме біркелкі буын, бірыңғай ұйқастан қашады деген ұғым тумаса керек. Қайта шешендер сөзді мәнділігіне, дәлдігіне қарай іріктеп-сұрыптап алумен бірге олардың өзара ұйқасып, үндесіп келуіне үлкен мән берген.

Шешендік өнерге баулитын тәлімгер ұстаз (ритор) мамандығы пайда болды. Ал оратор - латынша «оратор» яғни сөйлеу, ғайыпты болжау деген мағынаны білдіреді. «Риторика» терминдік атауының әуелгі әрі негізгі мағынасы шешендік өнердің теориясы дегенді білдіреді. Жалпы шешендік өнер туралы философ-шешен Әбу Насыр әл-Фараби «Риторика» атты еңбек жазып, онда шешеннің сөйлеу шеберлігіне тоқталған [4, 22 б.]. Шешендік арнау адамдар арасындағы қарым-қатынас пен көңіл-күйін бейнелесе, шешендік толғау халықтың табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өзгерістерге өзіндік көзқарасын көрсетеді. Көп жасағаннан көрген - білгендерін

қорытып, келесі ұрпаққа айтар аманат-ақылын, өсиет-насихатын баяндайды.

Қорыта айтқанда, қазақ көркем әдебиетінің туып қалыптасуында, дамып толысуында ақын-жыраулардың атқарған қызметі қандай болса, белгілі шешен-билердің қосқан үлесі зор. Шешендік сөзде айтылатын ойдың негізгі кілті мазмұнға байланысты. Халық кеңістіктен, уақыттан тыс тұрған дерексіз, бұлдыр, көмекші ойды жоққа шығарған, нені айтса да сендіретіндей, иландыратындай дәлелмен сөйлеген, яғни әрекеттің вербальді емес тәсілі, дауыс ырғағы, қимыл-қозғалыс жатады. Шешендік сөз аламды тәрбиелеп қана қоймайды, көпшіліктің дүниетанымын кеңейтеді, қоғамды іргелілетуге қозғаушы күш болады, сөйлеу өнерін үйренуге жетелейді, адамдар арасындағы қатынасты жақсартады, кісінің өз-өзінің сенімділігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздықова Р. Шешендік сөз / Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. - Алматы: Ғылым, 1987.-2006., -288б
2. Балақаев М.,Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті.-Алматы: Мектеп, 995.-182 б.
3. Серімов Б.Е. Шешендік өнер және заң құжаттарының стилистикасы. Қарағанды, 2001. - 356.
4. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 206 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

ДОСАНОВА Ж. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 3 Ертіс ЖОББМ,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы

«Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», – деп К. Д. Ушинский атап көрсеткендей қазіргі заман мұғалімнен үнемі ізденіс пен шығармашылықты талап етеді.

Біздің елімізде оқу барысын ақпараттық-коммуникациялық технологиямен камту бұл күнде білім жүйесіндегі жұмыстардың біріне айналды.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

* АКТ-ны оқытудың дидактикалық құралы ретінде пайдалану (дидактикалық құралдар жасау, әртүрлі пәндер бойынша дайын компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу және қолдану, өз жұмысында интернет-ресурстарды пайдалану және т. б.);

* АТ-ны қолдана отырып сабақ өткізу (сабақтың жекелеген кезендерінде АТ-ны қолдану, білімді бекіту және бақылау үшін АТ-ны қолдану, топтық және жеке жұмысты ұйымдастыру);

* АКТ қолдану арқылы оқушылардың жобалық қызметін жүзеге асыру.

Компьютерлер, ғаламтор, электрондық оқулықтарды пайдалану оқытуды қызықты етеді. Көрнекілік - оқу нәтижесінің сапасына оң әсер ететіні сөзсіз. Қазіргі кезде компьютер адам өмірінің барлық саласына толық енгізілді. Сондықтан ұстаздардың алдында ең негізгі ортақ міндет - өмірге икемді, заман ағымына ілесе алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеу. Оның бір жолы - компьютер тілін үйрену болып табылады. Қазіргі мектеп жағдайында білім беруді жаңашаландырудың ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы көрініс табатын алғышарттары қалыптасқан. Соның бірі - интерактивті тақта мен 3D экран мүмкіндіктерін пайдалану. Интерактивті тақта мен 3D экран - оқушылардың қызығушылығын, танымдық қабілеттерін арттыруда құнды құрал.

Интерактивті тақтаның және 3D экран мүмкіндіктері:

– Веб-сайттар және басқа да ресурстар қолдану есебінен материалды түсінікті, әсерлі етіп жеткізуді қамтамасыз етеді, көп уақыт шығындамай бейне көріністерді, сабақ барысында жасалған жазуларды сақтауға, басып шығаруға болады.

– Түрлі тартымды ресурстарды қолданудың арқасында оқушылардың қызығушылығын арттырады.

– Сабақтың қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

– Өтілген материалдарды қайталау үшін мектеп желісінде пайдаланылған файлдарды сақтауға мүмкіндік береді.

– Шығармашылық жұмыс үшін уақыт үнемделеді.

– Презентация, баяндамашының өз баяндамасын толық жеткізуіне мүмкіндік береді.

– Оқушылар белсенді жұмыс істейді, деректерді естерінде жақсы сақтайды. – Оқыту үрдісін жаңа сапалы деңгейге шығарады.

– Мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан өсуге ынталандырады, компьютерді жетік меңгеру деңгейі жоғарылайды.

Білім берудегі 3D технологиялары сабақтар мен дәрістерді әртараптандыруға, білім беру процесін тиімді және визуалды-көлемді етуге мүмкіндік береді. Сыныпта 3D мазмұнын қолдану оқушыларға мектеп бағдарламасын көрнекі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді, сабақ барысында зерттелетін пәннің тақырыбына «батыруға» ықпал етеді және бүкіл құрылымнан оның жеке элементтеріне, күрделіден қарапайымға және керісінше мобильді түрде өтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманауі сабақтарды қызықты етудің көп әдіс-тәсілдері шығып жатыр. Оларды қолдану үшін қазіргі мұғалім түрлі - түрлі платформаларды қолданады. Мысалы: презентация жасау үшін Power Point-тан басқа Prezi (ерекше етіп презентация жасауға болады), SlitesMania (дайын шаблондр жинағы және де тағы көп функциялары бар), Canva (қолдануы қарапайым әрі ерекше) бағдарламаларды қолданады.

Сабақ барысында кері байланыс жасауға арналған платформалар: Padlet, Jamboard, Classroomscreen және т.б. Сонымен қатар сабаққа дайындалу үшін келесі платформалар мен онлайн - сервистерді қолдану өте тиімді де қолайлы:

– Kahoot – викторина мен тесттерді құрастыру үшін арналған онлайн - сервис;

– Quizlet – онлайн платформаның көмегімен мұғалім өзінің оқу модульдерін, терминдері бар карталарды, есте сақтау сөздерін жасай алады;

– Triventy – сұрақтар мен ойындарды құрастыратын платформа;

– Socrative – тестілеуді құруға, іздеуге және өткізуге арналған құрал;

– Flippity – оқыту үшін әртүрлі интерактивті жаттығулар жасауға болатын сервис;

– Let's test – әр түрлі тесттерді құруға арналған платформа;

– Classtime – интерактивті оқыту қосымшаларын құруға арналған платформа;

– Plickers – бұл бүкіл аудиторияның жауаптарын бірден бағалауға және статистиканы жинауды жеңілдетуге мүмкіндік беретін қосымша;

Осылайша ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді: - оқу материалын терең түсінуге; - оқу мотивациясының артуына; - алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына.

АКТ қолдану-бұл оқушының іс-әрекетте білім алу мүмкіндігін кеңейту. Ал оқушылардың өзіндік шығармашылық қызметі-бұл алынған білімнің беріктігінің кепілі, сондай-ақ балалардың зияткерлік қабілеттері дами алатындығының кепілі. Ұстаздың АКТ құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыру қажеттілігі туындайтыны белгілі. Ал бұл қажеттілігі іске асыруда ұстаздардың біліктілігін көтеру институттарында төмендегідей мәселелер міндетті түрде ескерілуі қажет. 1. Тәжірибеде АКТ-ні пайдалану мүмкіндігін меңгеруде және жаңа материалды игеруде мұғалімнің дайындық деңгейін ескере отырып оқытуды ұйымдастыру. 2. Оқытудың жеке әдістері мен формаларын, сонымен қатар, оқытудың прогрессивтік әдістерін пайдалану проблемасын шешуде қазіргі заманғы оқу әдістерін пайдалана отырып, оқытудың классикалық әдістерін жетілдіру. 3. АКТ құралдарын, интерактивті технологияларды қарқынды пайдалану арқылы оқу үдестірінің материалдық - техникалық базасын жетілдіру. Яғни, педагогтардың ақпараттық - коммуникациялық технологияларды меңгеруін қамтамасыз ету - бүгінгі күннің ең басты талабы болып саналады. Технологиялық және дидактикалық бастамаларға ашық заманауи мектеп оқушылар мен мұғалімдердің үйлесімді дамуы қамтамасыз етілетін кәсіби құзыретті мектепке айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көтенбаева Б.Ш. «Тіл ұстарту жұмыстары бойынша әдістемелік нұсқаулар». Алматы, 1998
- 2 Селевко Г. Современные образовательные технологии. Москва. 1998.
- 3 Нағымжанова Қ. Инновациялық-креативті технологиялар. Өскемен, 2005.
- 4 Сұлтанова Ш. Интерактивті технологиялар-білім беру саласында. Алматы, 2010.
- 5 Кольцова Е.В.«Сабақта АКТ технологиясын қолдану нұсқалары». Алматы, 2020.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ҚАСИЕТІ

ДЮСЕМБАЕВА Г. Б.

магистрант, «Филология және журналистика» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, қауымд. профессор, «Филология және журналистика»
кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Дүниенің тілдік бейнесінде антропоцентристік модель ерекше орын алады. Адамның тілде орталық тұлға екені, ақиқаттағы дүниеге адам өз өлшемі, өз тұрғысынан қарайтыны әсіресе лексика-фразеологиялық жүйеден айқын байқалады. Сонымен бірге ақиқат дүниенің тілдік бейнесін көрсететін семиотикалық таңбалардың ұлттық-мәдени семантикасы прототиптер, архитиптер арқылы ашылады.

Мәдени-тілдік семантиканың ерекше көрінетін тұсы белгілі бір мезгілдің, уақыттың ақиқаттағы образымен берілуі деуге болады. Мысалы, *қарашадан қар қалса, жұт болады* «аштық келуі мүмкін» дегенде эталондық (мезгілдік, уақыттық) ақпарат бар. Қаңтар – «суық», «боран» дегеннің эталоны. *Шілде ыстық, аптап дегеннің эталоны. Қаңтарда қысқан қыстай, шілденің аптап ыстығы* тіркестері көп жылдық байқаудан алынған шындық. Қыс, жаз айларының күн райының ерекшелігі қыс қаңтардың суығы, жаз шілденің ми айналып, ауызға түсетін ыстығы бұл лексикалық бірліктердің жасалуына негіз болған. Сонымен, эталон дегеніміз белгілі бір объектіге тән белгіні, оның сапасының мөлшерін көрсететін, тілдік ұжым мүшелерінің бәріне ортақ таным түріндегі мәнділік болып табылады. Тілдің өзінде берілген бұл ақиқат дүниенің образдары тілдік таңбалардың өзінде. Сондай-ақ жеке тұлғаның тіл арқылы, тілдік таңбалар арқылы жасаған ақиқат дүниенің көркем образдары болады. *«Сүмбіле туар жылтып, ат семіреп құнтып»* – сүмбіле көтеріліп, көкке шыққан мезгіл – шопандар өміріндегі бір жақсы кезең. Күн ұзарып, өсімдік сарғалдап, шөп піседі, мал семіреді. Бұл – тілдік тұлғаның тілдік таңбалар арқылы жасаған ақиқат дүниенің көркем бейнесі, белгісі.

Тілдік бірліктерде мәдени ақпарат мәдени семалар; мәдени ая (фон), мәдени концепт және мәдени коннотация арқылы беріледі.

Мәдени семалар – сөздің мағыналық құрылымындағы мәдени ақпаратқа не элемент, семантикалық бірлік (единица). Мысалы, *жаз*

– «жыл мезгілінің бірі; жайма шуақ уақыт, ел жайлауға көшеді, мал төлінің жетілетін уақыты, бие байлайтын кез, қысқа азық жинайтын мезгіл» десек, «жайлау», «қымыз» деген семалар – мәдени ақпарат беретін семантикалық бірлік. Қазақта ет-женді, дене тұрқы толық, ақжарқын әйелді көрген де *бес биенің сабасындай* дейді. Яғни когнитивтік санада «толық денелі, кең-молдықтың» эталоны – бес биенің сабасы. Бұл жерде екі түрлі семантика бар. Бірі – «толық денелі, кең-мол, ақжарқын әйел адам» деген тілдік семантика, екіншісі «толық денелі кең-молдықтың эталоны болып табылатын мәдени-ұлттық семантика «кең-молдық, ақжарқындық» ақиқат дүниедегі сабамен ассоциацияланған. Басқа тілдерде, я болмаса басқа тілдік-мәдени ұжымда «адамның тұрпаты мен психологиялық күйіне» байланысты эталондық өлшем ақиқаттағы басқа бір объектімен ассоциациялануы мүмкін. Міне, әр тіл дүниені, оның сапасы, белгілерін; адамды, оның қасиеттерін өзінше көрсетеді дейтініміз сондықтан.

Қазақ тұрмысында «кең, молдықтың» өлшемі, эталоны ретінде бес биенің сүті сыып кететіндей (50 литрдей қымыз сиятын ыдыс) сабаның алынуы тұрмыс-тіршілікке байланысты екені белгілі жайт. Алайда осы белгілі «жайт»-тың себебі де жоқ емес. Сабаның 12-15 айғырдың терісінен жасалған ең үлкені *емізiктi саба* деп аталады. Байырғы кезде *емізiктi сабаның* аузын киіз үй уығы арасынан шығарып, ат үстінен пісетін болған. Ал мұндай *емізiктi саба*, жалпы саба тәрізді кең, мол ыдыс не үшін қажет болды?

Байырғы қазақ мәдениетінде қымыз – «көптің асы», «астың асылы» деген түсінік бар. Бие байлаған үй келген адамға, әлеуметтік мәртебесі я жоғары, я төмен болсын, міндетті түрде қымыз құятын салты болған. *Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды* деген мәтелдің мазмұны осы салтпен байланысты.

Бұрынғы қазақ тұрмысындағы биебайлар салтының когнитивтік санадағы фрейминің пропозициялық құрылымы мына тәрізді: ел жайлауға көшіп келеді, бие байлау үшін қазық қағылып, құлын байлайтын желі тартылады. *Биебайлар* мерекесі басталады: желі басында қазан көтеріліп, дастарқан жайылады. Құран оқылып, жасы үлкен батагөй қария биебайлардың батасын береді:

«Тағы бір тілек тілейін,
Шын бергенің білейін.
Өңкей ала шұбардан,
Жал-құйрығы шұбалған,
Айғырды бер байсалды,

Үйір толған байталды,
Өңкей мама биemen,
Сауған сайын иіген,
Желіні сүтін тыймасын,
Көнекке саусаң сыймасын,
Ұзара берсін желісі,
Кеңі берсін өрісі!»

Үлкен әйелдер желінің қазығына, құлынның кекіліне, мама биенің сауырына май жағып ырым етеді. Бұдан соң *биелер* мерекесіне жиналғандарды *қымызмұрындыққа* шақырады. Биебайлар мерекесі кезіндегі алғашқы қымыз ішу салты *қымызмұрындық* деп аталады. Бұл фрейминің пропозициялық құрылымын жазушы Нұрқасым Қазыбековтың «Бие байлау» этнографиялық әңгімесі негізінде беріп отырмыз [22]. Ал күзге қарай бие ағытар алдында бас қосып, қымыз ішу салтын *сіргемолдіретер* деп атайды. *Сіргемолдіретердің* мәдени семантикасы «бие ағытылды, *сіргемолдіреткен* үйден қымыз дәмепейді» дегенді білдіреді. Міне, бұл айтылған бір кездегі мәдени-тілдік ұғымның когнитивтік санасындағы аялық білімге, концепт өріске жатады.

Емізікті саба, қарасаба, биебайлар, қымызмұрындық, желі тарту, сірге молдіретер тәрізді тілдік бірліктер арқылы объективтенген мәдени мәнділікке қатысты білімдер жүйесі.

Мәдени семантиканы айқындауда қиындықтар да болады. Кейбір тілдік таңбаларда мәдени ақпараттар тілдік мағынаның тасасында тұрады да, имплицитті сипатта болады.

Мәдени ая (фон) – белгілі бір этностың әлеуметтік өмірі мен белгілі бір тарихи уақиғамен байланысты жайттарды білдіретін, тілдік таңбалардың жүйесі. Мысалы: а) *қымызмұрындық, сіргежияр, сіргемолдіретер* т.б.; ә) *жыл артынын жыл өтті, жылдың жылына, жыл қайырды* және т.б.

Мәдени концепт – абстракті ұғымдардың атауы; Мәдени ақпарат сигнификаттық компонентке тән, ұғымның ядросына тән. Мысалы, «суықтық» концептісі *қан сонар – бірінші жауған қар, қаңтардағы бурадай – ашулы, қыс қылшылдап тұр – қыс қатты, қыс қылышын сүйретіп келді – қатты қыс, қыстан шықты – жазғытұрым кезге ілінді, қыс ызғар, жазда шаң көрмеді – қиындық көрмеді* деген тұрақты тіркестермен аталады.

Мәдени коннотация. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымына енбейтін, бірақ сол сөздің мағынасымен қабаттаса, жарыса жүретін компонент мәдени коннотация деп аталады.

Мысалы, *қымыз* «бие сүтінен ашытылған сусындық тағам» десек, вербалды таңбаның лексикалық мағынасы. Ал осы лексикалық мағынамен жарыса жүретін *қымыз – көптің асы, астың асылы* деген компоненттер мәдени коннотацияға жатады.

Сонымен, жоғарыдағы айтылғандарды қорытындыласақ, мәдениеттің өзіне тән тілдік жүйесі бар. Сөз арқылы, тілдесу арқылы адамдар бір-бірінен маңызды ақпарат алмасады. Алайда тілдесу тіл жүйесінің бір бөлігі ғана, бір элементі ғана. Тұтас алғандағы тілдің өзі емес. Тіл – мәдениеттің айнасы. Ол айнада адамның ақиқат өмірдегі айналасы ғана емес, халықтың менталитеті, ұлттық ерекшелігі, дәстүрі, салт-санасы, моралі, құндылықтар нормасы мен жүйесі, дүниенің бейнесі (суреті) айқын көрінеді; тіл – мәдениетті жинақтаушы, сақтаушы. Халықтың білімі, танымы, материалдық және рухани байлығы тілдік жүйеде сақталады. Олар негізінен фольклорлық шығармаларда, көркем туындыларда, әртүрлі жазба мұраларда сақталады; жинақталған, сақталған дүниеліктер тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады.

Тіл біздің санамызда дүниені бейнелеп қана қоймайды, тіл арқылы біздің санамызда бейақиқат (идеалды) дүниенің негізі қаланады. Тіпті ақиқат дүниемен ісі болғанға дейін де санада тіл арқылы «екінші» ақиқат дүниенің жобасы жасалады. Әр тіл ақиқат дүниенің санадағы жобасын өзінше жасайды. Кім қай тілде сөйлесе, ақиқат дүниені сол тілдің тұрғысында түсінеді. Тіл арқылы санада «екінші ақиқат дүние» - идеалды дүние қалыптасады. Сонымен, ақиқат дүние санада белгілі бір мәдениеттің (мәдени қоғамдыстықтың) тілдік ерекшелігіне қарай жасалады. Белгілі бір ақиқатты әр тіл өзіндік тәсілмен бейнелейді. Егер белгілі бір объекті бірнеше ұғымдар жүйесін қамтыса, сол мәдениет (мәдени қоғамдастық) үшін әлгі объект ерекше маңызды деп саналады. Бір құбылыс (зат, уақиға) жөніндегі ұғымдар жиынтығы неғұрлым күрделі, неғұрлым әр алуан болған сайын әлгі құбылыстың сол мәдениеттегі орны мен үлесі аса зор болып табылады.

Сөз, затты, айналадағы құбылысты тікелей бейнелемейді. Сөз дегеніміз – айналадағы құбылыстың түсінік, ұғым, пайымдау, ойқорыту түріндегі немесе керісінше, айналадағы құбылыстың санадағы бейнесі. Ол тілдік ұжымның өмір тәжірибесіне, күнкөрісімен, тіршілігімен тығыз байланысты. Бұл – дүниенің мәдени картинасы. Дүниенің мәдени картинасы дүниенің тілдік картинасымен тығыз байланысты.

Әрбір кезең, әрбір дәуірдің өзді-өзіне тән ақиқат дүние туралы білім жүйесі болады. Мысалы, *қой, жайылу, ауыл, өріс, бытырау, изен, жусан* т.б. сөздердің қандай мағынаны білдіретіні немесе қандай денотатты көрсетіп тұрғаны бізге белгілі. Бұл – тілдік білім. Ал *«қой бытырап, шашырап бір-бірінен ашақ кетіп жайылса, ауыл қонған жерден тым ұзап кетсе, ол жердің оты нашар болғаны. Ауыл ондай жерде ұзақ отырмайды оты қалың, изенді, жусанды өрісті жерге көшеді»* десек, бұл – тілдік емес, дүниелік білім. Бұл білім ғылым немесе оқу-ағарту жолымен алған білім емес. Білімнің бұл түрі – өмір тәжірибесінен жинақталған ұжымдық білім, тілдік емес білім. Олай болатыны сөздіктер беретін білім, олар жуық мағынамен шектеледі. Осыған орай «Жыл мезгілдері» бойынша Жаз тақырыптық топқа назар аударып көрейік:

Жаз – зат. 1. Көктемнен кейін келетін жылдың жылы, жайлы маусымы. 2. геогр. Жер шары өз орбитасының жазғы күн тоқырау нүктесінен күн мен түннің күзгі теңелу нүктесіне дейінгі аралығында болатын жылдың төрт мезгілінің бірі. 3. Жаз айларына көктем мен күздің жылы кезеңдерін қосып есептегендегі жылдың жайлы мерзімі. 4. ауыс. Жанға жайлы жылылық, жайнаған әдемілік.

Жаз сөзі арқылы туынды мағыналар жасалады. Мысалы, Қызыл тілім буынсыз, Сөзімде жаз бар шыбынсыз. Тыңдаушымыды ұғымсыз Қылып тәңірім бергенді (Абай). Қайғың -қыс, жүзің -жаз, Боламын көрсем мәз. Күлкіңіз бойды алар, Бұлбұлдай шықса өуез (Абай). Аулақ, аулақ, Аулақ менің жанымнан! Қара уайым қара шәлі жамылған. Жаздың әлі гүлім жаңа жарылған, Бұлбұлымды ұшырғам жоқ бағымнан (М.Мақатаев). Жай тауып, жадырап бар жан дүниесі жаз лебіндей жымия жылы күліп (Ә.Оңалбаев).

Жаз дидарлы – жылы жүзді. *Жаз дидарлы жас ана, Жаныңды тос әр күйге; Жасара түс, жасара, Бөбегінді әлдиле (Қ. Аманжолов).*

Жаз жайлаудай – Жайдары, шаттыққа толы. *Жаз жайлаудай көңілімнің, көркісің бе, Алматым. Гүл ашпаған өмірімнің, Сен тасыттын арнасын (М. Айтхожина).*

Жазғы күндей – *Жарық, жарқын, ашық, жайлы деген мағынада. Жазғы күндей жарқын күнім, Еңбек ері – жүректі ұл (І. Жансүгіров).*

Жаздағы таңдай – *Баяу да әдемі, ұзақ та жарық. Жайдары шуақ мінезің Жаздағы таңдай сызылған (Т. Молдағалиев).*

Жазғы жауындай – *Жылы, жанға жайлы; құйылған, төгілген деген мағынада. Аңқылдап алтын күрек домбырадан, Құйып тұр жазғы жылы жауындай боп (І. Жансүгіров).*

Қазақ тіліндегі жыл мезгілдеріне байланысты атаулар адамның табиғатпен және оның өзгерістерімен байланысын көрсететін терең тарихи және мәдени негіздерге ие. Жыл мезгілдері атауларының қазақ тіліндегі этнолингвистикалық маңызы халықтың өмірі мен әдет-ғұрыптарының ерекшеліктерін, сондай-ақ оның қоршаған ортаға қатынасын көрсетеді. Жыл мезгіліне байланысты қазақ тіліндегі әрбір лексикалық бірлік қазақ халқының тарихы мен дәстүрлеріне негізделген белгілі бір эмоционалды, символдық немесе танымдық мағынаға ие. Және танымдық мағынасынан түрлі туынды мағыналар өрбитінін де аңғарамыз. Демек, олардың этнолингвистикалық мағынасын зерттеу халқымыздың тереңде жатқан мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын жас ұрпаққа жақсы түсінуге мүмкіндік береді деген қорытындыға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым. – 140б.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Он бес томдық. 5 - том / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
- 3 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. - Алматы, 1989.
- 4 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. - Алматы, 1997.

АБАЙ АТАМЫЗДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

ЕЖИХАНОВА Г. К.

орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі,
Үштерек ауылының орта мектебі, Ақсу қ.
СЕРИКБЕКҚЫЗЫ І.

оқушы, 10 сынып, Үштерек ауылының орта мектебі, Ақсу қ.

Қоғамдағы саналы азаматтардың аздығынан «ұятты», адами әрекеттердің көптігі және де «ұят» сөзі қадірінің төмендеуі, сонымен бірге жас ұрпаққа Абайдың қара сөздерінің мәнісін ұғындыру арқылы тәрбие үрдісін жүзеге асыру өзекті болуда. Сонымен бірге Абай атамның қара сөздеріндегі бар өнеге мен тәлім ұрпаққа мәңгі мұра. Абай атамның қара сөздеріндегі өнегені ұрпаққа мұра ету. Абай атамның шығармаларын, әсіресе қара сөздерін толық

зерттеу, танысу; Қара сөздерден жас ұрпаққа мәңгілік рухани мұра болатын «ұят» мәселесіне қатысты бөліктерін ажырату, іріктеу; Абай атамның талқыға алған «ұяты» мен қазіргі замандағы қоғам «ұяты» екеуін салыстыру және ортақ шиеленіс табу; Берілген сұрақтар бойынша сауалнама жүргізу; «Ұят» мәселесін жалпылама талқылау арқылы саналы азаматтар қатарын арттыруға негіз болатын ұсыныстар даярлау; Абай атамның сөздерін, даналығын көпшілікке наисхаттау.

Абайдың қара сөздерінің саналы тұлғаның өмір сүруіне қажетті факторлардың орын алуы Қазақтың ұлы ақыны Абай атамның өз ғұмырын тек өлең жазуға, орыс және басқа да тілдерден аудармалар жасауға арнамаған. Сонымен қатар публицистикалық шығармаларын яғни «қара сөздерін» жазып қалдырғаны белгілі. Ал енді қара сөздерінің біршамасы не жайлы жазылғандығын және өзімендей нәрсені түйгенімді жазайын! Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені көсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін көсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді. Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: «Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керекті жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деп ойын түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніндер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған алайда еш мағынасы жоқ, мағлұм болған мақалдарды сынап отырып оқырманға оның дұрыс бұрыстығын нұсқап көрсетеді. Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп, әсерлі етуге барын салғандығы бізге ерекше ұнады. Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тануға әбден болады. Себебі қайсыбірін оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түспегі анық. Тіпті білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын

жандар да баршылық. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да алдағы уақытта көбейетініне сенемін. Бірлік пен тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?!

Руханият мәселесі ақын Абай қара сөздерінің тілі сырттай, тұтас алып қарағанда, бір стильдік үлгіде болғанымен іштей, жіктей оқығанда, осы үлгінің өзінде азды – көпті айырым жайлар байқалады. Әсіресе, ақынның поэзиясындағы талғампаздық, яғни сөз етіп отырған тақырыбына орай өлеңдік үлгі, форма іздену сияқты талғампаздық қара сөздері тілі тұтасында да көрінеді. Хәкім Абай тегінде поэзиясы сияқты қара сөздерінің де оқушысы кім болғанын көптен – көп ескеріп отырған болса керек. Сондықтан да бұлар қазақтық мінез, бұқара халыққа сөз болған орайда лексикасында араб, парсы сөздерінің барынша сирек ұшырасатыны сияқты, сөйлем жүйесінде, барынша қарапайымдылық, ауызекі әңгімелесу стиліне дін оңай, жеңіл оралымдар үстеме болып келсе, діни мораль, дін ережелері сөз болған шақта әрі дін иелерімен, ескіше оқығандармен пікір сарабына түсіп кететін реттерде лексикасында араб, парсы сөздері, діни лексика құран аяттары, түркі кітаптарына тән грамматикалық формалар көп енгізілетін сияқты, сөйлем құрылысында да өзгеше бір ерекшелік кездеседі.

Абайдың қара сөздерін мағынасына қарай: ел мінезі жөнінде, оқу ғылым жөнінде, мақал афоризмдері, тәлім-тәрбие жөнінде, адамгершілік жөнінде деп бөлуге болады. Мысалы: Адамгершілік жөніндегі қара сөздерге 7, 17, 19, 20, 31, 32, 34, 38, 43, 36. Солардың бірі отыз алтыншы қара сөзінде Пайғамбарымыз салалаһу һайлайһи уәсәләһнің хадис шарифінде айтыпты: «Мен лә хаяһу уә лә иманун ләһу» кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ, деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді, ұят өзі иманның бір мүшесі екен. [6.7]. Олай болғанда, білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар – надандықтың ұяты: жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдында жазықсыз – ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмаса нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық. Шын ұят сондай нәрсе: шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абыройлы бойға

теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреу – ондай қылық өзіңнен шықпай – ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырмай, мына байғұсқа не болды. Бірнәрсе іштен рақым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызарып кетеді. Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға, я абыройлы бойға теріс я адамшылыққа кесел қылық, катеден, яки нәпсіге еріп, ғапылдықтан өз жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісіге бетіне қарамай, бір түрлі қысымға түсесің. [3.13] Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінің ішіннен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді.

Ұят мәселесін қоғам арасында жандандыру жолдары: Қоғам санасын арттыру, көзі ашық, көкірегі ояу жұрттың санын арттыру арқылы елімізде өзекті болып табылатын «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламаны, оның «Саналы азамат» атты жобасын жүзеге асыруда Абайдың өмірі мен шығармашылығын бірден бір негізгі ресурс ретінде қолдануға болады. Мәселен, қоғамда «өзгеріс енгізу үшін өзгерісті, алдымен, әр адам өзінен бастау керек». [Назарбаевтың мақаласы] Ойластыра келе, қоғам арасында түрлі іс-шаралар өткізсек, не болмаса ұсынсақ, нұр үстіне нұр болар деген оймен түрлі ұсыныстар жасап көрдік.

1. Ұяттың жоғалуына және де арсыз әрекетке итермелейтін ресурсты фактордың бірі – әлеуметтік желі. Әлеуметтік желіден аулақ болу үшін, «МЕН – ОФЛАЙН» акциясын өткізсе болады. Яғни күніне, жұмыстан келген соң, оқудан келген соң, үйдегі ғаламтор таратушы вайфайды өшіріп, отбасыға көбірек көңіл бөлу. Рухани аңғыртатын, жанданыратын юір әрекетпен шұғылдану. Кітап оқу. Мәселен, мектептегі бір ұстаздың үйінде кіші қызы балабақшадан келгенде әке-шешесі ұялы телефонды қолынан түсірмегені үшін үнемі телефон сұрап, жылап, әйтеуір телефонды қолына алдыртып, отырып та, жатып та интернет желісінен сананы улайтын түрлі видеолар мен мультфильмдерді көретін. Ол мәселе баланың ата-ананың әрекетін қайталағаннан болып тұр. Содан, мәселе шектен шығып бара жатқандықтан, ата-анасы жұмыстан келгесін вайфайды өшіріп, телефонды тығып тастайды екен. Содан бері, бір апта, кішкентай қызы ойыншықтармен ойнап, рөлдік ойынға беріледі. Кіші моториканы дамытады.

Сол секілді, ересек балалар мен үлкендер де интернетсіз өткізу сағаттарын күн сайын өсірсе, ұятты әрекеттерден аулақ болары анық.

2. Рухани байлыққа кенелтетін әрекеттерге көп көңіл бөлу. Абайдың шығармашылығын көбірек оқу, Абайдай болу. Абайдың кара сөздерін тарату. Абай Құнанбаевтың жазған кара сөздерінің тәрбиелік мәні өте зор. Біз одан үлкен ғибрат аламыз. Әр сөзі терең ойға, өзінді, ортаңды тануға, жақсы қасиеттерді бойыңа дарытуға, жаманнан аулақ болуға жетелейді.

Абай сол заманғы қазақтың басты проблемасы философиямен көп айналысты. Абай атамиздың әрбір сөзін қайта оқып, тереңірек барлай бастасақ, олардың қыр – сырлары қайта ашыла түседі. Шындығында Абай тағылымындәріптеу, оны терең түсіне білу, меңгеру оңай емес. Абайдың шығармаларында даналық толып жатыр. Өмірде ар-ұят пен имандықты қатар ұстау керек. Сонда адам баласы артына жақсы ұрпақ қалдырады. Ұят пен иман – адам өмірінің негізгі қасиеттерінің бірі. Адам баласының бақыты оның ар-ұяты таза болуында.

Абайдың қар асөзіндегі ар-ұят қазіргі жас ұрпақтарымыздың бойында аз да болса бар екенін дәлелдедік. Сонымен қатар үлкен кісілер мен жастардың ар-ұят түсінігінде айырмашылық бар екенін анықтадым.

Абайдың поэзиялық мұрасына қоса кара сөздері беретін бір заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына – деп ойлаймын.

Адамгершілік қасиеттер отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуын өтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Халықта: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» деген мақал бар. Сондықтан адамгершіліктің іргетасы отбасында басталады.

Тәлім-тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды дегеніне көзім толық жетті. «Адамға ең бірінші, керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» Әбу Насыр Әл – Фарабидің сөзін әрдайым жадымызда сақтауымыз керек деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://bilim-all.kz/article/2228-Qara-sozder-36-qara-soz>

2. Абай педагогикасы «Келешек - 2030» Көкшетау, 2003.-63 б.
3. Абай қара сөздері «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2007.-47 б.
4. Қазақ әдебиет энциклопедиялық анықтамалық «Аруна» баспасы Алматы, 2007 – 88 б.
5. «Шапағатнұр» журналы 2006 - 128 б.
6. Хадистержинағы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТҮС СИМВОЛИКАСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

ЖАНГАЗИНА З. Ш.
мұғалім, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.
ИСАБЕКОВА Г. К.
мұғалім, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Адамның бір нәрсеге қараған кезде ең бірінші назар аударатыны – түс. Адам өзінің сезімімен түске қандай да бір ақылға қонымды қорытынды жасамай жауап береді. Түстер әртүрлі құбылыстардың – еркіндіктің, бақыттың, күштіліктің, ұлылықтың, қайғының немесе қуаныштың символы болып табылады.

Қазақ халқының түс символикасы негізінен діни ұғымдармен, мәдениетпен, нақты тарихи оқиғалармен байланысты белгілі бір мағынаға ие болды.

Түс символикасының ежелгі шығу тегі бар. Ол адам табиғи бояуларды өндіруді және қолдануды үйренген кездерде пайда болған. Қазақстан аумағында кездесетін жартастағы кескіндемеде үш түс – ақ, қара және қызыл түстер жиі кездеседі. Бұл түстердің басым болуы сиқырлы әдет-ғұрыптар мен рәсімдер арқылы түсіндіріледі. Түс сиқырлы, қасиетті, құдайлық күштердің атрибуты ретінде қарастырылды. Археологиялық, тарихи және этнографиялық зерттеулер көрсеткендей, адамның мистикалық идеялары мен түс символизмі өзара тығыз байланысты болды.

Егер түркі мемлекеттерінің түс символикасын біртұтас тарихи, демек, символдық деп қарастыратын болсақ, онда белгілі бір түстер мен оларды біртұтас семантикалық өрісте қолдану жиі кездесетінін көреміз. Бұл түркі халықтарының мәдени және рухани бірлігін тағы да растайды.

Қазақстан жерін мекендеген халықтар арасында кең тараған культтердің бірі Күнге, жарыққа, сонымен қатар Күнге ең жақын

ұқсастық – отқа табыну болды. Сондықтан белгілі бір түске деген көзқарас оның қаншалықты «күн шуақты» ашық, жарқын екеніне байланысты болды. Күннің түсіне ең ұқсас ақ және алтын түстес (сары) түстер болды. Сондықтан бұл түстер құдайлық, киелі деп саналған. Кейін қазақ халқында бұл түс берекенің, байлықтың, молшылықтың түсіне айналған.

Қазақтар ежелден қара, көк, қызыл, сары түсті түрлі реңкті маталарды пайдаланған. Қоғамдық топқа байланысты байлықты білдіретін түрлі-түсті және жарқын киімдерге басымдық берілді. Киімнің түсі, пішіні, қиюы және стилі отбасының тиесілігіне, класына және жасына байланысты болды. Қазақтың киіз үйіндегі ыдыс-аяқтар да айшықты, түрлі-түсті болды. Әсем безендірілген киіз үйде қабырғаға түрлі-түсті кілемдер ілініп, түрлі қиым құрақтар төселді.

Бірақ ең маңыздысы - жарық пен қараңғы арасындағы қарама-қайшылықтар. Қара және ақ түстер өмір мен өлімнің, жақсылық пен жамандықтың қарама-қайшылықтарына сәйкес келді.

Қазақ халқы үшін көк түстің маңызы зор. Бұл түс адалдық, мінсіздік сияқты ұғымдардың тасымалдаушысы болып табылады. Қазақ халқы бұл түсті бұлтсыз әлеммен байланыстырады, ол әрқашан барлық халықтар арасында бейбітшіліктің, тыныштық пен берекенің бейнесі болды.

Егер қазақ халқының азық - түлік өнімдерінің сан ғасырлық тәжірибесін бейнелейтін түс таңбасына негізделген жіктемесіне жүгінетін болсақ, біз «ақ» береке мен молшылықтың белгісі екенін байқаймыз.

Қазақ мәдениетінің тарихында көк түс ерекше орын алды. Бұл түс атауы әртүрлі реңктерді білдіруі мүмкін: көк пен көгілдірден жасыл және сұрға дейін. Жасыл желектер, жасыл шалғындар туралы сөз болғанда қазақтар «көк майса», «көк шалғын», «көк айдар», «көкорай шалғыны» деген. Бірақ дәл осы сөз аспан кеңістігін, шексіз су кеңістігін - көк мұхитты да білдіреді. «Көк бие», «көк бөрі» сөз тіркесі сұр түсті білдіреді. Мұны түрлі-түсті көру әртүрлі климаттық жағдайларда және әртүрлі өмір салтында қалыптасатындығымен түсіндіруге болады. Түстерді қабылдау күннің уақытына да байланысты: күндізгі және түнгі жарықта объект түрлі түсті болады.

Киімдерді, киіз үйлерді, ыдыстарды безендіруде түс маңызды рөл атқарды. Ол үшін қоршаған әлемге сәйкес келетін түрлі – түсті ою – өрнектер қолданылды: өсімдік ою-өрнегі-жасыл, гүлді ою-өрнек-ашық қызғалдақтардың түстері және т. б.

Ақ түс адамның санасына және бейсанасына күшті эмоционалды әсер етеді, сондықтан біз осы түспен байланысты ассоциациялардың кең ауқымы туралы айтуға болады. Ақ түс мерекені, тазалықты білдіреді, өйткені ол адам мен рухани нәрсенің арасындағы делдал болып табылады және өзі жақын жерде қандай түстің болуына байланысты өзгереді (1-кесте).

Кесте 1 – Ақ түс

№	Мағынасы	Мысал
1	Тазалық, пәктік	Ақ бата
2	Әйел, зайып	Ақ жаулық
3	Ақсүйектер	Ақ сүйек
4	Сапа	Ақ саусақ
5	Сұлулық	Ақ маңдай

Қара түс теріс күштер мен қайғылы оқиғалардың түсі ретінде ұсынылған. Барлық халықтарда дерлік өлімнің, надандықтың, үмітсіздіктің, қайғының, тілектің, қайғы мен зұлымдықтың қараңғылығын бейнелейді. Қара түс көбінесе қараңғылықты, хаос пен өлімді бейнелеу үшін қолданылады. Қазақтар қара түсті дәстүрлі қабылдаумен бірге «қарапайым», «кедей», «байлық», «отбасы», «ұрпақ жалғасы» сияқты мағыналарды пайдаланды.

Кесте 2 – Қара түс

№	Мағынасы	Мысал
1	Тиянақтылық	Қара шаңырақ
2	Сапа	Қара қылды қақ жарған
3	Қорлық, ұят	Қара бет
4	Қайғы	Қара бұлттай қайғы
5	Манап	Қара табан

Қызыл түс белсенді ерлікке, өмірге, соғыс отына, қуатқа, агрессияға, қауіп-қатерге, өміршендікке, денсаулыққа, физикалық күш пен жастыққа байланысты. Қазақтар қызыл түсті мерекемен, қуанышпен, қуатпен байланыстырады (3-кесте). Адамның қасиеттеріне, оның мінез-құлқына қатысты импульсивті, жеңіл мінездің көрсеткіші жағымсыз коннотацияға ие болады.

Кесте 3 – Қызыл түс

№	Мағынасы	Мысал
1	Шешендік	Қызыл тіл
2	Сапасы	Қызыл көз
3	Табиғи құбылыс	Қызыл іңір
4	Сұлулық	Қызыл гүлдей жайнау

Көк немесе көгілдір түс шексіздікті, мәңгілік пен шындықты, адалдықты, сенімді, тазалықты, пәктікті, рухани және интеллектуалды өмірді бейнелейді - көптеген ежелгі мәдениеттерде пайда болған және аспанның көк түсі ең тыныш деген ортақ ойды білдіретін бірлестіктер. Қазақтағы «көк» деген сөз көптің түбірі ме? Өмір, жанару, уақыт, биіктік сияқты ұғымдармен байланысты. Мысалы, «көктеу», «көктем», «көсегесі көгеру», «көктей салу», «көк тіреу», «көкке шырқау» (4-кесте). Көне түркі тілінде «көк» сөзі «шығыс», дегенді білдіреді. Сонымен, түс географиялық ақпаратты тасымалдаушының бір түрі болып табылады.

Кесте 4 – Көк түс

№	Мағынасы	Мысал
1	Жасыл шөп	Көктемнің көгіндей
2	Сұр	Көкжал бөрі
3	Аспан	Көк соққан
4	Жағдайы, халы	Көктей солу
5	Эмоциялар	Көк жайлаудай шалқу

Сары түс - ең карама-қайшы, ол тілге, контекстке байланысты оң және теріс символизмге ие атрибут ретінде ерекше орын алады.

Сары түс күнмен және күн сәулесімен байланысты, өйткені күн сәулелері осы түс. Ол қызығушылықпен, қызығушылықпен және тіпті қызғанышпен байланысты, өйткені оның жарықтығы айналамыздағы әлемді басқа түстерге карағанда жақсырақ жарықтандыратын сияқты. Ол сондай-ақ оптимизммен байланысты, өйткені ол күн сәулесі сияқты жігерлендіреді және жандандырады. Сары түс сонымен қатар сезгіштікпен, шабытпен, күтүмен байланысты - өйткені оның жарқын жарығы қараңғылықты жарып жібере алады (5-кесте). Сары түс теріс мағынаға да ие және құрап жатқан жапырақтар мен піскен жемістердің түсі ретінде ол өлім мен

кейінгі өмірдің жақындауымен кеңінен байланысты. Мұны сары тері, қорқыныш және ауру арасындағы түсініктердің байланысына жатқызуға болады.

Кесте 5 – Сары түс

№	Мағынасы	Мысал
1	Жағдайы, халы	Сары ұайым
2	Сапа	Сары тоқым ұры
3	Табиғат	Сары табан қар
4	Әрекет	Сары ізіне шөп салу
5	Баға беру	Сары табан

Осылайша, түс адамның санасына және бейсанасына эмоционалды әсер етеді, сондықтан біз әртүрлі түстермен байланысты қауымдастықтың кең ауқымы туралы айтуға болады.

Көптеген халықтардың тілдері мен мәдениеттерінде белгілі бір түстердің өзіндік символдық мәні бар.

Түс символикасының қайнар көздеріне өмірдің және қоршаған дүниенің нақты жағдайлары, халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, белгілі бір тілдік қауымдастықтың діни көзқарастары, сондай-ақ саяси көзқарастар жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баубекова Г. Д. Мәдени мұра ұлттың рухани өмірінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде - Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, №2, 2007, 43 б.

2. Ирмұханов Б., Түркілер: этнос пен этноним тағдыры, - Мысль, №1, 2006, 72 б.

АУДИОВИЗУАЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ОҚЫМАЙТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖАНГАЗИНА Р. Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

СПАНКУЛОВА Б. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

«Аудиовизуалды технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» әдістемелік жобаның мақсаты: техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы білім алушыларға ақпараттық технологияның қарқынды дамыған уақытында қазақ тілін аудиовизуалды әдістермен оқыту арқылы сабақты түрлендіріп өткізу, тіл үйренушінің тілді үйренуге деген ынтасын, қызығушылығын оятып, студенттердің сабақтағы белсенділігін арттыру және сөйлеу тілін дамыту;

Аталған әдістемелік жоба тілдік қарым-қатынас барысында студенттердің өз ойын жарыққа шығару үрдісін, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуді көздейді.

Зерттеу мақсаты – қазақ тілін оқытуда аудиовизуалды технологияның тиімділігін теориялық және практикалық негізінде дәлелдеу.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында келесі **міндеттер қойылды:**

- облыстық, республикалық, халықаралық тәжірибедегі тілдерді оқыту әдістемелерімен танысу;
- «Аудиовизуалды технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбы бойынша теориялық материалды зерттеу және талдау;
- Аудиовизуалды технологияларды қолдануда білім алушылардың жас және жеке тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу;
- Қазақ тілін оқытуда аудиовизуалды құралдардың тиімділігін зерделеу, оның ерекшелігін, қолдану ережесін анықтау.

Болжам: аудиовизуалды оқыту құралдарын тиімді пайдаланса, қазақ тілін игеру деңгейі артады.

Зерттеу өзектілігі: аудиовизуалды технологияларға негізделген материалдарды игерту барысында заман талабына сай қазақ тілін

оқыту үдерісін жетілдіру. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда аудиовизуалды әдісті пайдалану білім алушылардың жаңа тілдік материалды меңгеруі кезіндегі оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы жұмысты орындау кезінде келесі **зерттеу әдістері** пайдаланылды: әдістемелік, лингвистикалық әдебиеттерді, қазақ және ағылшын тілі бойынша оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқу құралдарын талдау; бақылау, педагогикалық бақылау, тәжірибелік-эксперименттік қызмет нәтижелерін талдау.

Теориялық маңызы – аудиовизуалды құралдар арқылы қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық аспектілерін әзірлеуге өз үлесін қосады.

Практикалық маңыздылығы – осы зерттеу жұмысында қазақ тілін оқыту бойынша практикалық ұсыныстар берілген, сабақ әзірлемелері мен тапсырма үлгілері ұсынылды, қазақ тілі мен әдебиеті оқулығына қосымша құрал ретінде қолдануға мүмкіндік туғызады.

Аудиовизуалды технология – оқу ақпаратымен жұмыс істеу кезінде оқытудың аудиовизуалды (техникалық) құралдарын пайдалануға негізделген білім беру қызметі.

Аудиовизуалды әдіс – қысқа мерзімде белгілі лексика-грамматикалық материалдар негізінде көру және есту ресурстарын қолдана отырып, сөйлеу тілін қарқынды меңгерту.

«Аудиовизуалды технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» жобасы тілдік қарым-қатынас барысында студенттің өз ойын жарыққа шығару процесін, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуді көздейді. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттерін жетілдіру басты назарға алынады.

Аудиовизуалды оқыту құралдары басқа тілге үйрету құралдары арасында ерекше орын алады. Олар материалды қабылдау және есте сақтау қабілеттерінің синтезі болып табылады, сондықтан оқытудың тиімді әдісіне жатады.

Бабанский Ю.К., Бурая Е.А., Леонтьева Т.П., Писаренконың В.И. шет тілдерін оқытудағы аудиовизуалды құралдарын зерделей отырып, халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтап, оқу үрдісінде қолдандық. Пассов Е.И., Бим И.Л., Верещагин Е.М., Беляев О.И. шет тілін игерту психологиясы бойынша еңбектерін, Бітібаева Қ.О., Жұматаева Е.Ө., Оразақинова Н.А., Жанпейісова М.М. отандық

лингвисттердің қазақ тілін оқытудағы әдістемелерін зерделеп, жобамыздың теориялық негізі деп алдық.

Дидактика тұрғысынан аудиовизуалды құралдар келесі сипаттамаларға ие:

- ақпараттық қанықтылық;
- оқу ақпаратын ұсынуды рационализациялау;
- оқу материалдарын аз уақытта меңгерту;
- білім сапасын жақсартудың тиімді құралы.

Аудиовизуалды ақпарат (бейне, аудиожазбалар, фильмдер, т.б.) бейне, музыка, дыбыс, әртүрлі түстерден тұрады және де ол оқу материалын меңгертуге жағымды әсер етеді. Студенттердің білім алуға деген, тілді үйренуге деген уәждері күшейтіледі.

Аудиовизуалды құралдар арқылы студенттердің жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын қиындықтарды (психологиялық, физиологиялық, педагогикалық) жеңуге болады.

Аудиовизуалды материалмен жұмыс бірнеше кезеңнен тұрады:

- дайындық (жаңа тілдік материалмен жұмыс, ықтималды болжауды оқыту, қысқа мерзімді және ауызша-логикалық есте сақтауды дамыту және т.б.);
- аудиовизуалды материалды тікелей қарау немесе тыңдау,
- ақпаратты түсіну деңгейін тексеру, жаңа білік пен дағдыларды шоғырландыру.

Кез-келген аудиовизуалды материалды қолдану барысында келесі кезеңдер ұсынылады:

- I. Демонстрация алдындағы кезең
- II. Демонстрациялық кезең
- III. Демонстрациядан кейінгі кезең
- I. Демонстрация алдындағы кезең

Мақсаты - студенттерді ынталандыру, бейнемәтінмен сәтті жұмыс істеу үшін жағдай жасау, тілдік қиындықтарды жою. Бұл кезеңде түрлі тапсырмалар арқылы тыңдалатын мәтінде кездесетін бейтаныс, тірек сөздер, сөз тіркестерімен танысып, есте сақтайды, дыбысталуына көңіл бөледі.

II. Демонстрациялық кезең

Мақсаты – білім алушылардың тілдік, әлеуметтік-мәдени құзыретін дамытуды қамтамасыз ету. Аудиовизуалды материалды көру барысында студенттер мәтін бойынша жазбалар орындап, кестелерді толтыра отырып, келесі кезеңде орындалатын тапсырмаларға алдын ала дайындық жасайды.

III. Демонстрациядан кейінгі кезең

Мақсаты-аудиовизуалды материалдар негізінде студенттердің ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту. Осы кезеңде аудиовизуалды құралдардың тиімділігі анықталады.

«Аудиовизуалды технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» жобасы –қазақ тілін меңгерудің тиімді әдісі.

Өзге ұлт өкілдеріне тіл үйретуде көрнекі және дыбыстық құралдарды көп пайдалану бірден көп сезімнің іске қосылуын қамтамасыз ететіні анықталды. Мысалы, тіл үйренушілер естігенінің 10 %-ын, естіген және көргенінің 50 %-ын, естіген, көрген және өзі жасағанының 90 %-ын есте сақтайтынын ғалымдар дәлелдеп берген.

Сол себепті тілді үйретуде барынша тиімді әрі қызықты тәсілдердің бірі – аудиовизуалды құралдарды пайдалана білу бүгінгі күн талабы. Аудиовизуалды құралдарды тіл меңгерудің барлық деңгейлерінде модульдік тақырыптарына сәйкес беру – әр білікті маманның міндеті.

Аудиовизуалды құралдардың тілді меңгертудегі тиімділігі келесіде:

- тыңдаушылардың тілге деген қызығушылығын арттыратын «сикырлы таяқша» іспетті құрал;
- сол үйретіліп отырған тілдің ерекшеліктерін, дұрыс дыбысталуын ести отырып, оны өзінің сөйлеу мәнерімен салыстыра алады, бағалай алады;
- тыңдай отыра іс-әрекеттері арқылы түсінуге дағдыландырады;
- алған теориялық білімін өмірмен ұштастырып, абстрактіден шынайы, күнделікті өмірмен байланысты болады;
- оқытушы мен тыңдаушылардың шығармашылықпен айналысуына, сабақты түрлендіруге мүмкіндік береді, жалпы олардың қиялын, арманын, өзін-өзі тануына да септігін тигізеді;
- көрсетіліп отырған бейнефильм не болмаса қандай да бір шоу-бағдарламалар үзінділері болсын сондағы кейіпкерлердің проблемасын шешуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, аудиовизуалды құралдарды тиімді қолданып, студенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін оқытушы ізденімпаздық қабілетін танытуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру жоғары оқу орындарында мамандар дайындау бағыты ретінде // «Үздіксіз

кәсіби білім беру жүйесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалану» халықаралық ғ.тәжірибелік конф.– Қызылорда: 2007.

2. Қазақстан Республикасы «Тілдердің үштұғырлылығы» мемлекеттік мәдени жобасы.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті. ОБЩ. Косымова Г. | OKULYK.KZ

4. Үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақ тілі мен әдебиеті. Семей, 2020 жыл

5. Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, А.Рауандина, Ж.Саметова. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.

6. Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, А.Рауандина, Ж.Саметова, Б.Мүкеева. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ САРА ЖОЛЫ ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

ЖОРОКПАЕВА М. Д.
Семей медицина университеті, Семей қ.
ТАНБАЕВА Н. С.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
Қ. Беккожин атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.
АБЕШОВА Н. М.
Семей медицина университеті, Семей қ.

Қаныш Сәтбаев – әлемге әйгілі ғалым. Оның геологияның ғылым ретінде дамуына қосқан үлесі ерекше бағаланады. Қаныш Имантайұлы Қазақстанда әлі күнге дейін еліміздің экономикалық жағдайы мен дамуына әсер етіп отырған ауқымды жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға атсалысты.

Сәтбаев есімі әрқашан бірінші сөзбен байланысты. Қ. И. Сәтбаев – қазақ тіліндегі мектеп алгебра оқулығын тұңғыш құрастырушы, қазақтар арасындағы тұңғыш кәсіби инженер-геолог, КСРО Ғылым академиясының қазақтан шыққан тұңғыш академигі, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті және негізін қалаушы, тұңғыш қазақ тіліндегі алгебра оқулығын құрастырушы. Қазақ КСР Ғылым академиясы Геология институтының директоры, Қазақстандағы Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың тұңғыш лауреаты!

Геология-минералогия ғылымдарының докторы (1942), профессор (1950), КСРО ҒА Қазақ филиалы Геология институтының бірінші директоры (1941-1964), осы филиал төрағасының орынбасары (1942-1946), академик. КСРО ҒА (1946), ҚазКСР Ғылым академиясының ұйымдастырушысы және тұңғыш президенті (1946), Мемлекеттік (1942) және Лениндік (1958) сыйлықтарының лауреаты, Қ.И.Сәтбаев жан-жақты дамыған ғалым - тұлға болды. тамаша жазушы, тарихшы, ойлы ұстаз, математик бола алатын. Осы орайда Мұхтар Әуезов: «Қаныштың ұлы қасиеті химикпен де, биологпен де, физикпен де, дәрігермен де, тіпті тарихшы-филологпен де олардың ғылыми тілінде сөйлей алатындығы еді», – дейді [1].

Қаныш Сәтбаев этнографияға ерте араласа бастады. Кішкентай кезімнен әр жердің, өзен-көлдің атын атайтын аңыздар мен ертегілерді оқыған. Ол есейе келе геологияны зерттей бастады. Дегенмен, ол топонимикаға деген қызығушылығын ешқашан жоғалтқан жоқ. Оның хоббиі кейінірек оның зерттеулерінде маңызды рөл атқарды.

Жас жігіттің мамандық таңдауына 1921 жылы Баянауылға емделуге келген Томск қаласынан келген профессор Михаил Антонович Усов әсер етті. Ол Қ. И. Сәтбаевта туған жердің қойнауын танып-білуге, Отанына, халқына беруге деген күштарлықты оятты. Кейінірек академик Қ. И. Сәтбаев былай деп жазады: «Маған социалистік индустрияны көтеру..., Қазақстанда озық ғылым жасау құрметі болды» [2].

Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі алуға тұрарлық мысалдарға бай. Имантайдың кіші әйелінен ұлы ғалым, академик Қаныш дүниеге келген. Үлкен жары Нұрым Тасболатқызымен ширек ғасырдай бірге тұрған әке ата-ана бақытын сезінді. Олардың жалғыз қызы болды, ол көп ұзамай қайтыс болды. Бір қызығы, Нұрым күйеуінің қайта тұрмысқа шығуына қарсы болған жоқ, тіпті әйелін өзі таңдаған. Ол атақты Мұса Шорманұлының ерте жесір қалған келіні Әлима болды.

Азаматтық имандылық пен ғылыми адалдық, мақсатқа жетудегі икемсіздігі мен табандылығы, ғылыми ізденістегі ерекшелік, өзгеге мейірімділік сияқты мінез-құлық қасиеттері үлкен өмірге қадам басқан жастарға тамаша үлгі бола алады. Бұл туралы КСРО Ғылым академиясының академигі Д. И. Щербаков: «Қ. И. Сәтбаевта дұрыс жолды таңдай алатын, ойлаған мақсатқа еш тайсалмай қарай ұмтылатын қабілет болды. Қазақстанның шексіз даласында дүниеге келген ол олардың қатал болмысының ерекшеліктерін бойына сіңіріп, өмір сүру үшін күресу дағдыларын, жеңіске деген

жігерін дамытады. Ол туған жерге ғашық болды, оны жасаған геологиялық процестердің күдіретіне сүйсініп, жер қойнауының шексіз байлығына сенді» [5].

Отызыншы жылдары қазақ даласының барлық жерінде алапат ашаршылық басталғаны тарихтан белгілі. Көптеген ауылдар қоныстанды. «Қаныш Имантайұлы туған халқының сұмдық бақытсыздығына бей-жай қарай алмаған – ол бұрғылау алаңына жете алған әрбір адамды жақсы уақытқа дейін құтқарып, қолдау керек деп есептеді, сол жылы оның бөлімшесінде жұмыс істейтіндердің саны жетті мың адам. Апасының ауылына абайсызда келген Қ.Сәтбаев киіз үйлерде аштықтан өліп жатқан адамдарды көреді. Олардың бірінде ол жартылай өлі балаларды тапты, олардың арасында оның әпкесінің балалары да бар. Ол барлығын шығарып салуды шешеді. Әйелі екеуі он тоғыз жас Сәтбаевты бағып-қаққан кезі еді. Солардың бірі Кемал Ақышев кейін Алматы маңындағы қазба жұмыстары кезінде «Алтын адамды» ашатын белгілі археолог, ғылым докторы болады» [6].

Қазақ халқы мен Қазақстан тарихында академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жердің ішкі қыр-сырын зерттейтін феноменальды көріпкел, көрнекті геолог және академиялық ғылымды ұйымдастырушы ғана емес, ең алдымен өз заманының ең ұлы ойшылы және жаратылыстанушы ғалымы болды. Англия премьер-министрі Энтони Иден де ғалымның өзіндік ерекшелігін атап өтті: «Англияда ұлт өкілдерінің арасында көрнекті тұлғалар жоқ, бірақ Кеңес Одағында әлемге әйгілі қайраткерлер бар, мысалы, Қаныш Сәтбаев, бұл таңғажайып құбылыс». Ғалымның өмірі де қызықты деректерге толы. Ғалымның атынан бастайтын болсақ, сәби кезінде аты Қаныш емес, Ғабдул-Ғани есімі берілген. Араб тілінен аударғанда «күдіретті және мейірімді Алланың құлы» дегенді білдіреді. Анасы сәбиді Ғани, одан да мейірлене Ғаныш атай бастаған. Көп ұзамай жұрт оны Қаныш деп атаған. Қаныш Сәтбаев өнердің көп түріне жақын болған. Ол музыка тындағанды ұнататын және биге құрмет көрсетті. «Ол бала күнінен үйілген тауларға тамсанып, шатқалдар арқылы тау бұлақтарының мінгіріне құлақ түрген, көктемгі қымыздай тартпа ауамен тыныстап, шөптер мен гүлдерге тұндырылған. Академик Қ.И.Сәтбаевтың қызығушылық аясы әдеттен тыс кең болды және жаратылыстану ғылымдарының шеңберінен шығып кетті. Ол қазақ тарихының, әдебиетінің, мәдениетінің, этнографиясының, музыкасының, фольклорының үлкен білгірі болды, оның Орталық Қазақстан аумағындағы

археологиялық зерттеулері, педагогика мен әдебиетке қатысты еңбектері белгілі. Ол М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романының маңызын бірінші болып бағалап, 25 халық әнін фольклор жинаушы А. Затаевичке тапсырып, театр, өнер, мәдениет, жастар тәрбиесіне қатысты көптеген еңбектер қалдырды. Қазақстанның қатал да биязы, талғампаз да мейірбан болмысы оны елең еткізді, қыран қанатты» деп Қаныш Имантайұлы туралы кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Қ. Жұмалиев ақындықпен айтқан болатын [1]. Ғалым археолог Ә. Марғұланның айтуынша, Қаныш Сәтбаев поляк билеріне, мазуркаға, вальске қызығушылық танытқан. Қаныш Сәтбаев түрлі-түсті тастары бар таулар мен кең даланы өте жақсы көретін. Ол жастайынан түрлі түске боялған тастарды жинаған. Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада өте жақсы ойнаған. Ол қазақ және украин өндерін орындауды ұнататын. Сондай-ақ ол Александр Затаевичтің жинағына бүгінде халық өнерінің інжу-маржаны саналатын 25 қазақ әнін қосты.

Қаныш: «Қазақстанда ғылымның дұрыс дамуы үшін оның штаб-пәтерінде – Ғылым академиясында өз халқына, Отанына шын берілген адамдар жұмыс істеуі қажет», – деді [8]. Қаныш Имантайұлы қазақ мектептеріне ана тілінде жазылған «Алгебра» оқулығының авторы. Алғашқы ғылыми еңбегінің көлемі 1642 бетті құрады. Қ.Сәтбаев ғылым мен мәдениеттің әртүрлі салаларында барлығы 800-ден астам еңбек жазды.

1947 жылы наурызда Қаныш Сәтбаевты КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде Ұлыбритания парламенті Лондонға шақырды. Онда ол Уинстон Черчилльмен кездесті. Англия премьер-министрі Қаныш Сәтбаевтан: «Барлық қазақтар сіз сияқты мемлекетті, батыр ма?» деп сұрады. Бұған Сәтбаев: «Жоқ, қазақтардың ішінде мен ең кішімін, менің халқым менен әлдеқайда биік» деп жауап берді.

Қаныш Сәтбаев белгілі археолог ғалым Әлкей Марғұланды қуғын-сүргіннен құтқарып, КСРО Ғылым академиясының Алматыдағы филиалына жұмысқа орналастырды. Сәтбаев оған археологиялық зерттеулермен айналысуға кеңес берді. Қазақтың біртуар ұлдары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов дос болған. Жазушы мен ғалым Семей семинариясында бірге оқыған. Сәлімхан ақсақалдың айтуынша, олар бір жатақханада, бір бөлмеде тұрған. Екі ұлы дарынның достығы өлгенше жалғасты. Қаныш Сәтбаев Мәскеу атынан жер асты қазба байлықтарының картасын жасау барысында онда бірнеше ірі шахталарды белгілемеген. Ғалымдардың «Бұл

калай мүмкін?» деген сұрағына ол: «Бұл кендер жердің тереңінде орналасқан. Оларды менгеру үшін қыруар қаржы мен технология қажет. Сондықтан бұл жерлерді картада белгілеу әлі ерте». Ал жақын достары Мұхтар Әуезовпен, Әлкей Марғұланмен: «Мен бұл шахталарды әдейі жасырдым. Өйткені, біздің ұрпақтарымызға да керек!», – дегенінен көрегендігін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Академик Қ.И. Сәтбаев: көрнекті кеңес ғалымын еске алуға арналған жинақ. – Алма-Ата, 1965. – 239 б.
- 2 <https://novoetv.kz/kanysh-satpaev-10-faktov-ob-izvestnom-uchenom-geologe/>
- 3 Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Қ.Сәтбаевтың Томскідегі студенттік жылдары. – Томск: ТПУ, 2019. – 4-б.
- 4 Сәрсекеев М.Қазақтың Қанышы.Құбылыс. – Астана, 2018. – 445 б.
- 5 Сол жерде. – 449 б.
- 6 Академик Қ.И. Сәтбаев: Хаттар мен жазбалардан. – Алматы: Атамұра, 1998. – 143 б
- 7 Қ.Сәтбаев – болашақты көрген адам. – URL: www.gylmordasy.kz/2016/04/25/kanysh-satpaev-chelovek-kotoryj-videlbudushhee/.
- 8 Сәрсекеев М.Қазақтың Қанышы. Құбылыс. – Астана, 2018. – 485–487 б.б.
- 9 Академик Қ.И.Сәтбаев: Хаттар мен жазбалардан. – Алматы: Атамұра, 1998. – Б.11.
- 10 Сәтбаев Қ.И. Қазақстан ғалымдарының библиографиясына арналған материалдар. – Алматы: Ғылым, 2002. – 45–46 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА САНДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНЫП БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ

ЖҰМАБАЕВА Ж. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 7 ЖОББМ, Ақсу к.

Тіл – халықтың жаны, ұлтымыздың құжаты. Тілінен айырылған халықтың да жер бетінен жоғалары сөзсіз. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – Тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де

жоғалады» деген екен. Ендеше қазақ тілінің тағдыры – қазақ елінің тағдырына айналып отырған қазіргі жағдайда өскелең ұрпақтың балғын санасына бай тіліміздің нәрін сіндіріп, көкірегіне ұялатуға әр мұғалім ауқымды істер атқаруы тиіс. Егемендік алғанмызға 30 жыл өтсе де, әсіресе, біздің өңірдегі қазақ тілінің қазіргі жағдайы өте алаңдатады. Олай дейтін себебім, қазақ мектептері, қазақ сыныптары ашылып жатыр, бірақ сондағы оқитын балалардың көбі орыс тілінде сөйлейді. Ал орыс тілді мектептердегі қазақ балаларының саны өте көп. Өздері орыс тілінде сөйлейтін ата-аналар балаларын көбінесе орыс мектебіне беруге тырысады. ҚР ҰҒА академигі, филол. ғ.д., профессор Р.Сыздықова өз еңбегінде: «Тіл – алты-жеті қамалдың ішіндегі ең соңғы құлайтын қамал. Тіл құласа, ол тіл қызмет еткен, сол тілмен бірге аталып келген халық та құриды. Адамдар болғанмен, олар қазақ болмайды. Сол халықтың аты жойылады» дейді. Шынында, қазақ халқының сақталуы тілінің сақталуына байланысты. Олай болса, тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты.

Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу. Ал бұл мақсатқа жету үшін, ең алдымен, мұғалім оқушы санасында, қазақ тілі ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында, күнделікті өмірінде қажетіне жарайтыны туралы ұғым қалыптастыру керек. Қазақ тілін нәтижелі үйрету үшін, оның оқыту әдістемесін жетілдіре түсу – үлкен мәселе. Жалпы мектеп тәжірибесінде білім мазмұнын жетілдіру үшін оқыту процесінің тиімді жолдары, жаңа әдістері жан-жақты қарастырылуда. Бүгінгі күні қазақ тілін оқытуда сандық технологияларды әр сабақта қолданып, жаңаша оқыту жолдарын тауып, оларды жүйелі қалыптастыру – уақыт талабы.

Мен орыс мектебінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі ретінде тіл дамыту жұмысын ең негізгі жұмыстардың бірі деп есептеймін. Ал оқушы тілінің бай болуының негізгі шарты – ол сөздік қорының молдығы. Сондықтан әр сабақтағы мәтінмен жүргізілетін жұмысқа көп көңіл бөлемін. Кез келген мәтін ақпарат алу мен әлемді танудың аса маңызды көздерінің бірі болып табылады және ол есептің мәтіні ме, қазақ тілі оқулығындағы мақала ма, әлде әдеби шығарма мәтіні ме – ол жағы маңызды емес. Сондықтан ең алдымен баланың оқу сауаттылығын қалыптастыру маңызды. Өйткені, оқу сауаттылығы

функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Неміс жазушысы Иоганн Вольфганг фон Гетенің өзі: «Бұл мейірімді адамдар оқып үйрену үшін қанша еңбек пен уақыттың қажет екенін сезбейді де. Менің өзім бұған 80 жылымды жұмсадым, бірақ сонда да мақсатыма жеттім деп айта алмаймын» деген екен. Ендеше баланың оқу сауаттылығының қалыптасуы, оның тілді жақсы меңгеруіне мүмкіндік береді. Өйткені бұл - адамның оқу және жазу дағдыларын өзінің социуммен қарым-қатынасында пайдалана алу қабілеті. Яғни, бұл сауаттылық деңгейі оқушыға басқалармен еркін араласып, ортаға жылдам бейімделіп кетуіне ықпал етеді.

Оқу сауаттылығы дегеніміз тек қана мәтінді оқып түсіну емес, ол – ой түйю, қарапайым тілде хабарламалар жасау, әр түрлі форматтарда, тіпті цифрлық ортада да ақпаратты қабылдау және құрастыру қабілеті. Сондықтан оқушылардың қазақ тілінде оқу сауаттылықтарын дамыту үшін заман талабына сай сандық технологияларды пайдалану маңызды. Мен өз сабақтарымда баланың тілін дамыту мақсатында әр түрлі цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдануға тырысамын. Мысалы, Google.it интеллект-картасын жасау. Бұл балаларға ақпарат ұсынудың тиімді тәсілдерінің бірі. Интеллект-карталар – ақпаратты қабылдау, өңдеу, шығармашылық тапсырмаларды орындау процестерін графикалық түрде көрсету әдісі және ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту құралы.

Жақсы жасалған интеллект-картаның үш құрамдас бөлігі болады:

1 Мәтіннің тақырыбын көрсететін орталық образ.

2 Орталық бейнеден таралатын негізгі жуан бұтақтар. Бұл бұтақтар оқылып отырған тақырыпқа қатысты негізгі сұрақтарды білдіреді. Әр бұтақтың өз түсі болуы тиіс. Өз кезегінде, негізгі бұтақтар біршама ұсақ, екінші және үшінші деңгейлі бұтақтарға бөлінеді, олар қосалқы сұрақтарды қамтиды.

3 Әр бұтақта бір ғана тірек сөз немесе сурет. Көрсетілген интеллект-карта бойынша оқушылар оқыған мәтіннің Ыбырай Алтынсарин туралы екенін, оның кім, қандай тұлға болғанын, не істегенін, қандай шығармалар жазғанын, оның туған жері мен жылын анықтайды. Одан басқа, «Әке мен бала» әңгімесі бойынша түсірілген мультфильмге және видеоматериалға сілтемені басып таныса алады. Google.it интеллект-картасының мәтінді түсініп оқуға, яғни оқу сауаттылығын дамытуға көмегі зор. Оқушының оқыған материалды қаншалықты түсінгенін көруге немесе оқу кезінде бағыт-бағдар беруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Jamboard онлайн-тақтасын да сабақтарымда жиі қолданамын. Бұл бастауыш сыныптарда қолдануға лайықты ең қарапайым онлайн-тақталардың бірі. Онымен тақырып бойынша сан алуан парақша-стикерлерді қолдануға, материалды жүйелеуге, қорытындылауға да болады. Онлайн тақта – желіде жеке де, топтық та жұмыс түрлерін ұйымдастырудың үздік цифрлық құралы. Jamboard онлайн-тақтасы оқу материалын визуалдау, дыбыстау және жай ғана жазбаша түрде көрсету мүмкіндігін береді. Оны баланың оқу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында өте тиімді пайдалануға болады.

Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту жолында «Оқиғалар текшесін» қолдану баланы қазақ тілін үйренуге жігерлендіреді, мотивациясының өсуіне жағдай жасайды. Текше Pictoselector бағдарламасының көмегімен көлемді фигура түрінде жасалады, оның қабырғаларына иллюстрация немесе сұрақ түрінде тапсырмалар жазылады. Мысалы, көрсетілген текшенің қабырғаларына Ы. Алтынсарин туралы сабақта оқыған, көрген материалдары негізінде тапсырмалар берілген. Бұл жұмыс жеке, жұпта немесе топта жүргізіледі. «Оқиғалар текшесін» сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады. Осылайша, бала жауап берген кезде өзінің сөздік қоры мен тәжірибесіне сүйене отырып, тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап іздейді.

Бүгінгі күні қазақ тілін оқытуда сандық технологияларды әр сабақта тиімді қолданып, жаңаша оқыту жолдарын тауып, оларды жүйелі пайдалану – уақыт талабы. Цифрлық білім беру ресурстарының көмегімен әр мұғалім ақпаратты беру сапасын, жылдамдығын және оның тартымдылығын дамытып, оқушыларының қызығушылығын оята алады.

Орыс тілінде білім беретін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту – өте күрделі жұмыс. Орыс тілді оқушылардың қазақ тілін үйренуге құлшыныстарының төмендігі жалпы біздің аймаққа тән басты мәселелердің бірі екені де бәрімізге белгілі. Тіпті қазақ тілінде білім беретін мектептердің өзінде балалар көбінесе орыс тілінде сөйлейтіндері де рас. Еліміздегі өскелең ұрпақтың қазақ тілін білетін, осы тілде сөйлейтін адамдармен тығыз қарым-қатынаста болып, күнделікті өмірде тілді қолдануына мүмкіндік жасау керек. Ал орыс тілді мектептерде ондай адамдар – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері. Егер ол балалармен коммуникативтік стратегиясын дұрыс құрса, яғни оқушысымен ылғи қазақша сөйлесіп, пікірін сұрап, әңгімеге тартып отырса,

оқушысының тіл үйренуіне мол септігін тигізеді. Сондай-ақ, сабақ үстіндегі қарапайым оқушы-мұғалім қарым-қатынасы да маңызды деп санаймын. Мысалы, оқушының қасындағы көршісінен қалам, қарындаш сұрауы, немесе сыртқа шығуға сұрануы, тағы сол сияқты күнделікті аса мән берілмейтін сәттерге де көңіл аударған жөн. Мұғалім қазақ тілі сабағында қазақша сөйлеуді, ойын қазақша жеткізуге тырысуды талап еткенде, оқушы да біртіндеп талпынып, үйрене береді. Орыс тілді мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеуге үйрету, оны оқыту әдістемесін жетілдіру – бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі екенін ескере отырып, мен өз сабақтарымда оқушының қазақша сөйлеуіне кішкентай болса да септігін тигізетін әрбір сәтке мән беруге тырысамын. Осылайша оқушыларымды әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы тілді үйренуге баулимын.

Ойымды үстіміздегі жылы туғанына 150 жылдан асқан ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздерінің бірімен аяқтасам, «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген екен. Олай болса, өскелең ұрпақты қазақ тілінде сөйлету қаншалықты қиын бола тұрса да, әр мұғалім барын салуы керек. Өйткені, ел болашағы ұстаздың қолында. Ал аймағымыздағы қазіргі қазақ тілінің мүшкіл жағдайында оқушы бойында мемлекеттік тілге деген қызығушылықты қалыптастыру, оның ауызша және жазбаша сөздік қорын дамыту, пәнге деген сүйіспеншілігін оятып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту – әрбір мұғалімнің парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы».

2 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, 2017

3. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2019, №5, 14-22-б

4 Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі. 2014, №9, 17-19-б

5 Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №3. 11-14-б

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРДІҢ ТҮСІРІЛУІ

ЖУМАНГАЛИЕВА К. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шапық Шокин атындағы жалпы орта білім беру гимназия-мектебі, Павлодар қ.

«Бастауыш – сөйлемнің ең негізгі қазығы, өйткені сөйлемнің нақтылы иесі, субъектісі. Субъект ойдың, істің, қимылдың басы. Кей сөйлемдерде бастауыш болмаса, баяндауыш болмай қалады, бірақ бұл относителді түгелсіздік. Негізінде, бастауыш болған жерде баяндауыш болмай қалуы мүмкін емес», – деп жазады С.Аманжолов [1. 25 б.].

Бастауыш – субъектінің грамматикалық баламасы. Ол іс істеуші, қимыл иесі болатындықтан, сол қызметті өтей алатын заттардың аты арнаулы бастауыш болуға бейім болады.

Бастауыштың да, баяндауыштың да сөйлемнің тұрлаулы мүшесі екені белгілі. Осы мүшелердің сөйлемнің толымсыздығына қандай ықпалы бар екендігін қарастыру мақаламыздың мақсаты болып табылады.

Зерттеуші Ж.Сәдуақасұлы толымсыз сөйлемдерге «контекст пен ситуациядан алғанда сөйлемнің мағыналық толымсыздығы байқалып, оны толықтыруға болатын сөзді контекстен табу мүмкіндігі болса және оны сөйлемге енгізгенде мағынасына нұқсан келтірмейтін болса ғана, ондай сөйлемдерді толымсыз сөйлемдер деп атаймыз» деген анықтама береді. Ғалым «Қазақ тіліндегі бірқұрамдық сөйлемдердің құрылымдық типтері» атты докторлық диссертациясында: «Толымсыз сөйлем жөніндегі Б. П. Ардентовтың «кейбір ұғымдар мен түсініктер ойда болғанымен, арнайы сөзбен беріле бермейді. Ойдың толықтығы үшін қажет болатын сөйлем мүшелері ойда бар деп есептеледі, олар алдыңғы ойдан белгілі болады немесе олар туралы сөз сөйлеу кездегі жағдайдан анық түсінуге болады» дейтін, В. В. Бабайцеваның «Толымсыздықтың негізгі критерийі – сөйлемде берілуге тиісті ойдың сипатын өзгертпей-ақ, оның құрамына ене алатын сөздің контексте болуы» дейтін пікірлері орыс тіл біліміндегі ғана емес, түркі тіл біліміндегі көптеген ғалымдардың көзқарастарымен сәйкес келіп жатады дей келе, осы пікірдің негізінде толымсыздықты айқындаудың басты белгісі – контекст пен ситуация екендігін айтады.

Тіліміздегі толымсыз сөйлемдер сөздерді үнемдеп жұмсау, орынсыз бір сөзді қайталамау мақсатында, ойды ықшамды, тұжырымды етіп жеткізу мақсатында жұмсалатындығын ескере

отырып, бастауыштың сөйлемде түсіп қалуының да өзіндік себептері бар екендігі белгілі.

Контекстік толымсыз сөйлемдер белгілі бір мүшенің я мүшелердің дәл осы сөйлемде қатыспай тұруымен, ол мүшенің басқа көршілес сөйлемдерден табылуымен сипатталады. Бұндай сөйлемдерде сөйлемнің қай мүшесі болсын толымсыздыққа себеп бола алады.

Толымсыз сөйлемдегі тиісті мүшенің я мүшелердің қатыспай тұруының екі себебі бар: контекст және ситуация. Түсірілген сөйлем мүшесін контекст пен ситуация арқылы тауып алуға болады.

Тілімізде мәтін белгілі бір тақырыпқа байланысты айтылып, онда айтушының ойы ашылатындығы, негізгі ойды білдіре алатындай ат қоюға лайық мазмұнды қамтып тұратындығы белгілі. Олай болса, тұрлаулы мүшелердің түсірілуі арқылы сөйлем толымсыздығы, ал толымсыздық нәтижесінде күрделі синтаксистік тұтастық, яғни мәтін, қалыптасады.

Бастауыштың түсірілу себептерін қарастырып, олардың мәтін түзуге атсалысатындығына назар аударып көрейік. Қатар айтылған сөйлемдер мағыналық байланыста келіп бір сөзге ортақтасқанда, бастауыш түсіп қалады. Белгілі бір контекстің алғашқы сөйлемінде айтылғандықтан, бір сөзді қайталай бермеу үшін бастауыш қатыспайды. Бұл бастауышсыз толымсыз сөйлемдер алдыңғы сөйлемдегі ойдың тікелей мағыналық жалғасы ретінде келіп, аталған субъектінің қосымша белгілері, іс-әрекет, қимылын көрсетеді. Мұндайда бірнеше сөйлемнің бір ғана бастауышы болады [2, 46 б.]. Осындай бір бастауышқа ортақ толымсыз сөйлемдер молынан кездеседі. Мысалы: Іштей Мәніке Абайды ұнатпайды. 2. Оңашада Ысқаққа, малшы, көршіге Абай аулын, Абай балаларын, тіпті Абайдың өзінің кей мінезін де жақтырмай, сыртынан қыжырта сөйлеп отырады. 3. Өзі және Абай айтты деген күндегі сөзінің бәрін естіп, жадына сақтай біледі. 4. Бірақ оның жақсы сөзіне бір сүйсінген емес (М.Ә.). Күрделі синтаксистік тұтастықтағы төрт сөйлемге ортақ бастауыш – Мәніке. Жазушы бұл сөзді қайталай бермеу үшін түсіріп қолданып тұр.

Енді бір мысал келтірейік. 1. Зейнеп ескі шежірені де біледі екен. 2. Жоқтауының арасына Оспанның әкесі Құнанбай қажыны да қосады. 3. Енесі Ұлжанды да туған анасындай, ардақтап жоқтайды. 4. Оспанның үлкен әкесі Өскенбай биді де атап, мақтап кетеді. 5. Кейде ұзақ айтатын даусына бұл ауылдардың арғы атасы Ырғызбайды да қосады (М.Ә.). Мұнда 2–5-ші сөйлемдер –

бастауыштары түсірілген толымсыз сөйлемдер. Түсірілген бастауыш – 1-сөйлемдегі Зейнеп. Бастауыш жақтық мағынаға байланысты I, II, III-жақтарда баяндауышқа ой ектіні түспесе, айтылмайды. Көлігі қан сорпа болған көш ақ пен қызыл арасында бір шұңқырға кеп түйелерін шөгерді. 2. Қара терге малшынған аттардың арқасынан ер тоқымын алмай, ақ шоқалақтың тасасына тізгінін түйістіріп тастады. 3. Қаруын ер басына іле салды да, қолына күрек, кетпен алды. 4. Екі шоқалақ аралығындағы ойпаңдау жердің бір түп көк қияқ өскен тұсынан құдық қазды (Ө.Н.). Келтірілген мәтіндегі әрбір сөйлемде ол есімдігінің түсіріліп қалғандығы байқалады. Немесе: 1. Шырағым-ау, соғыс салмағы бізге батып тұрған жоқ па? 2. Азаматымызды қозыдай көгендеп әкетті. 3. Алым-салығы да жұтатып барады. 4. Үстінен жонып жеп отырған мал-тегенемізден ада болдық. 5. Қара азық емге жоқ. 6. Қаптың түбін қағып отырмыз. 7. Осының бәрі соғыстың лаңы емес пе? (Ө.Н.). Мұндағы 4-ші және 6-сөйлемдердегі біз есімдігінің түсірілгендігі баяндауыш формасынан белгілі болып тұр.

Дәлел ретінде тағы бір мысал келтіреміз. 1. Дос-жар, қонағуар үйдің іші әзірлігін жасай бастаса да, әбіштің бұларды шығындатқысы келмеді. 2. – Жок, Дәке!.. 3. Жок, жеңеше! 4. Малды ауызға алмаңыз. 5. Малды қойыңыз. 6. Біз қайтамыз. 7. Тек шай-пай ауыз тисек болды. 8. Тіпті болмаса, әдемілеп сүт пісіріп беріңіз. 9. Мен еттен де, кейде оның сүтін артық көрем! – деді (М.Ә.). Бұл мәтінде 4-ші, 5, 8-ші сөйлемдердегі «алманыз», «қойыңыз», «пісіріп беріңіз» баяндауыштарынан «сіз» есімдігінің түсірілгенін көреміз. Ал 7-сөйлемде бастауыш орнына «біз» есімдігі болу керек.

Бастауыштың түсіп қалуы жалпы толымсыз сөйлемнің мағынасынан белгілі болады [3.356]. Оны төмендегі үзіндіден аңғаруға болады: Аздан соң Әйгерім «Татьяна әнін» айтып жөнелді. 2. Әлі де сонау бір күндердей барынша сырлы нәзік, терең толқумен айтады екен. 3. Үй іші жым-жырт қатып, ұйып тыңдады. 4. Базаралы Абайдың бұл айтылған өлеңінің бәрін де білмеуші еді. 5. Ол шетке кеткен соң туған әндер екен. 6. Қасындағы Көкбайдан жабыса сұрап, әр өлеңнің әнінің мәнін, жөнін ұғынып отыр (М.Ә.). 6-сөйлемнің бастауышы 4-сөйлемдегі Базаралы екендігі мәтін мазмұнынан аңғарылып тұр.

Қай сөздің болса да сөйлемде баяндауыш қызметінде тұруы сол сөйлемдегі субъектілік, предикаттық қатынастан көрінеді. Сондықтан баяндауыштың қызметі басқа мүшелермен, әсіресе бастауышпен қатар қойып айтқанда айқын болады.

Ауызекі сөйлеу ерекшелігінің көрінісі саналатын баяндауышсыз толымсыз сөйлемдерде тілдік элементтер белгілі бір сөйлеу жағдаятына қарай жұмсалады. Түсірілген баяндауыштың қызметін өзге объектілік мағынадағы мүше қоса атқарып тұрады. Ал ондай мүшелер белгілі бір септік жалғауында тұрады. Мысалы: 1. Бұл кезде Ақылбай бөлек қыстау иесі болатын. 2. Оның отауы Байғабылдағы жатақтарға жақын Аралтөбе, Миялы деген жерде. 3. Ақшоқыдан жарым күндік жер (М.Ә.). 2-сөйлемнің баяндауышы жатыс септік тұлғасындағы сөз, ол еді немесе болатын көмекшілерінің түсірілуі арқылы жасалған.

Әбіштің айтуынша, бұл зорлықтың бір шеті елдегі бүліктерде жатса, ел дұшпандарында жатса, екінші жағы патшалықтың ұлықтарында. 2. Осындай зорлық бар Россияның көп миллион крестьянының басында да дәл осылайша. 3. Сондықтан да жыл сайын крестьян ереуілі, тартысы болады (М.Ә.). Мәтіннің 2-сөйлемінде тұрған ұлықтарында баяндауышы жатыс етістігінің түсірілуі арқылы беріліп тұр. Себебі құрмалас сөйлемнің бірінші сыңарындағы жатса етістігін қайталай бермеу мақсатында жатыс септіктіңіндегі сөз актуалданып тұр.

Тайлақпай құдығы – мол ауылға қоныс болғандай алқабы кең, ойдым-ойдым көгалы көп және суы да, құдықтары да жеткілікті қоныс. 2. Алпыс үйлі кедейлер бәрі бұл құдықта болмаса да, жарымынан артығы осында. 3. Бұлар он екі, он бес үйлерден үш жерге бөлініп отырған жатақ, егінші ауылдар еді (М.Ә.). Бұл мысалдың 2-сөйлеміндегі жатыс септік формасында тұрған «осында» сөзі өзінен кейін «отыр» модаль етістігін қажет етіп, сөйлемді баяндауышсыз толымсыз сөйлем етіп тұр.

Қазақ тіл білімін зерттеуші профессор Қ. Жұбанов толымды және толымсыз сөйлемдерді «толық сөйлем» және «олқы сөйлем» деген атаулармен атайды да, «негізгі мүшелері түгел (бастауышы да, баяндауышы да бар) сөйлемді толық сөйлем дейміз», ал «негізгі мүшелерінің (бастауышының немесе баяндауышының) біреуі не екеуі де жоқ болса, сөйлес олқы сөйлем деп аталады» деген анықтама береді. Автор мысал ретінде мына өлең жолдарын келтіреді: Қартайды. Қайғы ойлады. Ұлғайды арман (Абай). Берілген өлең жолының соңғы сөйлемін толық сөйлем деп, алдыңғы екі сөйлемді олқы сөйлем деп көрсетеді [4, 46 б.].

Сөйлемнің толымсыздығын анықтау барысында сөйлемнің мағыналық жақтан толымсыздығын алатын болсақ, онда біздің ауызекі сөйлеу тіліміз, оның ішінде, әсіресе диалогтар толымсыз

сөйлемдерден тұрап еді. Өйткені ауызекі сөйлеу тілінде сөйлемдер контекстен тыс тұрып еш мағынасыз, түсініксіз болып қалады.

Ал толымсыз сөйлемдердің толымсыздығы бас мүшесінің ғана емес, кез келген мүшесінің түсірілуінен де көрінеді, сондай-ақ сөйлем мүшесінің түсірілуі контекстке, жағдаятқа және стильдік мақсаттарға байланысты болады.

Тілдің құрылымдық нормасына жатқызылмай, ауызекі сөйлеу ерекшелігінің көрінісі саналып жүрген баяндауышсыз толымсыз сөйлемдерден тілдік элементтердің потенциалдық мүмкіндігінің жүзеге асатынын, белгілі бір сөйлеу ситуациясына икемделуін көруге болады.

Көмектес септігіндегі сөздің актуалдануы арқылы жасалған эллипсистенген сөйлемдер тілімізде сирек кездеседі. Бұл жағдайда да баяндауышты контекст немесе жағдаят арқылы анықтауға болады. Тағы бір айта кететін жайт, актуализатор қызметін сирек те болса септеулік шылауларда атқара алады. Мысалы: Түсім – күзге қарсы, Бәрі – сен үшін, Алдымен – өзің туралы сияқты сөйлемдерде болады, істеледі, айт етістіктерінің түсіріліп тұрғандығы көрінеді.

Баяндауышсыз толымсыз сөйлемдерде контекст қызметінің зор екеніне, оның (контекстің) қызметін сол сөйлем ішіндегі актуалдандырушы мүшелер атқаратындығына көз жеткіздік.

П. А. Лекант бастауышқа қарағанда баяндауыш сирек түсіріледі. Біріншіден, баяндауыш сөйлемде хабарланатын жаңа ойды өзіне қорытады. Екіншіден, баяндауыштың көмегімен көп жағдайда сөйлемнің негізгі мағынасы предикативтілігі айтылады. Баяндауыштың түсірілу көрсеткіші толымсыз сөйлемдегі баяндауышқа қатысты тұрлаусыз мүшелердің тәуелді формасын көрсететін контекст болып табылатынын айтады. Осы еңбегінде ғалым эллипсистенген сөйлемдерді толымсыз сөйлемдердің қатарына жатқызбайды. Біріншіден, оларға мағыналық толымдылық тән және контекстке тәуелсіз. Екіншіден, оның құрамындағы сөйлем мүшелері контексттегі қандай да бір сөздермен грамматикалық жағынан байланыссыз болып келеді. Үшіншіден, көрсетілген конструкцияларды кейбір етістіксіз сөйлемдермен тікелей салыстыруға келмейді дей келе, я – домой тәріздес мысалдар береді. Эллипсис – сөйлемдерде етістікті сөз тіркесінің қысқартылуы, етістікті компоненттердің түсірілуі. Әдетте, жалпы семантикалық және формалдық белгілері бар сөз тіркесі топтары түсіріледі [4, 52 б.] деген. Зерттеушінің ойынша, баяндауышсыз толымсыз сөйлемдерді контекстке тәуелді деп, эллипсистенген сөйлемді

контексте тәуелсіз деп, екеуін екі құбылыс ретінде қарастыру қажет деп түйеді.

Баяндауышы түсірілген контекстік толымсыз сөйлемдер тек құрмалас сөйлем мен диалогтарда ғана кездеспейді де, синтаксистік тұтастықты қалыптастыратын келесі сөйлемдерде де кездеседі. Бұл синтаксистік бірлік құрамындағы бірінші бөлігі толымды, екіншісі толымсыз болады, түсірілген баяндауыш толық сөйлеммен толығады.

Толымсыз сөйлеу үнемі синсемантикалы болып келеді. Синсемантикалық – толымсыз сөйлеудің негізгі функционалды қасиеті дей келе, А. Э. Гатина да жоғарыдағы ғалымдардың пікірімен үндес толымды-толымсыз айтылымның басты критерийі мәтіндік деңгейде көрінетіндігін айтады [5, 37 б.]. Жоғарыда келтірілген пікірлерді саралай келгенде, ғалымдардың көзқарастарында көп алшақтық жоқ. Көпшілігінде толымсыз сөйлемдердің контекст пен ситуацияға байланыстылығы айтылады. Эллипсистенген сөйлем мен толымсыз сөйлемдерді бір-біріне синоним ретінде қарастырады. Ал біз эллипсистенген сөйлемді баяндауышсыз толымсыз сөйлем деп қарастырдық.

Қорыта айтқанда, сөйлемдегі түсірілген бастауыштың орнын контекст арқылы толықтыруға болады. Бірақ бұл үнемі сөйлем құрамынан бастауышты түсіріп тастай беруге болады деген сөз емес. Оның (бастауыштың) түсірілуі немесе, керісінше, түсірілмей айтылуының өзі стилистикалық талаптарға байланысты жүзеге асады. Осыған орай, тілімізде бастауышсыз толымсыз сөйлемдерді немесе толымды сөйлемдерді қолдану әр түрлі жағдайларға байланысты болып келеді. Белгілі бір ойды кейде толымды сөйлеммен жеткізу дұрыс болса, кейде толымсыз сөйлемдермен берген жөн. Белгілі бір мүшенің сөйлем құрылымында болмай қалуы берілетін хабардың, мәліметтің қабылдаушы санасына дұрыс жетпеуі не дұрыс түсінілмей қалуына ықпал етеді. Бұл жағдай, яғни бастауыштың түсірілуі, ауызекі сөйлеу тілінде кең таралған, ал автор тілінде мұндай жағдай автор тілінің ауызекі сөйлеу тіліне жақындаған сәтінде байқалады.

Баяндауышсыз толымсыз сөйлемдер контекст арқылы жасалатынын және оны жасауға белгілі бір септік жалғауында тұрған сөз, кейде аз да болса шылаулар актуалдандырушы қызмет атқаратындығын аңғардық. Тілімізде контекст пен ситуация арқылы баяндауышсыз толымсыз сөйлемдер кездесетіні көрініс береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 96-б.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана, 2006. – 235 б.
3. Керімбекова Ұ. Бастауышсыз толымсыз сөйлем // Қазақстан мектебі. – 1973. – № 5. – 47-б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 146-б.
5. Атажанова А. Эллипсистенген сөйлемдер // Қазақстан мектебі. – 1981. – № 7. 81-б.

СИНТАКСИС ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТИСІ

ИСАХАНОВА Б. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Сөйлем – синтаксис ғылымының басты зерттеу нысаны. Қазақ тіл білімінде синтаксистің объектісі сөз тіркесі мен сөйлем деп берілгенмен, сөйлемнің орны қай жағынан болса да ерекше. Біріншіден, адам ойын жарыққа шығарады, екіншіден, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырады және тілдік жүйедегі негізгі мақсаттарды орындайтын бірден-бір тілдік бірлік болып табылады. Тек сөйлем арқылы ғана біз ойымызды екінші біреуге жеткізіп, өзара пікірлесе аламыз.

Алайда, синтаксистің нысаны сөз тіркесі мен сөйлем құрылысын ғана зерттеумен шектелмейтінін уақыт көрсетіп отыр. Қазіргі кезде синтаксис ғылымы өзінің ауқымын зерттейтін нысаны тұрғысынан ғана емес, сол нысандарға қатысты арнайы проблемалар мен зерттеу әдістері тұрғысынан да кеңейткен. Мысалы, орыс ғалымы Н. Ю. Шведова қазіргі синтаксистің зерттеуге тиіс нысандары ретінде негізгі бес түрлі тілдік бірлікті атайды: сөз тұлғасы, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін. Бұлар қай жағынан да өзара тығыз байланысты болып, күрделі бір синтаксистік тұтастықты құрайды деп есептейді [1, 12 б.]. Қазір осы аталғандардың ішінен тек сөйлемді ғана тіл біліміндегі ең басты синтаксистік бірлік деп тану жөніндегі көзқарастар басым.

Орыс тіл білімінің өзінде синтаксистің нысаны туралы түрліше көзқарастар қалыптасқан. Олар, негізінен, үш түрлі. Біріншіден, синтаксис тек сөйлемді және оның бөліктерін, сөйлем мүшелерін

ғана зерттейді, яғни синтаксис ғылымы тек сөйлемді ғана зерттейді, сөз тіркесі еленбейді.

Екіншіден, синтаксис тек сөз тіркесін зерттейді дейтін пікір. Бұл көзқарасты Ф. Ф. Фортунатов, В. К. Поржезинский, Н. М. Петерсон, А. М. Пешковский қолдайды. Бұл ғылымдар сөйлем сөз тіркесінің бір тармағы дейді.

Үшіншіден, В. В. Виноградов, Ю. Шведова, В. Н. Ярцева, О. С. Ахманова сияқты ғалымдар синтаксистің объектісі ретінде сөз тіркесі мен сөйлемді қатар қарастырады.

Қазақ тілі білімінде Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» синтаксис саласының негізін қалаған басты еңбек болып саналады. Ахмет Байтұрсынұлының 1992 жылы жазылған «Тіл тағылымы – қазақ тілі оқу-ағартуға қатысты еңбектері» атты еңбегіндегі сөйлем жүйесі мен түрлері тақырыптарына арналған «Тіл-құрал» бөлімінде жай сөйлемнің түрлері олардың қызметі туралы жазылған. Ахмет Байтұрсынов ең бірінші сөйлем жүйесіне тоқталып, «сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой, сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады» деп ереже берген [1, 276 б.]. Осы бөлімде Ахмет Байтұрсынов жалаң және жайылма сөйлемдерге анықтама берген. Бұл анықтама қазіргі мектепте оқытылып келе жатқан ережеге сәйкес, яғни бастауышы мен баяндауышы бар, екі мүшелі ғана сөйлем жалаң сөйлем деп аталады деген. Одан кейін бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер деп айтып кетіп, одан басқа мүшелер қатысқан сөйлемді жайылма сөйлем деп түйген. Ахмет Байтұрсынов оларды 2 бөлімінің «сөйлем түрлері» атты тарауында жалпы түрлері деп тақырып қойып тоқталып кеткен. Жай сөйлемнің құрылымдық типтеріне: болымды, болымсыз, толымды, толымсыз, жалаң, жайылма деп 6 типке бөлген [1, 296 б.]. Болымды сөйлемді не жайынан да болса болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем болымды сөйлем деп атаған. Мысалы: Үлкен бастар, кіші қостар, деген мысалда іс-әрекеттің іске асатынын айтып отыр, ал қазіргі қазақ тілінде мұндай жай сөйлемнің түрлері жоқ, оны біз етістіктің болымсыз және болымды түріне қарай ажыратамыз. Ал болымсыз сөйлемді не жайынан да болса болдырмай, жоқ қыла сөйлеген сөйлем болымсыз деп аталады деген.

Жай сөйлем синтаксисінің жеке сала болып қалыптасуына Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, т.б. еңбектері жай сөйлемнің құрылымдық типтеріне байланысты практикалық және теориялық маңыздылығын көрсетіп берді. Бұл

зерттеулер жай сөйлемнің құрылымдық типтерінің жасалуын, оқытылуын айқындады.

Жалаң және жайылма сөйлемдерді оқытқанда қайталау, жинақтау, салыстыру әдістерін қарастырдық

Жақты, жақсыз сөйлемдерге арналған тірек-сызбаларға сүйеніп, олардың әрқайсысының өзіндік белгілерін және жақсыз сөйлемнің баяндауышының формаларын таныту болады.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің жаңа ғылыми-педагогикалық технологияларын меңгеруін қамтамасыз ету.

Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев т.б. еңбектерінде синтаксистің нысаны сөйлем деп қарастырса, профессор М. Балақаев оған сөз тіркесін қосады. Сонымен синтаксистің нысаны сөз тіркесі мен сөйлем деп танылып келгенімен профессор Қ. Есенов оған күрделенген сөйлемдерді, Б. Шалабай мәтін мәселесін қосуды ұсынады. А. Ж. Жакыпов синтаксистің объектісі сөз тіркесінен басталып, сөйлеммен шектелмеуі тиіс деп, синтаксистің нысаны – сөз формаларынан басталуы тиіс дейді [2, 11 б.].

Қазақ тіл білімінде синтаксистік зерттелуі жүйелі дамып келеді, ірі зерттеулермен, жана бағыттармен толығып отыр. А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, С. Жиенбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Р. Әміров, Қ. Есенов, О. Төлегенов, А. Әбілқаев, Т. Сайранбаев сынды ғалымдар қазақ тілі синтаксис ғылымының дамуына үлестерін қосты.

Тіл мамандарының барлығы да сөйлемнің көп қырлы, жан-жақты категория екендігін мойындайды. Біріншіден сөйлемнен сөз тіркесін де, сөйлем мүшелерін де, сөйлемнің окшау сөздерін де, бірыңғай мүшелерін де, айқындауыштарын да көре аламыз. Яғни сөйлемнің өн бойынан бірнеше тілдік категорияларды көреміз. Екіншіден, жай сөйлем – құрмалас сөйлемді құраудың да негізгі материалы. Құрмалас сөйлемдердің өзі осы жай сөйлем негізінде құрала келіп, күрделі ойды білдіреді.

Тіл-тілде сөйлемнің қандай белгілері бар, сөйлем аяқталған ойды білдіре ме, әлде біршама аяқталған ойды білдіре ме деген сұрақ төнірегінде әр түрлі көзқарастар бар.

Сөйлем қарым-қатынас құралы бола отырып, өзіндік белгілерімен нақтыланады, атап айтқанда: предикативтілік, коммуникативтілік, модальділік және иннотация. Бірақ бұл белгілер

бірден калыптасқан жоқ. Іргелі дамыған орыс тілінің өзінде В. В. Виноградов сөйлемнің негізгі белгілері ретінде тек предикативтілік пен иннотацияны ғана жатқызып келді. Кейін оған модальділік пен коммуникативтілік те қосылып, аясы ұлғая бастады.

Сөйлемнің негізгі белгісі туралы профессор Т. Сайранбаев: «Сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілік, модальділік және интонация – үшеуін бірдей жатқызу орынды деп санаймыз. Предикативтілікке көбінесе тек жақ, шак мәселесі ғана негіз болады. Осы екеуі арқылы предикативтілік жүзеге аса алады» – дейді [3, 46 б.]. Ал модальділік белгісі ретінде – рай категориясы, модаль сөздер мен демеуліктер және интонацияны көрсетеді. Профессор Р. С. Әміров «Жай сөйлемдер синтаксисі» деген еңбегінде: «Бастауыш-баяндауыштың қатынасы – предикативтілік қатынас деп аталады. Тілде осы предикативтілік қатынасқа үзбей ілесіп жүретін грамматикалық формалар болады. Олар бірнешеу және бәрі де көбінесе баяндауыш мүшенің құрамынан орын алады [4, 56 б.], – деп шақтық формасы мен жактық формасына қоса рай формасын да көрсеткен. Предикативтіліктің сөйлемге тән басты белгі екенін көрсетеді.

Предикативтілік. Сөйлемді сөйлем ретінде танытатын белгінің бірі ретінде предикативтілік аталады. Сөйлемнің предикативтілік қасиеті туралы зерттеулер қай тілде болмасын аз емес. Тілші-ғалымдар сөйлем атаулының қандай түрі болмасын предикативтілік қасиетке ие және бұл оның басты белгісі болып саналады деп есептейді. «Предикативтілік – синтаксистің негізгі единицасы болып табылатын сөйлемнің функционалдық ерекшелігін танытатын синтаксистік категориясы; хабарды шындыққа қатысты етіп, сол арқылы сөйлемді единица ретінде калыптастыратын сөйлемнің ең басты, шешуші белгісі, синтаксистің құзырына енетін барлық единицаларға сөйлемді карама-қарсы қойып зерттеуге арналған категория» [5, 39 б.].

Предикативтілік сөйлемді формальдық, құрылымдық (структуралық) тұрғыдан қарайтындар үшін – бастауыш пен баяндауыштың немесе синтаксистік бас мүшелердің қатынасы, сөйлемді семантикалық құрылым тұрғысынан қарайтындар үшін – логикалық бас мүшелер деп есептелетін субъект пен предикаттың қатынасы, ал сөйлемді коммуникативтік құрылым ыңғайында зерттеушілер үшін – тема мен реманың (актуалдық мүшелердің) қатынасы ретінде танылады.

Модальділік. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальділік болып табышады. Яғни сөйлеуші ақиқат шындыққа қалай қарайды, оған қандай сипаттама береді, оны қалай түсінеді – модальдық қатынастың мәні, міне осында. Модальділік, ең алдымен, сөйлемде көрінеді. Сөйлемнің модальділік қасиеті иннотация арқылы, етістіктің рай, шак көрсеткіштері, түрлі етістік жұрнақтары, түрлі демеулік, тіпті сөздердің орны тәртібі, сондай-ақ қыстырма мүшелер арқылы да беріледі.

Коммуникативтілік. Сөйлемді қатынас құралы болу тұрғысынан сипаттау. Адам бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды. Тіл бірліктерін коммуникативтілік аспектіде, контекст, ситуация және сөйлеудің диалогтік формасында қарастыру қолға алынып жатыр.

Сөз тіркесі, сөйлем мүшесі сөйлемді құрайтын құрылымдық компоненттер болғанымен, бұлар пікір алысу дәрежесіне көтеріле алмайды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас сөйлемдер арқылы жүзеге асады. Тіл сөйлем ғана қарым-қатынастың (коммуникативтілік) негіз болып табылады. Сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің коммуникативтік дербестігі жоқ, бірақ құрылымдық дербестігі бар. Бұлар дара жұмсала алмайды, тек коммуникативтік дербестігі бар тұлғалардың (жай сөйлем, құрмалас сөйлем, синтаксистік шалым, текет) құрылымдық компоненті ретінде ғана танылады. Интонация. Сөйлем біршама аяқталған ойды білдіргендіктен, оның өзіндік иннотациясы болады. Ол қарым-қатынастың мақсатын білдіреді, яғни сөйлемнің хабарлы, сұраулы, бұйрықты әлде лепті мәнмен айтылатындығы сөйлем бойынан тұтастай көрінетін иннотациядан байқалады. Сондай-ақ сөйлемнің өн-бойынан ғана көрінетін мұндай иннотацияда сөйлеушінің көңіл-күйі, айтылған ойы және сыйластық, салқын сыпайылық, енжарлық, мысқыл, ризашылық, құрмет, күдік, күмән, сенімсіздік, үміт т.б. сияқты тыңдаушыға қатысы байқала алады.

Интонацияның бұл рөлі тілдегі модальдық категориясымен шектесіп жатыр. Сөйлем қарым-қатынас құралы бола отырып, өзіндік белгілерімен басқа тілдік бірліктерден (сөз, сөз тіркесі) нақтыланады. Бұл белгілердің әрқайсысы жеке-жеке жұмсалмай, барлығы бірлікте келіп, сөйлемнің сөйлемдік қасиетін нақтылайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы – қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. -Алматы: Ана тілі, 1992. 154-300 б.

2. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғалым: 1999. 152- 390 б.
3. С.Аманжолов. Қазақ әдеби жөніндегі синтаксисінің қысқаша курсы. -Алматы: Санат, 1994. 163-173 б.
4. Н.Сауранбаев. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1954. 410-503 б.
5. Т.Қордабаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисі. -Алматы: Санат. 1995. 6-8 б.

ЖАҢА ОҚУ БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛДЕРІ

ИСКАКОВА К. С.

бастауыш сынып мұғалімі, орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 17 ЖОБСОБМ, Павлодар қ.

*«Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.»
Абай*

Ұлы ақын атамыздың өлең жолдарын оқи отырып, әр күн сайын сабақты толық өтіп болған соң бүгінгі сабақ қалай өтті екен, балалар бүгінгі сабақтан не білді, қандай білім алды екен деген сұрақ тұрады, сондықтан күн сайын өткен тақырыптарға талдау жүргізіп, сыныпта өткен сабақтарды ойсанадан өткізіп, келесі сабаққа оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес білім беруді ойлап отыру қажет сияқты деп ойлаймын. Онсыз білім беруде нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Жаңартылған оқу бағдарламасы қазіргі заманғы мұғалімдер үшін жаңа әдістерге қол созу болып табылады. Мұғалімдердің алдында тұрған маңызды міндет: қазіргі заман талаптарына сай өзін-өзі игеріп, әрі қарай білімін жетілдіруге талпынатын оқушыларды оқыту және тәрбиелеу болып тұр.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасында жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) арқылы сауатты сөйлеу әрекеті қалыптасады.

Мұғалімдер жаңа оқыту программасы курсынан үйренген тәжірибелерін күнделікті сабақта қолдануға тырысатыны белгілі.

Сол сияқты күнделікті сабақтың қызықты әрі сапалы өтуін қадағалап отырамын. Сабақтың алдында топқа немесе жұпқа бөліп отырғызу барысында түрлі тәсілдерді қолдануда алдымен түрлі қиындықтар болды, оқушылар арасында жұп таңдауда түрлі жағдайлар туды, бірінші күндері сыныпта топқа бөлу у-шу боп кетті, әркім өз достарымен отырғысы келеді, өздерінің қалауы бойынша жұптармен жұмыс істегілері келді. Сосын оқушылар топқа бөлінуге қалыптасып орын ауыстырып отыруға бейімделіп бірігіп тапсырмалар орындауға икемделе бастады. Спикерлер, баяндамашылар немесе бақылаушылар болып орын ауыстырды. Сондықтан күнде сабақ алдында күнделікті сабақ жоспарын толық тиянақты жоспарлап алу өте маңызды. Сабақтың әр кезеңін тиянақты жоспарлап оқушының толық білім алуын бақылау керек, әрі олардың жаппай сабаққа қатысуын әрі қызыға қатысуына ықпал жасау керек. Жаңа сабақты түсіндіру кезінде немесе бекіту кезеңдерінде «Автор орындығы», «Броундық қозғалыс», «ИНСЕРТ», «Блумның таксономиясы» т.б. Оқушылардың қызығушылығын арттыра түсе бастаған сайын олардың жұппен жұмыс істеу дағдылары арта түседі және жақсы оқитын оқушы мен нашарлау оқитын оқушы бір келгенде олар бірі білмейтінін бірі толықтырып көмек беріп отырады. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында көрнекі құралдар, аудиоматериалдар: кестелер, карталар, сызбалар, суреттер, фотосуреттер, слайдтар, кітаптар, газеттер, журналдар, көркем фильмдер, әндер т.б. Күнделікті сабақты қызықтыра түрлі әдіс-тәсіл қолдана отырып жүргізілетін болса оқушылардың қызығушылығы арта түседі. Білім беру программасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді [1, 59 б.].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған оқу программаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен

оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі шиыршық қағидатпен берілуі. Шиыршық қағидаты бойынша оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты үнсіз қабылдамай, сабаққа белсене қатысады. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындауға мүмкіндіктері болуы аса маңызды болып табылады. Осы ретте шиыршықты оқыту бағдарламасының маңызы зор [2, 41 б.].

Оқушылардың күнделікті сабақта ынталандырып қызығушылықтарын арттыруда қалыптастырушы бағалау жүйесінің маңызы зор. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі мен нәтижелері ескеріліп мұғалім мен оқушылар өз білімдерін бағалай алады. Кері байланыс процесі жүре бастайды. алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау ұдайы жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және баға қоймастан оқу процесін түзетіп отыруға болады. Сабақта қалыптастырушы бағалаудың орны ерекше оқушылардың пәндік оқуға деген талпынысын арттырады. Қалыптастырушы бағалаудың күнделікті іс-тәжірибесі барысында, оқушының меңгеру деңгейінің өлшемі мен ілгерілеуін анықтауда, оқыту үдерісінде төменгі әдіс-тәсілдерді «Қол белгі»:

1) мен сабақты түсініп жатырмын және түсіндіре аламын. (бас бармақ жоғары көтерілген)

2) мен кейбір тұстарды түсінбедім (бас бармақ жанына көрсетіліп тұр)

3) мен түсінбедім (бас бармақ төмен көрсетіліп тұр).

Мысалы: 5- сыныпта «Керқұла атты Кендебай» ертегісін өткен сабақта ертегінің мазмұнын ашып айтуда әр оқушы ертегіден өзіне тиісті кейіпкердің портретіне қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдерді анықтап болған соң «қол белгісі» қалыптастырушы бағалау арқылы тақырыпты қалай меңгергенін аңғарады.

Ертегі мазмұны бойынша маңызды және маңызды емес бірақ мазмұнын толықтыру үшін қажетті сөздер мен сөз тіркестерін

келтіру мақсатында «Эйзенхауер матрицасын» қолдануға болады. Оқушылар бұл әдіс арқылы ертегі мазмұнын жүйелі айтуға дағдыланады. Қалыптастырушы бағалауға «Үш минуттық үзіліс» (үзіліс) әдісін қолданған жақсы. Оқушыларға сабақтың мазмұны жайлы ойлануына, алдыңғы өткен тақырыптармен, білімімен байланыстыруға, сонымен қатар түсінбеген жерлерін анықтауға үш минуттық үзіліс беріледі.

Білу және түсіну

Тақтадағы суреттерге қарай отырып, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің мазмұнын мына жоспар бойынша әңгімелеу.

1. Кендебайдың дүниеге келуі.
2. Мергенбай батырдың баласымен кездесуі.
3. Кендебайдың малшы болуы.
4. Алтын құйрықты құлын.
5. Ханның шарты.


– Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? Қалай ойлайсындар бұл ертегінің қай түріне жатады?

– Балалар, сендер Кендебайға ұқсағыларың келеді ме?

– Кендебайдың қандай қасиеті көбірек ұнады?

Қолдану. Оқушыларға жалпы ортақ тапсырма.

Кендебайдың жақсы қасиеттерін тізбектеп топтастыру.



Сурет 1

1. Кендебай бойында қандай жақсы қасиеттер бар?
2. Адамның жақсы қасиеттері туралы қандай мақал - мәтелдер білесіндер?

Ертегіні талдау барысында «Броундық қозғалыс» әдісін қолдану тәсілі. Оқушылар сыныпты шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі:

1. Ертегіден Кендебайдың адамгершілігі туралы жазылған абзацтарды табындар.

2. Кендебай мен қойшы бала арасындағы диалогты оқу.

3. Кендебай – елінің тұрмысын жақсартқан ұл. Түсіндір. Оқушылардың ертегі мағынасын толық түсінгенін байқау мақсатында «Ауыз екі баға» әдісін қолданған тиімді. Осыдан басқа «Бағдаршам», «Қорытындылауға арналған карточка индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызекі баға», портфолио, журналдар, рубрикалар, сөзжұмбақтар, сұрақтар және тағы басқа түрлерін қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың көп әдіс-тәсілдерін сабақтың әр түрлі кездерінде: жаңа тақырыпты өткенде, тапсырма орындағанда, мұғалімнің оқушыға жұмысының нәтижесін жақсарту мақсатымен кері байланыс ретінде ақпарат беру барысында да қолдануға болады.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасы бөлімдерін (тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңінде оқушының үлгерімі туралы білім алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Оқушы білімін бағалау жаңа білім беру мазмұнында бес пайыздық бағалау емес, критерийалды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критерийалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқалады. Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады. Оқушының өз бетімен тапсырма орындап, жұмыс жасап, қорытынды жасауына ықпал етеді. Мұғалім үшін қай оқушының қандай дәрежеде екендігін байқауға болады. Оқушының өзара бір-бірін бағалауыны қалыптастырады. Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізеді, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр. Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің дамуына қол жеткізетіндігі.

– Жеке адамдық сенімдерін қалыптастырады.

– Ұжымдық және жеке іс-әрекеттерге үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай

жасайды.кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар [5, 2 б.].

Мұғалімдер үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақтың уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – шығарманы қолдана білу. Эссе жазуды жиі қолдану оқушылардың өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдыларын дамытады. Эссе - жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эссе жазудың нақты мақсаты: Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу; Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту; Оқырмандарды ақпараттандыру. Шығармашылық – бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек. Эссені жаза отырып оқушылар басқа адамның көзқарасын білу, іскерлік қарым-қатынас жасау, қоғамдық ойға пікір білдіру, өз жаңалығын жүзеге асыра, табысқа қол жеткізе алады. Жаңа сабақты проблемалық ой тудыра отырып бастаған жөн, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл – сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді шығармашылығы дамитындай қолдану керек. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізу тиімді:

1. Сабақта АКТ-ны тиімді пайдалану;

2. Сабақты түрлендіріп өткізу;

3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;

4. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету [3].

Осылардың нәтижесінде талантты, дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен»

орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын.

Қорыта айтқанда, прграмманың мәні, баланың оқу сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына 21 ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан [Мәтін] / Қызылорда № 10 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицейі ; [кұраст. Н. Қ. Есбосын]. - Қызылорда, 2017. - 127 б.
2. К 14 Каирова Д.Т. Қалыптастырушы танымдық кері байланысты ұйымдастырудың тиімді жолдары: Әдіст. құрал. / Т.Д. Каирова. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 50 б.
3. Обновленное содержание образования – веление времени. Анохина Е.Л. <https://infourok.ru/obnovlenie-soderzhaniya-obrazovaniya-realnost-vremeni-3766099.html>
4. Обновление образования. Вебер В.А. <https://infourok.ru/doklad-na-temu-obnovlenie-soderzhaniya-obrazovaniya-po-russkomu-yaziku-2123224.html>
5. Обновленная программа – новое содержание образования. Пиржанов А.З. <https://infourok.ru/statya-kazahskiy-yazik-v-ramkah-obnovleniya-i-soderzhaniya-3369956.html>

АУЫЗША СӨЙЛЕУДІҢ МОНОЛОГТЫҚ ФОРМАЛАРЫ

КАДЫРОВА А. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Көкбай орта мектебі, Абай облысы, Абай ауданы

Коммуникациядағы ерекше мән беретін түс ол – коммуникацияның ауызша түрі. Себебі ауызша коммуникацияға түсу білімді, алдын ала дайындықты қажет ететіні белгілі. Мектепте оқушылардың тілін дамытуға, оларды шешен, әдеби тіл нормаларын сақтай сөйлеуге үйретуге байланысты қазақ тілі мен әдебиеті сабағында түрлі жұмыстар жүргізіледі. Ол жұмыстардың барлығы да оқушылардың коммуникациялық күзіреттілігін, дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында такырыпты меңгертуде сөйлесім әрекетінің барлық түрі қолданылады. Оқушыларға жазылым арқылы да, тыңдалым арқылы да, оқылым мен сөйлесім арқылы да комплексті тапсырмалар орындата отырып білім береміз, дағдысын қалыптастырамыз. Сөйлесім әрекетінің барлық түрлерінің өзіндік маңыздылығы бар. Оларды өзара ықпалдастыра отырып қолдану өз нәтижесін беретініне тәжірибе арқылы көз жеткізіп келеміз. Біз бұл ғылыми мақаламызда коммуникациялық күзіреттілікті қалыптастырудың ауызша түрін қарастырмақпыз.

Ауызша қарым-қатынастың монологтық формалары бір адамның ақпаратты беру үшін басқаларға үндеуін білдіреді. Ауызша іскерлік қарым-қатынастың монологтық түрлеріне: көпшілік алдында сөз сөйлеу (сөйлеу), құттықтау сөзі, ақпараттық сөйлеу, таныстыру сөзі, кеңес беру, баяндама жасау жатады. Ауызша қарым-қатынас вербальды және бейвербалды коммуникация құралдарын меңгеруді, проксемика, кинесика, просодия, такетика сияқты паралингвистикалық құралдарды орынды пайдалануды қажет етеді. Ауызша қарым-қатынас кезінде адам әңгімелесушінің сөзі мен дауысына назар аудару арқылы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік алады. Ол белгілі бір көрсеткіштер бойынша бағаланады:

1 Сөздік – тілдік формалардың сан алуандығы, синонимдік байлық, сөйлеудің бейнелілігі, толықтырушы сөздердің болмауы және сауатты, мәнерлі сөйлеу әңгімелесушінің бойындағы білімді де мәдениетті тұлғаны анықтауға мүмкіндік береді.

2 Түсінікті сөйлеу және сөздерді дұрыс айту сәтті қарым-қатынастың кепілі болып табылады, өйткені дұрыс байланыс арнасы қалыптасады және байланыс шуы азаяды.

3 Интонация қажетті семантикалық екпіндерді қоюға және сөйлеушінің логикасын түсінуге мүмкіндік береді.

4 Сөйлеу жылдамдығы (шамадан тыс жоғары және төмен) сөйлеуге қызығушылықтың жоғалуына әкелуі мүмкін және тітіркенуді тудыруы және берілген ақпаратқа шоғырланудың алдын алуы мүмкін.

5 Ұзын және қысқа сөз тіркестерінің тіркесімі. Бұл әдіс әңгімелесушінің назарын аударуға мүмкіндік береді, кейде бұл жеке қарым-қатынас стилі болуы мүмкін, кейде оны коммуникативті жағдаймен анықтауға болады.

Ауызша сөйлеудің жалпы ережелері – өзіне деген сенімділік; белгілі бір тақырып бойынша сөйлесе білу; ойларын қысқа, нақты да анық жеткізу, сөз тіркесіндегі сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс орналастыру; аудиторияны қызықтыра білу; әртістік пен харизмаға ие болу; сендіру қабілеті бар болуы тиіс. *Көпшілік алдында сөйлеу (сөйлеу)* ауызша сөйлеудің ең кең жанры болып табылады. Оның ақпараттық сөйлеу, сөйлеу-презентация, сөйлеу-пікір, сөйлеу-кеңес сияқты түрлері бар. Шешендік өнер – сөйлеуші мен көпшілік арасындағы қарым-қатынас барысында пайда болатын сөйлеу әрекетінің элементі. Кәсіпкерлік жағдай болған жағдайда мұндай субъектілер менеджер, қызметкерлер және сарапшы мамандар болып табылады; Қоғам – бұл ұйымның қызметкерлері немесе басқа әлеуметтік топтар: клиенттер, серіктестер, БАҚ және т.б. Искерлік қарым-қатынастың кез келген түрі сияқты көпшілік алдында сөйлеудің мақсаты, құралдары, жанрлық ерекшеліктері мен атрибуттары, мәтінді құру ережелері және оның айтылу ережелері, сонымен қатар жиі кездесетін қателіктер бар. Мазмұн тұрғысынан сөйлеудің екі маңызды құрамдас бөлігі бар – импровизация мүмкіндігі және алдын ала дайындалған жоғары сапалы мәтін.

Тиімді мәтін үшін келесі ұсыныстарды ұстанған жөн:

1 Болашақ көпшілік алдында сөйлеудің жоспарын жасау. Мұны келесі сұрақтарға нақты жауаптарды тұжырымдау арқылы жасауға болады:

А. Тындаушылардың мотивациясы қандай? сіздің орындауыңыз? Бұл оларға не үшін керек? Олар өздері үшін қандай пайдалы немесе қызықты нәрселерді үйренеді?

В. Сөйлеудің негізгі идеясы қандай? Көрсеткіштерді не нәрсеге сендіргіңіз келеді?

Әрі қарай, болашақ сөзіңізді құрылымдау үшін бірқатар әрекеттерді орындау қажет.

С. Осы тақырыптардың логикалық бөліктерін, тақырыптарын және тақырыпшаларын анықтау, идеяны бірнеше құрамдас бөліктерге бөлу.

Д. Негізгі сөздер мен терминдердің анықтамасы.

Е. Болашақ сөйлеудің жоспары мен құрылымын мұқият ойластыру. Ол кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан (соңында) тұруы керек.

2 Мазмұнына ерекше мән беру.

А. Сөйлеу барысында қолданылатын «өмірден», тарихтан, әдебиеттен жарқын мысалдарды табу.

В. Ақпаратты көрнекі түрде бекіту үшін қажетті диаграммаларды, иллюстрацияларды, графиктерді дайындау.

С. Сөйлеу кезінде аудиторияға қандай да бір сұрақпен, бірденені атауды, бір нәрсені санауды өтінумен жүгінудің орынды болатынын анықтау - бұл жұртшылықтың назарын аударуға, тақырыпты талқылауға шоғырлануға және сөйлеуді айтарлықтай арттыруға көмектеседі. материалды қабылдау тиімділігі.

Д. Толық мәтінді жазу.

Оның басталуы мен аяқталуына ерекше назар аударылады. Тиімді кіріспенің рөлі – көпшіліктің қызығушылығын ояту, одан әрі тыңдауға бейімділік, жағымды әсер мен эмоциялар.

Тапқыр әзіл айту, қызықты фактіні айту немесе көрнекті тарихи оқиғаны есте сақтау, оларды әрқашан сөйлеу тақырыбымен байланыстыру. Көпшілік алдында сөз сөйлеудің қорытынды бөлімі нәтижелерді қорытындылауды қамтиды. Соңында сіз баяндамада көтерілген негізгі мәселелерді еске түсіріп, барлық негізгі ойларды қайталауды ұмытпаңыз. Соңындағы жағымды ақпараттық серпін адамдардың жадында және сіздің көпшілік алдында сөйлеуіңізді қабылдауында сақталады.

Көпшілік алдында сөйлеудің сәтті болуы үшін кіммен сөйлесу керек екенін ескерген жөн: аудитория көлемі, оның қызығушылықтары, көзқарастары, күтулері, одан қандай реакция алу керек. Осы сипаттамаларға байланысты сөйлеудің жеке сәттері түзетіледі, ең қолайлы тілдік құралдар мен көрнекі материалдар таңдалады, мысалдар мен ассоциациялар түзетіледі. Аудитория түсінбейтін немесе жағымсыз ассоциативті фон тудыруы мүмкін тақырыптар алынып тасталады. Психологиялық байланыс орнату үшін аудиториямен бір мәдени деңгейде болып, олардың тілінде сөйлесу керек. Жеке сөздердің мағыналары, орфографиялық

ерекшеліктері және т.б. алдын ала нақтыланады, өйткені тілдік қателер сөйлеушінің беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін.

Дайындалған сөздің негізгі ережелерін немесе тезистерін қолдануға ыңғайлы шағын карточкаларға жазып алған жөн. Қажетті материалдар иллюстрациялар, слайдтар, аудио-бейне жазбалардың фрагменттері және т.б. түрінде дайындалып, ауызша сөйлеумен логикалық реттілікпен реттелуі керек. Көпшілік алында сөйлер алдында репетиция жасап, дауыстап сөйлеу ұсынылады. Мұндай алдын ала дайындық ауызша мәтінге грамматикалық және стилистикалық түзетулер енгізуге, алаңдаушылықты азайтуға, сенімдірек сезінуге және көпшілік алдында сөз сөйлеуде табысқа жету ықтималдығын арттыруға мүмкіндік береді. Ауызша сөйлеудің монологтық түрлеріне пікір айту да жатады. Оның қолданылу аясы монолог шеңберінен шығып, диалог немесе полилог элементі ретінде көбірек қолданылғанымен – бұл дискуссиялар, даулар, конференциялар, келіссөздер және т.б. Ауызша сөйлеудің бір түрі болғандықтан, баяндама аудиторияға тиімді түрде ұсынылуы керек. Кейбір ережелерді қарастырайық:

1 Сөйлеу ұзақтығы әдетте 10-15 минуттан аспайды.

2 Баяндаманы дайындаған кезде жұмыс мәтінінен ең маңызды нәрселер таңдалады. Баяндамада зерттеу жұмысының барлық тараулары мен тарауларының негізгі мазмұны қысқаша көрсетілуі керек.

3 Баяндамада қолданылатын барлық терминдердің мағынасы мен айтылу ерекшеліктері сөйлеушіге түсінікті және таныс болуы керек.

4 Тольқ дайындықпен сөйлеу керек – тақырыпты мүмкіндігінше жақсы меңгеру.

5 Өзіне сенімді сыртқы келбетті сақтау аудиторияға жақсы әсер етеді.

6 Өзіңіз қалағандай жиі үзіліс жасаңыз.

7 Сіз сөзіңізді асықпай айтуыңыз керек. Сөйлеу жылдамдығы минутына шамамен 120 сөз болуы керек.

8 Ақпараттың қай бөлімдері аудиторияда сұрақтар тудыруы мүмкін екендігі туралы алдын ала ойлану сізге жауаптарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

9 Алдын ала дайындалған карталардың, диаграммалардың, диаграммалардың, фотосуреттердің және т.б. болуы жауапты тұжырымдау үшін құнды уақытты сатып алуға көмектеседі, кейде тіпті дайын жауапты береді.

10 Аудиторияның назарын аударудың қосымша мүмкіндіктері тиімді презентациялар болуы мүмкін, бұл сіздің баяндамаңыздың есту фонына көрнекі бейнелерді қосуға мүмкіндік береді.

Ауызша коммуникацияның монологтың түрімен қатар диалогтық формалары да бар екені белгілі. Оларға ұйымдар арасындағы іскерлік әңгіме, келіссөздер, жеке тұлғалардың кездесулері, полемика (дауласулар, пікірталастар, даулар), сондай-ақ телефон арқылы сөйлесулерді жатқызуға болады. Диалогтық қарым-қатынаста да ескеретін өзіндік қағидалар бар. Сол қағидаларды ескер отырып жүргізілген пікір алмасулар өз нәтижесін беретіні анық. Осы айтылған мәселелердің барлығының бастауын оқушылар мектептен алады. Сол алған білімдерін жетілдіре отырып, болашақ өмірлерінде қолданады. Сондықтан ұстаздар қауымы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, дамуына үлкен үлес қосады деп айтсақ қателеспейміз. Сонымен қатар осы көтерілген мәселелерді оқушыға мектеп жасынан сіндіре білу де ұстаздардың міндеті екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Львов, М.Р. Риторика. Сөйлеу мәдениеті: оқулық. университеттерге арналған нұсқаулық / Львов М.Р. – 2-ші басылым, қайта қаралған. – Мәскеу: Академия, 2004. – 272 б.

2 Балақаев М. Тіл мәдениеті. Алматы, 1971

СӨЗ ТІРКЕСІ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

КАКИЕВА Г. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Панфилов ЖОББМ,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Сөз тіркесі жөнінде жүйелі зерттеулердің қалыптасып дамығанына көп болған жоқ. Түркі тілдерінің сөз тіркестері тек кеңес дәуірінде ғана зерттеліне басталды. Орыс тілінде сөз тіркестерін тұңғыш қолға алған В.В. Виноградов сөз тіркестерінің түрлері, байланыс формалары және олардың құрылысы тіл білімінің ең басты бөлімі екендігін айтады.

И. П. Мелиоранский «Краткая грамматика казах-киргизского языка» деген еңбегінде сөз тіркесі туралы арнайы тоқталмағанымен, «Простое предложение» деген бөлімінде бастауыштың баяндауышпен қиыса байланысатынын дұрыс көрсеткен» – деп

тұжырым жасайды зерттеуші Түймебаева Н. Ал септіктерге жеке-жеке тоқтай келіп, онда әрбір етістіктің мағыналық топтарының қайсысы қандай сөздерді меңгеретінін анықтаған. Меңгеру туралы айта келіп, онда үміттену, берілу, бағыну, келісу, мақтану, құлу, шыдау, жылау, мұқтаж болу т.б. етістіктер барыс жалғаулы сөздерді меңгеретінін дәлелдеген. Ал қабыса байланысу туралы ешбір сөз қозғалмайды. Бірақ автордың «Определение» деген бөліміндегі мынадай мысалдар: «ақ тас – белый камень; жақсы кісі – хороший человек; үшінші жыл – третий год» дегенде сөздердің қатар келіп, орналасатынын сөз етеді. Мұның өзі қабысу терминінің жалпы орыс тілінде де көп уақытқа дейін енгізілмеу себебіне байланысты ма деп ойлауға болады.

Сонымен қазан төңкерісіне дейінгі еңбектерге сөз тіркесі, оның байланысы формалары жалпы болса да айқын жіктелмей келді.

«Қазақ тілінде сөз тіркестері арнайы түрде тек ұлы қазан төңкерісінен кейін, онда да 1930 жылдан бастап сөз бола бастады» деп тұжырымдайды Сайрамбаев Т.

Мұны ең алдымен Қ. Жұбанов сияқты ғалымдарымыздың еңбектерінен айқын көруге болады. Ал Қ. Басымовтың «Сөйлем мүшелері туралы», «Пысықтауыш» т.б. мақалаларында тек бастауыш пен баяндауыштың қиысуын ғана сөз еткені болмаса, олардың басқа байланысу формаларына арнайы тоқталмаған.

Сөз тіркесі туралы мағлұмат мектеп грамматикаларында тек 1939 жылы беріле бастады. Бұл ретте С. Аманжолов, С. Жиенбаев, Т. Сауранбаев т.б. еңбектерін атауға болады.

Әрине онда дәл қазіргідей сөз тіркестері деп аталмағанмен, әркім өзінше сөздер тізбегі, сөздердің қарым-қатынасы, сөздердің байланысы деп көп уақытқа дейін әртүрлі айтып келгені белгілі.

Қазақ тілі синтаксисі туралы арнайы зерттеу жүргізген С. Аманжоловтың сөз тіркестері туралы өзіндік пікірлері болды. 1940 жылы «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» деген еңбегінде де сөз тіркесі туралы арнайы тоқталғандығы белгілі. Онда автор «Сөйлем мүшелелерінің өзара қарым-қатынастары» деп оларды беске бөліп қарастырады: қиысу, жанасу, қабысу, меңгеру – меңгерілу және бесінші етіп сөйлем мүшелелерінің орын тәртібін де осыған енгізеді. Автордың алғашқы төрт түрін қостағанмен бесіншіні, яғни «сөйлем мүшелелерінің орындары» дегеніне қосылуға болмайды [1, 22 б.].

Бұл еңбек 1950 жылы түзетіліп қайтадан басылды. Онда арнайы түрде сөйлемдегі сөздердің (сөйлем мүшелелерінің)

қарым-қатынасы, меңгерілу, қабысу және жанасу деп төртке бөліп дәлелдейді: Сөйлемдегі сөздердің байланысына 1930 жылы Т. Сауранбаев, С. Аманжолов бірігіп жазған «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінде біраз тоқталған. Бұл еңбегінде автор сөз тіркестерін «синтаксистік қатынастар» деп атай отырып, оларды субъекті, предикаттық, объектілік атрибуттық және сипаттауыштық қатынас деп бірнеше түрге бөледі.

Автор бастауыш пен баяндауыш арасындағы қатынасты субъекті предикаттық деп атаса, ал пысықтауыш сөздердің етістікпен байланысын объектілік, ал анықтауыш пен анықталатын мүшелерінің байланысын атрибуттық қатынас деп бөледі. Сол сияқты бұлардан өзгеше изафеттік құбылысты өз алдына қарастырып, оның өзіндік жасалу жолын дұрыс көрсетеді. Бұдан кейінгі шыққан «Қазақ тілі» еңбегінде сөз тіркестерін қиыса меңгеріле, қабыса және жанаса байланысатынын айтады. Жай сөйлемге енген сөздердің бір-бірімен өздерінің орын тәртібі, интонация, қосымшалар, шылаулар арқылы байланысу жолдарына тоқталады.

С. Жиенбаев «Синтаксис мәселелері» деген еңбегінде сөйлем мүшелерінің байланысу формалары туралы арнайы сөз етпейді. Онда автор «жай сөйлемнің синтаксисі, құрмалас сөйлемнің синтаксисі» – деп сөз тіркесінің синтаксисін жеке қарастырмайды. Алайда ол еңбектің «синтаксистік кейбір мәселелері туралы» деген бөлімінде «Қиысу туралы» арнайы тоқталып, өзіндік тұжырымдар жасайды. Мұның өзі авторлардың бұл мәселеге аз да болса көңіл аударғандығын аңғартады. Ал «сөйлемдегі сөздердің байланысы туралы» деген бөлімінде автор байланысу формаларынан гөрі байланысу амалдарына назар аударғысы келеді [1, 34 б.].

Бұл еңбектерде сөз тіркесі айтылғанымен олардың толып жатқан заңдылықтары, атап айтқанда байланысу формалары мен амалдары, түрлері, оның синтаксистік қатынастары арнайы сөз болып қозғалмайды. Бұл жөнінде жалпы түркология, оның ішінде қазақ тіл білімінде көптеген жұмыстар жазылып және одан әрі зерттеліп жатқаны да белгілі.

Жалпы сөз тіркестерін зерттеу тек 1950 жылдардан кейінгі уақытта ғана бір жүйеге келе бастады.

Отандық тіл ғылымында сөз тіркесі синтаксисі мәселесі жөнінде Н.К. Дмитриевтің, А.Н. Кононовтың, Е.И. Убрятовалардың еңбектері жарық көрді. Олар қиыса, қабыса және меңгеріле байланысқан сөз тіркестері түрінде сипаттайды. Қазақ тілі білімінде

сөз тіркесі (сөйлем мүшелерінің байланысы) 1950 жылдарға шейін тек мектеп грамматикаларының көлемінде айтылып келеді. Онда да сөз тіркесінде толық анықтама беріп оның түрлі жақтарын егжей-тегжейіне дейін зерттеген ешкім болған емес. Сөз тіркесінің зерттелуі тек кейінгі кездің жемісі болып отыр.

Сол туралы А. Л. Коклятова: «Сөздердің байланысы септікті және шылаулы тіркестер мен анықтауышты конструкциялар түркі тілдерінде әлдеқашан қолға алынған болатын» деген еді. Алайда арнаулы зерттеулер тек қазір пайда бола бастады. Соның бірі – профессор М. Балақаевтың «Основные типы словосочетаний в Казахском языке» деген еңбегі. Бұл еңбегінде автор сөз тіркестерінің құрылымдық түрлері, есімді, етісті сөз тіркестерін шылаулы меңгеру мен септікті меңгеру сияқты көптеген мәселелерін жан-жақты дұрыс көрсетеді» деген болатын.

М. Балақаевтың еңбегі түркі тілдерінде сөз тіркестері туралы – бірінші туынды мұнда автор сөз тіркестерінің көптеген теориялық мәселелерін жан-жақты ашып берді. Негізінде сөз тіркестері туралы жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде профессор М. Балақаевтың еңбектерінен толық мағлұмат алуға болады.

М. Балақаев сөз тіркестерін жалпы есімді, етістікті етіп екіге бөліп, оның әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін олардың басыңқы компоненті мен бағыныңқы компонентінің қандай сөз таптарынан болатындығын және ондай кездегі тіркесу қабілетін дұрыс қорытындылайды [2, 92 б.].

Сол сияқты автор бұл еңбегінде сөз тіркестерінің байланысу формалары мен амалдарын және олардың синтаксистік қатынастарын сөз етеді. Сөз тіркестерін байланысу формаларына қарай қабысу, қиысу, меңгеру және матасу деп төртке бөліп қарастырады.

Осы күнге дейінгі және осы кездегі көптеген түркі тіліндегі еңбектерде байланысу формаларын дәл орыс тіл біліміндегідей үшке бөліп берушілік басым болып келеді. Әрине, мұндай жағдайда әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне қарау керектігі айқын. Осы тұрғыдан алғанда профессор М. Балақаев басқа тілдерге қарағанда қазақ тілінде төрт түріне матасу деген байланысу формаларын енгізеді. Мұндай бөлудің өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне сай дұрыс алынуы практикада айқын байқалып жүр. Сөз тіркестерін сөйлемнен ажырату – жалпы тіл білімінде негізгі мәселелердің бірі. Алдымен сөз тіркесі дегеніміздің өзін ашып, оның не екенін түсінуіміз керек. Бұл жердегі негізгі мәселе мынада:

Сөз тіркесіне синтаксистік топ құрайтын барлық сөздердің тіркесін жатқызамыз ба, әлде предикативті қатынасты да жатқызамыз ба?

Осы негізде кейбір ғалымдар, мысалы: Фортунатов, Пешковский т.б. толық мағынасы бар грамматикалық тіркестердің барлық түрін сөз тіркесіне жатқызамыз дейді. Фортунатовтың пікірі бойынша, сөйлем, дегеніміз сөз тіркесінің бір түрі (разновидность), көрінісі. Бұлардың пікірінше, сөйлем мен сөз тіркесінің ешбір айырмашылығы болмайды.

Керісінше, кейбір ғалымдар Буслаев, Потеня, Шахматов т.б. сөз тіркесін жоққа шығарады. Олардың пікірі бойынша, негізгі етіліп сөйлемнің теориясы және сөйлемнің мүшелері алынады. Сөйтіп сөз тіркесі туралы мәселе тек түркі тілдерінде ғана емес, басқа тілдерде де түрліше қаралды.

Сөз тілдік единица болып табылады. Ол морфология, лексикология, семасиологияның объектісі бола отырып, сөз тіркесіне де қатысты. Өйткені ол сөз тіркесіне де сөйлемге де негіз болады. Оларсыз жалпы сөйлем құрылмаған да болар еді. Сөз, негізінде, сөз тіркесін құруға негіз болса, сөз де, сөз тіркесі де бірімен-бірі тығыз байланысты. Сол сөздерді бірімен-бірі тіркестіріп, оны жетілдіре түсу ынғайында ғана келесі біреуге ойымызды толық жеткізуге болады.

Профессор М. Балақаев сөзді тілдік единица ретінде лексикология, семасиология, стилистика, сөз таптары және сөйлем мүшесінің де объектісі ретінде зерттеді. Сонда сөз тіркесі кемінде толық мағыналы екі немесе одан да көп сөзден құралады да, олар біріне-бірі бағына байланысады екен. Сөйтіп, сөз тіркесі мен сөйлем синтаксистік категория. Бұл екеуі тығыз байланысты. Бірақ кейбір ұқсастықтары болғанымен әрқайсысының өзіндік объектілері бар [3, 46 б.].

Негізінде бұлардың айырмашылықтары көптеген еңбектерде айтылып келеді.

Н. К. Дмитриев сөз тіркесі мен сөйлемді талдай келіп, екеуінің бір-бірінен айырмашылығын ашып алу керектігін айтады.

Сөйлем екі полюс, яғни бастауыш пен баяндауыш болуы хақ. Сонымен, бір-біріне қатысы жағынан бастауыш және баяндауыш болып келетін кез-келген синтаксистік құрамды сөйлем дейтін боламыз. Керісінше, өзара іштей бастауыш пен баяндауыш болып келмеген кез-келген синтаксистік тіркес сөйлем емес, сөз тіркесі деп танылады. Сонда сөз тіркесі сөйлем ішіндегі статикалық

катынастарды баяндаудың формасы ғана. Сөйлем мен сөз тіркесінің айырмашылығын Н.К. Дмитриев былай көрсетеді: Егер бастауыш пен баяндауыштық қатынастан құралып, аяқталған ойды білдірсе, сөйлем деп, егер бастауыш пен баяндауыштық қатынас болмай, олар тиянақты ойды білдірмесе, сонда ғана сөз тіркесі дейді.

Б. Убрятова т.б. көптеген ғалымдар сөйлем мен сөз тіркесінің бір-бірімен айырмашылықтарын көрсете келіп Н. К. Дмитриевтің жоғарыдағы пікірін қолдайды. Бұлай бөлу жалпы орыс тілі ғылымында көп уақытқа дейін орын алып келді. Сөйтіп предикативті түрі бастауыш пен баяндауыштық қатынастан құрылады да, бұлар аяқталған ойды білдіреді, мұны сөз тіркесіне есептемей, сөйлемге жатқызды. Ал бастауыш пен баяндауыштан басқа қатынастағылар яғни олар аяқталған ойды білдірмейді, сол себептен оларды сөз тіркесі деп қарастырады.

Тіл білімі жайындағы әдебиеттерде сөйлемді бір бөлек, сөз тіркесін бір бөлек категориялар деп тану үшін олардың құрамы еш уақытта бірдей болмауға тиіс деген пікір бар. Сондай көзқарасты қолдаушы торкологтың бірі Н. А. Баскаков атқа мініп, атқа мінген дегендерді сөз тіркесі деп қарайды да, атқа мінді дегенді сөз тіркесі емес, сөйлем деп таниды. Мұндағы тұлғалық айырмашылық басыңқы сөздің (мін) тиянақты, (мінді) не тиянақсыз (мініп мінген) болуында.

Егер ол критерияны негізгі шарт деп танысақ (ол тұлғалардың сөз тіркесін құрауға қатысы жоқ, сондықтан шарт емес). «Атқа мін» дегенді не дейміз? Сөйлем бе, сөз тіркесі ме? Бұған жауапты мынадан іздейміз. Егер тіркескен сөздер тобы пайымдауды білдірсе – сөйлем, ал білдірмесе – сөз тіркесі. Осы пікірді Н. К. Дмитриев те қолдайды [4, 45 б.].

Біріншіден пайымдау (суждения) логикалық ұғым, оны сөйлемді танудың белгісі етуге болмайды. Екіншіден сөйлемнің құрамына еніп, оның бөлшегі болуға тиісті сөз тіркесінде сөйлем білдіретіндей ұғымның бар-жоқтығын меже етудің жөні жоқ. Сөйтіп, сөйлем мен сөз тіркесін мағынасына қарап айыру да мүмкін емес. Егер сөз тіркесі тиянақты ойды білдіретіндіктен сөз тіркесі болудан қалады десек, онда әрі сөз тіркесі, әрі сөйлемдік қасиеттері бар сөздер тобының кейбір синтаксистік заңдылықтарын ескермегендік болады. Желсіз түн, кең жайлау. Таудан аққан үлкен өзен сияқтыларды біреулер сөйлем етіп жұмсаса, сөз тіркесі қасиетін жойды деу шындық болмайды. Сондықтан ондай сөздер тобын сөйлемдік қасиеттеріне қарай сөйлем деп танып, сөз тіркесімділік

белгілеріне қарай әрі сөз тіркесі деп тани беруге тиіспіз. Тілдің табиғаты солай етуді тілейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1991., -320б
2. Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. Алматы. - Алматы, 1966., -235б
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. 1992., -265б
4. Сайрамбаев, Т. Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері: - Алматы: Мектеп, 1976. - 70 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КАСЕНОВА А. У., ЖАБАЕВА С. М., ИСКАКОВА У. С.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі оңтайлы өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Осыған байланысты педагогтер алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің белсенді оқыту әдістерін, жаңа технологияларды тандап пайдалану мүмкіндігі берілген.

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелері қатарында тұғыры биік мемлекеттік тілді меңгеруі. «Ел тағдыры-тіл тағдыры» -демекші, еліміз тәуелсіздігімен бірге қазақ ұлтының тілін дамыту мәселесі де туындағаны анық. Өйткені қазақ тілін оқыту барысында қазақ халқының тарихы, әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ғылымы, мәдениеті, өнері, ақын-жазушалары жөнінде білім жинақталады, жүйеленеді. «Тілді үйретпейді, тілге үйрену керек» деген қағиданы ескеретін болсақ, әр оқушы тіл үйренуге ынтасы болу керек. Оқушылардың тіл үйренуге деген ішкі дайындығы мен ұмтылысы ғана табысқа қол жеткізеді. Бүкіл оқу үдерісіне қатыса отырып, қазақ тілінде алған білімін тәжірибеде, іс жүзінде өмірмен байланыстыра отырып, еңбек ету барысында пайдалана білуі

көзделіп, оқушының жалпы дүниеге деген көзқарасы қалыптасады. Тілдік материалдарды, атап айтқанда, қазақ тілінің фонетикасын, грамматикасын, лексикасын, синтаксисін меңгерумен қатар оқушыларды ауызша сөйлеуге, ойларын жеткізуге, аударма жасауға деген біліктіліктер қалыптасады.

Қазіргі оқулықтарда көбінесе берілген тілдік материалдар, әсіресе мәтіндер көлемі үлкен болып келіп, грамматикасы өте жүйесіз, шашыраңқы берілген, ешқандай логикалық жүйеге бағындырылмаған деуге болады. Оқулыққа қатысты олқылықтар көп. Мысалы, 6 сыныптың 9-тақырыбындағы – «Жер байлығына аяулы көзқарас» бөлімінде берілген тілдің бағдардағы үстеудің мағыналық түрлерін алсақ, ережесі толық қамтылмай, тек сын-қимыл мен мөлшер үстеулер ғана берілген, яғни жүйесіз болып келеді, білім алушыға түсініксіз. Сондай-ақ, 11-тақырыпқа енгізілген «Абайды оқы, таңырқа!» бөлімінде берілген себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар берілген, бірақ 5-сыныптың оқулығында жай сөйлемнің түрлері мүлдем берілмеген, яғни 5-сынып пен 6-сынып арасында сабақтастық жоқ. Сондықтан кез келген грамматикалық ережені өту барысында біржүйелік сақталып, жеңілден күрделіге қарай бағыттау қажет. Мысалы, жоғары айтылғандай 6-шы сыныпта жалғаулықтар түрлерін өту алдында ең бастысы 5-ші сыныпта жай сөйлемнің түрлерін, оның жасалу жолдарымен танысып алып, содан кейін ғана жалғаулықтарды қолдануды қарастыру қажет. Сондай-ақ, бір сабақтың ішінде жаңа сөздермен грамматикалық ереже бір мезгілде берілмейді. Мұғалім сабақ түсіндірген кезде оқушыға аса күш түсірмей, жеңілден ауырға қарай, жалықтырмай, оқушының тиянақты білім алуына мүмкіндіктер туғызуы қажет.

Қазақ тілі мен әдебиеті осы екі пәнді оқу барысында оқушы нені жасай алу керек? Нені білу керек? дегендей нақты мәселенің ара жігін айыру қажет. Қазіргі білімнен ғылымға, ғылымнан инновацияға ұмтылып отырған кезімізде жолымыз айқын, міндетіміз дұрыс белгіленуі қажет.


Оқу бағдарламасында қарастырылған спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеядан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді және оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өту кезінде білімі мен дағдылары

қайталанып, тексеріліп отыратын спиральдік қағидатына негізделген.

Сыни тұрғыдан ойлау – шындалған ойлау. Бірақ бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Мектеп жасындағы балалардың ойлауын зерттеу нәтижелері олардың меңгерген теориялық жалпылауларының маңызды рөлін көрсетті. Жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту. Үйрену процесі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Сұрақтар түймедағы», «Талқылау бойынша серіктестер» тағы басқа деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Мұғалім оқушылардың алған ілгерілеуін бақылап, оларға мақсаттарына жетуге қолдау көрсетеді.

Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуы, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилтистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуды грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетін көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылық жұмыспен дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін, ауызекі сөздерін де қолдана білуіне жағдай жасайды. Тіл дамыту жұмыстары ауызша-жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, мазмұндама, шығарма, диктант, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұраққа жауап жаздыру, жоспар жасату, кітап оқу сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады. Жоғарыда стратегиялар (әдіс) туралы сөз қозғадық. Мысалы, «Еркін жазу», «Венн диаграммасы», «Дөңгелек үстел», «эссе жазу», «Қос жазба күнделігі», «Көп деңгейлі сұрақ» т.б. түсініктірек болу үшін солардың біразына сияттама берейік.



Ұлы Жібек жолы

«Ұлытау» тобы

Сурет 1

Еркін жазу стратегиясы. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойын қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін тағы басқа жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерген екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып оқушылар қызыға толтырады яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді. «Көп деңгейлі сұрақ» стратегиясы. Тура сұрақтар. Мұндай сұрақтар қандайда бір фразаны немесе түрлерін еске түсіру үшін қойылады. Сұрақтардың жауаптары мәтіннің ішінде кездеседі, оқушыдан оны жаттап алып, айтып беру талап етіледі. Өзгертуді талап ететін сұрақтар жауап берушіден мағлұматты басқа формада жеткізуді күтеді. Мұндай сұрақ қою кезінде оқушы ойша болатын жағдайды елестетіп көріністі суреттеп берулері керек. Яғни, оқушылар ойша елестеткен кейіптер мен дыбыстарды талқылайды. Олар ең алдымен елестету тәжірибесін жинайды, содан кейін сөйлеу арқылы басқаларды өз қабылдауымен таныстырады. Интерпретациялау-сұрақтары оқушыларды идеялар мен фактілер, анықтамалар мен құндылықтар арасындағы байланыстарды табуға үйретеді. Сұрақ-тіркеме оқушыларға мәселені шешуге немесе келесі

мәселенің логикасы мен себептерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сұрақ – баға оқушыларды жақсы, жаман деген сияқты қорытынды шешім қабылдатады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында осындай әдіс-тәсілдері арқылы сабақта оқушының жүйелі жұмыс жасауына мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақты міндет қоя білу- ол әрбір ұстаздың құзіреттілігіне, шеберлігіне байланысты. Әрбір ұстазды ойландырып, толғандырып жаңаша жұмыс істеуге, ізденістерге талпындырады.

Оқушыларды сабақ барысында жұмыс жасау мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы аршылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады.

Осыған орай тілді үйренуші оқушылар үшін тіл үйренуде өз ойын пайымдап, оны айта біліп, сөздер мен сөз тіркестерді тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолдану саласына қарай топтастыру білуі, сонымен қатар тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алуы сияқты талаптар анықталады. Әрбір деңгейді лексикалық минимумы келесі принциптерге негізделген: жүйелілік, сабақтастық, дамытушы, коммуникация, нәтижелілік.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиеті оқып үйрену арқылы оқушылар әлеуметтік өмірге бейімделіп, қоршаған орта, замана қабілетін түсінуге, қажетті білім, білік, дағдыларымен қаруланады. Әрбір ұстаздың алға қойған мақсатын-білім алушылардың ой-өрісін кеңейту, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – [Электрондық ресурс]:<http://adilet.zan.kz>.

2. Семенов И.Н. Рефлексия в организации творческого мышления и саморазвития личности. // Вопросы психологии. - 1998. №2. - С.35-42.

3. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. – Педагогика, 1990

4. Мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру бағдарламасы. «Назарбаев зияткерлік мектебі»

ЖЫРАУЛАР ПОЗИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТАҚЫРЫБЫ

КАСЫМОВА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Сілеті ЖОББМ,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, – дейді М.Әуезов, – ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұны, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады». Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған. Халқымыздың осы зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,
Суырып салма жағы артық,
Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау, Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай
Алды-артына қарамай,
Соққанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландай.

Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір құдың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жайма шуақ кезеңі» – бар-баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та «Батыр Баян» поэмасында:

Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда
Толқынды тұңғыық боп төгілді жыр,

– деп аса қадірлеген. Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жыраулармен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы [1, 85 б.].

Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Олардың поэзиясы өсиетнама түрінде келеді. Сондықтан да жыраулар поэзиясында нақыл, афористік сөз оралымдары мол.

Жыраулардың өз толғауларында көтерген негізгі тақырыбы қандай? Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» – деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «қайран менің Еділім» – деп еңіреп өткен. «Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» – деп Доспамбет жырау армандаған, «ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым... он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», – деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған. Мысалы, Тәтіқара ақын:

Бөкейді айт, Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт, – деп дәріптеген.

Жыраулар өмір жайлы, достық жайлы, адамгершілік, ерлік жайлы, тіршілік жайлы жыр шерткен.

Олар өмір диалектикасына да терең көз жіберген, дүниенің бірқалыпта тұрмайтынын («мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған» – Шалқийіз), үнемі өзгерісте болатынын дұрыс пайымдаған [2, 115 б.]. Жыраулар поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық.

Жыраулар поэзиясы өзінің әлеуметтік, адамгершілік сарынымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды. Жыраулар поэзиясында синтаксистік параллелизмге, дыбыс үндесулеріне, ішкі ұйқасқа құрылған өрнектер де аз емес. Арнау түріндегі сөз қолданыстар да баршылық. Жыраулар өз поэзиясында терең философиялық ойды бейнелеу үшін өлеңдерінің ұйқас, ырғақтарын сол мақсатқа орай алған. Оған бірнеше мысал келтірейік:

Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер.
Жатып қалған бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер (Қазтуған).

Жырау «ж» дыбысын тамаша сөйлете білген. Дауысты дыбыстарды да шебер қолдана отырып, жыраулар өлеңнің музыкалық сазын күшейткен. Шын көркемдік тәсіл арқылы олар оқушысын шығарманың ішкі иірімдеріне ендірумен қатар, эмоциялық әсерін үстей түскен. Мысалы, Жиёмбет жырау:

Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім сені есірткен,
Есіл менің кеңесім,
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін, –

деп тәж-тағына есірген Есім ханның қылығын ашу үшін «е» дыбысынан өрнек жасап сөйлеткен.

Ақтамберді жырау сұрай арнау сияқты көркемдік тәсілді ұтымды пайдаланған. Оның «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауынан:

Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күренді мінер ме екенбіз...
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке тон киер ме екенбіз?!
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екенбіз?! –

деген жолдар арқылы өлеңнің әсерлілік қуатын күшейткен, әрі «к» дыбысын қайталай қолдану нәтижесінде өлеңнің саздылығын үдеткен. Жыраулар психологиялық синтаксистік параллелизмді де шеберлікпен қолданған. Мысалы:

Уа, қарт Бөгембай!
Құяр жалын аспаннан
Қара бұлт торласа,
Пәлекет елде көбейер
Жігітті жігіт қорласа.

Ақбөкен келіп жығылар,
Алдын қазып орласа,
Пенденің бағы ашылмас,
Маңдайы қалың сорласа... – (Ақтамберді) –

деп, табиғат пен адам тағдырын жарыстыра, салыстыра бейнелей отырып, өлеңнің мән-мазмұнын терендеткен, әсерлі еткен. Мұнан жыраулар поэзиясының көркемдік сапасын айқын аңғаруға болады.

Әдебиетімізді жаңа тарихи кезеңде, ел басына қиын қатер төнген шақта, екіталай кезеңде – XVIII ғ. бірінші жартысында жаңа, соны ой-толғанысымен, көркемдік сөз өрнегімен әрі қарай дамытқан Бұқар жырау. Оның жыр-толғаулары – сол тарихи дәуірдің көркемдік көрінісі.

XVIII ғ. әдебиетінен соның ірі өкілі Бұқар жырау поэзиясы монографиялық түрде арнайы өтіледі.

Асан қайғы (XV ғасыр)

Енді XV-XVIII ғғ. елдің әлеуметтік тіршілігі, халық тағдыры, арман-мұраты жеке жыраулар поэзиясында қалай көркемдік шешімін тапқан екен, соған тоқталып көрелік. Асан – өз заманының асқан ақылгөйі. Жыраудың өзі айтқандай, онан қалған «таза мінсіз асыл сөз» аз болмаса керек, бірақ олардың бәрі біздің заманымызға жетпеген. Оның қазір қолда бар өлеңдерінен ірі сөз зергері, терең ойшыл ақын екенін танымыз. Асан атына «қайғы» деген сөз қосылуы да көп нәрсені аңғартады. [3.92б] Мұнан біз оның желмаяға мініп, еліне шұрайлы, жайлы қоныс, шүйгін жер іздеумен өмір кешкен халық қамқоры екенін танымыз. Асан ел тыныштығын армандаған.

Мал баққан көшпелі елге керегі – бейбіт тіршілік. Бірақ, ол кезде жаугершілік, басқыншылық, соғыс, құнарлы жер үшін ұрыс-қақтығыс жиі болып тұрған.

Олар ел берекесін кетіріп, күйзеліске ұшыратқан. Жырау халық басына төнген осы ауыртпалықты көре білген.

Асан қайғы «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» деген Жәнібек ханға айтқан толғауында «шабылып жатқан халқың бар, аймағын көздеп көрмейсің» – деп күйзелген халқының қамын ойлау орнына «қымыз ішіп қызарып, масаттанып, қызып, өзінен басқа хан жоқтай елеуреп, бақ-дәрежесіне, мансабына масаттанған» ханға батыл үн қатады. Жырау бұл жерде ханның мақтаншақ, парықсыз, ұшқалақ мінезін тамаша бейнелеген. Елінің қамын, ертеңін ойламаған ханға жырау «Ойыл көздің жасы еді... Ойылдан елді көшірдің, Жемде кеңес қылмадың, Жемнен де елді көшірдің... Еділ деген қиянға, еңкейіп келдің тар жерге», – деп нали тіл қатады.

Асан қайғы ел, халық тағдырына, болашағына терең көз жібереді, қабырғасы қайыса жыр төгеді, болжам жасайды. Жырау ханға:

Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір, –

деп ақыл-кеңес береді. Онан әрі ханға:

Андып жүрген көп дұшпан, Өз басына келеді.
Елге жау боп келеді. Құлың кеп сені өлтірер.
Құладан қуды өлтірсе, Осыны Асан біледі, –

деп, жырау халық көтерілсе, хан басына ауыр күн туарын ескертеді.

Ақылғай жырау «ата жұрты – бұқара» күшін жоғары бағалайды. «Еділ бол да, Жайық бол, ешкімменен ұрыспа» – деп, елді бірлік-ынтымаққа шақырады. Жырда ғибрат, өнеге аларлық парасатты ой түйіндері мол. Ол өз тұсындағыларға да, келешек ұрпаққа да биік адамгершілікті уағыздаған. Жырау:

Ашу – дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің.
Түбі терең қуысқа,

– деп шалдуарлық теріс мінездерден сақтандырады.

Сол сияқты «Ердің құны болса да, қол қусырып барған соң, аса кеш те қоя бер, бұрынғыны қуыспа», – деп, қайырымдылық, ерлік істерге жетектейді. Асан қайғының:

Арғымаққа міндім деп, Достарыңмен санаспа!
Артқы топтан адаспа! Ғылымым жұрттан асты деп,
Күнінде өзім болдым деп, Кеңессіз сөз бастама!
Кең пейілге таласпа! Жеңемін деп біреуді
Артық үшін айтысып, Өтірік сөзбен қостама! –

деген жолдарындағы өмір тәжірибесінен түйген парасатты толғам-танымы, философиялық терең ойлары бүгінгілерге де үлгі-өнеге.

«Көлде жүрген қоңыр қаз» толғауындағы ғибратнамалық ойлары да тереңділігімен, парасаттылығымен таңдандырады.

Асан жырлары тек өзінің мазмұнымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды. Жырау поэзиясы толғау түрінде келеді. Ол өз жырларында синтаксистік параллелизмді шебер қолданған.

Таза, мінсіз, асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза, мінсіз, асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады,

– деген жолдардан мұны айқын аңғаруға болады. Жырау бұл тәсілді тек көркемдік үшін ғана қолданбаған, сол арқылы терең ой түйіндеген, сөз өнерінің қадірін білдірген, сөз жалаң дүние емес, адам жанының ішкі толғанысының, жан сырының көрінісі екенін тамаша өрнектеген. Ақын поэзиясы дыбыс үндестігіне құрылған.

Ойыл деген ойынды,

Отын тапсаң тойынды...

Елбең-елбең жүгірген

Ебелек отқа семірген

Екі семіз қолға алып,

Ерлер жортып күн көрген...

– деген жолдарда жырау өз ойын айтып беру үшін көркемдік тәсілді ұтымды қолданған. Мұндай өрнекті «Қырында киік жайлаған» өлеңінен де кездестіреміз.

Қазтуған Сүйінішұлы (шамамен 15 ғасырда өмір сүрген) – жырау, жорық жыршысы, қазақ эпосын жасаушылардың бірі.

Қазтуған жыраудың артынан өмір, болмыс туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырдан құралған мол мұра қалған. Бірақ жырларының көпшілігі сақталмаған. Бізге жеткен шығармаларынан қазіргі кезде «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сенгір» деп аталатын үш толғауы ғана бар. Алайда аталған үш шығарманың өзі-ақ Қазтуғанның қазақ әдебиет тарихынан орын алуына негіз бола алды. Қиялының ұшқырлығы, кеңдігі, суреттеу тәсілдерінің байлығы мен әсемдігі орта ғасырларда қазақтың ақындық өнерінің жоғары дәрежеде әрі өзіндік сипатқа толы болғанын танытады. Ұлттық бояуы ашық, өршіл романтикаға суарылған, афористік толғаныс, көркем тіркестерге бай Қазтуған жырлары әлденеше ғасырлар бойы қазақ ақындарына үлгі, өнеге мектебі болған [4, 66 б.].

Жыраудың «Бұдырайған екі шекелі» толғауында әрі жырау, әрі батырға тән өз портретін өзі жасап, ұтымды да дәл метафоралық салыстырулар арқылы әсем көмкерген. Ал, «Алаң да алаң, алаң жұртта» халықтың туған мекен – Еділін тастап, шу бойында алғаш хандық құрып, қоныс тебуі, тәуелсіз ел болу кезеңін меңзейді. Қазтуғанның туған жер, өскен елге деген махаббаты да кіршіксіз әрі шексіз. Ол «Кіндік кесіп, кір жуған» ата қоныс – Еділдің дарқан

байлығы мен шексіз де шетсіз қуатты мекен екенін сипаттау арқылы өз сүйіспендігін жайып салады. «Жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жерді» суреттегенде, оның елге қорған, мықты тірек болғанын да ұмытпайды. «Белгілі биік биік көк сеңгір» жырынан жауынгер-жыраудың өмір жайлы тыныс-түсінігі айқын аңғарылады. Бұл аталған жырлар қазақ әдебиетінде өзінің мазмұны мен көркемдік сипаттары жағынан ғана емес, сыртқы түзілім-құрылыс тұрғысынан да ерекше дараланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бес ғасыр жырлайды. (екі томдық). А., 1989. -328б.
2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 2013., -226б.
3. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. А., 2006.,- 322б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967 Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 2007.- 267б.

ЕРТЕГІЛЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

ҚАБЫКЕН А. А.

магистрант, Ә. Марғұлан атындағы

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

АХТАЕВА Н. Х.

PhD, доцент, Ә. Марғұлан атындағы

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Прагматика – грек тілінде *pragmatos*, яғни іс-әрекет деген мағынаны білдіреді. Прагматика терминін Чарльз Уильям Моррис XX ғасырдың I жартысында семиотика бөлімдерінің бірі – белгілер туралы ғылымның атауы ретінде енгізді. А. Д. Әлкебаева өз зерттеуінде прагматиканың зерттеу нысаны туралы түсінік береді. Ол: «Прагматика тілдік таңбалардың әр түрлі деңгейлерін ғана қарастырмайды, сөйлеу қарым-қатынасының барлық параметрін зерттеуді нысан етеді» [1, 30 б.], – деген.

Прагматика туралы әр ғалым өз зерттеу формасына сәйкес сөз қозғады. Мысалы, А. Салқынбай, мен Е. Абақан прагматиканы тілдегі белгілер қызметін зерттейтін сала деп ұсынса [2], Ф. Жақсыбаева прагматика - тіл арқылы берілген ойды, тілдік тандаудың мәнін, бағасын түсінуін қарастыратын сала деп көрсетеді

[3]. Зерттеу барысында американдық философ Р. Столнейкер [4] мен отандық ғалым Қ. Кенжеқанова [5] пікірлері сәйкес келетінін, екі зерттеушінің де прагматика ұғымына «сөйлеу актілерін зерттейтін сала» деп анықтама бергенін байқаймыз. Жоғарыда айтылған ғалымдардың пікіріне сүйене отыра, біз прагматикаға осындай анықтама береміз: «Прагматика – сөйлеушілер арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу құралы ретінде тілді зерттейтін лингвистиканың бір саласы».

Аудармадағы прагматика аударма процесінің маңызды аспектісі болып табылады. Ол коммуникацияның контексті мен мақсаттарын, мәдени және әлеуметтік аспектілерді, функционалдық стильдер мен мәтін жанрларын ескеруге және түпнұсқа мәтіннің мағынасы мен идеясын дұрыс жеткізу үшін негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Ә. С. Тарақов аудармадағы прагматикалық аспектке мынадай анықтама береді: «Аударма рецепторына қалауынша ықпал етуге ұмтылыс прагматикалық аспект немесе аударма прагматикасы деп аталады» [6, 81 б.].

Л. С. Бархударовтың пікірінше, аударманың прагматикалық аспектісі сөздердің прагматикалық мағынасын беру ғана емес. Зерттеуші жалқы есімдер, географиялық атаулар, алуан түрлі мәдени-тұрмыстық реалийлер, лакуналарды қамтитын эквивалентсіз лексиканы аударуда прагматикалық аспектіні ескеру маңызды екендігін атап өтеді. Л. Бархударов прагматикалық мағыналардың келесі түрлерін ажыратады:

1. сөздің стилистикалық сипаттамасы;
2. сөз регистрі;
3. сөздің эмоционалды бояуы [7, 108–110 б.].

Прагматиканы аударманың маңызды аспектілерінің бірі ретінде неміс лингвисті А. Нойберт қарастырды. Ғалым аударма кезіндегі прагматикалық қатынастың төрт типін көрсетеді:

бірінші түрі – бастапқы және аударма тілдерді алушылардың бірдей қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келетін мәтіндер (жарнама, ғылыми-техникалық әдебиеттер және т.б.);

екінші түрі – бастапқы тілді алушылардың (рецепиенттің) ғана мүддесін көрсететін, яғни бастапқы тілде сөйлейтіндердің тілден тыс білімін ескеретін мәтіндер (жергілікті баспасөз, заңдар, қоғамдық-саяси, экономикалық әдебиеттер және т.б.);

үшінші түрі - бір жағынан ұлттық ерекшелікті бейнелейтін, бірақ екінші жағынан жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтарға сүйенетін көркем әдебиет;

төртінші түрі – мақсатты түрде тілді алушыларды (рецепиенттерді) ескере отырып, аударма жасау үшін арнайы жасалған мәтін (шет елдерге арналған әдебиет) [7, 106 б.]. Бұл классификация бойынша ертегілерді мәтіннің үшінші түріне жатқызуға болады, өйткені фольклор әдебиетпен қатар сөз өнері деп аталады және шығарманың қай мемлекетте шығуына байланысты елдің ұлттық ерекшелігін көрсетеді.

Уикипедия ашық энциклопедиясында ертегі – фольклорлық көркем проза [8], «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» [9] мен М. Әуезовтің анықтамасында ертегі – «қара сөзбен берілетін эпикалық шығарма» [10], - деп беріледі. Сонымен қатар, М. Әуезов «Ертегі - ескі мәдениет мұрасы, халық шығармасы» деп ертегіге жоғары баға береді. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» ертегіге тән ерекшелік өткенді қиялмен байланыстырып болжау деп көрсетеді [11]. Ал, «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» ертегі – фольклорлық көркем проза [12], «Қазақ әдебиетінің тарихында» ертегі – фольклорлық сөз өнері [13], «Қазақ әдебиеті тарихы. Фольклор» еңбегегінде халықтың ауызша айтатын әңгімесі [14] деп беріледі.

Зерттеу барысында «Питер пән» [15] ертегісін қарастыруды жөн көрдік. «Питер пән» шотландтық жазушы Джеймс Барридің 1911 жылы жазылған ертегісі. Ертегіні қазақ тіліне аударған Гүлнұр Исмағұлова. Дж. М. Барридің ертегі желісі ойдан шығарылған Neverland (ағыл. never – «ешқашан», land «жер, ел») елінде өтеді. Түпнұсқада осы атауды аудармашы қазақ тіліне «Жұмбақжер» деп тәржімалаған.

Түпнұсқа: The way Mr. Darling won her was this: the **many gentlemen who had been boys** when she was a girl discovered simultaneously that they loved her, and they all ran to her house to propose to her except Mr. Darling, who took a cab and nipped in first, and so he got her [15].

Аударма: Әкесі, Дарлинг мырза, анасына былай үйленіпті: бір күні **он шақты жас жігіт** бір сәтте осы қызға ғашық екенін сезіп, бәрі бірден оған көңіл білдіруге тұра жүгіреді. Ал әкесі арбакеш жалдап, бәрінен озып, бірінші жетіпті [16, 8 б.].

Біріншіден, аудармашы құрмалас сөйлемді екіге бөліп аударған. Келесі назар аударарлық жайт «*many gentlemen who had been boys*» (сөзбе-сөз бозбала болған көптеген джентельмен) аудармашы *он шақты жас жігіт* деп жігіттердің санын он деп болжап жазған. Бірақ түпнұсқада нақты қанша жігіт екендігі көрсетілмей «many» яғни «көптеген» сөзі қолданылып тұр.

Түпнұсқа: She explained in quite a matter-of-fact way that she thought Peter sometimes came to the nursery in the night and sat on the foot of her bed and played on his **pipes** to her [15].

Аударма:... оның айтуынша, Питер кейде түн ішінде балалар бөлмесіне келіп, мұның төсегінің шетіне отырып, **сыбызғысын** тартады екен [16, 14 б.].

Бұл мысалда аудармашы аудармашылық қабілетін ұтымды пайдаланды. Ағылшын тілінен *pipe* сөзін аударғанда *түтік* мағынасын білдіреді. Аудармашы ол сөздің орнына қазақ халқына жақын сыбызғы сөзімен алмастырды. Сыбызғы – қазақтың кең таралған үрмелі аспаптардың ең көне түрі. Түтік пен сыбызғы сыртқы формасы мен құрылысы жағынан ұқсас болып келеді.

Түпнұсқа:... but there is also first day at school, religion, fathers, the round pond, needle-work, murders, hangings, verbs that take the dative, **chocolate pudding day**, getting into braces, say ninety-nine, three-pence for pulling out your tooth yourself... [15].

Аударма: Онда бұлармен қоса мектептегі бірінші оқу күні де, тоған да, кісі өлтірушілер де, кесте тігу де, тіпті барыс септігін қажет ететін етістіктер де, **жексенбі сайын жейтін тәтті** де, егер сүт тісті өзің жұлып алсаң берілетін үш пенс те тағы басқалары да өріп жүр [16, 3 б.].

Түпнұсқада ерекше күн туралы айтылатын «chocolate pudding day» атрибутивтік сөз тіркесі қолданылған. Пудинг - ағылшындардың дәстүрлі тәттісі. Ағылшын тілінде шоколадты пудинг күні деп берілсе, қазақ тіліне аударған аудармашы тіркестің мағыналық орталығын сақтай отыра «жексенбі сайын жейтін тәтті» деп нақты қай күн екенін көрсетіп отыр.

Түпнұсқа: «But who is he, *my pet?*» [15]

Аударма: Ол кім өзі, **қызым?** [16, 14 б.]

«Pet» сөзінің бірнеше мағынасы бар. Біріншісі, үй жануары деген мағынаны білдірсе, екіншісі еркелету мәнді сөз ретінде жұмсалады. Қазақ тіліндегі аудармада еркелету мәнді «my pet» сөзі ана мен қызы арасындағы диалог болғандықтан контекстке сәйкес «қызым» сөзімен алмастырылған.

Түпнұсқа. It was not really a happy question to ask him; it was like an examination paper that asks grammar, when what you want to be asked is **Kings of England** [15].

Аударма. Питердің түрі емтиханда өзі қалаған **Трафальгар шайқасы** туралы сұрақтың орнына, бұрыс етістіктер туралы билет түскендей бозарып сала берді [16, 41 б.].

Тәржімалаушы «Трафальгар шайқасы» деген лексикалық компонент арқылы дәл осы контексте оқырманға Ұлыбритания тарихындағы маңызды оқиғаға сілтеме жасағандай. Осылай жасау арқылы аудармашы түпнұсқадағыдай елдің атын атамай тек бір оқиғаны атап, оқырманға ой салып отыр.

Жоғарыда атап өткеніміздей, аударманың прагматикалық аспектісін қарастыру барысында жалқы есімдер маңызды рөл атқарады. Ертегідегі кейіпкерлердің есімдеріне назар аударсақ:

Кесте 1 – Түпнұсқа және аударма нұсқасында кездесетін кейіпкерлер

Түпнұсқа	Аударма
Tinker Bell	Оңдаш, Сынғыр
Nibs	Сүйір
Slightly	Балақай
Curly	Бұйрабас
Tootles	Мылжың
Tiger Lili	Жолбарыс Лала
Captain Hook	Капитан Джеймс, Джек Крюк
Mr. Smee	Сми
Gentleman Starkey	Джентльмен Старки
Secco	Чекко
Bill Jukes	Билл Джукс
Cookson	Коксон
Robert Mullins	Мулинз
Noodler	-
Alf Mason	Элф Мейсон
Great Big Little Panther	Көсем Ұлы кіші Қабылан

Кейіпкерлердің есімін аударуда аударма авторы түпнұсқадан өзгеше нұсқаны ойлап табуға тырысқынын байқаймыз. Аудармашының таңдауын түсіну үшін түпнұсқадағы есімдердің аудармасына назар аудару қажет. Мысалы, Tinker Bell есімді перизаттың атын Оңдаш, Сынғыр деп аударады, ол ағылшынның Tinker (қаз. оңдау, жөндеу), Bell (қоңырау) сөздерінен тұрады. Аударылған есім оқырманға кейіпкердің мінезін толығымен жеткізеді, оны ертегіден де байқауға болады:

Оның есімі Оңдаш еді, өйткені ол майысқан, тесілген тегештер мен шәйпектерді оңдай білетін. Ол бір үйден екінші үйге ұшып жүріп әуезді үнімен «оңдау, жапсыру, тегеш жөндеу»

деп сыңғырлайтын. Қоңыраудың нәзік сылдырына ұқсас үні үшін достары оны Сыңғыр деп атап кеткен [16, 36 б.].

Tootles есімді кейіпкердің атын аудармашы Мылжың деп аударған. Бұл сөздің ағылшын тілінен аударғанда мылжың, бос сөз, сөзқұмар деген мағынаны білдіреді. Аудармашы кейіпкердің Tootles есімін Мылжың деп аударғанын байқаймыз. Бірақ ертегіде ол батыл, мейірімді, ақкөңіл, тез алданып қалатын, шытырман оқиғалардан қалыс қалатын кейіпкер ретінде көрсетіледі.

Келесі кейіпкердің есімі Nibs, ағылшын тілінен аударғанда бірнеше мағынасы бар: қауырсын, бір нәрсенің сүйір ұшы не жүзі. Аудармашы кейіпкерді Сүйір деп атауының себебі осы деп ойлаймыз.

Транслитераци тәсілі арқылы келесі кейіпкерлер есімі аударылған: Smee – Сми, Gentleman Starkey – Джентльмен Старки, Secco – Чекко, Bill Jukes – Билл Джукс, Cookson – Коксон, Mulins – Мулинз, Alf Mason – Элф Мейсон.

Аударманың прагматикалық аспектісін жеткізудегі қиындықтардың бірі тарихи, әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық реалийлерді аудару болып табылады. Джеймс Барридің «Peter pan» ертегісінде кездесетін реалийлерді қарастырайық.

Түпнұсқа. John lived in a boat turned upside down on the sands, Michael in a *wigwam*, Wendy in a house of leaves deftly sewn together [15].

Аударма. Джон өзінің сондай елінде аударылған қайықта, Майкл *вигвамда*, ал Венди үлкен жапырақтардан тығыз тоқылған лашықта өмір сүрді, айтпақшы, оның бөлтірік кезінен жетім қалып, қолға үйретілген қасқыры болды [16, 13 б.].

Жалпы вигвам Солтүстік Американың ежелгі халқы үндістердің тұрғын үйі. С. Влахов пен С. Флорин «Непереводимое в переводе» [17] атты еңбегіндегі классификацияға назар аударсақ, вигвам сөзін этнографиялық реалийге жататын тұрмыстық түріне жатқызған.

Түпнұсқа. I have one **pound** seventeen here, and two and six at the office; I can cut off my coffee at the office, say ten **shillings**, making two nine and six, with your eighteen and three makes three nine seven, with five naught naught in my **cheque-book** makes eight nine seven—who is that moving? [15]

Аударма. Менің қалтамда бір **фунт**, он жеті пенс, ал кенседе екі фунт, алпыс **пенс** бар. Түс әлетінде кофе ішуді доғарамын, сенің он сегізін, сосын көршіге қарызға берген фунтың бар, жетеуін шегереміз [16, 9 б.].

Түпнұсқа мәтінде Ұлыбритания елінде қолданылатын ақша бірліктері де жиі кездетінін байқауға болады. Аудармашының осы ақша бірліктерін ұлттық колорит ерекшелігі ретінде сақтағанын көреміз.

Жалпы, «Питер Пэн» ертегісінің аудармасы белгілі бір дағдылар мен көзқарасты, түпнұсқаны түсінуді, оның ерекшеліктерін басқа тілге жеткізе білуді және ертегінің жалпы атмосферасы мен стилін сақтауды қажет ететін шығармашылық процесс. Ертегі ағылшын тілінде жазылған және оның қазақ тіліне сәйкес берілуі керек көптеген ерекшеліктерді қамтиды.

Қорыта келе, ертегілерді аудару кезінде тілдің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар мәдени айырмашылықтар мен ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін де ескеру қажет. Ертегілерді аударудың прагматикалық аспектісі аудармашы мәтіннің семантикалық жүктемесін сақтап қана қоймай, оқырманға ертегінің атмосферасын, оның адамгершілік және моральдық мазмұнын жеткізуін қамтиды. Аудармада фразеологиялық бірліктерді, көркемдегіш құралдарды және мәдени сілтемелерді қолдану кезінде тек осы тілде сөйлейтіндерге түсінікті болатынын да назардан тыс қалдырмау қажет. Жалпы, ертегілерді аударудың прагматикалық аспектісіне ертегі шығармашының тұтастығы мен өзіндік ерекшелігін сақтау, оны мақсатты аудиторияға бейімдеуі жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастистикасы. - Алматы: ЗиятПресс, 2007. - 244 б.
- 2 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. - 304 б.
- 3 Жақсыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы: 2000. - 153 б.
- 4 Столнейкер Р. Прагматика // Новое в зарубежной лингвистике. - М.: Прогресс, 1985. - Вып.16, - С. 500
- 5 Кенжеханова К. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша). дис.... – Алматы, 2015. – 186 б.
- 6 Тарақов Ә. Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 153 б.

7 Бархударов Л. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). М., «Междунар. отношения», 1975. - 240 б.

8 Уикипедия Ашық энциклопедия Электронды әдебиет: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Ертегі>

9 Әбілқасымов Б., Бизақов С., Жүнісбеков Ә. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. - Алматы, 2011. - 752 б.

10 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», 2014. 42-том: Мақалалар, зерттеулер, лекциялар, пьеса. 1935– 1961. – 296 б.

11 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.

12 «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. Т.3. 256 б.

13 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Алматы: ҚазАқпарат, 2008. Т. 1. - 812 б.

14 Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. I том. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасы, 1948. - 438 б.

15 James M. Barrie. Peter Pan. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.gutenberg.org/files/16/16-h/16-h.htm>

16 Барри Дж. Питер Пэн. Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. – 208 б.

17 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. - Изд.4-е. М.: «Р.Валент», 2009. - 360 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТӨРТ ТҮЛІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАБАТЫ

ҚҰРМАНӘЛІ М. М.

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ. ШОҚАБАЕВА С. С.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент м.а., Қазақ тіл білімі кафедрасы,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Кез келген халықтың тарихы мен салт-санасы, ұлттық дәстүрі, дүниетанымы, рухы мен сенімі оның тілінде танбаланады. Ертеде пайда болып, бүгінгі күнге дейін сақталған, этностың өркендеп, дамуымен байланысты қалыптасқан лексикалық қор қай кезеңде де халықтың қажетіне жарайтыны анық.

Этнолексика дегеніміз – ұлттың қалыптасу және даму тарихынан, қоғамдық-мәдени, тұрмыстық өмірінен сыр шертетін,

халықтың тарихымен, тыныс-тіршілігімен, өткенімен тығыз байланысып жатқан рухани мұра. Этнолексика тілде этнос жайында жазылған көркем шығармалар мен ғылыми еңбектерінде, ұлттың ауызекі сөйлеу тілінде айқын көрініс табады. Этнолексиканың көп бөлігін халықтың тұрмыстық лексикасы құрайды. Сондықтан, этнолексика – ұлттың болмысын, дүниетанымын, ұлттық ерекшеліктерін тануға мүмкіндік беретін ғылым саласы.

Лексология проблемалары мен оның мақсат-міндеттерін толық жүзеге асырмай, тілдің сөздік қорын танып-білу мүмкін емес. Лексологияның басқа ғылым салаларымен өзара байланысын анықтап, этнос пен тіл арасындағы сабақтастықты лингвистикалық деректерге, материалдарға сүйене отырып зерттеу керек. Ғалым Ә. Қайдар: «... әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы, сайып келгенде, сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың тілімен тікелей байланысты, сол халықтың халық болып қалыптаса бастаған ұзақ дәуірінің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын асыл да абзал мұрасы, сол халықтың рухани, мәдени өмірінің айнасы болып саналады. Әрбір тілдің сөз байлығын тарихи тұрғыдан зерттеу дегеніміз – оны сол тілдің өз топырағында, өзіндік даму үрдісін, сыр-сипатын ескере отырып қарастыру, жалпылама емес, нақтылы объектімен байланыстыру» [1, 7-б.], – деген болатын. Тіл білімі ғылымының қай саласын алып қарасақ та, қарапайым халық өмірінің сол тілде айқын бейнеленетініне нақты көз жеткізуге болады.

Қазақ халқы орта ғасырларда бір орында тұрақтамай, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп, көп қоныс аударған. Бірнеше ғасырларға созылған осы көшпелі кезең халықтың этнолексикалық қабатын қалыптастыруға үлкен ықпал етті. Әрбір ортаның табиғатын танып, өзі өмір сүрген жерге, сол жердің табиғатына, тұрмыс салтына қарап, сөздік қорын үнемі жаңа сөздермен толықтырып отырған.

Көшпелі өмір салтында қазақтар төрт түлікті ерекше қастерлеп, ардақтағаны тарихтан мәлім. Төрт түліктің етін тағам, сүтін сусын ретінде азық етіп, жүнінен киім тоқып киген. Ал малдың үстіне жүк артып, тіпті шалғай жолғай, ұзақ мекенге көлік ретінде пайдаланған. Төрт түлік асырау арқылы барлық қажеттіліктерін өтеп, тұрмыстық өмірдің негізіне айналған малға қатысты атаулар халықтың тіліне сіңіп, ұлттық лексиканың үлкен бөлігін қамтыды.

Төрт түлік – сан ғасырдан бері дамыған бүгінгі заманға дейін қазақ халқының қажетіне жарап келе жатқан, жануарлардың ең

қадірлісі. Төрт түлікке жылқы, түйе, сиыр, қой жатады. Халқымыз түйені – төрт түліктің төресі, жылқыны – адамның серігі, сиырды – берекелі жануар, қойды – малдың момыны деп, әрқайсысын ерекше ардақтап отырған. Олардан алынатын өнімдер мен түліктің қызметіне, қасиеті мен мінезіне, жас ерекшелігі мен түріне қарай түрлі атаулар берген. Төрт түлікке қатысты аталымдар тілімізде қарапайым сөздер мен сөз тіркестерінде, тұрақты тіркестерде, накыл сөздер мен ырым-тыйымдарда, мақал-мәтелдер, өлеңдер мен әдеби-көркем шығармаларда көп көрініс тапқан.

Түркі жұртында малға қатысты сенімдер мен рәсімдер, мифтік салттар жиі ұшырасады. Мәселен, көшпелі қазақ халқы төрт түлікті күнкөрістің тірегі санап, олардың әрқайсысының пірі бар деп сенген. Жылқы пірі – Қамбар ата, түйе пірі – Ойсылқара, сиыр пірі – Зеңгі баба, қойдың пірі – Шопан ата. Бұл сенімнің астарында мифтік таным жатқаны байқалады.

Ежелгі қазақ халқы пір сөзін төрт түлік малға қатысты жиі қолданған. Ертедегі сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының өмір сүрген дәуірінен бастап, бұл сөз жан-жануарға қатысты қолданыла бастады. Халық арасында тараған аңыздарға сүйенетін болсақ, Қамбар ата да, Ойсылқара да, Зеңгі баба да, Шопан ата да – өткен ғасырларда өмір сүрген реалды тұлғалар. Бұлар – халықтың ойлау көкжиегінен туындаған атаулар болса да, халықтың ойынан шығарып, жоқтан жасаған кейіпкерлері емес. Төртеуі де ел арасында ерекше көзге түсіп, төрт түлік малға қатысты мифтік оқиғаларды бастан кешкен деседі. Осылайша, халыққа әрбір түліктің пірі ретінде танылып, ауыздан-ауызға бүгінгі күнге дейін аңыз болып жеткен.

«Пір» сөзі – этнолексема: көргені көп көреген адам, аузы дуалы ақсақал, әулие адам мағыналарында жұмсалады. Пір атауы – бізге парсы тілінен енген кірме сөз, парсыша «қария, ақсақал» дегенді білдіреді екен. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл сөзге қатысты «1. Діни қауымдастықтың басшысы, жетекшісі. 2. миф. Адамдарды желеп-жебеуші, әулие» деген анықтама берілген [2, 422-б.].

Қазіргі таңда пір сөзі діни лексиканың құрамына кіреді. Дегенмен, оның аталмыш сөздіктегі екіншісі мағынасы халыққа кең танылған. Қазақ тіліндегі «*Кәміл пірі жар болды*», «*Пірге қол берді*», «*Пірдің сөзін тұтынды*», «*Пір тұтты*», «*Піріне сиынды*», «*Пірін шақырды*» деген тілдік қолданыстар – соның айқын дәлелі. Сөзімізді қуаттау үшін төрт түлік малға қатысы жоқ, қалың елге пір саналып кеткен киелі әулие ата – Маңғыстау жеріндегі Бекет атаны айтсақ болады. Жаһандану заманында технология өркендеп,

медицина қарыштап дамыса да, адамдар әлі күнге дейін шалдыққан дертіне, жазылмас ауруына ем іздеп, қиналған сәтте жол көрсетер әулие деп, Бекет атаның басына сиынуға, тіпті түнеуге де келеді. Бекет атаның күдіреті көғарай шалғын қазақ жеріне ғана емес, көршілес шетелдерге де өте таныс. Мұнай киелі, күдіретті жерлер қазақ даласында жетерлік. Халықтың осы іс-әрекетінен белгілі бір көрінбейтін алып күштің бар екеніне деген наным-сенімнің әлі күнге дейін ежелгі заманнан халықтың өзімен астасып өмір сүріп келе жатқанын аңғаруға болады. Демек, қазақ ұлтының қалыптасу дәуірінен бері бүгінгі заманға дейін қолданылып келе жатқан «пір» сөзі халықтың дүниеге деген көзқарасын көрсетіп, сенімін, рухани мәдениетін танытып тұр.

Қазақ тілі түркі тілдерінің құрамына кіретін басқа тілдермен тым жақын, ұқсас болып келеді. Көптеген тұрмыстық атаулардың жазылуы мен дыбысталуында ортақ ұқсастықтар жиі кездеседі. Әсіресе, көшпелі өмір салтында қалыптасқан сөздердің көпшілігі түркі халықтарының барлығында дерлік әлі күнге дейін сақталған. Дегенмен, ұлт басқа, халық бөлек болғандықтан, тілдің де өзіндік айшықтары мен өрнектері болатыны сөзсіз. Кейбір дыбыстардың орны басқа дыбыстармен алмастырылады, бірақ сөздің мағынасы мен түпкі негізі сақталады. Мәселен, жылқы атауы да қырғыз тілінде «жылқы» ретінде қолданылса, түйені олар «төө», ешкіні «ечки» деп атайды. «Ш» дыбысының «ч», «і» дыбысының «и» болып дыбысталуы – бұрыннан қалыптасқан тілдің заңды құбылысы.

Төрт түлікке қатысты атаулар түркі тілдеріне ортақ болып келеді. Қазақ тіліндегі фонетикалық, морфологиялық жағынан өзгеріске ұшыраған сөздердің көбі көршілес тілдерде де кездеседі. Жылдар өте қоғамдық-мәдени, әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты және әр ұлттың ана тілінің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес өзгеріске ұшырап, түрленіп отырған. Сондай атаулардың бірі – «қой» сөзі. Бұл сөз қазақ, ұйғыр, қырғыз тілдеріне ортақ болып келеді. Хакас және тува тілдерінде «хой» деп аталса, түркімен халқы «гоюн» дейді.

Төрт түлік атауларының этнолексикалық қабатын күкрайтын атауларды мынандай тақырыптық топтарға бөліп қарастыруға болады:

- 1) төрт түліктің жас ерекшеліктеріне қатысты;
- 2) төрт түліктің түр-түсіне қатысты атаулар;
- 3) атаулар төрт түліктің жүн мен тері атаулары;
- 4) төрт түліктен алынатын өнімдерге қатысты атаулар;

5) төрт түлік ауруларына байланысты атаулар.

Қазақ халқы әрбір түліктің туғаннан бастап, өлгенге дейін өмір сүру кезеңіне қатысты атаулар беріп отырған. Ұрғашысы мен еркегін бөліп қарастырып, өзіндік аттарымен атаған. Жас ерекшеліктеріне байланысты жылқы малына қатысты *құлын, жабағы, тай, құнан, дөнен, сәуірік, бесті*; түйе малына қатысты *бота, тайлық, парша, құнажын, екі бесті, төрт тісті*; сиыр малына қатысты *бұзау, баспақ, құнажын, тайынша, қашар, дөнежін, бұқа, өгіз*; қой малына қатысты *тоқты, ісек, тұсақ* деген атаулар бар.

Сиыр малының жаңа туған ең жас төлін *бұзау*, алты айға дейін *баспақ*, бір жаста *тайынша* дейді. Ал жылқының бір жастағы төлін *тай* деп атайды. Қазақтың бала бір жасқа толғанда, «тәй-тәй, балам» деп, тұсауын кесетін *тұсаукесер дәстүрі* бар. Халқымыздың төрт түлік төлдерінің атауларымен өз баласын еркелетіп, тіпті есім қойып отыратынын ескеретін болсақ, сиырдың бір жасқа толған төлін *тайынша*, жылқынікін *тай* деп атауында логикалық тұрғыдан ортақ ұқсастық бар сияқты. Ең алдымен, жекеленген сөздердің, содан кейін сол атауларға және халықтың сеніміне қатысты түрлі дәстүрлер пайда болғаны рас. Сөзімізге атап өтілген төрт түлік төлдерінің атаулары дәйек бола алады. Тілімізде малдың жас ерекшеліктеріне қатысты мұндай өзара байланыс пен ерекшеліктер көп.

Төрт түліктің түрлеріне қатысты айтылатын сөздер мен сөз тіркестері де жеткілікті. Тек жылқы малының өзін бірнеше топтарға жіктейді, олар: жылқының тұқымына қарай бөлу, шабыс аттар, салтанатқа мінетін аттар, мініс аттар. *Арғымақ, қазанат, пырақ, дүлдүл*, т.б. – жылқының тұқымына байланысты қалыптасқан атаулар. Шабыс аттарға *жүйрік атты, сәйгүлікті, бәйге ат пен тұлпарды*, ал той-жиынға, салтанатқа мінетін атқа жорғаны жатқызады. Мініс аттары: *қосақ ат, жетек ат, көсем ат*, т.б.

Қазақ тілінде жылқы малына қатысты пайда болған атаулар өте көп және әдеби шығармаларда да, ауызекі сөйлеу тілінде де, күнделікті тұрмыс-тіршілікте де жиі қолданылады. Мәселен, *тұл ат* немесе *қаралы ат* деген ұғымдарды алып қарастыралық. Тұл сөзі тілімізде «жетім» дегенді білдері. Ата-анасының бірі қайтыс болса, «жетім» дейді де, ал екеуі де қайтыс болса, «тұл жетім» деп айтады. Жылқыны да *тұл* деп атауының астарында осы дәстүр жатыр. Аттың иесі дүниеден озғанда, *ат тұлдау* рәсімі өткізіледі. Бұл – сақ, ғұн тайпаларының дәуірінен қалыптасқан, бүгінге дейін сақталып келе жатқан аза тұту рәсімі. Иесінің заттары мен киім-кешектерін аттың үстіне қойып, жоқтау барысында аттың жалын күзейді. Иесі қайтқан

атты оның жылдық садақасына сояды. Ол кезге дейін атқа ешкім мінбейтін болған. Мұндай ат тұлдау рәсімі тек қазақ халқында емес, көршілес түркі халықтарында да кездеседі. *Тұл ат* немесе *қаралы ат* деп кездесетін лексикалық атау арқылы қазақтың ежелден қалыптасқан салтын, рәсімін тануға болады.

Тіліміздегі төрт түлікке қатысты лексиканың көп бөлігін олардың жүні мен терісіне қатысты атаулар құрайды. Төрт түліктің тері мен жүн атаулары олардың жас мөлшеріне ғана қатысты емес, сонымен қатар малдың тегіне, маусымдық түрлеріне, сыны мен сипатына, дене мүшелеріне, терісінің сапасына, бітім-болмысына қарай топтастырылады. Осы тақырыпта жазылған ғылыми еңбектер жетерлік. Ж.А. Коканованың «Қазақ тіліндегі төрт түліктің жүн мен тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны» деп аталатын диссертациясында төрт түлікке қатысты қалыптасқан фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің, салт-дәстүрлердің этнолингвистикалық сипаты қарастырылған. Малдың терісіне байланысты атаулардың көбі оның жас ерекшеліктерін айқындайды. Мәселен, *атаи терісі*, *бота терісі*, т.б. Атан – жұмысқа көп жегілген, алты жастан асқан еркек түйе. Бота – түйенің туғанына көп болмаған, бір жасқа толмаған төлі.

Түйенің жүніне қатысты көп айтылатын сөз – *шуда*. Шуда дегеніміз – түйенің мойнына, өркешіне, тіпті тізесіне дейін өсіп шығатын жүн. Шуда сөзінің бастапқы көне мағынасы «жабысқақ» (көне түркі тілінде – «йуғ», «жуғ») дегенді білдіреді екен. Оған қатысты мифтік наным-сенім негізінде ел ішінде түрлі рәсімдер мен салт қалыптасқан. Соның бірі – кішкентай балаларға түйенің шудасын тағып қою. Бұл туралы Ж. А. Коканова былай дейді: «Түйе атауларына байланысты лексикада «киелі» семантикасы бар. Халық арасында мифтік-салттық ырымдар мен наным-сенімдер қалыптасқан. Түйе өте мықты, шөлге төзімді, көші-қонға ыңғайлы. Әсіресе, бура – өте айбарлы, түсі суық әрі күшті жануар. Сондықтан да халық бура бәле-жаладан қорғайды деген түсінікпен бірге, оның кекілін шудасын өріп, жас балаларға тағып қою дәстүрі болған» [3, 19-б.].

Қазақтың салт-дәстүрінде кездесетін айдар қою, үкі тағу рәсімдері де осы шашпен, жүнмен байланысты. Атап өтілгендей, жас балаға шуданы тіл-көзден, жамандықтан аулақ болсын деп, жақсы ниетте тағатын болса, айдар шашты (кейде желке шаш деп те атайды) қоюдың да астарында осы сенім жатыр. Үкі тағу рәсімінің де сыры осында: үкі түнде ұшатын болғандықтан, үкі тағу салты жын-перілерден қорғайды деген ескі наным мен ертедегі түсініктен туған. Мұндай салттар мен әдеп-ғұрыптардың, рәсімдердің этнолингвистикалық, этнографиялық

сипатын анықтау және зерттеу этностың сан ғасырлық тарихына үнілуге жол ашады.

Төрт түліктің қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетіне әсер етпеген тұсы аз. Қазақтың тағам мәдениетін қалыптастыруда ерекше рөл атқарған төрт түлік өнімдері бүгінге дейін қымбат бағаланып, ерекше қадірленеді. Ұлттық тағамдардың ішінде сүт тағамдары мен ет тағамдарына төрт түліктен алынатын өнімдер құрайды. Ұлттық сүт тағамдарына *сүт*, *айран*, *қаймақ*, *қымыз*, *шұбат*, *құрт*, *ірімшік*, т.б. кіреді. Ұлттық ет тағамдарына *бұқтырма*, *қуырдақ*, *жоржем*, *жаубұйрек*, т.б. жатады. Ет тағамдарын қонаққа ұсынудың да өзіндік әдебі бар. Қазақтың табақ тарту дәстүрінде негізгі дәм ретінде бас табаққа *малдың басы*, сый табаққа *малдың жамбасы*, орта табаққа *асықты әжілік*, күйеу табаққа *тос* салынады. Мұндай салт-дәстүрлердің, қонаққа сый көрсету рәсімдерінің көбі төрт түліктен алынатын ет, сүт тағамдарымен тікелей байланысты. Төрт түлік малға қатысты лексикалық қорды зерттей отырып, қазақ халқының тағам мәдениетіндегі ұстанымдары мен сенімін ұлттық деңгейде тануға болады.

Көшпелі қазақ жұрты үшін өмір сүруінің негізі болған, әлеуметтік жағдайының жақсы болуына тікелей әсер еткен төрт түлік малының сау жайылып, елдің қажетіне жарауы басты қуаныш болды. Қысты аязды күндері қақаған суықта малдың үсіп қалмауы үшін барлық жағдайды жасаған қазақ халқы малды барынша күтіп баптаған. Жылы қора тұрғызып, жайылым үшін құнарлы, шөпті, жасылды өлкені таңдаған. Мұның бәрі – малды кенеттен келген аурудан, індеттен сақтаудың, қорғаудың, мал шығынын азайтудың және болдырмаудың амал-әрекеті. Төрт түлік мал тірі тіршілік иесі болғандықтан, адам ауырған секілді, олар да індетке шалдығуы әбден мүмкін. Қазақтың жағдай сұрасқанда «Мал-жан аман ба?», «Қыстан аман шығайық» дейтіні де – осыдан.

Мал ауруына, індетіне қатысты тілімізде көптеген сөздер пайда болды. Олар: *жауыр*, *тышқаншық*, *жамандат*, *делбе*, *сақау*, *күл*, *сыргасы таю*, *буын таю*, *кесе басу*, *тұяқ аурулары*, т.б. Бұл, әрине, төрт түлікке қатысты лексикалық қорды байыта түскені рас. Ертеде медицина дамымаған кезде, аурулардың пайда болу себептерін халықтың дәстүрмен анықтап, халықтық еммен емдеген. Ел арасындағы мал ауруымен байланысты пайда болған *қызыл көтеру* дәстүрін алып қаралық. Бай-қуатты адамдардың малы өлсе, көпке білінбейді де, ал жағдайы нашар, тұрмысы төмен жалшының малы өлсе, бұл қасірет бір апта, бір ай аш отырумен теңескен. Осындайда ауыл адамдары жиылып, өлген малдан қан шығарып, сойып, он екі

жілігін ұсақ малға балап, бөліп әкетеді екен. Осылайша, өлген малдың артынан бір жақсылықтың боларына сенім білдірген.

Төрт түлік – қазақ халқының асы да, көлігі де, киімі де, досы да, сырласы да бола білген халықтың ардақты жануарлары. Ежелден-ақ төрт түлік малдың бағасын білген халқымыз олардың жас өлшеміне, түр-түсіне, сипатына, мінезіне, сырт бітіміне, өнімдеріне, жүні мен түгіне, т.б. қатысты түрлі атаулар беріп отырған. Төрт түліктің ішінде түйе мен жылқыны ерекше қадір тұтып, «асыл тұқымды жануар» дейді. Төрт түлікке қатысты пайда болып, қалыптасып, ел жадына сіңіп кеткен сөздер мен сөз тіркестері ғасырлар бойы халықтың ұлттық рухани мұрасының айнасы болып келді. «Қазақ» дегенде, таулы бөктерде мал жайып жүрген алаңсыз, бақытты жас бала елестейді. Мұндай образды қалыптастыруға әсер еткен қазақтың ерте замандардан бері мал шаруашылығымен тұрақты айналысуы болса керек. Мал арқылы күнін көрген қарапайым халықтың күнделікті тұрмыс салтында кәсібі туралы көп айтылары анық. Сол себепті тұрмыстық лексиканың қалыптасуына ықпал еткен төрт түлікке қатысты аталымдар қазақ тілінің лексикографиялық қорын байыта түсті.

Төрт түлік атаулары тілімізде тек жекелеген сөздер арқылы берілмейді. Оларға қатысты жүз мыңдаған сөз тіркестері мен фразеологизмдер, мақал-мәтелдер бар. Оларды этимология, лингвомәдениеттану, этнография, этнолингвистика тұрғысында зерделеп, тереңірек зерттеу этностың болмысын, өткені мен бүгінін толық тануға жол ашады. Ең бастысы, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен рухани мұрамызды қастерлеп, болашақ ұрпаққа аманат ету – біздің басты міндетіміз екенін үнемі жадымызда ұстауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері / Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты... – Алматы: «Ғылым», 1988. – 197 б.

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық: 12-том. Құрастырған: А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. – О-С. – 752 б.

3 Қазақ тіліндегі төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша / Коканова, Жаркинай Атаевна... – Алматы: [Б.ж.], 2010. - 23, [6] б.. – Библиогр.: 22-23 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА 7 МОДУЛЬДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

МАХМЕТОВА М. К.

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Smart technological school, Астана қ.

«Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі» осы сөзбен бастайын. Иә бүгін мектеп партасында отырған оқушылар ертеңгі ел тағдырын шешетін болашақ тұлғалар болмақ. Қазіргі заманда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру, сапалы білім алуын қамтамасыз ету - мұғалімнің басты міндеті. Ал сабақта оқытудың 7 модулін кіріктіру қазіргі заманның басты талабы болмақ.

Менің мақсатым – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Орыс сыныптарында қазақ тілі сабағында қолданылатын диалогтық оқыту модулі- модульдердің ең тиімдісі. Қазақ тілі сабақтарында әр тақырыпта диалог кездеседі. 6 сыныпта «Отбасы күнін тойлаймыз» тақырыбын өткенде осы тақырыпта жұппен диалог құрастыру тапсырмасын ұсындым. Алдарына (неше адам?, қалай тойлайсындар, тамақтар, қандай дәстүрлер) т.б. тірек сөздерді бердім. Топтық, жұптық жеке жұмыс орындау кезінде тиімді. Сабақтағы диалогтың маңыздылығы – тақырыпқа диалог құрағанда олардың тақырыпты түсініп, оны тәжірибе кезінде пайдаланғаны көрінді. Сабақтарымда жиі диалогтық оқыту модулін пайдаланамын. Оқушылар бір-бірлеріне сұрақ қою кезінде өзара диалог туындайды.

Мен өз сабақтарымда оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйрету үшін, сөздік қорларын молайту, сыни ойлау үшін әр түрлі деңгейдегі сұрақтар қоямын. Мысалы: «Неге?, Не себептен?, Қалай?, Не үшін?» «Неге бұлай болуы мүмкін». Осындай сұрақтарды қойғандағы мақсатым әр оқушыға ой қорытынды жасату, ойын дәлелдеді жеткізу.

Мен өз тәжірибемде көбіне оқушылармен бірлесіп, топтасып жұмыс істеуге көп көңіл бөлемін. Оқушы топтармен, жұппен жұмыс жасауда, ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа шығармашылықпен жаңалықтар ашу барысында жұмыс істей бастады. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және отбасы күнін тойлаймыз туралы ойларын кесте жазып көрсетті. Отбасы күні тақырыбындағы постерді қорғап шықты. Соның нәтижесінде оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылықтары арта түсті.

Ал сыни тұрғысынан ойлау – креативті тұлғаны қалыптастырудың бір жолы. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы – білім алушылардың сыни ойлау, ойын дәлелді жеткізудің нәтижесі. Жаңа форматтағы сабақта мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыт беруші. Сын тұрғысынан ойлау модулі бойынша сабақта «Бес жолды өлең» әдісін қолдандым. «Отбасы» сөзіне бес жолды өлеңді құрастыруға бердім. Бұдан басқа «INSERT», «Ыстық орындық», «Ассоциация», «Венн диаграммасы», «Түртіп алу», «Семантикалық карта», «Дұрыс-бұрыс» сияқты әдістерді де қолданамын.

Қазақ тілі сабағында 7 модульді және жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып сабақ өткізіп жүрмін. Оқытудағы жаңа тәсілдер арқылы сабағымды ұйымдастырғанда байқағаным оқушыларым жетекші сұрақтарға сыни ойлап жауап беруге, талқылауға, өзгелердің пікірін түсінуге үйрене бастады. Сабағымда 7 модульді қолданып өткізген сабақтарыма өзгерістер енгізе алдым және өзімді де, оқушыларымды да өзгеді. Яғни, өзгеріс дегеніміз – жаңа тәсілдерді енгізу.

Сонымен қатар 7 модуль аясындағы жаңа тәсілдің бірі – топтық жұмысты қолданамын. Сабақ барысында оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында, алған білімдерін қиындықсыз қабылдауына үлкен септігін тигізеді. Топқа бөлуде әртүрлі тәсілдерді қолдандым. Бірде «көмпиттер», «жемістер» «смайликтер» т.б. қолдансам, бірде «сандар пішіндер, түстер» арқылы топқа бөліп отырдым. Топтық жұмыс біріншіден, оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырса, екіншіден, ұйымшылдыққа тәрбиелейді, бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды және көшбасшыны анықтауға мүмкіндік береді. Топқа бөлгенде сабаққа балалар қызығушылықпен араласып отырды. Оларға топпен жұмыс, постермен, критериялды бағалау, сергіту сәті т.б. өте ұнады.

«Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулін әр сабағымда қолданамын. Оқушылардың бір-бірін бағалауы мұғалімнің бағалауынан қарағанда маңыздырақ. Балалар өздерін бағалау кезінде жетістіктерге жетуге ұмтылады, бағаны не үшін және қалай алатындарына, өздік бағалаудың дамуына да әсері мол. Мен өз сабақтарымда «Бағалау парағын», «Шапалақ», «Топтық бағалау», т.б. қолданамын. Оқушылар сабақта бір-бірлерін қалай баға қою керектігін үйреніп алды. Дұрыс бағалауды үйренді, шынайы бағалайтын болды. Әр сабағымда «Жылы лебіз», «Шаттық шеңбер» түрлі тренингтер өткіземін. Ол балаларды достастыра алды. Бұлар біріншіден балалар арасында ынтымақтастықты, екіншіден

есте сақтауларын дамытты. Үшіншіден сабаққа қызығушылықтарын арттырды. Оқушылардың психологиялық хал- ахуалдары жақсарып, сабақта тіл табысып, достық қатынаста отырады.

Әрине, сабақта 7 модульдің бәрін бір сабақта қолдану мүмкін емес. Сабаққа тиянақты дайындалуға көп уақыт қажет етеді. Әр сабағымда әртүрлі модульді қолданып тапсырмаларды түрлендіріп, сабақты өмірмен байланыстырып, әр сабақ сайын топтарды өзгертіп отыруға тырысамын.

Әр сабақ соңында «Сабақта қай тапсырма ұнады? Не қызықты болды? Не қиын болды?» кері байланыс алып отырдым.

Оқушылардың жеткен жетістіктерін «Тамаша! Сен ақылдысың! Жақсы жауап!» мадақтау сөздері арқылы айтып отырамын. Кемшіліктерін талдап, түсіндіріп отырдым. Бұл – менің тәжірибемде енгізген ең басты жаңалық болды.

Бұрынғы дәстүрлі сабағым бір қалыпты жүйеде өтсе, 7 модульдің бірнешеуін қолданып өткен сабағым жаңа форматта он нәтижесін беруде. Нәтижесінде оқушылар өз бетімен ізденуге, топтық жеке жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады. Оқушылардың білімге деген ынтыласын қызығушылығын, арттырады.

Сөзімді қорыта келе, жеті модульді қазақ тілі сабағында қолданғанда мынандай түйінге келдім. 7 модульді қолданып өткен сабақтарым ғана оқушылардың жазған, айтқан сөздерінде табиғатқа, елге, айналаға, өзгеге, өзіне деген азаматтық жауапкершілік үні айқын сезілді, оқушылардың бойында ұйымдастырушылық, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады.

Мектепте өзге әріптестерімді «Оқытудың кембридждік тәсіліне негізделген 7 модуль деңгейлік курсының бағдарламасымен» таныстырып және оның элементтерін сабақ беру процестерінде қолдануларына ықпал ете алдым. Мұғалімдерге коучинг өткізіп, 7 модульді жанжақты таныстырып, өз сабақтарында қолдануға бағыт бағдар беріп жол көрсеттім.

Қорыта айтсам, сабағымда осындай жаңа әдіс – тәсілдермен, 7 модульмен өткізу арқылы мен оқушылардың білімді өз бетімен оқып-үйрене алатынына, өзінің оқуы үшін тек өзі жауапты екендігін сезінетіндігін байқадым. Сабаққа белсенділіктері оянып, көшбасшылық қабілеттері артатындығын, ауызекі сөйлеу, ойын жетізуі дамитынына көзім жетті. Сол себепті мен, 7 модульді барлық ұстаздар өз сабақтарына енгізіп, тиімді қолданса екен деп ойлаймын. Келешекте жаңашыл бағыттағы әдіс-тәсілдерді сабаққа енгізе отырсақ, біздің сабақтарымыз нәтиже беретіне сенімім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Миролубов А.А. Общая методика обучения иностранным языком. М: Просвещение, 2005. 464 с.

2 Ж. Аймауытовтың педагогика жөніндегі көзқарасы:

3 <https://www.google.com/url?sa=t&source=web&rct=j&opi=89978449&url=https://stud.kz/referat/show/22806&ved=2ahUKEwjvLiZvPOEAxWVVfEDHZ0sD9A4ChAWegQIBhAB&usq=AOvVaw1WBnh5rxz9WqUhnyO99jCV>

4 Дистервег Адольф Руководство к образованию немецких учителей // Дистервег А. Избранные педагогические сочинения. М.: Учпедгиз, 1956. С. 136-203.

5 М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегі: [https://dereksiz.org/ma/zmni-kirispe-v7.ht ml?page=2](https://dereksiz.org/ma/zmni-kirispe-v7.ht%20ml?page=2)

М. ӘУЕЗОВТИҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ

МУСА М.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Тарих өзінің тереңдігімен, жұмбақтығымен күдіретті. Эстетикалық түйсіну, сезіну айналадағы құбылыстарға мұқият назар аударудан басталса, біз ХХІ ғасыр биігінен ең үлкен эстетикалық нысанға ұлы мәртебелі тарихты жатқызар едік. Өйткені біз тура қасында болып, көзбен көріп, нақты әсер ала алмайтын оқиға, құбылыстар ұлы заманалар шежіресінің ғана жадында. Әрине, түбін де айқын ашып бермейді. Бірақ қиялап, тірнектеп тапқан мәлімет, деректер зерделі ойды неше алуан сәулетке толтырады.

«Эстетическое» аталымын қазақша дәл жеткізу қиын. Оны ықыластылық, қатыстылық, көрнекілік, сүйсінушілік, қызықтырушылық немесе сәулеттілік деген тәрізді т.б. баламалармен теңдестіре тұруға болады. Нақты ұғым уақыт өте қалыптасса керек. Бұл пайымдама, қалай болғанда да, әсемдікке ұмтылыс сатыларын ғана қамтымайды, келеңсіздік, масқаралық сияқты сұлулыққа қарама-қарсы категорияларға да тікелей қатыстылық мәнін жоймайды. Соған қарағанда, «эстетикалық» ұғымы әсерлену эмоциясымен тығыз байланысты. Ал әсер әр түрлі сипатта кездесуі мүмкін. Ол сүйсіну де, жеріну де, безіну де, шекиі сілесі қата күлу де, қара аспанды төндіріп қайғыру да болуы ғажап емес.

Фольклорлық бай мұрадағы эстетика мәселелері Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Е. Мелетинский, С. Садырбаев, С. Қасқабасов, В. Гусев,

А. Медоев, Б. Қазыханова, М. М. Қаратаев, Қ. Нұрланова т.б. ғалым-зерттеушілердің еңбектерінде тиісті деңгейде қарастырылды. Әрине, ғашықтық эпос пен басқа да халық ауыз әдебиеті жанрларында эстетикалық мұрат пен әсемдік көріністері жалпыхалықтық мүдде тұрғысынан суреттелгені дау тудырмаса керек. Жазба көркем әдебиетке қатысты айтылмыш проблема кең көлемде, нақты түрде талданбай келеді. Белгілі бір шығармадан эстетика категорияларын түгел табу мүмкін де, қажет те емес. Ол ұғымдар өзара тығыз байланысты әрі әр түрлі жағдайларға сай ию-кию араласып жүреді. Сонымен бірге «эстетикалық» ұғымы көбінесе «әсемдікпен» бір аталып, «көркемдік» аталымымен де сабақтасып келуі – үйреншікті жайт. Шынтуайтына барғанда, «эстетикалық» атауының ауқымы жекелеген категориялардан әлдеқайда мол. Қалай болғанда да, зерттеуші қауым эстетикалық қызмет, қабылдау, бағалау, пайымдау аяларын қоғамдық тәжірибе сипатының ықпалы арқылы қарастыруға бейім.

И. Кант эстетикалық эмоцияны талғам пікірі деп түсінгені аян. Бірақ эстетикалық бағалаудың эстетикалық нысанаға бейтараптылығын, пәлендей бір пайдалы тілектен адалығын атаумен болды. Әсемдіктің формаға қатынастылығына мән берді. Гегель сұлулықтың мазмұндық астарларын жоққа шығарған жоқ. М. Бахтин эстетикалық эмоциядағы И. Кант айтатын бейтараптылықтың орнына сырттаушылық («вненаходимость») терминін қолданып, «талғам пікірінің» қабылданушы нәрсеге байланыстылығы барлығын» [1] ұсынады.

В. Хализев белгілі әдебиет теоретигі Г. Поспеловтың көркемдік пен эстетикалық ұғымын тым алшақ қарастыратынына көңіл бөледі. Г. Поспелов өнердің мәні эстетикалық сипаттан аулақ деп түсінеді. Ал В. Хализев: «... искусство в состоянии и запечатлеть эстетически ценное, присутствующее в бытии, и вновь его созидать» [1], – дейді.

Ғалымдар эстетикалықтың алғашқы мағынасы – сезімдік таным ұғымын көркемдіктен кең санағанмен, нақты бір өнер туындысында көркемдік өнердегі сәулеттілік пен шығармадағы шырайлылықты бірге қосып барып, бәрін өзіне жинақтайтын рухани-мәдени феномен болып та көрінеді. Себебі тысқары әлемнің көрнекілік қасиеттерін таныту үшін әдеби дүниенің барша толымды сипаттары іске кірісіп, белгілі бір нәтижелерге апаруы қажет. Бұл ретте қаламгердің жеке бастық ерекшеліктері, талант даралығы айрықша мағынаға иеленеді.

М. Әуезов «Абай жолында» Қодар-Қамқа оқиғасын талқылайтын әйгілі мәжіліс барысын керемет шеберлікпен кестелемей ме. Осындағы көптеген дала көкжалдарының дара және топтық пішіндемелері жас шәкірт Абай көзімен әрі авторлық назардың қатысуымен өте дәл де әсерлі бедерленеді. Ғажап психологиялық интуиция күдіреті кейіпкерлердің сырт бәдені мен жан дүниесі, өмірге көзқарасы, мінез-құлқын, пиғылын, арғы тарихын шола екшеп, сұңғыла түйсікпен түйіндеп отырады. Осы эпизодта қаншалық антипатия, симпатия, күдік, үміт, сенім, нала, ыза, өкініш т.б. сезім күйлері теңіздегі толқындардай сапырылысады. Эстетикалық әсер тек жағымды тұрғыда емес, ұнамсыз, өрескел әуендер нобайымен де аралас-құралас келеді. Осы көрініске қарап отырып толып жатқан мінездемелік штрихтар, рефлексологиялық болжам, тебіреніс, эпитет, теңеу, метафоралар, лексикалық, синтаксистік ұтқыр оралымдар роман көркемдігін асырады. Сол көркемдік субъектілерге қатысты биік эмоционалдық регистрлер арқылы эстетикалық қабылдау белсенділігін оятады. Авторлық көзқарас (точка зрения), қаһармандар көзқарасы бірігуі нәтижесінде эстетикалық бағалау өлшемдері мол қырлы қалыптан табылады.

Тысқары дүниенің эстетикалық қасиеті көркемдік амал-тәсілдер мен эстетикалық нысанға қатынасы бойынша жаңа эстетикалық шындық бейнесін жасайды. Осының барлығы шығарманың көркемдік әлемін құрайды. Автор назары, тұжырымдамасы, шеберлігі (бұлар – көркемдік ұғымының басты қағидалары) өмірдің эстетикалық моделін түзеді. Көркемдік, эстетикалық ұғымдары мазмұн мен форманың өзара ауысып отыратындай күйде біртұтас, қатар жүретін мәдени-шығармашылық құбылысқа айналады. Роман көркемдігі бұл жағдайда эстетикалық назар, талғам, баға, сана аяларын түгел өз бойына жинақтайды. Аңғарып отырғанымыздай, көркемдік сәулеттілікті кеудеден итермейді, сәулеттілік өнер туындыларында көркемдіктің табиғи талант, шеберлік, суреткердің рухани мүмкіндіктері арқылы шынайы өмір сүру қабілеттілігіне көтеріледі.

Көп ретте эстетикалық объектінің де, субъектінің де ажырамас тысқары қасиеті есебінде жүргенмен, көркемдікпен арада жазушы жаны, дүниетанымы ұғымдарының ортақтығы арқылы ішкі рухани құбылыстардың зор талғаммен айшықталып шығуына аса зор үлес қосады.

М. Әуезов жас Абайдың адам келбетінен табиғаттағы құбылыстармен сабақтастық күйлерін ұққысы келіп, ұзақ сарылатынын атап өтеді. Демек, Абай айналадағы ландшафт және физиогномиялық

көріністерді тек байқамайды (созерцание), оларға эмоционалдық баға беруге тырысады, эстетикалық қабылдау сүзгісінен өткізеді, тиісті дәрежеде сол сезімдік ықпал толқынын бастан кешеді. Ал кейіпкерінің осы мінезін, нақты пішіндемелік суреттеулерге көшкен мезетте, осы шығармашылық үдеріс барысында (шығармашылық үдеріс мазмұны – көркемдік болмысын қалыптастыратын күш) автор бастапқы эмоционалдық жігер қуатын неғұрлым айқындап, жаңа эстетикалық сапаға көшіреді. Жалпы сипаты тым ауқымды болғанмен, сәулеттілік шығармашылық процесте поэтикалық-стистикалық, тілдік семантикалық, психологиялық, философиялық құрылымдар сәттілігіне сәйкес көркемдік ғимаратының құрамдас бөлігіне айналады. Көркемдік неғұрлым нақты да, эстетикалық эмоциялар барынша еркін. Ол субъектілердің эстетикалық қабылдау ерекшеліктерімен тамырлас. Көркемдік негізінде бір тұлға, суреткер қиялы мен қабілетінен өрістеп, шартты түрде нақты белгі танытса, сәулеттілік түрлі қаһармандар әрі оқырмандар талғам-талабына байланысты әр алуан реңк табады. Бұл ретте уақыт пен кеңістік аяларының мәні мол. Мәтін деңгейлері тарихи, әлеуметтік, жекелік себеп-салдарға қатысты мағыналық таңба кейпінде сан қилы зерделеу, пайымдау, яғни түсіну мен эстетикалық қабылдау талқысына түседі. Көркемдік атомы эстетикалық аядағы қабаттармен толығып, өзара әсерлесу нәтижесінде сезімдік-интеллектуалдық, мәдени-рухани құндылыққа ұласады.

Мұхтар Әуезов тырнақалды публицистикалық дүниесін 1917 жылы «Алаш» газетіндегі Ж. Аймауытовпен бірге жазған «Қазақтың өзгеше мінездерінен» бастаса, үлкен әдебиеттегі қадамын «Еңлік-Кебек» драмасымен, туған топырағы үшін жаңа жанр туындысын әкелумен жалғастыратыны мәлім. 1920-1930 жылдары суреткер қаламынан «Қаракөз», «Түнгі сарын», «Бәйбіше-Тоқал», «Тартыс», «Октябрь үшін» тәрізді т.б. көптеген пьесалар шықты. Алайда қаламгердің дүниетанымдық-эстетикалық терең ізденістерін айғақтайтын күрделі ойлы, соны, сілемді шығармалары «Еңлік-Кебек» пен «Хан Кене» бойынша осынау саяси-әлеуметтік қайшылықтарға толы замандағы жазушыға тән рухани-көркемдік өзгерістер сыры неғұрлым мол танылады. Бұл пьесалардың алғашқы нұсқаларында сыртқы жасанды күштердің әсерінен ада табиғи ұлттық сана мен тілдің айқын да құнарлы болмысы барынша шынайы, толымды күйінде реалистік шеберлікпен бейнеленеді.

Ал «Еңлік-Кебек» аңызының екі әңгіме, екі поэма түрінде бізге жеткен төрт нұсқасы бар, оларды өзара салыстырып шыққан соң,

мынадай байламдар жасауға болады. Ұсақ ауытқуларды айтпағанда, барлық нұсқадағы оқиға, оның баяндау реті, аяқталуы, аты аталатын адамдар негізінен бірдей» [2], – дейді профессор Р. Нұрғалиев. Жас М. Әуезов Семей өңіріндегі қыруар халыққа мәлім әйгілі оқиғаны өркениет пен мәдениет талаптарына сай жаңа көркемдік ажармен, театр, актер, режиссерлер мүмкіндіктерін ескеріп, жаңа эстетикалық-этикалық құндылықтар өлшеміне лайық өреден пайымдайды.

«Еңлік-Кебектегі» ең үлкен рухани сарын асқақтық (возвышенное) категориясының заңдылықтарынан байқалар еді. Сахнада өрнектелетін өрекет пен тарихтың өзі әдеттегіден әлдеқайда өзгеше. Мәселен, осы трагедияның фабуласы баяндайтын, 1982 жылы «Дала уәлаятында» жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты әңгіме сипатты деректі мақалада аса бағалы этнографиялық деректер мол. «Қыр халықтарының мұндай емес, себебі әдеттері бойынша ұрғашылары еркектен төмен. Еркек өзінен кем ұрғашыға ғашық болуды ар көреді» [3] деген жолдарда әдеттегі бұқаралық ұғымға тән дағды-машық аталады. Ал Қалқаман-Мамыр мен Еңлік-Кебек бұл тұрғыда жерқорак, жабы түсініктен басқа, Қыз-Жібек-Төлеген, Қозы-Баянның хикаяларын еске салатындай сирек кездесетін жағдаятты ойға түсіреді. Жер үшін, мал үшін, жесір үшін таласып-тартысып жүрген көшпенді қауымның қалыптағы тіршілігі дау-дамайға орын бергенмен, адамдар арасындағы сезім-сыр көріністерін айғақтар ахуалдарға еркін мүмкіндік тудыра қоймайды. Бастапқыда Кебек те Еңлік мұнын түсінгенмен, оған соншалық мән бермей, қыз тілегін, әдеттегі жігітшіліктің қанжығасына бөктергісі келеді. Еңлік ақылы мен сұлулығы, шынайы сезімі Кебек жүрегінде махаббат отын тұтатады.

Дала өңіріндегі Қалқаман-Мамырға байланысты тыйымнан (табу) кейін шынайы сүйіспеншілік сезімге берілу, оның үстіне айттырған қалыңдықты бөтен рудан алып қашу – сирек кездесетін жат та сорақы оқиға. Болашақ жағдайдың трагедиялық, асқақтық әрі әсемдік табиғаты пьесада Абыз сәуегейдің болжамынан анық байқалады. Ол сыралғы қобызын сарната отырып, пірлерімен тілдеседі де, шамырқана отырып, қауіп алған көңілді жасыруға болмайтын жолмен тебірене толғанып кетеді.

«Мұндар шіркін не дейді?! Алтын берсең алмаймын, айтқаныңа нанбаймын (Сілкініп, басындағы тақиясын ұшырып жібереді, аздан соң қызуланып тағы сарнайды, үйдің іші шылдырлайды; аздан соң санқ етіп). Қыз?! Қыз ба? Не дейді? Сұрлау? ей... ой шіркін...

жартас дейді (Үйдің іші тағы шылдырлайды, тоқтап, терін сүртіп отырып, басын шайқап.). Батырым! Сұңғақ бойлы, биік қабақ, сұрлау қыздан ажалын бар. Ол қыз қақпа жартас түбінде кез болады, кез болса, кешікпейді, тез болады. Сақтықта қорлық жоқ, осы сөзді есіңе ал!» [4].

Айтылатын хабардың өзі үрейлі. Оны жеткізу барысындағы бақсының қимыл-қозғалысы, «мыңқылдап, былдырлап» сөйлеу мақамы, жалпы пенденің басындағы алмағайып тағдыр сілемін эзотерикалық әсер ауқымында баяндау асқақтық ұғымына тән екінші мағына – қорқынышпен сабақтастық эмоцияларына толы. Әрідегі тәңіршілдік діннің дәуірлеп тұрған кезінен қалған жұрнақ – бақсылық талант қыр халқына таңсық емес. Ол секем ала тұрып, сескену, аспан әлемінен ғажайып дерек әкелетін, қара өзенді теріс ағызатын, көктен жай түсіре алатын, ажалдан араша сұрайтын күдіретті күш ретінде дала тұрғындарын әрі таң қалдырар, әрі өзін күмәнсіз қадірлетер киелі қасиет. Кейінгі нұсқаларында Нысан аталатын Абыз бейнесін М. Әуезов шығарманың ұлттық ділге хас көркемдік-эстетикалық әсерін зорайту үшін ерекше шеберлікпен кестелейді. Әншейінде отбасылық кәдуілгі дағды-машыққа лайық ғұмыр кешетін әулиенің құпия рухтарымен тілдесетін сәттеріндегі түр-тұлғасы мен кәсіби харекеті әдеттегі өлшемнен тым жоғары. «Дала уәлаятындағы» әңгімеде «Нысан көп сөйлемейтін, түсі суық қарт кісі екен. Өзінің түсінің суықтығы, бал ашып, қобызбен ойнағанда ешкім шыдай алмай қашып кетеді екен. Қобызын отырып тыңдағандардың көздеріне жас келіп отырады екен» деп, немесе ертеңгіні жорыған соң «аузынан көбік ағып, қобызы қолынан түсе, есі ауып жығылыпты» [3] деп суреттейді. Бұл әсірелеуден гөрі шындыққа жақын көрініс. Асқақтықтың әсемдіктен бір өзгешелігі қорқынышты жағдайды жоққа шығармайтынын ескерсек, бақсыға байланысты ремаркада дәлдік пен аффектілі ахуал нақты детальдар арқылы ұштала түседі. Реализм мен романтикалық эстетика талаптарын қатар ұстанатын жазушы «Дала уәлаятында» «ұзын бойлы, ақ киіктей, шашы қарғаның қанатындай қара, маңдайы жазық, көзі қара һәм өткір» [3] деп сипатталатын Еңлік портретін алдағы қатерлі өмір реңіне лайықтап «сұңғақ бойлы, биік қабақ, сұрлау қыз» кейпінде елестетеді. Б-б, с-с, қ-қ фонемаларындағы транскрипция келісімінен тысқары қарағанның өзінде, бұл кескіндемеде бастапқыдағы жаймашуақ тамсаныс орнына көңілге күдік ұялардай, жағымды-жағымсыз қалпы белгісіз әсер трагедиялық сарынға сай көрініс береді.

Енлік пен Кебек ұшырасатын жер де сахна мүмкіндігіне қарай сәл өзгертіліп алынған. Өңгімеде ол кездесу ұзақ мерзімді қамтыса, пьесада драма заңдылықтарына сәйкес жедел өтетін суыт күйге ойысады. Абыз аузындағысын өзі шығарып тұрмағанын, беймәлім иелерінен естігенін анықтап, арасында күйінген өкінішін қоса тепсінгенде, осынау жұмбақ сеанстың суггестивті қабаты қалындай түседі. Жазмыштың бұйрығын тоқтата алмаса да, қорғаныш іздейтін қарапайым адамдық нышанын аңғартқанда, тыңдаушы келешек зұлаMATтың ауыр қияметіне налиды. Асқақтық ахуал әулие қобызшының өнері ғана емес, адамзат баласының әлсіздігін шарасыздығын, жоғарғы күштердің тоқтаусыз қуатын, жұртқа аян етудегі сенер-сенбес шындықтың бет қаратпас қаттылығын, бақсыға жүктелген міндет-парыздың түсініп болмас кереметтілігін сезінумен тамырлас.

«Ницшеанское трагическое ощущение жизни становится «стремлением к смерти» [5] деген пікірді еске алсақ, ажалына қарсы жүргендей болатын Енлік пен Кебек тағдырына алдын-ала үкім шығарылуын білдіретін Абыз сәуегейлігі бүкіл туындыдағы негізгі эмоционалдық ахуалдың өзгермес сыңайын дәйектейді. Бұл тұста кейіпкерлердің өмірге күштарлығы мен қалыптасқан жағдайдың болашақ әрекет сипатына ықпалы – пьесадағы қасіреттілік әсерін ұлғайтып жіберетін терең қайшылық. «Қош баба!» [4] деп жөнелетін Кебек өлім тұзағына асығатындай. Одан құтылу жоқ. Осы бір қатігез, әділетсіз ұйғарымды әрдайым біліп отыру драмадағы қайғылы саздың қабылдану аясына психологиялық дәйектілік үстейді.

Айналадағы әдет-салт, құқықтық өлшемдердің, рулық мүддені бетке ұстаған атқамінерлердің ағайын-туған наразылығына қарамастан, махаббат әміріне құлдық ұратын Енлік пен Кебектің өмірдегі таңдауы оқшау бітімімен сұлу да асқақ табиғатын танытады. Бұл қасиеттер екі жастың алдағы қайғылы үкімді сезіне отырып, өмірдің ауыр қыспағына өз еріктерімен баруы себебінен де күш алады. Олар әдеттегі айыппұл төлеп құтылу рәсіміне сенсе керек. Алайда найман-тобықты арасындағы ежелден келе жатқан ру араздығы, көрі жаулық ұшқынып тұрған дау отына май құяды. Ұлт ретінде қалыптасып болмаған этносаяси ахуал екі жақтың жалпы халықтық биіктен ойлану қабілетін аяқ асты қылады. Ғұрып-салт бойынша тірі қалдыруға да болатын Енлік-Кебектің ауыр қазаға ұшырауы пьесадағы трагедиялық аккордты бұрынғыдан да асқындырып жібереді. «Дала уәлаятының газетінде» көптеген психологиялық нюанстар ғажап қарапайымдылықпен қамтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хализев В. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 1999. – С. 23, 25, 32.
- 2 Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы: Өнер, 1985. – Б. 14.
- 3 Дала уәлаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1989. – Б. 395, 397, 400.
- 4 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – Т. 1. – Б. 162, 168-169, 171, 174, 196, 199, 200-203, 206, 208, 215, 222, 264.
- 5 Финкельштейн С. Экзистенциализм в американской литературе. – Москва: Прогресс, 1967. – С. 77.

ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ҰЛАҒАТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

МУСТАФИНА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Камал Макпалеев атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

«Отбасының жүрегі, алтын дінгегі – ана» депті бұрынғылар. Ата-бабамыз жалпы әйел затын адамды жоқтан бар ғып өсіретін, ұрпақты адам етіп тәрбиелейтін, ел мен елді ұйыстыратын ел ұйытқысы – ана деп қастерлеген. Абыз-даналарымыз, би-шешен, ақын-жазушылар ана туралы тайға таңба басқандай өз тұжырымдарын жалпақ жұртқа жария етіп ұсынған.

Жалпы ұлылардың ұлағаты, тағылымды өсиеттерінен ана – қоғамды қозғаушы күш, бірлік-тірлік негізі, ел бейнесін айқындайтын өмір айнасы, ел тұтқасы екендігін тереңірек ұғынамыз. Әйел-ананың бейнесі қандай болса, сол елдің бейнесі, салт-дәстүрі сонымен өлшенеді.

Қазақ әдебиеті тарихында әйелдер бейнесінің эволюциясы ерекше көрініс берген. Көркемөнердің қайнар көзі ауыз әдебиеті екенін ескерсек, «мінсіз ару», «ғажайып әйел», «адал жар» үлгісін жасау дәстүрі, әсіресе әр алуан ғашықтық қиссалардан, эпостық жырлардан және аңыз-ертегілерден айқын көрінеді. Мәселен, «Ай астындағы Айбарша», «Күн астындағы Күнекей», «Айдай сұлу Айсұлу» ертегілерінде болмасын, «Жүсіп Зылиқа», «Мұхаббат-наме», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларында сүйгеніне деген адалдық, үміт отын өшірмей, жарын ұзақ жылдар бойы

күткен арулардың дүниетанымы мен сырт келбеті айрықша көркем сомдалған. Күн секілді күллі әлемнің шырағы, Нұрлы жүзің – жұмақтың бір гүл бағы. Оймақ ауыз ашылса – шекер шашылар, Соны көріп жайқалып – гүлдер ашылар. Жалпы әйел баласын табиғат ерекше жаратады. Сұлулық пен көркемдікті тек әйелге ғана үйіп-төгіп береді. Қай халықта болсын, сөздің төресі олең, сазгерлік шығарма көбіне әйелге, сол бір ерекше жандарға арналады. Әйелдің сұлулығын жырлау барлық халықта бар. «Азамат тарихында небір адамдардың сол бір ерекше жаратылған жандарды сүймей, ғашық болмай және оларға сөздің ең жақсысын арнамай кеткендері жоқ. Сондай-ақ, Шоқан Уәлиханов та осынау табиғат барлық сұлулықты үйіп-төгіп берген жандарға бай әрі оралымды тілімен әсем сөздерді арнапты. Мысалы, «прекрасный пол», «разрушительницы городов», «нежное существо», «безыскусственные дети природы», «разрушительница сердец», «сердца похитительница», «ночная красавица», «женщина красавица», «похитительница сердец». Біздің бұл жерде айтпағымыз, Шоқан да басқа ұлы адамдар сияқты табиғат сұлулығының алдында басын иген. Сол бір ерекше жаратылған жандарды суреттеуде қазақ ғалымы талай жаңа қанатты сөздерді тапқан» [1, 52 б.]. Әже тұлғасын көркем әдебиетке қосу, зерттеу еңбегіне арқау ету – тек XX ғасырда қолға алынды. Өйткені бұған дейін әженің қоғамдағы орны ерекше болғанмен, оның қадір-қасиетін қоғамның тәрбие үдерісі негізінде қарау мүмкін емес еді. Бірінен соң бірі жалғасқан тарихи өзгерістер әдебиет өкілдерін тарихи әлеуметтік жағдайдан өзге тақырыптарға мойын бұрғызбады. Халық басындағы ауыр жағдай, отарлау үдерісі, жер мәселесі, әйел теңсіздігі, жаңа заман жаңалығы секілді мәселелер осы кезге дейінгі әдебиетшілердің тақырыбына айналды. Ал проза XX ғасырдан бастап кең қанат жайғаны баршаға мәлім. Осы заманан бастап ұлы адамдарға әжесінің әсері айқындала түсті. Әженің қоғамға әсері ашылды. М. Әуезовтің атақты «Абай жолы» романына соғыс жылдары Б. Момышұлы жоғары баға бере келе, былай деген екен: «Зере мен Ұлжан – Абайдың емес, барлық халық анасы. Аналық сезімі мол, елдің мұңын мұндап, жырын жырлаған аналар болып ақиқат көрсетілген» [1, 62 б.]. Қазақ тарихындағы өзіндік орны бар айрықша тұлғалардың бірі – Шоқан деп тапсақ, оның рухын жетілдіруге бар ынтасын салған әжесі Айғаным тұлғасына көңіл аудару маңызды. «Орта жүз жеріндегі саяси құбылыстар XIX ғасырдың 20-жылдары Уәлиханнның жесірі Айғаным әженің араласуымен біраз белең алып дамыды. 9 баланың анасы, 38

жасында жесір қалған Айғаным ананың ұлағатты ісін академик Ә. Марғұлан және басқа зерттеушілер көрнекті бейнеде көрсете білді» [2, 18 б.]. «Шоқанның әжесі, яки Айғаным үш жүзге бірдей аты тараған, көркіне ақылы сай, білімді, парасатты әйел болған. Әрі жас өспірім Шоқанның өз құралпырастарына қарағанда сана-сезімінің ерте оянып, рухани әлемінің асқақ болып қалыптасуына айтулы ықпал еткендердің бірі – Айғаным. Ә.Марғұлан Шоқан үшін Айғаным – «халық даналығының сарқылмас бұлағы» деуі сондықтан. Яки, «болашақ ғалымның сан-салалы ілім мен ғылымның қайталанбас қайраткері болып қалыптасуына жасынан бойына сіңірген жан-жақты тәлім-тәрбие мен туып-өскен ортасының да игі әсері тиген» [2, 62 б.]. «Айғаным өмірі мен саяси қызметі өткен дәуіріміздің тарихында ерекше аталады. Айғаным Орта жүз жерінде орыс халқымен, соның ішінде алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясымен қазақ халқы арасында достық қатынастың алғашқы негізін мықтап қалаушы тарихи тұлға. Бұл игілікті істі оның балалары жалғастырады... Шоқанды, яғни болашақ ұлы ғалымды тәрбиелеуге ең алдымен әжесі мен оның әкесі Шыңғыстың қамқорлығы ерекше. Оның үстіне, Айғаным мен Шыңғыс шаңырағында ешқашан дастархан жиылмаған, ойын-той көп болып халық таңдаулылары жиі бас қосты. Ақын-жыраулар, билер, сөзуар шешендер, көсемсөз майталмандары, күміс көмей, жез таңдай әншілер, ғалымдар, алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдері жас Шоқанға ерекше әсер етті»

Осы жерде айта кетерлік бір жайт – жазушы С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романындағы сәйкессіздік. Романда Айғаным туралы сөз айтпастан Шоқанның бітім-болмысы беріледі. Еңбектегі мына үзінді тіптен миға сыйымсыз. «Сырымбетке неге баруын сұрауға өзінің батылы жетпеген Әбіле Қарамұрын арқылы сұратқанда: - Әжемнің басына!- депті Шоқан. – Әжесі – Айғаным ғой,- деген Әбіле інісіне, – көзін көрген адам емес, неге барады оған? Аят оқуға ма? Естуім, осы бала, ислам дінін жек көреді дейді» [3, 78 б.]. Шоқанның 1935-1965 жылдар арлығында өмір сүргені бәрімізге мәлім. Ал, әжесі 1953 жылы дүниеден өткен. Қалайша ол әжесінің көзін көрмеген... Сөз жоқ, бұл жерде тарихи шындық пен көркемдік шындық белгілі бір субъективті арнада кеткені аңғарылады. Айғаным туралы толық мағлұматты Ш. Уәлихановтың кейін шыққан таңдамалы жинағынан ала аламыз. Онда былай делінген: «Ш. Уәлихановтың әжесі Айғаным парасатты, терең ойлы әрі көреген, өзінің заманына қарай білімді болған әйел. Ол

Шығыстың бірнеше тілдерін білген, орыс мәдениетіне мейлінше ден қойып, Сыртқы істер министрлігінің азиялық департаментімен және Петербургтегі Сібір комитетімен хат жазысып, байланысып отырған. Жергілікті халықтың арасында Айғаным өте беделді кісі болған. Архив мәліметтері Айғанымның қоғамдық-саяси мүдделерінің өте ауқымды болғанын көрсетеді. «Сібір қырғыздары жөніндегі Устав» қабылданғаннан кейін өңірдегі маңызды оқиғалардың бірде-бірі Айғанымсыз өтпейді. Айғаным қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту мақсатын көздейді [4, 35 б.]. Солтүстік Қазақстанда геодезиялық зеттеу жұмыстарымен шұғылданып жүрген орыс ғалымдары мен инженерлеріне ол үлкен көмек көрсетіп отырады. «Уәлиханнның орысқа бағынуын – деп жазған Н. П. Семенов Тяшанский, өзге туыстары, Уәлиханнның бәйбішесінен туған балалары мен інілері мойындағысы келмегенде, тек Шоқанның әжесі, Уәлиханнның жесірі Айғаным ғана өзінің балаларымен бірге Россияға айнымас адал досы болып қалды. Айғаным Сырымбеттегі ата мекенінде қайтыс болған. Ш. Уәлихановтың архивіндегі өз қолымен жазған естелігінде былай делінген: «1853 жылы 19 ноябрьде, бейсенбі күні, екінді намаз кезінде қырғыз-қайсақ орта жүзінің ханы марқұм Уәлидің жесірі, Сарғалдақ қызы Айғаным 70 жасында дүние салды... Тоғыз ұл тапқан, оның екеуі жиырма жасында дүние салды... Айғаным орысша оқып, білім алудың маңызын терең түсінген. 1827 жылы ол өзінің баласы Шыңғысты Шоқанның әкесін Сібірдің линиялық казактарының әскери училищесіне оқуға түсіреді... Бала Шоқанның сана-сезімі ерте оянып, рухани өсіп, жетіле беруіне әжесі Айғаным үлкен әсер еткен. Тумысынан сезімтал, дарынды балаға әжесі халық даналығының сарқылмас білім бұлағы болған. Ол Шоқанға қазақтың ескі аңыздары мен хикаяларын қызықты етіп әңгімелеп, күні кеше өзі басы-қасында болған оқиғаларды еске алып отырған. Халықтың озық дәстүрлері мен салтын бойына сіңірген әжесінің жарқын бейнесін Шоқан өмірінің соңына дейін ұмытпай есіне сақтайды» [5, 9 б.]. Айғаным жайлы тағы бір дерекке сүйенсек, ол Абылайдың ұрпағы Уәлиханнның төртінші тоқалы болған деседі. «Уәлихан әкесімен бірге Бурабайда тұрады, үш қатыны бар. Хандық жұмысымен Сырымбет ауылына жиі барады. Бір сапарында Сарғалдақ бидің немересі, Қожахметтің қызы, 15 жастағы Айғанымға көзі түседі. «Қызыңды төртінші тоқалдыққа бер», - дейді. Айғаным орысша да, шағатайша да, парсыша да білетін, керемет шешен

қыз екен. Уәлиханға: «Егерде менің шаңырағымды Бурабайға емес, Сырымбетке құрсаңыз, барайын», – дейді. Сырымбетте Уәлиханнның қалып қойған себебі сол... Айғаным тоғыз бала тапқан, соның жетеуі тірі қалған. Үлкені – Шыңғыс, Шыңғыстан туған Шоқан. Танысқанда Уәлихан 54- те, ал Айғаным 15-тегі қыз. Уәлихан 83 жасында қайтыс болған. Күйеуі өлгенде Айғаным жас келіншек. Сол кезде Омбыға Бірінші Александр патша келеді. Омбының генерал- губернаторы Сотников Айғанымға хат жазып, қазақтың салтын көрсетуді сұрайды. Патша Сырымбетке арнайы келіп, жап-жас әдемі әйелді көреді. Уәлихан өлді, Ғұбайдолла хан болуға тиіс. Уәлиханнның бірінші баласы – Ғұбайдолла. Сол жолы Ғұбайдолланы тұтқындап, Айғанымды хан сайлайды. Осылайша, Айғаным бір жарым жыл хан болып отырады» [6, 32 б.]. «Айғаным мекен-жайының жұрты қазіргі Көкшетау өңірі, Айыртау ауданы Сырымбет шаруашылығына таяқ тастам жерде. Мекен-жай орнында тұрып қараған кісіге қос өрнекті Сырымбет Шоқысы асқақтап көрінеді. Мекен-жайдың салыну тарихы Шоқанның әжесі Айғанымның қоғамдық-саяси қайраткерлік істерімен тікелей байланысты. Ел жадында «Сперанский ережесі» деген атпен сақталып қалған 1822 жылғы «Сібір қазақтары жөніндегі ереже» күшіне енгеннен кейін, атасы Абылай мен күйеуі Уәли бастаған Ресеймен тығыз қарым-қатынас саясатын дамыта, ұлғайта түскен ханша Айғаным солтүстік Қазақстандағы маңызды оқиғалардың бәріне бел шешіп, белсене араласып, іс-көзін білетін зеректік, алғырлығымен халық арасында үлкен беделге ие болған.

Айғаным қазақ елінің Ресейге өз еркімен қосылуының прогрестік мән-мағынасын дер кезінде жіті түсініп, патша өкіметі алдына жергілікті халықты оқу-білім, отырықшылыққа тарту және қазақтардың өзін-өзі басқаруы керектігін анық мәселе ретінде көтерген. Оның оқу-білім алуға аса маңыз бергендігі Сырымбетте қазақ мектебін ашып, өз ұлы Шыңғысты Сібір казактарының әскери училищесіне оқуға беруінен байқалса, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне барынша ынталы болғандығы Батыс Сібір генерал губернаторы лейтенант Капцевичке отырықшылыққа ойысу мақсатымен Сырымбет төңірегінен жер беріліп, сол жерге өзіне арналған кең, зәулім үйі, моншасы, мектебі мен мешіті бар мұнтаздай қора-қопсылы, күнделікті тұрмысқа ыңғайлы әрі тартымды мекен-жай салдырып беруін сұранып, 1822 жылдың ноябрь айында өтініш білдіруінен көрінеді. Айғанымның нақты тілектер қойып жазған бұл өтінішінің толығымен жүзеге

асқандығын П. П. Семенов-Тянь-шанскийдің «Тянь-шаньға саяхат» атты мемуары 2-томының 54-бетіндегі: «І Александр Уәли ханның жесіріне үлкен ілтисат көрсетіп, қырғыз даласындағы 1-үйді салдырып беруге әмір еткен, әрі Шоқан Уәлиханов сонда туған», – деген жолдарынан аңғарылады... Шыңғыстың Сырымбеттегі мекен-жайында орақ ауыз, от тілді акын-жыраулар таңды таңға ұрып, алтын саусақ, бал таңдай әншікүшілер мәжіліс соңын өнер сайысына айналдырып, аңызшыертегішілер жиын-тобырды мәре-сәре етіп, апталап, айлап жатып өз өнерін ортаға салған. Мұның бәрі енді қалыптасып, қанаттанып келе жатқан жас ғұламаға игі әсерін тигізіп отырған. Алты жасында Күрлеуіт Қыпшақ Жаманқұлдан «Едіге» жырын тыңдаған Шоқан «Ер Қосай» мен «Ер Көкшені» Атығай Арыстанбай Тобылбайұлынан естіген. Қаракесек Жанақ Сағындықұлынан ел шежіресі мен ауыз әдебиетінің үлгілеріне құлағы қанық болған. Шоқан нұралық Шөже Қаржаубайұлынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең ұзақ нұсқасын жазып алған. Көкесі Хақназардан күй атасы Қорқыттың ботадай боздаған сарынын сан рет тыңдаған. Күй сарынынан ажалмен арпалысты бажалайлап, өлімді өнермен, надандықты іліммен жеңуге болар деп түйсінген. Өз құралпыластарынан Ақанның мұңшыл да сыршыл, Біржанның шабытты да шалқар, Жаяудың ащы да асқақ әндерін тыңдаған. Шоқанның анасы Зейнеп – әйгілі Мұса Шорманның қызы екені О.А.Сегізбаевтың «Мировоззрение Чокана Валиханова» атты еңбегінде былайша жазылған: «Мать Чокана – Зейнеп была дочерью видного казахского бия Баян-Аульского округа Чермана. Ее родной брат Мұса Черманов, дядя Чокана, который находится с ним в тесных связях, был образованным казахом». Тарихи тұлғана аналар бейнесі ұлтымыздың салт-дәстүрімен, тәлім-тәрбиесімен тығыз байланысты. Дана Шоқан әжесі мен анасы болмаса, дәл осылай қалаптасар еді деп айту да қиын. ХVІХVІІІ ғасырда батыр бабаларымызбен бірге батыр әжелеріміз жерімізді жаудан қорғауға қатысса, ХІХ ғасырдан бастап олар сауатты ұрпақ тәрбиелеуге бар күш-жігерін жұмсады. Сол заманның өзінде-ақ қоғамда салиқалы, көреген әжелер орны айқындалғанын байқаймыз. Мына заманда аялы алақанымен бүкіл еліне тұтқа болатын тұлғаларды, елдің болашағын бесікке салып аялап тербеген, ұлт ұлағатын ұлықтаған әжелеріміздің тарихи орны жеткілікті қадірленбеуі ойлантады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өтенияз С. Шоқан. –Алматы: Ғылым, 1995.,120 б.
2. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы. – Тараз, 2000. – 120 б.
3. Мұқтарұлы С. Шоқан және өнер. –Алматы: Өнер. 1985. –140 б.
4. Мұқанов С. Таңдамалылар. 8-том. –Алматы: Жазушы, 1976. – 360 б.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. –Алматы: Жазушы, 1980.,- 165 б.
6. Сегізбаев О. Мировоззрение Чокана Валиханова. –Алматы: Наука, 1959.,-с. 168

ЗАМАНАУИ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛАМАСЫ

МҰҚАШ Д. Қ.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы инновациялық үлгідегі
жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Кірме сөздер (заимствование) дегеніміз тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни, сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді- кішілі халықтардың қай- қайсысында болсын өзге тілдермен ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденген халықтардың сөздік құрамы да таза сөздерден құралмайтындығы дәлелденген.

Қандай тіл болмасын өзінің даму барысында сөзжасам жүйесін пайдалану арқылы сөздік құрамын біртіндеп байытумен қатар өзге тілдерден сөз қабылдап та толығыны белгілі. Кірме сөздерді дыбыстық-құрылымдық тұрғыдан игеріп, айтылу заңдылығына бейімдеп, өз сөзіне айналдырады. Осылайша сөздік құрамның жетіліп, баюына өзге тілден енген сөздердің қосар үлесі аз емес. Бұл орайда аударылған сөздің екінші тілге орнығып, қалыптасуына оның дәлме-дәл аударылуы және айтуға жатықтығы ескеріледі.

Әрине, аударма сөздің жалпыхалықтық сипат алып, кез келген адамның сөздік қорына енуіне тағы басқадай да себептердің ықпал ететіні рас. Қалай дегенмен, аударма сөз тіркестері мен сөйлемдерді

айтпағанның өзінде, жекелеген сөздердің де тілімізге аударылуында түйткілді тұстар кездеседі [1, 21 б.].

Кірме сөздердің табиғатын тану үшін тіл және сол тілдің қолданысы сияқты екі әлеуметтік-лингвистикалық шындық арасындағы айырмашылықты түсінудің маңызы зор. Тіл – белгілі бір ұғымды немесе затты, түсінікті белгілейтін және ұлттық дыбысталуы бар ортақ қабылданған таңбалар жүйесі.

Олай болса кірме терминдер тілдік жүйелер арасындағы белсенді қарым-қатынастың нәтижесі болып саналады. Тілдік жүйенің кірме қабаты сол тілді қолданушылар арқылы жүзеге асып отырады. Осы тұрғыдан кірме сөздерге былайша анықтама беруге болады: «Кірме сөздер деген – тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар, т.б.)». Бұл жердегі мәселе «Кірме сөздер дегеніміз не?» дегендікте емес, оларды қалай қабылдау жөнінде болып отыр.

Қазақ тіліне шеттен енген сөздерге қазақша балама іздей бастасақ, «жоқ, бұл халықаралық термин, оны қазақшаға аударуға болмайды» деп шыға келеміз. Ал шындығында, «халықаралық терминдер дегеніміз қандай сөздер»? дегенге республикамыздағы белгілі терминолог Байынқол Қалиұлы былай дейді: «Халықаралық терминдер дегеніміз – арғы тегі латын, грек сөздері негізінде пайда болған еуропа тілдерінің сөздері. Ол сөздер орыс тіліне еніп, орыс тілінің тілдік заңдары бойынша азды-көпті өзгерістерге түсіп, қалыптасқан. Бұл сөздер қазақ тіліне (түркі тілдеріне де) енген жағдайда, «олар ешқандай өзгерістерге түспей, орыс тілінде қалай айтылса, солай айтылуы, қалай жазылса солай жазылуы керек» деген талап қойылады. Сондағы дәлелі: бұлар – дүниежүзі халықтарына ортақ сөздер». Ал шындығында, «халықаралық терминдер» деген термин жоқ. Болса, оладың ішінде ең құрығанда қытай, жапон, араб, парсы тәрізді шығыс халықтарының немесе түркі халықтарының бір-екі сөзі жүретін еді ғой, – дей келіп, ғалым: «Термин дегеніміз – бар болғаны кез келген тілдегі ғылыми ұғымдардың атаулары ғана. Әр халық ғылыми терминдерді өздерінің ұлттық тілдері негізінде өздері жасап алулары керек» деп түйіндейді. «Тілге сөз өздігінен енбейді, өмірімізге келіп жатқан жаңа құбылысқа байланысты айналымға енеді. Мәселен, «ұялы телефон» деген сөздің өзі қазір ескілік болғанымен, сол құрылғы біздің өмірге алғаш кірген дәуірде жаңа сөз болып саналған. Оның «қалта телефоны», «қолтелефон» деген

түрлі атаулары да болған. Тағы осындай сөздер ағылшын тілінен өзгеріссіз алынса, «селфилету», «банға жіберу», «лайк басу» сияқты сөздер қазақ тілінің емлесіне, жүйесіне, дыбысталуына икемделіп жатыр».

Қазіргі уақытта мұндай жаңа сөздер ғылыми зерттеу жұмыстарына арқау болып, жаңа сөздердің мән-мағынасын, дұрыс жазылуы мен айтылуын бекіту үшін көп зерттеу жұмыстары жүріп жатыр [2, 34 б.].

«Елу жылда ел жаңа». Өмірімізге жылдам еніп жатқан жаңа сөздерге академиялық сипатта үлкен сөздік жасайтын уақыт жетті. Өйткені қазіргі техника заманында, жаһандану үрдісінде кез келген белсенді қауымдастықтың тілі өзгеріске ұшырап отырады. Бұрын арифметикалық прогресте өзгеріс жасалып отырса, қазір геометриялық прогресс жүруі тиіс. Сондықтан сөздіктер араға ұзақ жыл салмай, оқтын-оқтын шығып отыруы тиіс.

Фидбэк. Бұл сәнді сөз англо-саксонның «feedback» сөзінен алынған, қазақ тіліне аударғанда «кері байланыс», «қайтарым» деген ұғымды білдіреді. Feedback - тікелей аудармасы «кері тамақтандыру». Негізгі мағынасы - пікір, кері реакция немесе қайтара әрекет. Мәселен, көп сайтта фидбэк деп оқырмандармен кері байланысты айтады, олардың қандай да бір контентіне я тауарына баға мен пікірін білу барысында қолданылады.

Бұл сөзді әсіресе музыканттар жиі қолданады. Сала мамандары зорайтылған дыбыстың микрофон немесе аспап динамигіне әсерін фидбэк дейді. Қазақ тілінің сөздігінде жоқ болғандықтан, бұл сөзді Профит

Әсіресе бизнесте жиі қолданып жүрген бұл сөз ағылшын тілінен аударғанда «пайда», «табыс» деген мағынаны білдіреді. Интернетте бұл сөз көбіне мынадай әзіл мемдермен беріледі:

- 1) Әлдене жасау
- 2) тағы әлдене қосу
- 3)...
- 4) Профит!

Бұл мем South Park сериалынан шыққан, мұнда Profit кальсон гномдарының бизнес-жоспарының қорытынды пункті болған.

Кэш. Cash – қолма-қол ақша, банкнота және тиындар формасында заңды түрде төлем жасау. Ал тағы бір мағынасы сатып алушының несие немесе бөліп төлеусіз бірден тауар ақысын төлеу.

Кешбэк. Cash back – тікелей аудармасы қолма-қол ақшаны қайтару, алайда бұл терминді интернет-сауда саласында, банк

ісінде және ойын бизнесінде клиенттерді тарту мен адалдығымен жаулап алу мақсатында ұйымдастырылатын бонус бағдарламасы деп түсінген абзал. Интернет саудасында кешбэк уақыт өте қайтарылатын жеңілдік болса, банк саласында клиентті банк картасы арқылы сауда жасауға шақыратын бағдарлама.

Фандом немесе фэндом. Фанндом – фэндом немесе фандом, ағылшын тілінен fandom – «фанаттар қауымдастығы» деген мағынаны білдіреді. Бұл негізінен қызығушылықтары ортақ адамдардың қандай да бір танымал адамдарға, шығармаларға, топтарға бірігіп серіктестік пен ықылас танытуын бейнелейтін жанкүйерлерден (фанаттардан) тұратын субкультура.

Фэндом термині бізге ағылшын тілінен келген. Бастапқыда бұл сөз «ғылыми фантастикамен әуестенетін адамдардың тобы» мағынасын білдіретін, бірақ кейіннен мағынасы бұдан да кеңейе түсті. Батыс фэндомдарындағы жағдайға ұқсас, алғашқы және ең ірі орыс фэндомдарының шығу тарихы фантастикамен байланысты.

Коллаборация. Коллаборация әдетте әріптестік сөзінің ұғымы, қандай да бір саладағы екі немесе одан да көп адамның, ұйымдардың ортақ жетістікке жетудегі біріккен қызметі я әрекеті. Оның барысында білім мен тәжірибе алмасу, келісімге келу жүреді.

Месседж. Бұл ағылшын тіліндегі медиа сөз, оның қазақ тіліндегі мағынасы «жеткізгің келген ой», «хабарлау». Яғни күнделікті қолданып жүрген мессенджерлеріміз месседж алмасу құралы [3, 8 б.].

Хайп. Ел алдында арзан атаққа құмарлықты хайп десек қате емес. Бұл жастардың ағылшын тіліндегі (hype) сөзін «атың шықпаса жер өрте» мағынасымен түсіндіруге болады. Бірақ хайп медиадағы шу мен қызу әңгіме.

Тіл – ұлттың, елдің рухымен жігері. Ахмет Байтұрсынов Алаш зиялылары тілді ғылым ретінде қалыптастырды. Одан бері жүздеген ғалымдар іргелі ізденістер мен зерттеу жүргізіп, тіл ғылымның жүйесін қалады. Тіл білімі қаншалықты зерттелуде? Нендей өзгерістер бар? Шындығында, қазақ тіліне әбден сіңіп кеткен, өзге тілден енген кірме сөздер жетерлік. Олардың орнына қолданатын балама термин жоқ секілді. Ғалымдар кірме сөздердің тарихын IX–X ғасырмен байланыстырады. Бұл уақытта араб, парсы тілдерінен көптеген сөздер енген. «Адам, әлем, ғалым, қоғам, мектеп, тарих, әдебиет, пән, тәрбие»-бұлар араб және парсы тілдерінен енген. Тарихи деректерге сенсек, бұл сөздер қазақ даласына Ислам дінін, таратқан ақын, ғалым, ойшылдармен бірге

келген. Кеңестік дәуірде де қазақ тіліне енген сөздер кем емес. Бұл сөздер жарты ғасырдан астам уақытта жадымызға жазылып, санамызға сіңді. Тәуелсіздік алғаннан кейін кейбір кірме сөздер қазақшаға аударылып, қайта түрленді. Мысалы, самолет-ұшақ, вертолет-тікұшақ, коллектив-ұжым, герб-елтаңба. Кірме сөздердің енуі әр кезеңдегі қоғамдағы өзгерістермен, өркениеттің, ғылым мен техниканың, мәдениеттің дамуымен байланысты жаңа ұғымдардың, заттардың пайда болуымен, сол ұғыммен немесе затпен бірге оның атауының да кіруімен байланысты [4, 33 б.]. Бұл тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасының көрінісі. Тілдік қатынас – тілдің ішкі грамматикалық құрлысы мен сөздік қорына әсер ететін екі не одан да көп тілдердің өзара байланысы. Тілдік қатынас әртүрлі этникалық және әртүрлі тілдерде сөйлейтін топ өкілдерінің араласу қажеттігінен туындайды. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің зат атаулары екені мәлім. Тіліміздің сөздік құрамындағы шеттен енген етістік, сан есім, сын есім, үстеу, есімдік, еліктеуіш сөз жоқ. Тілдің өте өткір әлеуметтік-саяси, ұлтаралық проблемалар мен міндеттерді шеше алатындығы тарихтан белгілі. Себебі, қазіргі қазақ тілінің жүйесі ғасырлар бойы жиналған білім беретін, қазақ ұлтының жетістіктерін, дәстүрі мен тәрбие беру жүйесін, оның үлгілерін сақтап және адамзаттың даму жолындағы өзіндік орнын алып, ұлттың өзін-өзі тануы мен сана-сезімінің қалыптасуына үлкен әсер етті. Сондықтан тілдің дамуы арқылы қоғамның тұрақтылығы сақталып қана қоймайды, сонымен бірге адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасының олардың мәдениетінің, тілінің, формалары мен типтері жаңартылып отырады. Ал қазақ тілі болса өзінің табиғаты жағынан басқа тілдер сияқты үнемі өзгеріске түсіп отырады. Бұл барлық тілге тән құбылыс екендігі белгілі [5, 32 б.].

Сол себепті әр қазақ баласы өзіне қолайлы жағын ғана іздемей, жаңалықты дұрыс қабылдап, болашақта тіліміздің кең қанат жаюына үлес қосар деген үміттеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Базылхан Б. Қазақ және монғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. – Алматы, 2002 30-б.
2. Заслуги арабских филологов в области изучения тюркских языков. // Семитские языки. – М., 1965. ч. 2
3. Рустемов Л. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы, 1982.98-99 б.

4. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. 16-бет, 28-б.
 5. Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. – Алматы, 1956. – 180 б.

ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

НАЖМИДЕН А. Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Фольклорға, соның ішінде эпикалық жырларға тән көркемдік тәсілдің бірі – **қайталау, яки формулалылық**. Ерекше өрнек құрайтын қайталауларды «тұрақты жерлер» (общие места), «типтік жерлер», «тұрақты тақырыптар» (устойчивые темы), «қыстырма эпизодтар» (вставные эпизоды), «эпикалық формулалар» деп атау орыс ғалымдарының еңбектерінде кездеседі. Бұл мәселе қазақтың фольклортану ғылымында арнайы зерттелген жоқ. Бұған қарап фольклорлық шығармалар тілінің формулалығы туралы бұрын-сонды ешқандай пікір айтылмаған деген ұғым тумаса керек. Фольклорист ғалымдар М. Әуезов, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ш. Ибраев, Б. Абылқасымов еңбектерінде эпикалық шығарма стиліне тән формулалыққа назар аударылғанын айту керек [1].

Орыс фольклортану ғылымында формулалықты эпикалық жырлар мен ауыз әдебиеті шығармаларының әр жанрына байланысты қарастырған зерттеулер баршылық. Атап айтқанда, А. Н. Веселовский, В. М. Жирмунский, В. Я. Пропп, Е. М. Мелетинский, А. В. Позднеев, Т. Г. Иванов, Ю. И. Смирнов, Б. Н. Путилов, Р. С. Липец, П. А. Гринцер, П. Д. Ухов, С. Д. Серебряный, А. И. Алиева, И. В. Стеблева, А. А. Горелов, Г. И. Мальцев тағы басқа ғалымдар өздерінің зерттеу еңбектерінде формулалықты фольклорлық мұраларға тән белгінің бірі ретінде әр қырынан қарастырған. Орыс былиналарындағы формулалық туралы А. В. Позднеев мынадай байлам айтады: «... Общим местом мы называем такую словесную формулу, которая повторяется несколько раз (не менее трех) в нескольких былинах сказителя», [2] – деп келіп эпостағы қайталауларды үш категорияға бөледі. Олар: 1. Бір былинаның ішінде қайталанып келетін эпизодтар. 2. Бір жыршының айтуындағы екі былинаның ішінде ұшырасатын «көшпелі» қайталаулар. 3. Бірнеше былинада бірнеше рет (кемінде

үш рет) қайталанып келіп, тексттің тұрақты бөлігін құрайтын қайталаулар.

Сондай-ақ фолькорлық туынды табиғатына тән эпикалық қайталауларға Ю. И. Смирнов пен Р. С. Липец сияқты фольклористер де тұжырым-анықтама береді. Алайда, айналып келгенде, көбінің тоғысар арнасы бір. Ол – эпикалық жырларға тән хас белгінің бірі – формулалық екендігі. Жазба эпос тіліндегі формулалықты зерттеген бір топ ғалымдардың «Памятники книжного эпоса» (1978) атты еңбектерінде де бұл мәселе жөнінде нақтылы ой-тұжырымдар жасалған. Онда эпос тілінің формулалығын үш түрге бөліп қарастырады: а) жекелеген бейнелі сөз тіркестері, ә) түрлі ұқсас жайлар суреттелгенде қайталанып келетін жолдар, б) эпостағы дәстүрлі жағдаяттарды бейнелейтін күрделі суреттемелер [3]. Зерттеушілер орыс былиналарындағы формулалық, күрделі орынға ие екенін нанымды дәлелдеген.

Қазақтың қаһармандық эпостарында да тілдік, тақырыптық қайталаулар (формулалық) жиі ұшырайды. Бұл жөнде профессор Р. Бердібаев: «Формулалықтың бір тобы қысқаша тілдік тіркестер, тұрақты эпитеттер мен теңеулер. Эпостағы ауыспалы сөздер мен тіркестердің енді бір парасы қайталанып келетін жолдар... Бұл үлгідегі формула қайталаулардың кемі бір жол, молырағы бірнеше жолға ұласады... Қазақ эпосындағы жиі қайталанып отыратын тіркестрдің қатарында эпикалық сандарды да көруге болады [4]», – деп жазады.

Бұл – дәлелді тұжырым. Шынында, қазақтың эпикалық жырларында тұрақты қайталаулардың (формулалық) тұтас сериясы бар, яғни текстен текске «көшіп» жүретін дәстүрлі стильдік формулалар үлкен шоғыр құрайды. Өйткені эпикалық жырлар ауызша туып сақталады. Сондықтан да оның мазмұны мен бейнелеу құралдарында ұқсас үлгі – өрнектер көп, дәстүрлік басым. Жырды таратушы ақын, жыршылар фолькорлық дәстүрді сақтай отырып, өзінше өңдеп, «өзгеріс» енгізуі де мүмкін. Осыған орай жеке ақын, жыршылардың индивидуальдық таңба-табы да шет қалмайды. Алайда, эпикалық шығармалардың туып, даму эволюциясы белгілі қалыптасып тұрақтанған көркемдік әдіс-тәсілдер мен импровизацияның – суырып салма ақындықтың қатысуы арқылы жүзеге асатын творчестволық процесс. Сонымен, «формулалықтың пайда болуының бастапқы себептері поэтикалық шығармалардың ауызша өмір сүру ерекшеліктеріне барып тіреледі». Демек, формулалылық, бір жағынан, көлемді тексті еске сақтауды

жеңілдетеді. Екінші жағынан, бұрыннан келе жатқан дәстүрді сақтауға мүмкіндік береді.

Фольклордағы дәстүрлік сөздік тексттің тұрақтылығынан да, әуен мен орындалу біркелкілігінен де көрінеді. Дәл осындай дәстүрлі шумақтар мен оралымдар ерте замандағы халықтың сана елесін неғұрлым анық елестетеді. Бұл айтылғаннан дәстүрлілік дегеннің ұжымдық шығармашылық нәтижесі, көне мұраны сақтау мен таратудың көпшілік формасы екені байқалса керек [5].

Тұрақты формулалар түркі-моңғол халықтарының эпикалық жырларына тән құбылыс. Көне Индия эпосын зерттеген фольклорист П. А. Гринцер «Махабхарата» мен «Рамаяна» секілді белгілі эпостардың өзі әуел баста ауыз әдебиеті дәстүрінде туып қалыптасқанын айта келіп, ондағы формулалықты алты түрге бөледі. Олар: «отрибутивные формулы, повествовательные (или нарративные) формулы, вспомогательные формулы, формулы прямой речи, формулы синтении и формулы – сравнения» [3], – дейді. Бұлардың атқаратын (функциясы) қызметтері мен сипаты және қолданылулары да бірдей емес. Формулалық әр шығармада (не бір шығарманың бірнеше вариантында) әр түрлі мөлшерде болады. Жекелеген сөз тіркестері мен өлең шумақтарынан тұтас эпизодқа дейінгі аралықта келеді. Сондай-ақ кейбір қайталаулар бір ғана шығарманың ішінде кездесе, кейбірі бірнеше эпикалық жырларда ұшырасады.

Үлкенді-кішілі қаһарман сөздерінің (диалог, монолог) алдында келіп дәнекерлік қызмет атқаратын көмекші формулалар дерліктей барлық қаһармандық эпостарда кездеседі. Әрі өте жиі қайталанып келеді. «Қобыланды батыр» эпосының өзінде ғана жетпіске жуыққайталауы. Мысалы:

Сонда Қобыланды сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді [6].

Көлемі жағынан «Сонда Қобыланды сөйлейді», «келіп сөйлей береді», «сонда тұрып сөйледі» сияқты сәл ғана өзгеріп келетін бір жол не екі жолдан тұрады. Мұндай тұрақты жолдар тек қаһармандық эпостарда ғана емес, ғашықтық жырларда да кездеседі. Мысалы,

Сонда Жібек сөйлейді,
Немесе:
Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді [6], –
тәрізді болып келеді.

Көмекші формулалар кейіпкер сөздері мен эпикалық жырдың біршама аяқталған эпизодтарын жалғастырады. Сөйтіп, тексттің тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді. Жыршылар осындай қайталауларды пайдалана отырып, эпостың қаңқасын құрастырады. Сонымен бірге көмекші формулалар эпостағы ұзақ сонар оқиғаларды көлемі шағын аяқталған бөліктерге бөледі және іс-әрекеттің тұтастық-бірлігін сақтауға да септігін тигізеді.

Текстен текске ауысып отыратын стильдік оралымдардың эпикалық образ жасауда да айтарлықтай ролі бар. Өйткені тұрақты қайталаулар да эпостың негізгі көркем әдіс-тәсілдерінің бірі. Қайталанып келетін стильдік формулалар белгілі бір кейіпкердің атымен байланыста келеді де, оның батырлық тұлға-бітімін көтере түседі. Айталық, «Алпамыс батыр» жырында Байбөрі мен Аналық әулие-әнбиелерге жалбарынып, бала тілегенде Шашты Өзіз аян беріп Алпамыс атты ұлы болатынын айтады. Әрі оған:

Атса мылтық өтпейді,
Шапса қылыш кеспейді [6], – дейді.

Бұдан Алпамыстың ғажайып күш иесі болатынын білсек, ал батырдың, яғни Алпамыстың өскеннен кейін де ерекше жаралған жан екенін:

Атса мылтық өтпейді,
Шапса қылыш кеспейді [6], – деп суреттейді.

Осы өлең жолдары Алпамысқа сипаттама бергенде үш рет қайталанса, жау батырлары Көбікті мен Быршымбайдың да ерен батыр екенін мадақтағанда жоғарыдағы жолдар сөзбе-сөз қайталауы. Мұндай стереотиптік жолдар эпикалық батырларға сипаттама бергенде әлде неше рет қолданылған. Бұған қарағанда эпикалық батырлардың жекелеген портреттік бейнесін суреттеуде жалқылықтан жалпылық басым екенін көреміз. Көбіктінің де батырлық тұлғасын:

Шапсаң қылыш кеспейді,
Атсан мылтық өтпейді [6], – дейді.

Жоғарыдағы жолдарың орны ауысқаны болмаса, айырмашылық жоқ. Барлық батырларға осындай формулалық сипаттаулар ортақ, басқаша айтқанда батырларға сипаттама бергенде «ауысып» жүретін тұрақты тіркестерді қолдану эпикалық дәстүрге тән тәсіл.

Соғысқа шығар сәттегі батырлардың психологиялық өзгерістерін де біркелкі қыр жолдарымен баяндау машыққа айналған. Айталық, қаһарманның қаһарлануын:

Қабағына қар қатты,
Кірпігіне мұз қатты [6],
– деп баяндаса, жау батыры Шошайға да осы фразеологиялық тіркестер қолданылған. Ал Қазанның ашу-айбатын:

Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан [6], – дейді.

Қобыланды батырдың қырық мың қызылбаспен соғысар сәттегі толғаныс ызасын:

Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып,
Қатуланып қаттанды.
Буырқанып бұрсанды.
Мұздай темір құрсанды [6],

– деген бірнеше жолдың тіркесімен баяндаса, екінші бір жерде, яки Қараманның сөзіне намыстанып, аулына шапқан кездегі ашуы да осы дәстүрлі жолдармен өрнектелген.

Енді «Алпамыс батыр» эпосындағы Алпамысты көрейік.

1. Қалың қалмақ қамаған кезде:

Буырқанып, бұрсанып
Мұздай темір құрсанып,
Ашуы қысты денені [6].

2. Әкесі Байбөрінің жылқысын Тайшақ хан өкеткенде:

Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Алып келді Шұбарды [6].

3. Тортай ағасын ұрып-соққан бес бекке катуланғанда:

Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды [6].

Міне, батырдың ашуы үш рет қайталанған тұрақты жыр жолдарымен сипатталады. Алпамыстын айбат-сесін суреттейтін осы эпикалық формулалар Ер Тарғынның ширыққан кездерін баяндағанда да өзгеріссіз екі рет қайталанып келеді. Көлемі жағынан екі жолдан бес жолдың мөлшерінде келетін мұндай формулалық бір ғана эпоста емес, бірнеше эпостарда ұшырасады. Және екі түрлі формада баяндалады. Бірі – «қабағынан қар жауды», екіншісі – «буырқанды бұрсанды» түрінде келеді, бірақ орасан айырмашылық жоқ. Тұрақты, дайын формулалар батыр портретін сипаттағанда ғана емес, оның ішкі жан дүниесінде болатын өзгерістерді суреттегенде де пайдаланылған.

Эпикалық батырларда терең толғаныс-толқу болмаса да әр түрлі жағдаяттарға байланысты батырлардың көңіл күйлерінде болатын толқулар әбден тұрақтанған жоғардағыдай оралымдар арқылы баяндалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Шығармалар. – Алматы, 1969. – Т. 11. – Б. 117; Абылқасымов Б. Жанр толғау... – Алма – Ата, 1984. – Б. 71-86.
- 2 Позднеев А. В. Общие места и «перенесения» в былинах // Проблемы истории литературы. – М., 1964. – С. 67-69.
- 3 Памятники книжного эпоса. – М., 1978. – С. 17, 132-133.
- 4 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1982. – Б. 108-109, 124-127, 130-131.
- 5 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы, 1989. – Б. 3-22.
- 6 Батырлар жыры. – Алматы, 1963. – Т. 1. – 665 б.

ҚАНЫШ САТПАЕВ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН МУЗЕЙ

ПАЗЫЛОВ Ә.
менгеруші, Мәшһүр Жүсіп музейі, Баянауыл ауданы

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаев – қазақ халқының ойшыл әрі дара тұлғасы. Оны, табиғат зерттеушісі, жер қойнауының жихангері, әдебиет танушы, мәдениет жанашыры, химия мен астраномияның маманы, ауыл шаруашылығы салаласының жанашыры деп мақтан тұтамыз. Демек Қаныш Имантайұлы бар саланың маманы. Ең бастысы ғылым мен отандық тарихтың шамшырағы болды. Аристотель мен әл-Фарабилердің деңгейінде мол мұра қалдыра білген Қаныш аға ұлылардың ұлысы болмақ.

Егер Мәшһүр Жүсіпті жазба әдебиетінің негізін қалаған ғалым әрі әулие десек, Әлікей Марғұлан Қазақ археологиясының шыңы болмақ. Ал Қаныш Сәтпаевтің қолтаңбасы ғылымның бар саласында көрініп тұр. Мәшһүр Жүсіп: «Қазақта бір мақал бар – бір-ақ ауыз сөз осының бәріне татиды: «Тайдың жорғасы түйе болады, // Жігіттің жорғасы еліне ие болады». Өз көзім көргенде, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жоқ. Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтпаев - адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатұғын жігіт», деп Қаныш Сәтпаевтың елінің қалаулы тұлғасы болатынын мензегендей. Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы, ал

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы дүниеге келді. Демек екі тұлға бірін бірі көрген. Бұған ел арасындағы ақсақалдардың сөзі куә болмақ. Дегенмен де бұның өзі арнайы зерттеу жұмыстарын қажет етеді. Бұл менің болашақтағы зерттеу нысаным болмақ. Қайткенмен де Мәшһүр Жүсіп жерлесі әрі інісі Қаныш Сәтбаевқа: «Өлі Мұхаға Құдай рахмет қылсын, тірі Қаныштың өміріне Құдай береке берсін!» деп батасын да берген екен.

Мәшһүр Жүсіп музейінің қызметкерлері Алматыдағы іс-сапармен барып, 1946 жылы Қаныш Сәтпаев өз қолымен іргетасын қалап кеткен Қазақ КСР Ғылым академиясында болып, Қаныш Сәтпаевтың музейін тамашалап қайтқан едік. Қаныш Сәтпаевтың еңбек еткен кабинетіндегі столын көріп, фотаға түсіп, үлкен әсермен қайтты. Аталмыш кабинетте Қаныш Сәтпаев қыруар еңбектер жазып, талай кездесулер өткізген. Ал оның екінші бөлмесіндегі демалыс орны Қаныш Сәтпаевтың қолымен ұстаған заттарға толы. Ең бастысы кітапқа толы шкафтары көз тартады. Ғалым ағамыздың жұмыс столына жақындап, орындығына отырып, қаламымен ақ қағазға жылы лебізімді жазып, ойланып біраз отырдым. Жазу үстеліндегі портфелін ұстап ғалымның қол таңбасына тәнті болдым. Қаныш Сәтпаев бастап талай Баянауылдық жерлес ғалым ағаларым жүрген ұзын, кең калидормен жүріп, даналардың рухымен қуаттанып қайттым. Осы музейдің директоры Бақытжамал Айтмұхамбетова: «Ғылым ордасының негізін қалап, іргетасын қойған Қаныш Имантайұлы екені баршаға мәлім. Бірақ ғылым ордасының кейінгі директорлары да Сәтпаевтың кабинетінде отырды. Мемориалдық мұражай 1989 жылы құрылса да, кабинетті мұражайға бермеді. Тек 2011 жылы ғана кабинетті бұрынғы қалпына келтіріп, қабылдау бөлмесі мен кітапханаларын сақтап қалдық», - дейді.

Кезінде Қаныш Сәтпаев негізін қалаған ҚР Қазақ Ғылым Академиясының қорында Мәшһүр Жүсіп бабамыздың қолжазбалары сақталған. Бүгінде бұл дүние ұлттық құндылықтар негізін қалар отыр. Болашақта Алматы қаласындағы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба және ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп шығармаларының түп нұсқасын Мәшһүр Жүсіп мұражайына орналастыруды көздеп отырмыз. Бүгінгі таңда «Цифрлық Қазақстанды» қалыптастыруға бағытталған бірегей жобалар жүзеге асырылып, архивқа барған мұражай қызметкерлерінің зерттеу жұмыстары қанағаттандырылып, уақыт үнемдеуге мүмкіндігі мол. Және керек деректеріңіз электронды форматта әзір тұрады. Әйтпесе архивтарға барып

сапасыз көшірме алған жағдайларымыз көп болатын. Кезінде қағазбастылық, қаптаған рұқсатнамалар мұражайтанушылар мен өлкетанушылардың зерттеу жұмыстарына көп кедергі келтіретін.

Академик Сейіт Қасқабасов: «...Қаныш Имантайұлы 50-жылдары қуғын көрген. Ондағы басты сылтаулары – ғалымның Шоқан еңбегін өңдеп жарыққа шығаруы. Сондағы Қаныш Сәтпаевтың Сталинге жазған хаты қызы Шәмшиябанудың кітабында бар. Соған қарамастан ұлт мәселесіне ол кісі бейжай қарай алмаған. Ғылым академиясын алғаш құрғаннан-ақ оған ұлттық мәртебе беру керек екенін айтқан. Шынын айтқанда, сол кездерде Кеңестер Одағында жоқ академия осы Сәтпаевтай ғалымның беделінің арқасында ғана құрылды ғой...» деп тамсанған еді.



Сурет 1



Сурет 2

ТУҒАН ӨЛКЕ КЕЛБЕТІНІҢ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

САДВАКАСОВА М. Ж.
педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 9 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Отансүйгіштік сезім туған өлкеге деген сүйіспеншіліктен бастау алады. Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Әр адамға туған жері, атамекені ыстық. Көркем табиғаты, айналасындағы қызу тіршілік адам жүрегінің қылын тербетеді. Ал сезімге бай ақындар мұндайда ыстық ықыласын өлеңмен жырлап, өзі мекен еткен жердің сұлулығын, байлығын, адамдарын шартарапқа паш етуді мақсат етеді. Әр өлкенің, аймақтың өзіндік ерекшеліктері де жырға арқау болады. Қазақ поэзиясында бұған жарқын мысал көп. Сәкен жер жаннаты Көкшені, мұзбалақ Мұқағали Қарасазын жырлап өткен. Екібастұз өңірі мен өндірісті қала да қазақ ақындарының назарынан тыс қалмапты. Екібастұз жайлы алғашқы өлеңнің бірін сонау 1916 жылы Сәбит Дөнентаев

жазған. Бұл – Екібастұз көмір ошағының ағылшын байларының қолында болған кезі. Сәбит өз өлеңінде көмір қазуға жалданған қазақ жұмыскерлерінің ауыр халін былайша бейнелейді

Завод түр көк түтіні былайша өрлеп,
Отырсың шайға қанбай
көзің терлеп.
Қасаптан арқан бойы ет алуға,
Ерініп бір-біріне «әкеп бер» деп.
Тамаққа тапқан табыс жетпейтін боп,
Айтқан көп елге сәлем «ас жібер» деп.
Күшіктей жұртта қалған дыбыс тындап,
Екі көз төртеу болды «кім келер?» деп.

Жиырмасыншы ғасырдың басында Екібастұздың кейпі осындай сүреңсіз, өндірістегі адамдардың тұрмысы мүшкіл болса, кеңес өкіметі орнаған соң өңірде зор өзгерістер болды. Әсіресе, Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары кен ошағын игеру тың серпінмен қолға алынды да, қазыналы мекеннің келбеті адам танымастай өзгерді. Адамдардың жасампаз еңбегінің арқасында түлеген Екібастұзды енді ақындар мақтанышпен жырға қосты. Шайырлар байтақ елді отын және жарықпен қамтамасыз етіп отырған алып кеніштер мен ірі электр станциялары қуатын жырмен өрнектеді. Мұны, әсіресе, екібастұздық ақындардың өлеңдерінен байқауға болады. Екібастұздықтардың ерен еңбегіне сүйсінген Жұмағали Қоғабаев:

*Еңселі кеніштер тұр қыраттарда,
Қуат беріп кемел ой, мұраттарға.
Бай кені кең даламның керуен-керуен,
Жөңкіледі составпен жырақтарға.
Қыр төсінде ГРЭС тұр тұтатып от,
Жігіт болсаң осы отты тұтатып от.
Айқыш-үйқыш қан тамыр сымдарымен,
Алып-ұшып алысқа зытады ток, – деп, өндірісті өлкенің қазіргі келбетін тамсана жырлайды [3, с. 31].*

Кеңес дәуірінде жазылған осындай жырларды Қазақ Елі тәуелсіздік алған тұста ақындардың жаңа толқыны жалғастырып әкетті.

*Қойныңда қазынаң көп қара алтыннан,
Өзіңде болашақтың таңы атылған.
Жайнай бер, Екібастұз, құлтыра бер,
Ғасырда бір алыпсың дара туган.
Оранып гүлзарларға көшелерің,*

Ерен еңбек табыспен өседі елің.

Жол айқын Қасым салған алғы күнге,

Көзгергені емес не көсегенің, – деп, ақын Жанақ Тілегенұлы өндірісті қала Екібастұздың келешегі кемел екенін айтып, мадақ етеді.

«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 32 жыл толады. Бұл - қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», - деді «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаласында Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев [1, с. 1].

Екібастұзды айдай әлемге танытқан – тас көмірі екені белгілі. Екібастұздық ақындар сол көмірді тапқан кентанушы Қосым Пішенбаев атамызға да өлең-жырдан ескерткіш орнатып, дәріптеп келеді.

Тас тұғырда – қазақтың қара шалы,

Мынау – соның қалдырған қара ошағы.

Әлемге де үлгерген аты шығып,

Шам-шаһардың артады бағасы әлі, – дейді ақын Жанаргүл Қадырова Екібастұз көмір өндірісі тарихында Қосымның орны бөлек екенін, кентанушы атамыз тапқан қатты отынның бүгінде егеменді еліміз игілігін көріп отырғанын ұғындырып [4, с. 12].

Жер астындағы қазына, әлбетте адам қолымен игеріледі. Осы орайда, ақын Жассерік Сәдуақасов өз өлеңінде өндірісті қаланың еңбекқор адамдарына айрықша назар аударып, өндіріспен ұштастыра жырлайды [2, с. 22].

Рауандап атқан,

Таласып таңмен оянған,

Шұғыла шаиқан,

Нұрына таңның боялған.

Құшағын ашқан,

Арайлы қалам гажапсың,

Достығын тапқан,

Әр түрлі ұлттар саяннан.

Көмірін қазып,

Қосымның мұнда ұрпағы,

Тарихын жазып,

Алысқа даңқы шырқады.

Станция салып,

Самала қылды елімді,

Жарығын жағып,

Тастүлек кілең сұңқары.

Екібастұз – жасампаз адамдар мекені ғана емес, саналуан ұлттар бірлік пен береке тапқан дархан достық ұясы. Ақын өлеңіне арқау болған осы идея жоғарыда сөз болған «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаладағы оймен қабысып жатыр. «Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан», – дейді мемлекет басшысы.

Қазақ елі тәуелсіздік алғалы – ұлттық құндылықтарды түгендеу асыл мұратқа айналды. Екібастұз қаласында да бұл тарапта қаншама игілікті іс атқарылды. Жарқын істердің жаршысы болып саналатын ақындар мұны ел-жұртқа сүйіншілеп, өшпес жырлар тудырды. Екібастұз қаласының бас көшесінен Ленин аты өшіріліп, ақын, этнограф, әулие Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімі берілгенде жұртпен бірге шаттанған ақын Жанаргүл Әбдікәрімқызы өзінің жүрек лүпіліні сұлу жыр шумақтарымен көмкерді [4, с. 12].

Көк туым бүгін толқыды ерек көшемде –

Бұл әлде менің тарихта кеткен есем бе?..

Хаттар да енді қазақша қағып есікті,

Ие екенім білініп тұрад осы елге!

Жұлдыз қып қадап бейнесін жүрек тұсыма,

Білмесем тілін, өте алмай төрге, қысыла.

Еңсемді езген қашықтап кетті күндер де,

Жалтақ мінезді Намыс пен Рухым ысыра!

Көкірегіне бауырластарын қысып мың,

Ақ сәулесімен дәл төбесінен құшып Күн.

Шахталы шаһар маңдайындағы сызықтай,

Жарқырап жатыр көшесі Мәшһүр Жүсіптің!

Негізі, поэзия – алып күшке ие. Өміршең өлең мың сан жүрекке жол тауып, ізгілік нұрын сеуіп, өмірге ғашық етіп, жасампаздыққа жетелейді. Екібастұздық ақындардың туған өлке – сүйікті қаламыз жайлы жырлары да осы міндетті атқарып, уақыт көшімен бірге жасап, Тәуелсіздік мұраттарының салтанат құруына қызмет ете бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. «Egemen Qazaqstan» 5 қаңтар, 2021 жыл.-16

2. Жассерік Сәдуақасов. Жалғадым жырды үзілген. – Павлодар. 2004. – 22 б.
3. Жұмағали Қоғабайұлы. Екібастұздан ескен леп. – Алматы. 1995. – 31 б.
4. Жанаргүл Қадырова Жетінші қабат. – Павлодар, 2009 жыл. – 12 б.

МИФОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МИФТЕРІ

СЕРЕКПАЕВА Л. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әлемдік мифті зерттеушілер оның көнелілігі мен бірге синкретті өнер түрінің таным мен түсінікті суреттейтінін айтады. Миф туралы зерттеулер де көп. Ол зерттеулер оны түрлі қалыпта қарастырады. Зерттеушілер ішінде әдебиетшілер, тарихшылар, әлеуметтанушылар, дінтанушылар, антропологтар, психологтар, т.б. сала мамандарының болуы да миф туралы көзқарастардың қайшылығы мен айтар ойларының, түйіндерінің әлдеқайда тереңдігінен болса керек.

Румын Мирчи Элиаде әлемге мифтік көзқараспен баға береді. Сан ғасырлар жасаған әлемнің түрлі халықтарының мифтері арқылы әлемді адам қалай қабылдайды, тарихты миф арқылы қалай жеткізді деген мәселеге талдау жасайды [1]. Әлем халықтарының мифтеріндегі кейіпкердің саяхаттарында ұқсас сюжеттік құрылымдар көп. Бұны Д. Кэмпбелл мономиф деп атайды [2]. Әдебиеттің өзі де ұзақ дәуірлер бойында көркемдік тәсіл ретінде дәстүрлі мифтердің үлгісін ұстанып келді. К. Юнг барлық аңыздардағы (легендалардағы) антикалық мифтер, ертегілік сарындар, базалық архетиптерге талдау жасайды [3].

Е. Мелетинский «миф поэтикасы» терминін әдебиет тарихының алды деп қарастырады. Бұл ретте мифтің дінтанымдық негіздері де оның мәселесі болып қала береді. Осыдан да болу керек, бұл «миф поэтикасы» («поэтика мифа»), «мифтік шығармашылық поэтика» немесе «мифтендіру – миф жасау» («поэтика мифологизирования») терминдерімен жалғасып кеткен деген пікір айтады [4].

Әлемдегі Ежелгі Грек және Рим елдерінің мифологиясы түрлі қалыптарда зерттеліп келді. Олардың дінмен, дәстүрмен, діни жөн-жоралғылармен, таныммен, өнермен т.б. рухани әлеммен

байланысты екені ертеден айтылып келеді. Қалай десек те, Дж. Фрезердің тым дәрекі деп есептелген адамзаттың рухани дамуының эволюциялық негізі деп атайтын магия, дін, ғылым дейтін көзқарасы сыналғанымен де, «Золотая ветвь» [5] еңбегіндегі әлемнің әр халықтарының мифтері зерттеушілер үшін қызықты екені белгілі.

Мифті әдебиеттанудың ғана емес, тарих, этнография, этнология, антропология, археология т.б. ғылым салаларының дерек көзі, нысаны ретінде қарайды. Мифтің дамуы мен қалыптасуы, әр халықтардағы орны қызметіне қарай да көрінеді. Бұл қызметтер: түсіндірмелі, психологиялық, әлеуметтік т.б. болып келеді. Сондықтан да ғылымдағы анықтамасы оның түрлі белгілеріне қарай ашылады.

Мифологияның дінмен, философиямен, этнографиямен, кей тұста ертегімен, әпсана-хикаяттармен ара қатынасы да еске алынады. Барлық берілетін түсініктемелер екі тұсқа назар аударады: 1) дүние жайындағы қиял-ғажайып әңгімелер, әлемді жасаушы құдайлар мен рух иелерінің бейнелерінің жүйесі; 2) құдайлар мен ерекше күш иелері жайын әңгімелейтін ауызша шыққан әңгімелер. Сонымен бірге Австралия, Океания, Африка, Чукотка халықтарында миф түсінік қана емес, ырымдар мен жөн-жоралғылар.

Қазақ халқының да фольклорлық туындылары бай, ұлттың дүние мен жаратылыс жайындағы танымдары да шексіз. Осы шексіз таным мен түрлі ауызекі әңгімелер – мифтер туралы нақты жинақталып, тиянақталған зерттеулерді қарайтын болсақ, бір жүйеге түскен пікірлерді кездестіре бермейміз. Себебі, миф әңгімелер тым ерте кезеңде туғандықтан да, оның бойындағы түрлі белгілері әрқайсысында түрлі қалыпта көрінеді.

Әлемдік мифологияға XIX ғасырдың соңғы кезі XX ғасырдың басынан бастап іргелі зерттеулер жасала бастады. Бұл зерттеулерде мифологияның сана, ой, ұғым, мазмұнмен байланысы, халықтың танымымен, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен қатынастары ашыла бастады. Мифологиядағы бұл зерттеулер этнография, этнология салаларымен жалғасып кетіп жатты. Жоғарыда аталған тарихшы М. Элиаде, антрополог Д. Кэмпбелл, психолог К. Юнг сияқты ғалымдармен бірге Э. Тайлор, Дж. Фрезер, Э. Кассирер, Л. Леви-Брюль, К. Леви-Стросс сияқты ғалымдардың еңбектерінде мифологияның логикалық, лингвистикалық, философиялық аспектілеріне назар көбірек аударылды.

Әлемдік ғылымда мифологияға қызығушылық ежелгі дүниеден басталған. Халықтық мифологияға мифтің философиялық-

символикалық интерпретациясын қарсы қойған Платонның, эвгемерлік бағыт деп танылған тарихи тұлғаларды күдіретті күш иесі деп көрген Эвгемер ойлары кейіннен Қайта өрлеу кезеңінде мифке деген көзқарасты өзгертті. Мифологиядан Қайта өрлеу кезеңінде адам тұлғасын көтеру, сезімін алға шығару идеяларын көрді.

Мифологиялық зерттеулердің жаңа бағыт алуына Америка құрлығының ашылуы, ондағы үндіс тайпаларының танымдары – мифтеріне деген қызығушылықтың әсері күшті болды. Солтүстік Американың үндістерінің мифтері мен ежелгі грек мифтерін салыстыра зерттей бастады. Италиялық ғалым Дж. Виконың «Основания новой науки» (1725) зерттеуінде мифті ежелгі идеологияның синкретизм үлгісінде қарастырады [6].

С. А. Токарев пен Е. М. Мелитинский әлемдік мифологиядағы зерттеулерде Ф. В. Шеллингтің табиғат пен өнердің арасындағы феномен деп қарап, романтикалық үлгімен зерттеуін, Мюллердің мифтің пайда болуын анықтаудағы лингвистикалық тұжырымдамасын атап өтеді. Салыстырмалы этнография (Э. Тейлор, Э. Лэнг, Г. Спенсер), мифті ортаны танудың сана көрсеткіші деп алған Фрейзер, ғұрыптық таным (С. Х. Хук, Т. Х. Гастер, Э. О. Джеймс) этнологиялық акцент қойған Б. Малиновский, адамдардың ежелгі дәуіріндегі қоғамының негізін миф пен ғұрып құраған, әрі сол қоғамның ғарышпен қатынастарын, қоғамның тәртібін реттеуші болғанын анықтаған деген К. Т. Пройс, қоғамның әлеуметтік психологиясы мен мифті сабақтастырған Э. Дрюкгейм, Л. Леви-Брюль зерттеулеріндегі мифтің функциясына назар аударады. Мифтің символдық теориясы (Э. Кссирер), швейцарлық К. Г. Юнгтің психикалық, В. Вундтың Фрейд негізін алған психоаналитикалық талдаулары тағы да басқа ғылыми еңбектер мифологияның бір ғылым аясында ғана қалмайтындығын көрсетеді [6].

Бұл зерттеулерден мифологияның ғылым ретінде ертеден қалыптасып, әлемде зерттеу нысаны ретінде жан-жақты назарға алынғанын байқаймыз. Қазақ фольклортану ғылымында да миф туралы пікірлер болды. Олардың мәні мен артықшылықтары, сана мен танымды анықтаудағы ерекшеліктері т.б. тұстары айтылды. Бірақ жан-жақты ғылыми тұжырымдамасы толық беріліп, нақты қазақ мифологиясының басты сипаттары анықталмаған болатын.

Әлемдегі адамзат жасаған рухани мәдениет пен өнердің ең алдыңғысы – мифтер. Сондықтан да оларды зерттеу, ғылыми баға беру әлемдік фольклортануда ертеден басталады. Сол себептен де

болар, әлемдік ғылымда мифті зерттеудің бірнеше әдіс-тәсілдері бар: 1) Тарихи-мәдени (антропологиялық) әдіс; 2) Философиялық – мәдениеттанушылық әдіс; 3) Психоаналитикалық тәсіл; 4) Символдық тәсіл; 5) Лингвистикалық тәсіл; 6) Семиотикалық тәсіл.

Осы тәсілдердің ішінде тарихи-мәдени (антропологиялық) тәсілде негізінен, алғашқы қауымдық құрылыс санасына көңіл қояды:

- тірліктегі бар оқиғаны жеңілдету, көп әрекеттен бірін таңдап алу;
- алғашқы адамдардың санасы, қиялы, діни жөн-жоралғының, көріністері, магиялық көне ғұрыптардың өңделуі;

- алғашқы адам санасының, «табиғи» тасушының, бұрмаланбаған өркениетті жеткізуі;

- әлемнің қайта жасалған қаһармандарының және алғашқы қоғамдағы көптеген коллизиялар тарихының көріністері;

- «әлем туралы, оларды басқарушы құдайлар мен рухтар туралы қиял-ғажайып ойлар, пікірлер, көзқарастар, құдайлар мен батырлардың әрекеттері туралы архаикалық әңгімелер» [7];

- «оқиға, сенімге енген адамдар туралы қайта әңгімелеу» [8];

- «ежелгі халықтардың әлем мен табиғат құбылыстарының пайда болуы туралы, құдайлар мен аңызға айналған батырлар туралы наным-сенімдерін беретін ертегілері қиялдары» [8].

Дж. Фрезер, Э. Тайлор, Л. Леви-Брюль, С. С. Аверинцев, Ф. Х. Кессиди, Е. М. Мелетинский, В. Я. Пропп [9] еңбектерінде мифтің көне жанр екендігімен бірге оның тұтас адамзат өмірін, тірлігін, сенімін көрсететін әлем екендігін жазады. «Әдебиет тарихы» еңбегінде М. Әуезов: «Адам баласы білім-өнер жүзінде болған уақытта маңайындағы дүниенің жасырын сырларын білмегендіктен, өзіне белгісіз заттың барлығына құдай деп табынған. Сол табынған нәрселері көп болғандықтан, әрқайсысы туралы арнаулы әңгімелері болған, осындай құдайлар әңгімелері ескі грек, рим халқында көп болған» [10].

Қазақ мифологиясындағы ғалымның еңбегінің басты ерекшелігі – мифке анықтама береді, қазақ мифтерінің ерекшеліктері, түрлері, жанрлары, қаһармандар жүйесі талданады. Олардың кейінгі рухани әлемге, танымға ықпалы, ортамен байланысы туралы нақты тұжырымдар жасалады.

Миф алғашқы қауымдық құрылыста пайда болып, кейіннен қаһарман бойындағы, қоршаған орта жайындағы, табиғат туралы «киелілік» қасиет жоғалады. Енді ол ертегіге айналады деп М. Әуезовтің ойы тереңдей талданып, нақты мифтік аңыздар арқылы себептерін көрсетеді. Ғалым мифтің абстрактілі ой екенін айтады.

Кез келген қоғамдағы рухани қажеттілік қоғам үшін қызметтер атқарады. Қызметтерінің өзі дінмен, өнермен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен байланысып кетеді.

Қазақ мифтерінің қызметі түсіндірмелі екендігін келесі түрлері бойынша белгілейді:

1. Фантастикалық түсінік. Құдайлар мен рухтардың қаһармандық бейнелерінің жүйесі;
2. Құдайлар мен қаһармандар туралы ауызша таралған әңгімелер;
3. Қазақ мифологиясында ырымдар да кездеседі;
4. Миф аңыз, хикаят, ертегі жанрлары түрінде де болады.

Мифтегі уақыт – мифтік дәуір. Әрі миф бойынша, ол – кезең қасиетті, киелі кезең. Өйткені күллі заттың пайда болуы мен олардың қасиеттері (түр-түсі, өзгешеліктер) сол кезде қалыптасқан. Мифтік санамен алғанда, затты ұғыну үшін пайда болу тарихын анықтау қажет болған. Бұл кез келген заттың қалай пайда болғанын біліп-анықтамай отырып ол затты пайдалануға болмайды, сондықтан да мифтер этиологиялық болып келеді.

Этиологиялық мифтер (грек тіліндегі *aítia* «себеп» және көне грек тіліндегі *λόγος* «ғылым, ілім» сөздерінен шыққан. Сөзбе-сөз аударсақ, «себептік» немесе түсіндірме мифтер. Түсіндірме мифтер – түрлі табиғи, мәдени нысандардың пайда болу, шығу тегін кейіптеу, жан беру арқылы баяндайды. Әлсіз болсын киелі деп түсіндіріледі.

Ғалым қазақ мифологиясын типологиялық жағынан архаикалық-классикалық мифтер деп белгілейді. Е. М. Мелетинскийдің ежелгі классикалық мифтер туралы анықтамасына ғалым келесі белгілерді қосады:

1. Мифтік уақыт және мифтік сана.
2. Мифтік ұғым және мифологиялық тұрғыда ойлау.

Бұл ретте архаикалық мифтердің ерекшеліктері:

1. Қоршаған орта мен аң, құс, жан-жануарлар ерекшеліктерін анықтайды.
2. Мифтік сана дамыған шақ. Осы дамыған мифтік сана – адамның өзін қоршаған ортадағы аң мен құс, жан-жануарлардан бөлек екендігін ұғынған шағы.
3. Миф осы ерекшеліктерді түсіндіру үшін, себебін іздеуден туады.

Осы типологиялық жіктеу әдісі арқылы ғалым қазақ мифтерінің шығу себебтерін аша отырып, келесі мазмұнын ұғуға мүмкіндік

береді. Бұл тұста мифтік санадағы рух пен табиғаттың ара-қатынасы алынады. Мифтік сана екі сатыдан өткен. Бұл сатылар рух пен табиғаттың теңдігі және рух пен табиғаттың бір-бірінен алшақтап, теңдіктің бұзылуы. Алғашқы рух пен табиғат тең деген тұста анимизм туғандығын, ал кейінгі тотемдік бейнелер құбылуға апаратын жол деп құбылу деп талдап көрсетеді. Мифтің мазмұнындағы басты түс – құбылушылық туралы ойды талдайды.

Ғалым бұл мифтің қаншама ғасырлардан айтылып келе жатқандықтан да, кейінгі кезеңдердің салты мен танымына, түсінігі мен ойына, идеологиясы мен әдет-ғұрпына қарай өзгеруі де заңды екендігін айтады. Бірақ бастысы – мифтегі сюжет сақталған. Сюжетте ежелгі ұғым сақталған. Мифтік санадағы сөздің киелілік күшіне, құдіретіне сенудің сақталуында екендігін жазады. Ендеше мифтегі басты белгі – құбылушылық. Құбылушылықтың адам санасына қарай түрлері, себебтері. Бұл белгілер – мифті анықтайтын басты сипаттар болып сақталып қала береді. Мифтердегі тотемдік қағиданы бұзғандарды, қадір тұтпағандарды жаза күтеді. Жаза адамды аңға немесе жансыз затқа айналдырады. Бұл сөздің құдіретті күшіне сенімнен мифологиялық сана нәтижесінде болған. Бұл тек тотемдік салтты бұзу ғана емес, рудың этикалық тәртібін бұзудан да болады деген ғалым Еремінаның пікірін келтіреді. Осы пікірді тиянақтай келіп, ғалым бұндай жазалау адам санасының бұдан соңғы кезеңдеріне де тән екендігін ғылыми дәлелдермен келтіреді [9].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Элиаде М. Избранные сочинения: Миф о вечном возвращении; Образы и символы; Священное и мирское – Москва: Ладомир, 2000. – 414 с.
- 2 Кэмпбелл Д. Тысячиликый герой – Питер: flir, 2017. – 352 с.
- 3 Юнг К. Г. Душа и миф: шесть архетипов. – Киев: Государственная библиотека Украины для юношества, 1996. – 384 с.
- 4 Мелетинский Е. М. Поэтика мифа. – Москва: Наука, 1976. – 265; Мелетинский Б. М. Поэтика мифа. – Москва: Восточная литература РАН, 2000. – 407 с.
- 5 Фрээр Дж.Дж. Золотая ветвь Исследование магии и религии. – Москва: Политиздат, 1980. – 832 с.; Москва, 1986. – 704 с.
- 6 Токарев С. А., Мелетинский Б. М. Мифы народов мира. Энциклопедия в 2-х томах. – Москва: Советская энциклопедия, 1991. – Т. 1. – 671 с.; Токарев С. А., Мелетинский Б. М. Мифы

народов мира. Энциклопедия в 2-х томах. – Москва: Советская энциклопедия, 1992. – Т. 2. – 720 с.

7 Мелетинский Е. М. Избранные статьи. Воспоминания. – Москва, 1998. – 576 с.

8 Даль В. Толковый словарь. – Москва: Гос. изд-во иностранных и национальных словарей, 1956. – Т. 2. – 330 с; Словарь иностранных слов. – Москва: Гос. изд-во иностранных и национальных словарей, 1954. – С. 547.

9 Тайлор Э. Б. Миф и обряд в первобытной культуре. – Смоленск: Русич, 2000. – 624 с.; Леви-Брюль Л. Сверхъестественное в первобытном мышлении. – М.: Наука, 1994. – 326 с.; Аверинцев С. Аналитическая психология К.-Г. Юнга и закономерности творческой фантазии // Вопросы литературы. – 1970. – № 3. – С. 113-143. Пропп В. Я. Исторические корни волшебной сказки. – Москва: Лабиринт, 2000. – 336 с.

10 Әуезов М. Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991 – 240 б.

FOLKLORE HERITAGE OF MASHHUR ZHUSUP KOPEIULY

TALIPOVA A. F.

English teacher, Secondary school №7, Pavlodar

ASAINOVA A.

student, 9th grade, Secondary school №7, Pavlodar

It is known that the spiritual source of the Kazakh people is its rich folklore. The study of the history of Kazakh folklore is one of the most important directions of modern Kazakh science. The creative legacy of the poet, ethnographer and folklore collector Mashhur Zhusup Kopeiuly has great importance and a special place in the plan of studying the national life, traditions, customs, history, language and self-awareness of the nation.

«It is impossible to note the great work and contribution of the famous Zhusup Kopeiuly in the preservation and transmission of examples of oral literature to the next generation, and all this without taking into account his original works», writes M. Auezov.

Mashhur Zhusup Kopeiuly, one of the most prominent representatives of Kazakh spirituality, left behind a rich legacy. He worked in the second half of the 19th and the first half of the 20th century. This was a time of great changes and excitement. The richest lands of the Kazakh steppe belonged to Russian settlers. Of course, due to these circumstances, the

poet's book, published in 1907, was named «Сарыарқаның кімдікі екендігі» туралы.

The poet's works are also varied by genre. The works of the famous Mashhur Zhusup Kopeiuly vary from examples of oral literature and epos to monographs and biographies of the beginning of the 20th century. According to the genre, poetry can be divided into several groups. From his youth, Mashhur was in the company of masters of speech and emotional speech. The poet was a religious teacher, well versed in the history of religion and a connoisseur of religious laws. His religious poems and other works are proof of that. In this regard, it should be noted that Mashhur Zhusup Kopeiuly was a spreader of Islamic and secular values in the Kazakh steppe. He adapted the Koran to the understanding of ordinary people and brought it closer to Kazakh spirituality.

A descendant of Mashhur Zhusup Kopeiuly, philologist N. Zhusupov, speaking about the poet's legacy, he said: «if we classify them among themselves: poems in 3 volumes; sagas-3; samples of aitys-2; translations – 3; works of oral literature-3; history, religion, philosophy of the Kazakhs, ethnography, pedagogy, economic thought, etc. – 6; folklore samples – 10 volumes» [1]. In his opinion, the poet has more works related to the genre of oral literature than to works of other genres. And most of them are the works of the poet, collected from the mouth of the country.

The writer's works cover all genres characteristic of folk oral literature. For example, researchers of his legacy wrote: «from fairy tales about 15 sample text; 5-6 heroic psalms; 2-3 love psalms; - 11-12; about 30-40 everyday ritual psalms; 200-300 legends - 100-150 volumes; in the form of 50 thousand lines; 2.5 thousand lines of proverbs and sayings; 27 examples of aitys akyns; 30-40 poems of akyns-zhyrau, sagas, etc.» [2].

The fact that Mashhur Zhusup collected so many works, wrote them on paper and passed them on to the next generations indicates that he was formed as a true scholar of folklore. It is obvious that his becoming a folklorist scientist was facilitated, firstly, by understanding the oral literature of his people as a rich heritage of spiritual culture, secondly, by mastering the achievements of writers of the Middle Ages, the Eastern people, and thirdly, by familiarity with Western culture, including the works of the Russian intelligentsia in this direction. And the oral literature samples could not be changed, and they necessarily indicated where, from whom they received each collected work. The writer adhered to his principles in collecting works of folklore, considering samples of oral literature not only as a national heritage that is passed down from

generation to generation, but also with an educational and democratic approach to it. For example, examples of oral literature for Mashhur Zhusup:

1) a noble legacy that cannot be changed, corrected, therefore it must be imprinted in the letter unchanged as it is.

2) education is an educational tool in the country, therefore, the history of the origin of each work, its pronunciation, and how it spread should be determined.

3) Oral history, the source of the nation's history. That is, the collection of folklore works is considered a contribution to the science of studying the history of the country.

4) the object of study of philological science, in other words, folklore is the art of words. Therefore, he not only collected samples of folklore, but also wrote his original works based on it.

5) The source of ethnographic data. It contains information about the history of origin, ancestral composition, the principle of existence, economy, culture and ethics of a particular population. For this reason, the folklore ethnograph should be an object of study for scientists.

All the works of national folklore collected by Mashhur Zhusup are voluminous. For example, in the manuscripts there is also the fact that «Sayyn Batyr» consists of 2000 lines. Even because each work is of such a size, it is clear that the folklore collected by Mashhur is larger than other works. And scientist M. Buzheev noted that «among the rich heritage of Kopeiuly there are many small-scale works devoted to the social problem, history, history, aitys, chronicles, historical materials, folklore samples. If you take copies of the poet in Arabic, Persian, and Shagatai languages, then the legacy left from him will be at least 30 volumes», he said [3].

In general, among the works of Mashhur Zhusup, in addition to works inspired by his pen, a special place is occupied by samples of Kazakh oral literature, which the scientist collected from the mouth of the country and imprinted on paper. These works, firstly, reflect the merits of Mashhur Zhusup Kopeiuly in the development of Kazakh literature, in achieving literary heritage for subsequent generations, and secondly, determine the scientific way of systematization on paper of folklore works that were previously distributed orally. This can be seen in the fact from where, from whom the poet wrote down any sample of oral literature, concretizes its genre, theme. Thirdly, the poet, who collected the legacy of oral literature, wrote works in this direction himself and left behind

an invaluable legacy. All this means that Mashhur Zhusup originates in the history of Kazakh literature as a scientist, poet, researcher.

REFERENCES

1. Zhusupov N. K. Mashhur Zhusup Kopeiuly – folklorist. - Pavlodar, 1999.
2. Mashhur Zhusup Kopeiuly. Encyclopedia. - Pavlodar: Eco, 2010.
3. Bozheev M. Heroes of The Times.- Almaty, 2013.

МҰҚАФАЛИ ӨЛЕҢДЕРІ – ПОЭЗИЯНЫҢ БИІК ШЫҢЫ

ТАРИ С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қызылжар ЖОББМ, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Халық тілінің қайнар көзі сан ғасырды бастан кешіру барысында қалыптасқан ауыз әдебиетінің алтын қорынан бастау алады. Сондықтан тіл халықтың баға жетпес асыл байлығы. Әрқандай халықтың жазба әдебиеті ата-бабаларымыз жаратқан ұшан-теңіз мол ауыз әдебиеттен нәр ала отырып дамиды. Сол үшін орыс халқының әйгілі жазушысы Максим Горький «Сөз өнері ауыз әдебиетінен басталады» дейді.

Ауыз әдебиеті – халық тілін үйренудің мектебі. Халық тілін үйренудің алтын бесігі болған ауыз әдебиеттен үлгі алған Асан қайғы Сәбитұлы, Шалқиіз Тіленшіұлы, Ақтанберді Сарыұлы, Бұқар Қалқаманұлы қатарлы өкілдік сипатқа ие от ауызды, орақ тілді жыраулар дүниеге келді [1, 28 б.].

XX ғасырға келгенде қазақ әдебиеті өзінен бұрынғы замандар әдебиетіне ұқсамайтын аумалы-төкпелі тариты бастан кешірді. Дәл осы тұстарда Махамбет Өтемесұлы, Абай Құнанбайұлы қатарлы ұлы тұлғалар қазақ өлеңін жыраулық дәстүрден ақындық дәстүрге қарай бетбұрыс жасатты. Әсіресе ұлы ақын Абай төл әдебиетіміздің тілін жүйеге келтіріп, қазақ поэзиясының мазмұнын байытып, түрін молайтып әлемдік әдебиет деңгейіне өсті.

XX ғасыр ішінде қазақ әдебиеті орасан биік бір белеске көтеріліп дамыды. Ұлы ойшыл, кеменгер ақын Абай бастаған ұлы көштің жалғасын Мағжан, Қасым, Мұқағали, Төлеген қатарлы жыр жұлдыздары жалғады. Мұқағали Мақатаев аты аталған жыр жұлдыздарының ішінде қазақ поэзиясының тіл байлығын дамытып,

өзіндік бір биік белеске көтерген шоқтығы биік дара тұлғалардың бірі еді.

Қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Мұқағали қазақ поэзиясының ұзақ сағынып көрген асыл перзенттерінің бірі. Ол шын мәніндегі ұлттық құбылыс. Сыпыра жырау мен Асан қайғыдан бері қарайғы жыраулық мектепті Махамбет пен Дулат аяқтаса, Абайдан басталған ақындық мектеп Мағжан, Сұлтанмахмұт, Ілияс тұсында жалғасын тапты. Қан кешкен қасіретті ұрпақтың өксік аралас өкініш Қасым жырларынан көрініс тапты. Соларға деген бүкіл халықтық махаббат жыршы қауым тарапынан шын сырымен шынайы жырға деген керемет күштарлықты оятты. Сондай күдіретті тасқынның бой бермес ересен күші барша алапат болмысымен көрініп, айналасына жақұт шашқандай мәз-мейрам еткен жойқын өнегесін Мұқағали шығармаларынан танимыз. Бүгінгідегі қазақ рухы алдың-күлдің тіршіліктен жалығып кеткенде Мұқағали жырларына үңіледі. Оның, мейлінше табиғи шумақтарынан жанына дауа табады. Оның үнсіз жымиғанына да халық жадырап, «қағаржып үнсіз жылағанынан» да халық тебіренгендей, халық күңіренгендей болады. Ол халық болмысымен бірге қайнасып кеткен ұлы тұлға. Ұлы құбылыс, ұлы ақын»– деп жазған екен [2, 17 б.].

Мұқағали Мақатаев қазақ халқының тіліне шынайы мұрагерлік еткен әрі халық тілін байытып қазақ поэзиясын тың белеске көтерген ұлы ақын. Оның қай жырларын оқысаңыз да халықтың асыл жауһар сөздері өз орнын тауып құлпырып тұрады. Ақынның:

Өлмесін деп берген ғой тауды маған,

Мен күңіренсем, күрсініп тау жылаған, – деген өлең жолдары кімді болса да суреткердің тіл шеберлігіне еріксіз бас изетеді.

Мұқағали халық тіліне бай ақын. Ол халық тілінің асыл жауһарын өз жырында жаңаша қабылдап, өлең жазудың өресін ерекше биік белеске көтерген сөз зергері.

Мұқағали поэзиясында «Қара», «Ақ», «Көк», «Жасыл», «Сары», «Боз», «Тарғыл» қатарлы сөздердің жиі қолдануынан өзіндік дара ерекшелігі менмұндалап тұрады. Бұл пікірімізге дәлел ретінде ақынның бірнеше өлең шумағын мысалға алайық. Ақынның «Қап-қара, ғажап, сиқырлы» атты жырында:

Қап-қара, ғажап, сиқырлы
Қашпандар қара бояудан!
Қандырып уыз-ұйқымды,
Қап-қара түннен оянғам.

Қап-қара түнді көрдім де,
Жап-жарық таңға кездестім.
Қарасыз, сірә, мен мүлде,
Аппақтың нарқын сезбеспін.
Ақ пенен қара алмасып,
Алмасып тұрса әрдайым.
Ақ түске ғана жармасып,

Қараны неге алмаймын, – деп «қара» сөзі бірнеше рет қайталанып тұрса да әр өлең жолдарына әр беріп, өң беріп, өз оқырманын тіл күдіреті арқылы баурайды. Сондай-ақ ақын «қара» мен «ақ» сөзін алмастыра қолданып, оқырман қауымға өмір туралы үлкен ой тастайды [3, 29 б.].

Мұқағали қазақтың қара өлеңіне өзгеше бояу, өзгеше түс беріп, кемелдендіріп жаңаша үлгіде дамытты. Ақынның:

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып, өзіне қайтарамын, – деп айтқаны осының айқын мысалы.

Тілдің көркем әдебиеттегі маңызы өте зор, әр суреткер тек көркем сөз өнері арқылы ғана адам жанын зерттейді. Жыр жүйрігі Мұқағалидың «көк», «боз» сөздерін қолдануынан мысал келтіре кетейік.

Көктем де келер,

Құстар да жетер, ән салып.

Көктер де шығар,

Көгілдір нұрға тамсанып. («Көктем де келер».)

Боз атқа мініп,

Боз тауға, мүмкін, шығарсың.

Боз көйлек киіп,

Бозарған танда тұрарсың.

Боз айдай балқып,

Бозарған көкте тұнарсың.

Бозарған, жаным,

Боз түске неге құмарсың?! («Қажыдың, қарғам».)

Қазақ әдебиетінің жыр жұлдызы Мұқағали Мақатаев поэзиясы ұлттық рухқа тамыр тартып, адам сезімінің құпия сырларын ашып, сыршылдығын, шыншылдығын әйгілеп жатады. Мысалы:

Жақсаттанды демейсің, сүйем десем,

Табынатын тәңірім, ием де сен.

Адам болып күн кешу қиын маған,

Арка тұтып өзіне сүйенбесем.

Сен менің сүйегім мен қанымдасың,
Жанымдасың, ұятым, арымдасың.
Саған деген махаббат дамылдасың,
Тек сенің топырағыңды жамылғасың.
Өзіңше түсің де ерек, ісің де ерек,
(Сырым бар саған айтар ішімде көп).
Қомағай көзімді бір тойдыра алмай,
Қорқамын бәрі осының түсім бе деп.
Немесе:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Мұқағали халықтың жыр асылын тіліне ұйытқан киелі ақын.
«Мұқағали нені жырласа да жүрегіне жеткізе, құлақ құршын қандыра, жаныңды тербете жырлайды» (Нұрғиса Тілендиев).

Мұқағалидың «Дариға, домбырамды берші маған» атты өлеңін оқып отырып халқымыздың «нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деген ұлағатты сөзі ойыма орала береді. Ақын өлеңдерінен өз дәуірінің бейнесі, ауыл адамдардың нағыз қазақы тірлігі елестейді.

Дариға, домбырамды берші маған,
Жаныма келші, жарым, келші, балам!
Бейуақта іңірдегі көңіліме,
Күй болып күңіреніп енші, далам.
Домбыра, қоңыр қазым, аққуымсың,
Арманым, мұным, сырым, шаттығымсың.
Домбыра, жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұрам сен болмасаң,
Өнердің не екенін білмес те едім.
Өсірген өнерімді қызыр бабам,
Үніңнен айналайын бұзылмаған.
Киелі пернеңе бір қол соқпасам,

Ішегің жетімсіреп ызындаған, – деген шумағында ақын нағыз қазақ болып әлемге жар салады. Атақты батыр Бауыржан Момышұлы: «Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халықтың жанын білмейді», – деп тектен-текке айтпаған.

Мұқағали Мақатаев поэзиясы қазақтың құнарлы топырағында өсіп-өніп жетілген халық тіліне бай мәңгілік поэзия. Ол өз

дәуіріндегі қазақ ақындарының ішінде шоқтығы ең биік, мәртебесі ең жоғары, оқырманы ең көп ұлы ақын. Бұған ғалым Мырзатай Жолдасбековтың: «Мұқағали бүтін бір ғасырдағы қазақ поэзиясын биіктетіп кетті», – деген сөзі куә.

«Мұқағали Мақатаев өлеңдері ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай еуросентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңнің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, түрлендіре байытты да, сонымен қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашып, ұлттық поэзияның шашасына шаң тимес тарланбозы ретінде мәңгілік ұялап қалды. Сонымен қатар, ақын қазақ лирикасын XX ғасыр әдебиетінің озық дәстүрлерімен шынайы құнарландырды [4, 3 б.].

Мұқағали Мақатаев поэма жанрында да ерекше қолтаңбасымен дараланады. Қазақ тарихының құбылысты мәселелеріне барумен бірге, өзі өмір сүрген кезең шындығына да қалам толғады. Саяси-әлеуметтік, қоғамдық-саяси сарындағы поэмаларының өзінде шынайы көңіл шымырқаныстарына толы көркем шындықты бейнелейді. Ол поэма жанрын тақырыптық жағынан байытты, жанрлық-стильдік тұрғыдан жаңғырта түсті. Дастан, поэмаларында лирикалық сарындар, азаматтық-әлеуметтік тыныс, тарихи арна барынша жеке-дара оқшауланып көрінді. Саяси тақырыптарға да барып, бірнеше құнды поэма қалдырды» Мұқағали тілі – нағыз халық тілі. Ақын халықтың ана тілінің көусәр бұлағынан қанып ішті. Халықтың бай тіліне мұрагерлік етті, ұлы тұлға Махамбеттен жыраулық үлгі алса, алып Абайдан ақындық дәстүр қабылдады [5, 2 б.].

Жинақтап айтқанда, Мұқағали Мақатаев XX ғасырдағы қазақ поэзиясының тілдік қорын байытты, қазақтың қара өлеңіне өзгеше түс беріп, көркем поэзияны ең жоғары деңгейге көтеріп жаңалық енгізіп, үлкен белеске көтеріп, қазақ поэзиясының дат шалмас алтын дінгегіне айналды. Өз поэзиясы арқылы күллі қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік ұлы тұлғаға айналды. Мұқағали қазақ болып әлемге тіл қатты, қазақ болып күллі дүниені шарлады. Мұқағали тілі-халықтың баға жетпес қымбат мұрасына айналды.

Мұқағали тілі – көздері ашылып зерттелмеген халық байлығына айналып кеткен асыл қазына.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асылжанұлы, Б. Мұқағалидың лирикалық поэзиясы / Б. Асылжанұлы // Жұлдыз. – 2010. – № 10. – 177-185 б.
2. Каренов, Р. Мұқағали әлемі / Р. Каренов // Мұқағали. 2011. – № 1. – 36-46 б.
3. Машкеева, Н. Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасының көркемдік ерекшеліктері/ Н. Машкеева // Ақиқат. 2011. – № 1. – 59-61 б.
4. Мұқағали – Аңыз / дайындаған А. Ашанова // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 4-10 ақпан (№ 5). – 1, 5 б.
5. «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр», «Іле кеші» газеті, 2011 жыл, 12 тамыз, 3-бет.

БЕЙВЕРБАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

ТӨЛЕУ Ұ.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Тілсіз қарым қатынасқа деген қызығушылық ежелгі дәуірден бастау алған. Ұлы грек философы Платон дене қимылдарын қолдануды жоғары бағалаған. Атақты шешен Цицерон басқа шешендерге: «Барлық жан қимылы ишаралармен үстемеленуі тиіс», - деп кенес береді [1].

Тілсіз қарым-қатынасты зерттейтін сала – паралингвистика (гр. «рага» - жанында, қасында деген мағынаны білдіреді). Яғни ол хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса, сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілсіз) амалдармен берілуін және сөйлеу кезінде қолданылатын вербалды емес, тәсілдердің жиынтығын зерттейді. Бұл терминді алғаш ұсынған америкалық ғалымы А.Хилл болса, жаңа ғылым саласының зерттеу аясын белгілеген зерттеуші Дж.Трейгер [2].

Паралингвистика сөйленіс кезіндегі, оның ішінде ауызша қатынас кезінде қатарласа жүретін дыбыстық кодтармен шұғылданады. Бұл дыбыстық кодтар – информацияның белгілі бір мән-мағынамен бауың, бағалауыштық және мағыналық түрлі реңктердің болуын, сонымен бірге олардың тілдік қатынас кезінде өмір сүруін қамтамасыз ететін мағыналық, дыбыстық кодтар [3].

Сөйлеу кезінде паралингвистикалық тәсілдер үш түрлі қызмет атқаруы мүмкін: қосымша ақпарат береді, айтылмаған сөз орнына қолданылады, сөзбен бірге, аралас қолданылады.

Қандайда бір ақпараттарды арнайы белгілер жүйесі арқылы бере аламыз. Коммуникативтік процесте қолданылатын бірнеше белгілер жүйесі бар, соған сәйкес қылып қарым-қатынас үдерісінің топтастырылуын жасауға болады. Егер коммуникацияны бөліп қарастырсақ, олардың белгілік жүйелердің әртүрлісін қолдануына байланысты вербалды және вербалды емес деп бөлуге болады.

Соның ішінде Бейвербалды қарым-қатынас – бұл сөздер мен басқа да тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілі. Адамды оның вербалды емес сигналдар жүйесі: ым-ишара, жесттер, позалар, сөйлеу, жазу ерекшеліктерін бақылау, талдау және зерттеу. Осы сигналдарды оның мінезімен байланыстыру. Адамдар арасындағы контакт тіл мен сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу коммуникациясының негізгі тәсілі болып табылады. Ол адам санасын белгілік жүйелер арқылы объективтеу ретінде қарастырылуы мүмкін.

Австралиялық ғалым А.Пиздың пікірінше, адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербалды (сөздер, сөйлемдер); 33% вокалды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екіпіні мен қарқыны, т.б.) және 55% бейвербалды элементтер арқылы жүзеге асатыны көрінеді [4]. Көптеген ұлттар мен халықтардың тіліндегі бейвербалды элементтер жүйелі әрі кешенді түрде зерттелген. Қазақ тіл білімінде М. Мұқанов, С. Татубаев, А. Сейсенова, Қ. Қажығалиевалар ым және ишараттарды әр түрлі қырынан фрагментарлы түрде зерттеген. Бейвербалды амалдардың негізгі типтері: кинесика, просодика, такесика, проксемика. Қазақ халқының тұрмыс-салтында да осы аталған бейвербалды амалдардың барлық түрі орын алған.

Кинесика – адамдардың эмоциялық рефлексдерін бейнелейтін дене мүшелерінің қимыл-әрекеті. Кинесикаға қимыл, ым-ишара, қозғалыс, кейіп, жүріс-тұрыс жатады.

А) Жүріс-тұрыс. Бұл адамның қозғалыс стилі. Жүріс-тұрысқа қадамның ырғағы, ритмі, қозғалыс барысындағы дене амплитудасы жатады. Жүріс арқылы адамның көңіл-күйін, мінезін, жас ерекшелігін білуге болады. Мәселен: 1) Он қолын төсіне (кеудесіне) қою – үлкенді сыйлаудың, құрметтеудің және сәлемдесудің белгісі; 2) Қол жаю – құран оқып болған кезде жасайтын ишарат немесе керісінше, қолды теріс жаю - қарғыс айту, қазақ халқының

салт-дәстүрі бойынша теріс бата беру; 3) Екі бүйірін таяну – салт бойынша қазақ әйелдері баласы (ұлы, қызы) я болмаса ері қайтыс болғанда осылайша жоқтайды. «Бүйірінді таянба» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан; 4) Иілу – сәлем беру.

Б) Дене қалпы. Адамның денесі 1000 түрлі қалып-күйде қозғалуы мүмкін. Дене қалпын бейвербалды амалдардың бір түрі ретінде психолог А.Шефлен көрсеткен болатын. Мәселен 1) Қос қолды кеудеге қою – сәлемдесу; 2) Желке қасу – қолдан келер қайрат, амалы жоқ жігерсіздікті, әрекетсіздікті танытады; 3) Желкеге қолын қою – айыпталу, тұтқын болудың айғағы; 4) Басын төмен салу – ұялу, қымсыну, қысылу.

В) Қимыл-әрекет. Қимыл-әрекет тілі – қарым-қатынасқа түсудің ең көне түрі. Әр дәуірде әр халық түсінісу үшін белгілі бір арнайы амал-әрекеттер жиынтығын қолданған. Қимыл-әрекеттің саны ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл этностық, ұлттық болмысқа байланысты болады. Мәселен, 1) жағын таяну – торығу, қамығу, мұңаю белгісі. «Жағыңды таянба» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан; 2) Басын изеу – келісу, мақұлдау.

Г) Мимика. Түрлі сезімдерді білдіретін бет бұлшықеттерінің қозғалысы. Бет-әлпет мимикасы негізгі алты түрлі эмоцияны білдіреді: ашу, қуаныш, қайғы, қорқыныш, таң қалу, жиіркену. Мәселен, 1) қасын керу – таңданысты білдіру; 2) Мұрнын тыржиты – мазақ қылу, жаратпау; 3) Қабағын шыту – біреуге күш көрсету, ренжу, қатты ашулану, көңілі толмау.

Ғ) Визуалды контакт – қарым-қатынастың негізгі элементі. Трансмиссорға қарап тұру тек қызығушылықтың белгісі емес, сонымен қатар рецепиентке ақпаратқа назар аударуға көмектеседі. Мәселен, 1) Көзін қадау (оқты көзін қадау)- жиіркенуді, жек көруді аңғарту; 2) Көзімен адырая (бажырая) қарау – шектен шыққан ашуды білдіру; 3) Ала көзімен қарау – көңілі толмау, жек көру; 4) Көзін төнкере қарау – сұхбаттасына қылымсу, еркелеу; 5) Көзін қысу – ниеттестікті білдіру;

Просодикаға тембр, дыбыс ырғағы, тон сияқты амалдарды жатқызамыз. Коммуниканттардың дауыс екпінін, тонын, жиілігін, ырғағын байқау олардың ойы мен сезімдерінен хабардар болу үшін маңызды. Мәселен, 1) Ішін тарту – мөз-мейрам болып қатты қуану немесе таңырқау, таңдану, шошыну; 2) Таңдайын қағы – біреудің ісін жақтыртпау, кінәлау.

Такесика – коммуниканттардың арасындағы қарым-қатынас кезіндегі дене мүшелерінің түйісуін қарастырады. Оған қол беріп

амандасу, арқа қағу, сүю сияқты амалдар жатады. Мәселен, 1) Құшақтасу – біреумен кездесуге қатты қуану, сүйіспеншілік белгісі. Салттық ишарат бойынша, жақыны, туысы қайтыс болған адамды жұбату, көңіл айту мақсатымен жасалады; 2) Арқасынан қағу – мақұлдау, қоштасу немесе еркелету; 3) Төс қағыстыру – амандасу; 4) Бетінен сүю – еркелету, жақсы көруді білдіру. 5) Бауырына басу (алу) – амандасудың белгісі немесе жақсы көру, еркелету.

Проксемика – адамдардың коммуникация процесіндегі ара қашықтықты (дистанция) және коммуникацияға түсушілердің бір-біріне қатысты кеңістіктегі бағдарын (ориентация) қарастырады. Мәселен, 1) Бұрыла қарау – қасындағы адамның сөзін тыңдауға, әңгімелесуге дайын, пейілді екендігін білдіру; 2) Шалқайып отыру – бәрінің айтылып болғанын, әңгіменің таусылғанын білдіру.

Қорыта келсек, тілсіз қарым-қатынас – кинесикалық, просодикалық, такесикалық, проксемикалық бейвербалды амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі. Жоғарыда келтірілген мысалдардан қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы арқылы халық мінез-құлқын жақсы білетін тәжірибелі адамдар әр адамның жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен, қас-қабағынан оның көңіл-күйін айтпай-ақ сезіп-біліп отыратындығын байқаймыз.

Қазақ халқының тұрмысында біте қайнасып кеткен сан алуан бейвербалды амалдар ұлтымыздың салт-сана, тәлім-тәрбие, әдеп, үлгі-өнеге, тағылым және таным саласындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге еніп, қалыптасқан бай қазыналарының бір тармағы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы, 2003. 136 б.
2. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2012. 388 б.
3. Мағжан С. Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көпмағыналылығы //Канд.дисс.авторф. Алматы, 2007. 24 б.
4. Аллан Пиз. Язык телодвижений. Как читать мысли окружающих по их жестах, 2003. М., 272 б

КӘСІБИ ЭТИКЕТТЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

ТӨЛЕУ Ұ.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Күнделікті қарым-қатынас барысында тіл қызметтерінің қай-қайсысы болмасын өз орнымен, қолданылу аясының кеңдігімен ерекшеленіп отырады. Тілдің вербалды амалдарының қолданылуы, зерттелуі жағынан қаншалықты маңызды болса, бейвербалды амалдары да соншалықты өзекті болып табылады. **Бейвербалды** амалдардың өзіндік ерекшеліктері ерте кезден анықталып, қазіргі таңда кеңінен қарастырылып отыр. Осы тұста біздің зерттеу нысанамыз «кәсіби этикет» болғандықтан мұнда вербалды амалдармен қатар **бейвербалды амалдардың** қолданылуына тоқталудың өзі әрі қызықты, әрі зерттеуді әлі де болса қажет ететінін, яғни практикалық та, теориялық маңыздылығы ерекше екенін атап өткіміз келеді.

Этикет – француз сөзінен аударғанда «тәртіп» мағынасын береді. *Этика, этикет, этикетка, дипломатия, эстетика, ньюанс, такт, тактика, маневр* – мағыналары жақын сөздер. Жиынтығы – *әдеп әлемі. Этикет* – бұл тәртіптің негізгі нұсқауы және қоғамдағы тәртіп. Этикеттік нұсқаулар ең біріншіден мәдениеттіліктің көрінісі болып табылады.

Сондықтан да кәсіп пен *этикетті* байланыстыра, «кәсіби этикет» ұғымына тірелудің өзі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Мұның өзі қоғамдағы мәдени ортаның ошағындағы түрлі мысалдармен дәлел болары анық. «Кәсіби этикет» дегеніміз – тұлғалардың қарым-қатынас барысындағы кәсібіне байланысты араласу деңгейіндегі әдеп. Кәсіби этикетті бейвербалды қатынас құралы: тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілі. Адамды оның вербалды емес сигналдар жүйесі: *ым-ишара, жесттер, позалар, сөйлеу, жазу ерекшеліктерін бақылау, талдау және зерттеу*, т.б. Осы сигналдарды оның мінезімен байланыстыру. Адамдар арасындағы байланыс тіл мен сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу қатынасының негізгі тәсілі болып табылады. Ол адам санасының белгілі жүйелер арқылы объективтеу ретінде қарастырылуы мүмкін.

Австралиялық ғалым А. Пиздың пікірінше, адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербалды (сөздер, сөйлемдер); 33% вокалды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні

мен қарқыны, т.б.) және 55% бейвербалды элементтер арқылы жүзеге асатыны көрінеді [4]. Көптеген ұлттар мен халықтардың тіліндегі бейвербалды элементтер жүйелі, әрі кешенді түрде зерттелген. Қазақ тіл білімінде М. Мұқанов, С. Татубаев, А. Сейсенова, Қ. Қажығалиевалар *ым-ишараттарды* әр түрлі қырынан фрагментарлы түрде зерттеген. Бейвербалды амалдардың негізгі типтері: *кинесика, просодика, такесика, проксемика*. Қазақ халқының тұрмыс-салтында да осы аталған бейвербалды амалдардың барлық түрі орын алған.

Қазақ тіл білімінде **бейвербалды қатынас** құралдарына зерттеу жасап, алғашқы ұғымдарды қалыптастыруда Ж. Аймауытовтың да үлесі зор. Ж. Аймауытов «Психология» атты оқулығында қазақ тілінде мимикаға беттің ымы, «келбет ілімі» деген атау беріп, оны былайша түсіндіреді: «Кісінің қылығын қимылына қарап сыйлаймыз, көзге өте көп көрінетін беттікі» [2, 447 б.].

Сонымен қатар, ғалым ым мен ишараның ара-жігін ашып, топтамасын жасаған. **Ишараға** – *бет құбылысы, маңдайдың қатпарлары, сызығы, көз қарасы, қастың қимылы, тану, мұрынның желбіреуі, еріннің жымырғылуы* т.б. жатқызса; **ымға** – *көкірегінің керу, ығын қозғау, басын төмен түсіру* сияқты т.б. **кинемалық амалдарды** жатқызады.

Жалпы ишаралар таңбалық сипаты жағынан бес түрге бөлінеді: **иллюстраторлы, эмблемалы, икемдеуші, аффлекторлы ишаралар**. Сонымен қатар, бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілердің пайымдауынша қарым-қатынас барысында төмендегідей ишаралардың түрлері байқалған: *бағалау ишарасы* (иегін ұстау, арлы-берлі жүру, сұқ саусақпен бетті сыйпалау және т.б.); *сенімділік ишарасы* (орындықта тербелу, саусақбастарын күмбезге ұқсатып біріктіру және т.б.); *өзін-өзі бақылау ишарасы* (қолды айқаға айқастыру және т.б.); күту ишарасы (алақанды уқалау, дымқыл алақанды жайлап матаға сүрту және т.б.); *жоққа шығару ишарасы* (кеудесіне қолды қою, басын шайқау, қолды айқастыру және т.б.); *жағымсу ишарасы* (кеудесін қолмен басу, әңгімелесушіге жанасу, иілу және т.б.); *үстемдік ишарасы* (сұқ саусақты шошайтып жоғары, төмен бағытта сілтеп көрсету және т.б.); *сенімсіздік ишарасы* (қолмен аузын жабу, бетіне тура қарамау, көзін тайдыру, дене қалыбын сөйлеушіден бұру т.б.) т.б. ишара түрлері көптеп кездеседі. *Блм* (мимика) – бет бұлшық еттерінің қозғалысы, адамның ішкі күйі мен эмоциялық қалпын сипаттайтын

және адамның нені меңзеп тұрғанын хабардар етуге қабілетті бейвербалды амалдардың бір түрі.

Сөздік қолданысқа қарағанда ақпараттың 70 пайызы мимикалық қимылдар арқылы, яғни адамның көзі, көзқарасы, бет-әлпеті көбірек мәлімет береді. Маңдай, қас, ауыз, мұрын, иек – бұл бет-әлпеттері адамға тән басты эмоциялардың көрсеткіші. Ж. Аймауытов мимиканың зерттеу аумағын төмендегідей топтастырған:

Бет құбылысы;

Маңдайдың қатпары, сызығы; Қастың қимылы;

Танаудың желбіреуі;

Еріннің, төменгі жақ сүйегінің қозғалыстары т.б. жестке бастың, иықтың, еңсенің қозғалуын жатқызады [13, 88 б.]. Көптеген зерттеушілердің назарын жиі аударатын негізгі күйлер: ашу, күйініш, таңдану, қуану, қорқу және жиіркену. Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде, мимиканың негізгі қызметі – эмоция білдіру емес, коммуникацияға қатысу болып табылады.

Адамдардың кеңістікте орналасуы мен арақашықтықты зерттейтін ғылым – проксемика. Бұл терминді ең алғаш ағылшын антропологы Эвард Т. Холл енгізіп, адамдардың кеңістікте орналасу арақашықтығының төрт түрін анықтаған: Интимдік арақашықтық (45 см-ге дейін); Жеке арақашықтық (45 см-ден 1.2 метрге дейін); Әлеуметтік арақашықтық (1.2 метрден 3.6 метрге дейін); Қоғамдық арақашықтық (3.6 метрден жоғары) [14, 163 б.].

Адам қарым-қатынас үстінде 10-нан 20-ға дейінгі ноталарды қолданады. Сондықтан әртүрлі екпінмен айтылған сөз басқа адам үшін әр алуан мағынаға ие болуы мүмкін. Өзіндік ерекшелігі бар дыбыстарға – *күлу, кекіру, есінеу, жұту, күрсіну, дем алу, сыбырлау, жылау* және тағы басқа да сипаттаушы амалдар жатады.

Қарым-қатынастың тілдік амалдары сияқты бейвербалды амалдар да ұлттық нышанға ие. Демек, бейвербалды амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылады. Бір халықта кездесетін бейвербалды амалдардың өзге халықта мүлдем кездеспейтінін, я болмаса басқа да бір мағынада жұмсалатындығын А. Пиз өзінің еңбегінде тұжырымдап өтеді (4). Мысалы, *Европа және Америка елдерінде бас бармақты көрсету «өте жақсы», «бәрі жақсы» деген мағынаны білдірсе, Грецияда бұл кинема – сақтандыру, Шығыс Африкада – масқаралау ұғымын айқын береді. Сол сияқты болгар халқында бас шайқау – мақұлдау, келісуді аңғарса, баз изеу – қарсылық білдіру, келіспеушілікті ұғындырады. Сонымен қатар «тілін шығару» кинемасы қытай*

халқында сес көрсетудің, үнді тайпаларында даналықтың, айн халқында сәлемдесудің, қазақ халқында мазақтау, келемеж қылудың белгісін береді.

Қорыта айтқанда бейвербалды амалдар барлық халыққа тән болғанымен, әр ұлттың бейвербалды амалдары жүйесі әр түрлі, бір сөзбен айтқанда бірдей емес, сондықтан кәсіби этикеттегі бейвербалды амалдарды зерттеу қашанда өзекті болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 www.google.com
- 2 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. – 447 б.
- 3 Зекенова Ш. З. Омоним және синоним мағыналы бейвербалды амалдардың эмотивті- коммуникативтік сипаты: филол.ғыл.к. дис. / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; – Алматы, 2010. – 130 б. – Библиогр.: 6.122-127
- 4 Аллан Пиз. Язык телодвижений. Как читать мысли окружающих по их жестах, 2003. М., 272 б.

ҰЙЫМДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯЛАР

ШАКМАНОВА А. Т.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Кез-келген шаруашылық жүргізуші субъектінің өмірлік қызметі коммуникацияларды тиімді құру қабілетіне тікелей байланысты. Қарым-қатынас серіктестерін түсіну, олармен байланыс орнату, іскерлік әңгімелер, келіссөздер жүргізу, көпшілік алдында сөйлеу негіздерін меңгеру үшін заманауи маманға іскерлік коммуникация саласындағы білім қажет.

Басқару ақпаратын пайдалану үшін оны беру, бір объектіден екінші объектіге ауыстыру және осы объектілер арасындағы қатынастарды ұйымдастыру қажет.

Ақпаратты беру процесі және оны беру құралдары байланыс деп аталады. Сонымен бірге коммуникация объектілер арасындағы байланыс, сондай-ақ ұйымдағы және ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесу процесінің өзі ретінде түсініледі.

Коммуникациялар басқаруда үлкен рөл атқарады және ұйымның мақсаттарына жетудің ең маңызды құралы болып табылады. Коммуникациялық мәселелер коммуникация процестерінде,

яғни ақпарат алмасу процестерінде шешіледі. Коммуникацияның тиімділігі көбінесе қабылданған шешімдердің сапасын және олардың іс жүзінде қалай орындалатынын анықтайды. Тиімсіз коммуникациялар проблемалар туындайтын негізгі салалардың бірі болып табылады. Тиімді көшбасшылар - тиімді қарым-қатынас жасайтын адамдар. Олар коммуникация процесінің мәнін түсінеді, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары жақсы дамыған, ақпарат алмасуға қоршаған ортаның қалай әсер ететінін түсінеді.

Байланыс болуы үшін кемінде екі адам болуы керек. Сондықтан қатысушылардың әрқайсысында көру, есту, ұстау, иіс сезу, дәм сезу сияқты қабілеттер болуы керек.

Байланыстың түрлері:

- көлденең коммуникациялар;
- тік коммуникациялар;
- командакоммуникациялар;
- «мемлекеттік» коммуникациялар;
- сыртқы ортамен байланыс;
- бейресми коммуникациялар.

Көлденең коммуникациялар – бұл бір басқару деңгейіндегі байланыстар. Олар тең иерархиялардың ұйымдық бөлімшелері арасында ақпарат алмасу үшін қолданылады. Интерактивті ұйымдардағы (көлденең) коммуникациялар тең дәрежедегі адамдармен өзара әрекеттесу процесінде туындайды. Олар адамға қажетті әлеуметтік қолдау көрсетеді. Ұйымдық коммуникациялардың басқа түрлері сияқты, интерактивті процесс көптеген мінез-құлық салдарына ие. Психологиялық тұрғыдан адам өзінен жоғары немесе төмен емес, шамамен бірдей деңгейде тұрғандарға қолдау көрсетуге ыңғайлы болуы мүмкін. Егер қолдау ортақ мақсаттар мен міндеттерге жету үшін күш-жігерді біріктіруге көмектессе, интерактивті коммуникациялар оң әсер етеді. Сонымен қатар, бір деңгейдегі қызметкерлер арасындағы интерактивті байланыс тік коммуникацияларға зиян келтіре отырып жүзеге асырылуы мүмкін. Бір деңгейде бір-бірімен сәтті байланысып, бір-біріне әлеуметтік қолдау көрсететін қызметкерлер төмен немесе жоғары байланыс жағдайында мүлдем сәтсіз болуы мүмкін. Осыған орай зерттеушілер интерактивті коммуникацияның төрт маңызды мақсатын қорытындылады және анықтады:

– *тапсырманы үйлестіру*. Бөлім басшылары әр бөлімнің ұйымның жалпы мақсаттарына қалай үлес қоса алатынын талқылау үшін ай сайын жинала алады;

– *мәселені шешу*. Мәселен, бөлім қызметкерлері бюджетті қысқарту қаупі туындаған жағдайда қалай жұмыс істейтінін талқылау үшін жинала алады; олардың алдында туындаған мәселелерді шешу үшін миға шабуылды қолдана алады;

– *ақпарат алмасу*. Әртүрлі бөлімдердің қызметкерлері жаңа деректермен алмасу үшін кездесе алады;

– *қақтығыстарды шешу*. Бөлім қызметкерлері ішкі жанжалды талқылау үшін жинала алады.

– *Интерактивті коммуникацияның дамуына соңғы технологиялар* – компьютерлерді, телефондарды және теледидарды пайдалану әсер етеді. Әрине, ұйымның мүшелері бір-бірімен компьютерлік желі арқылы байланыса алады, бірақ коммуникация тұлғааралық динамикалық процесс болып қала береді. Тік коммуникациялар – иерархиялық сатының әртүрлі деңгейлерінде орналасқан басқару органдары мен объектілерді байланыстырады. Бұл коммуникациялар негізінен командалық ақпаратты жіберу үшін қолданылады. Ақпарат алмасудың бұл түрі менеджердің коммуникациялық процесінің негізгі бөлігін құрайды. Тік коммуникациялардың құрамдас бөліктері келесідей: міндеттерді, басымдылықты, күтілетін нәтижелерді нақтылау; мәселелерді шешуге бағыныштылардың қатысуын қамтамасыз ету; жұмыс тиімділігі мәселелерін талқылау; ынталандыру мақсатында тану мен марапаттауларға қол жеткізу; бағыныштылардың қабілеттерін жетілдіру және дамыту; пайда болған немесе нақты бар мәселе туралы ақпарат жинау; бағыныштыларға алдағы өзгерістер туралы хабарлау; идеялар туралы ақпарат алу, жақсартулар мен ұсыныстар.

– *Топтық коммуникациялар* – бұйрықтар мен нұсқауларды «жоғарыдан төменге», басшылардан бағыныштыларға жеткізу үшін қызмет етеді. Осы коммуникациялардың көмегімен менеджерлер қабылдаған шешімдер орындаушыларға жеткізіледі.

– *Мемлекеттік коммуникациялар* – бағыныштылардан басшыларға дейінгі кері байланыс желілерін білдіреді. Олар қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есептерді, жергілікті жердегі жағдай туралы мәліметтерді, туындаған проблемаларды және т.б.

– *Сыртқы ортамен байланыс* – ұйымды сыртқы ресурстар көздерімен, тұтынушы серіктестермен, басқа нарық субъектілерімен, басқару инфрақұрылымын құрайтын ұйымдармен (банктер, биржалар, нарықтар) және т.б.

– *Бейресми коммуникациялар* – бейресми ақпаратты, сондай-ақ қауесеттердің барлық түрлерін тарату тәсілдерін білдіреді. Бейресми байланыс арнасын өсек тарату арнасы деп атауға болады. Бұл байланыс арнасы арқылы ақпарат ресми арналарға қарағанда әлдеқайда жылдам беріледі.

Сыбыстардың шындыққа жанаспайтыны белгілі. Дегенмен, коммуникациялық процестің әйгілі зерттеушісі К.Дэвис атап өткендей, бейресми байланыс арналары арқылы берілетін ақпарат дұрыс еместен гөрі дәл болып шығады. Дэвистің зерттеуіне сәйкес, қауесеттердің 80-99% ұйымның өзі туралы дәйекті ақпарат тұрғысынан нақты. Жеке немесе эмоционалды ақпаратқа қатысты дәлдік деңгейі айтарлықтай төмендейді. Сыбыс арналары әдетте алдағы жұмыс орындарын қысқарту туралы ақпаратты жеткізеді; кешіктірілгені үшін жаңа айыппұлдар туралы; ұйымның құрылымындағы өзгерістер туралы; алдағы қозғалыстар мен жарнамалар туралы; соңғы кездесудегі екі басшының дауы жан-жақты сипатталған; Жұмыстан кейін кімнің кіммен кездесу өткізгені хабарланады.

Ақпарат алмасу процесінде төрт негізгі элементті бөліп көрсетуге болады:

1 Жіберуші – идеяларды тудыратын немесе ақпаратты жинайтын және оны жіберетін адам. Жіберуші – ұйымның ішкі және сыртқы ортасының объектілері: бастық, бағыныштылар, ұйымның функционалдық бөлімшелері, ресурстар көздері, тұтынушылар, серіктестер, басқа нарық субъектілері, басқару инфрақұрылымы, мемлекеттік органдар, қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары.

2 Хабарлама – символдар арқылы кодталған нақты ақпарат. Жіберілетін ақпарат мазмұнымен, көлемімен және кодтау формасымен сипатталады:

– Мазмұны жағынан ақпарат мағыналы, сирек немесе мағынасыз болуы мүмкін. Ақпараттық мазмұнның дәрежесін ұйымның мақсаттарына жету үшін пайдалы ақпараттың саны мен сапасына қарай тұтынушы ғана бағалайды;

– Ақпараттың көлемі оны беру құралдарына байланысты бірліктермен анықталады. Сонымен, бұл мәтіндік ақпаратқа арналған беттер, есепті оқу уақыты, компьютер үшін байт болуы мүмкін;

– Ақпаратты кодтау формасы оны беру құралдарына байланысты және белгілі бір тілдегі ауызша сөйлеу немесе баспа мәтіні, электронды сигнал және т.б.

3 Арна – ақпаратты беру құралы. Тасымалдау арнасы ортаның өзі, сондай-ақ техникалық құрылғылар мен құрылғылар болуы мүмкін. Ақпаратты беру құралдары қағаз (басылған), дауыстық, электронды (телефон, факс, теледидар, радио, компьютер) болуы мүмкін.

4 Реципиент – ақпарат кімге арналған және оны түсіндіретін адам. Басқару органдары мен объектілері, сондай-ақ жоғарыда аталған басқа ақпарат көздері ақпаратты тұтынушылар ретінде әрекет етеді.

Ақпарат екі түрде берілуі мүмкін: вербалды және вербалды емес.

Сөздік, яғни лингвистикалық, сөйлеу құралдары негізгі болып табылады. Негізгі идеяларды қысқаша, анық және анық жеткізе білу - менеджер мен маркетинг маманының ең маңызды кәсіби сапасы.

Сөздік құралдар келесі талаптарға сай болуы керек:

- қажетті материалды қамту;
- оны лайықты түрде көрсету;
- дұрыс жауап беру;

– орынға және уақытқа нақты бағдарлану керек. Сөздік құралдар ауызша да, жазбаша да болуы мүмкін.

айнымалы. Бір мазмұндағы ауызша және жазбаша мәтін адресаттың есту және көрнекі қабылдауына байланысты пішіні жағынан ерекшеленуі керек екенін есте ұстаған жөн.

Сөздік құралдар көпшілік алдында сөйлеу немесе мәтіндік материал түрінде болуы мүмкін.

Көпшілік алдында сөйлеу келесі мәселелерді шешеді:

- кәсіпорынның істері туралы объектіні хабардар ету;
- объект пен кәсіпорын арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру;

– өнімді жылжытуға ықпал ету;

– инновацияларды қамтамасыз ету.

Мәтіндік материал келесі формаларда беріледі:

- презентация сөзі;
- пресс-релиз (немесе жаңалықтар релизі);
- жарнамалық мәтін;
- Өнім Сипаттамасы;
- аналитикалық материал;
- бұқаралық ақпарат құралдарына хат;
- репортаж;
- эссе немесе эссе.

Мәтіндік материал бірқатар талаптарға сай болуы керек:

- аудиторияны қызықтыратын және оның назарын аударатын материалды қамту;
- компанияның өзекті мәселелерін шеше білу;
- аудиторияның сенімін ояту, белгілі адамның немесе ұйымның беделді пікірі ретінде қызмет ету;
- динамикалық болу, драмалық сәттерді, қақтығыстарды және оларды шешу жолдарын сипаттау.

Бұл талаптарды орындау үшін мәтіндік материал қарапайым, қолжетімді тілде берілуі, дәлелді фактілермен дәлелденуі және аудиторияның назарын төмендетпейтін анық құрылымы болуы керек.

Бейвербалды ретінде ым-ишара, сөйлеушінің дене қалпын өзгерту, оның сыртқы түрінің ерекшеліктері, сондай-ақ оның орындауында жүретін орта (мысалы, музыкалық, вокалдық сүйемелдеу, жақын жерде атақты, беделді адамдардың болуы және т.б.) қолданылады. (тілдік емес) білдіреді..

Вербалды емес құралдарды қолданудың маңыздылығы барлық ақпараттың жартысынан көбі бейвербалды түрде берілсе, 10%-дан азы ғана лингвистикалық жолмен беріледі.

